

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И
НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М.УТЕМИСОВА

**«Қазіргі қоғамның рухани өмірінің трансформациясы
жағдайындағы Қазақстанның білім беру жүйесін дамытудың
өзекті мәселелері»**

атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

6 желтоқсан 2019 жыл

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции

**«Актуальные проблемы развития системы образования
Казахстана в условиях трансформации духовной жизни
современного общества»**

6 декабря 2019 года

Орал – Уральск

ӘОЖ/УДК 378
КБЖ/ББК 74.58
Қ22

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы /
Председатель организационного комитета:

Серғалиев Н.Х. – М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / ректор Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова, кандидат биологических наук, ассоциированный профессор.

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері /
Члены организационного комитета:

Қыдыршаев А.С. - п.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстанның құрметті ұстазы

Габдрахманова Ш.Т. - п.ғ.к., доцент, педагогика факультетінің деканы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Иргалиев А.С. – п.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Адельбаева Н.А. - т.ғ.д., п.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Нурғалиев К.А. – п.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Муханбетчина А.Г. - п.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Қ22 Қазіргі қоғамның рухани өмірінің трансформациясы жағдайындағы Қазақстанның білім беру жүйесін дамытудың өзекті мәселелері =Актуальные проблемы развития системы образования Казахстана в условиях трансформации духовной жизни современного общества: Респ. ғыл.-тәжіриб.конф. матер.=Матер.респ.науч.-практ.конф. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2019. – 229б.

ISBN 978-601-266-455-3

Бұл басылымда, қазіргі қоғамның рухани өмірінің трансформациясы жағдайындағы Қазақстанның білім беру жүйесін дамытудың өзекті мәселелері, жоғары педагогикалық білім: қазіргі жағдайы және даму келешегі, «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру контекстіндегі жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау шараларының ерекшеліктері талданып, рухани жаңғыру аясында жас ұрпақты қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында тәрбиелеудің ғылыми-әдістемелік аспектілері қарастырылған.

Жинақ білім беру жүйесінің барлық бағыттарында жұмыс жасайтын ғылыми қызметкерлерге, педагогтарға арналған.

В настоящем издании рассмотрены перспективы и инновационные подходы высшего педагогического образования, его современное состояние и перспективы развития, вопросы профессиональной подготовки педагогических кадров в условиях обновленного содержания образования в контексте реализации программы «Рухани Жаңғыру», проанализированы особенности воспитания подрастающего поколения в условиях модернизации общественного сознания.

Сборник рекомендован для научных сотрудников, педагогов, работающих в системе образования.

ӘОЖ/УДК 378
КБЖ/ББК 74.58

ISBN 978-601-266-455-3

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2019.

АЛҒЫ СӨЗ / ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТ БОЛАШАҒЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Серғалиев Н.Х. – М. Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан мемлекеттік университетінің
ректоры, биология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор.

*Адамның адамшылдығы – ақыл,
ғылым, жақсы ата, жақсы ана,
жақсы құрбы, жақсы ұстаздан
болады.
Абай*

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы құндылықтық кеңістігімізді одан әрі дамытудың нақты тұжырымдамасы деуге болады. Мақала жарық көргелі ондағы жобалар жер-жерде талқыланып, көп жұмыс басталып та кетті. Соның ішінде латын әліпбиі, мәдени жаңғыру, рухани қастерлі мекендерді, туған жерді тану жұмыстары белсенді қозғалысқа ие болуда. Атап айтқанда, қазіргі таңда жастарға, соның ішінде, ұлттың рухани болмысы мен ана тілін ту қылып ұстауда үлкен жүк атқарар болашақ жасөспірімдердің тәлім-тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу мәселесінің өзектілігі анық байқалуда.

Қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан әкелер мен аналар институты күні кешеге дейін бүкіл ұрпақтың дүниетанымына, «ұлттық намыс» деп аталатын патриоттық сезімінің қалыптасуына, ана тілі мен ұлттық құндылықтардың сақталып қалуына ықпал етті.

Соңғы кездері қалыптасқан еліміздің егемендігі нығайған шақта қол үзген құндылықтарды қалпына келтіру шаралары қажет болып отырғандығы белгілі.

Өйткені, әріден қарасақ, бүгінгі ұрпақтың тілдік, рухани болмысы – болашақ ұрпақ бойына тектілікті, намыстылықты тәрбиелеуге негіз болып қаланады. Ұлт тірегі саналар болашақ от аналарын тәрбиелеу жолында Бопай ханым, Айғаным, Қарашаш, Зере, Ұлпан феномендерін бүгінгі қазақ қыздарының бойына қазақ тілі арқылы дарыту – қазіргі таңда өте маңызды жұмыс. Көрнекті қоғам қайраткері, белгілі қаламгер Ә. Кекілбаев өзі туралы ой қозғағанда «жалпы адамның рухани күші анадан беріледі» деп түйін жасайды.

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағытында елімізде, соның ішінде Батыс Қазақстан облысының түрлі мекемелерінде жастарға білім мен тәрбие беру, олардың бойына ұлттық, мәдени, рухани құндылықтарды сіңіру бағыттарында көптеген жұмыстар атқарылып жатқаны белгілі.

Соның бірі – бүгінгі өтіп жатқан ғылыми-тәжірибелік конференциямыз.

Бұл конференцияға студенттердің қатысуы, олардың мектептерде мақсаттық-бағдарлы жұмыстар жүргізуі олардың педагог маман ретінде қалыптасуына да ықпал етері сөзсіз.

Білім беру ұйымдарында ұсынылған шаралардың жүргізілуі жас ұрпақтың өз ана тілін жетік меңгеруіне, ұлттық құндылықтарды білу, түсіну және оларды өмірлік ұстанымдары ретінде қабылдау арқылы имандылыққа, парасаттылыққа үйренеді деп сенеміз.

Бірде Бернард Шоудан: «Маған ақылыңызды айтыңызшы, баланы қай жастан тәрбиелеген қолайлы?» деп сұраған екен, сонда атақты драматург қарсы сауал қойыпты: «Балаңыз қанша жаста?». «Өмірге келгеніне екі апта болды», депті оған сауал қоюшы. Сонда Б. Шоу: «Сіз дәл екі аптаға кешіктіңіз» деген екен. Мұның өзі достық нақышта айтылғанмен, астарында шындық жатқаны айқын. «Ел болам десен, бесігіңді түзе» – деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе?

«Адамдар туралы айтсақ, оларды қосатын, байланыстыратын дәнекер, тұтқа – адамгершілік болып табылады. Сондықтан адамзат тегіне жататын болғандықтан олар өзара бейбітшілік, татулық сақтаулары қажет», - деп әл Фарабидің айтқанындай, жастар бақыт жолында ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіріп, өзара ынтымақтастықта, достық қарым-қатынаста өмір сүруге ұмтылады.

Бүгінгі жас буын – ертеңгі күні еліміздің көк байрағын көкке желбіретіп, халқымыздың даңқын көтеретін ел азаматтары. Сондықтан қазіргі жастар ел тарихын жете біліп, оның кез келген ел азаматының өміріндегі алатын орнын білуге, халқымыздың тарихында қалыптасып, жаңа заманға сай жетілдіріліп жатқан әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін сақтауға, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете білетін иманды жастарды тәрбиелеуге тиіспіз. Бұл – бүгінгі ата-ана мен ұстаздар ұжымының бірлесе атқарар басты міндеті.

Габдрахманова Ш.Т.
Қазақстан, Орал қаласы

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарында өзекті мәселелердің бірі ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың өзгелермен бірдей білім алуын қамтамасыз етуге жағдай жасау, оларды қоғамға және еңбекке ендіру болып отыр.

Инклюзивтік білім Қазақстан Республикасының білім беру практикасы үшін «бірге өмір сүруге үйрену» қағидасы жүзеге асырылатын гуманистік негізде құрылған жаңа философия болып табылады. Осы инклюзивтік әдіске сәйкес, білім алушылардың барлығының түгелдей қажеттіліктеріне жауап беретін, бейімделген жайлы білім беру кеңістігі құрылатын жоғары оқу орындарында оқиды.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы инклюзивтік әдіске тән мына сипаттамаларды көрсетті: инклюзия философиясын білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының қабылдауы; білім алушылардың білім алудағы әр түрлі қажеттіліктерін түсіну және білім беру үдерісіне барынша толық қатысулары арқылы осы қажеттіліктерге сәйкес қызмет көрсету; жұртшылықты тарту; білім берудегі кемсітушілікті жою [1].

Инклюзивтік білім беру – бұл белгілі бір қағидалар басшылыққа алынатын күрделі ұйымдасқан жүйе. Инклюзивтік білім беру педагогикасының қағидалары – бұл барлық компоненттерінде ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісі есепке алынатын және оны ұйымдастыруға қойылатын бастапқы нормативтік талаптар және жалпы басшы идеялар. Олар тарихи тәжірибе негізінде туындап, берілген үдерісті әр алуан байқалымдарында ғылыми зерттеу нәтижесінде қалыптасады. Сондай-ақ инклюзивтік білім берудің қағидаларының догма емес, олардың доминант екенін ескерту қажет. Олар ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу мақсатына шартты, ал олар өз кезегінде нақты сол сәттегі қоғам мен мемлекеттің, адамдардың қажеттіліктеріне және берілген кезеңдегі қоғамның дамуына тәуелді болады. Сондықтан инклюзивтік білім беру қағидаларының нақты тарихи түрі болады, яғни олар тарихи жағдайлардың, педагогикалық жүйенің ауысуының және т.б. әсеріне қарай өзгеруі мүмкін.

Инклюзивтік педагогикаға негіз болатын қағидаларды түсінбей және сақтамай, ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды білім беру жүйесіне қосу үдерісін жүзеге асыру тиімді болуы мүмкін емес.

Жоғары оқу орнында, басқа білім ұйымдарында инклюзивті ортаны ұйымдастыруда кездесетін объективті және субъективті кедергілер байқалады. Субъективті кедергілерде стандарттық процедуралардың әзірленбегендігі, ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу дәрежесін үнемі қадағалау мақсатында білімді мониторинг жүргізу үшін индикаторлардың жоқтығы және арнайы оқу-әдістемелік құралдардың аздығы, оқу процесін ұйымдастыруда жоғары оқу орны педагогтардың арнайы білімдерінің болмауы, мамандар тарапынан тұрақты кеңестің аздығы орын алған болса, объективті кедергілерде материалдық-техникалық базаның жеткіліксіз болуы, ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту процесінде жеке қарым-қатынаста тіл табысуда тәжірибенің жеткіліксіздігін атауға болады [2]. Осы кедергілерді жеңудің жолдарын әрбір жоғары оқу орны және Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті базасында құрылған ресурстық орталық белсенді зерттеуде.

Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда бүгінгі күні бірқатар нәтижелі бастамалар жүйелі жүргізіліп отыр. Соның ішінде еуропалық тәжірибемен танысу және тарату мақсатында жоғары оқу орындарының ғалымдарын дәріс оқуға шақыру, педагогикалық мамандықтарда оқитын «Инклюзивті білім беру» пәні бойынша типтік оқу бағдарламасының бекітілуі, инклюзивті білім және инклюзивті орта мәселелерінің шешімін іздестіруге арналған ғылыми зерттеулер мен жобалар, материалдық-техникалық базаны күшейту, ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар контингентінің біртіндеп артуы, ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды жоғары оқу орнындағы ортаға бейімдеуге бағытталған университет бағдарламасы, деканаттардағы жұмыстар және т.б.

Евразиялық экономикалық одақ білім берудің инклюзивтілік сипатын бағалау үшін индикаторларды белгіледі [3]. Олардың ішінде инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, жоғары оқу орнында оқитын білім алушылардың үлесі, ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған оқу, оқу-әдістемелік құралдардың шығарылымы, ресурстық орталықтардың саны мен сапасы және т.б.

Білім берудің инклюзивтілік сипатын белгілейтін басты сапалық индикаторлар ретінде білім берудің қолжетімдігін, білім беру ұйымында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру, инклюзивті тәжірибені дамытуды көрсетеміз.

Білім берудің қолжетімдігін оқу орнының орналасқан жері (қаланың сыртында емес, келіп жетуге ыңғайлы жерде болуы), оған жетуде жолдың ашықтығы, ұйымға кіру мүмкіндігінің болуы (қолдау және көмек көрсету мүмкіндіктеріне ие кеңістік ресурстары бар білім беру ұйымын ұйымдастыру және жасау, кедергісіз орта), білім ортасының қол жетімді болуы (білім ортасын жекелеу, оқыту процесінде адаптивті технологияларды, техникалық оқыту құралдарын, арнайы құралдарды және т.б. қолдану), педагогтарға көмекшілердің болуы, мамандарды тарту көрсеткіштері қамтамасыз етеді.

Инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға білім беру ұйымындағы қызметкерлердің ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауға даярлығы және қабілеттілігі, инклюзивті білім беру жағдайында бірлескен оқыту мен өзара әрекеттесуге білім алушылардың даярлығы мен қабілеттілігі, ата-аналармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру кіреді.

Білім беру ұйымындағы қызметкерлердің ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауға даярлығы және қабілеттілігі:

- инклюзивті білімнің принциптері мен құндылықтарын қабылдау;
- педагогтарға арналған инклюзивті тәжірибеден тренингтер өткізу;
- ынтымақтастық және бірлік: инклюзивті білім беруге қатысушылардың командалық өзара әрекеттесуі;

- білім беру ұйымындағы мамандарға, ең алдымен, арнайы білімге ие емес мамандарға, кеңес көмегін беру жүйесін ұйымдастыру;

- инклюзивті білім мамандарының біліктілігін жүйелі арттыру.

Инклюзивті білім беру жағдайында бірлескен оқыту мен өзара әрекеттесуге білім алушылардың даярлығы мен қабілеттілігі:

- толеранттылықты қалыптастыруға бағытталған тренингтер жүйесін студенттер мен магистранттарға өткізу – ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға шыдамдылық танытуға, эмпатияны дамытуға арналған жұмыс жасаудың белсенді формаларын қолдану;

- өзара әрекеттесу және өзара қарым-қатынастарды үйлестіру, ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды ортаға енгізу тренингтерін өткізу;

Инклюзивті тәжірибені дамыту:

- ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың дәріс, семинар сабақтары кезінде оқу процесінде қамтылу дәрежесі;

- оқу әрекетінде білім алушылармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру;

- ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың магистратурада, докторантурада білім алуы, университеттің қоғамдық өміріне белсене араласуы.

Жоғары оқу орындарында ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында бейімдеу бағдарламасы жасақталуы маңызды. Бағдарлама әлеуметтік бейімделу, диагностикалық (медициналық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық) жұмыстар, түзету-дамыту (психологиялық-педагогикалық, емдік-алдын-алу) жұмыстар, кеңес беру жұмыстар, ақпараттық жұмыстарды қамтиды.

Қорыта айтқанда, жоғарыда көрсетілген ерекшеліктер ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды инклюзивтік орта жағдайында оқыту мен әлеуметтендірудің негізгі міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін, бейімделген, кедергісіз ортаны, сондай-ақ білім берудің бір тұтас ортасын жобалаған және үлгілеген кездегі негізгі бағдар рөлін атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Білім беру ұйымдарының тәжірибесіне инклюзивтік педагогика мен енгізу жүйесінің қағидаларын дайындау. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 33 б.

2. Габдрахманова Ш.Т., Киякбаева Г.Т. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инклюзивті білім берудің теориялық аспектілері // «Жаһандық әлемдегі ғылым мен білім» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Орал, 19-20 қазан 2017. 52-56 бб.

3. Хитрюк В.В. Основы инклюзивного образования [Электронный ресурс] : учеб.-метод. комплекс / В. В. Хитрюк, Е. И. Пономарёва. — Барановичи : РИО БарГУ, 2014.

ӘОЖ 37.025

Қыдыршаев А.С.

Қазақстан, Орал қаласы

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ҰЛТ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛУДАҒЫ МЕЖЕЛІ МАҚСАТ ҮДЕСІ МЕН ҰҒЫМДАР ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы баса айтылған түйінді тезистер Қазақ елінің зиялы қауымын саналы ұрпақтың рухани тұрғыдағы тазалығы, рухани байлығы туралы тереңірек ойлануға жетелеуде [1;2;3]. Рухани жаңғыру ұлттық рухы жоғары азаматтардың азаюына алаңдаушылықтан да туындауда. Себебі адамды ұлтымен, тілімен қатар, мәдениеті де, салт-дәстүрі де, табиғаты мен тарихы да байланыстырмақ. Мәселен, еврей халқында ұлт болашағына қатысты бір өлшем бары мәлім. Оларда егер ұлттың 18 жасқа дейінгі жастарының 40%-ы ана тілінде сөйлесе, ол ұлттың 40 жыл өмірі бар, ана тілін меңгерген жастардың саны өсіп, азайған сайын ұлттың ғұмыры да өседі не өшеді делінеді [4]. Ақиқаты сол – тек рухани жан дүниесі бай ұрпаққана елдік мәселелерге бет бұрмақ, ұлттық құндылықтардың қадір-қасиетін сезе алмақ, біле алмақ. Бұл – аксиома! Бұл – елдің, жердің біртұтастығының, мемлекеттің мәңгілігінің, ұлт сақталуының негізгі кепілі.

«Жалпақ әлемді аузына қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек» деп шегелеген әйгілі Әбіш әлеміне үңілсек, *«рухани ерлік», «рухани байлық», «рухани өмір», «рухани күшті адам», «рухани максимализм», «рухани енжарлық», «өзін-өзі рухани шыңдай білуі», «рухани тәжірибе», «рухани жалдаптық», «рухани көлгірлік», «рухани мүгедектік», «рухани мүгедек», «рухани алаяқтылық», «рухани экология», «рухани адалдық», «рухани жанқиярлық», «рухани нақұрыстық», «рухани қайсарлық», «рухани әлем», «рухани микроб», «рухани иммунитет», «рухани бедерсіздік»* секілді ұғымдарды кездестіреміз [5, 207-219].

Жасыратыны жоқ, бүгінгі сіз бен біз өмір сүріп отырған қоғамдағы рухани мәселеге келсек, кей тұстарда күйзеле сөйлесек те, қорына, торыға сөйлеуден аулақпыз. Десек те, бүгінгі идеологиялық ахуалдың біраз тұстары ойландырмай қоймайды. Ең бастысы – науқаншылдық, осы маңызды іске үстірт қарау. Бағдарлай білсек, әрбір жеңіл-желпі іс-әрекеттің де терең себеп-салдары бар. Нақтырақ айтар болсақ, біздің халқымыздың рухани өмірінде саяси проблемалардан гөрі адамгершілік мәселелері үстемірек орын алатын сынды. Мәселен, классик жазушы өзі тұңғышына бойлаған әдебиетте іскер адамды да, қарапайым адамды да емес, рухани күшті адамды көрсетуді қалайды. Себебі, рухани бай адам – ең алдымен, арлы адам. Ал арлы адам – ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойынсынбайды. Сондықтан оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, бірақ та өкінішті болуы мүмкін емес.

Шынайы әдебиет – ұлттың рухани бейнесі. Ойшыл Әбіш Кекілбаев сананың рухани жаңғыруы турасында айта келе, қазіргі гуманистік әдебиет адамдарды рухани енжарлықтан, жалқаулықтан, көрсеқызарлықтан, ләззатқұмарлықтан, баққұмарлықтан, даңққұмарлықтан сақтай білуге тиістілігін қозғайды. Жазушы әдебиеттің негізгі міндеті ретінде әшкерелеу де, дәріптеу де, ақыл айту да, алдарқату да емес, адамдарды адамдық тіршілікті әуелі өзі жете түсініп, сосын оқушысын жете түсіндіріп, оның өзін-өзі рухани шындай білуіне түрткі болуы тұрғысында пайымдайды [5]. Шынында да, ойлап қарасақ, ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы - өзіміз бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибеміз. Одан қол үзген қауым – келешегінен қол үзген қауым.

Тәуелсіздік тұсында халқымыз талай дүниені ой елегінен өткізе білді десек те, рухани салада әлі де пәрменіміз төмен. Ел жаңаруда, десек те сананың жаңаруы баяу. Ұлтсыздық отбасылық тәрбие, ақпарат ағынымен, әлеуметтік ортаның ықпалымен жалғасуда. Сыртқы ықпал да жоқ емес. Мәселен, орыс бұқаралық мәдениеті мен орыс тілі арқылы қазақтарды орыс идеологиясы аясынан шығармау, тәуелсіздікті құнсыздандыру мақсаты бүгінде өткір күйінде қалуда. Ұлттық мүдделерге парықсыздықпен қарау, талғамсыздық, ұлттық құндылықтарды менсінбеу, селқостық және оны сезінбеу ұлтсыздықты бойға сіңіре бермек. Бүгін жалған руханилық, ұлттық мүдделерді сыйлаған болу, тіпті мүсіркеу, ұлтшыл болып көріну де ұшырасады. Көп ұлттымыз деп басқалардың қасы мен қабағына қарау да ұлттың намысын түсірмек. Ұлттық сананы кейде сыртқы факторлар да оятады анық. Мәселен, егер Мәскеу қазақты ұлт ретінде менсінбей, қайдағы бір шүрегейге қазақ елін басқаруға бермесе, қазақтардың бірқатарының намысы оянбас та еді-ау!

Байқап тұрсақ, өмірде небір шын құрмет, шынайы ықылас, нағыз махаббатқа лайық абзал жандар өзін-өзі көтермелеп, өзін-өзі қолдан-қолға өткізіп, өзін-өзі саудаға салып жүрген рухани жалдаптардың құрбандығына айналып жатады. Сәйкесінше өмірдегі небір қаны тамшылаған шындықтар қайдағы бір жалған намыстың сойылын соққан рухани көлгірліктің тасасында қалып жатады. Ендеше, бүгінгі тұста шындыққа сенбей, қисынға сену рухани мүгедектікке ұрындырады. Біздіңше, қазіргі қоғамдағы көнбістік – рухани мүгедектіктің бір сатысы. Ал, көнбістік бара-бара ұлтсыздыққа әкелмек. Ал ұлтсыздық болса, отарланған ұлтқа тән көнгіш, жалтақ, еліктегіш психологияның салдары. Ұлтсыздық – ұлт мерейінің төмендігі. Осы ретте жазушы Әбіш Кекілбаевтың: *«Заман үрдісіне тән қойылған төтен сауалдан айламен сытылып кетуге тырысатын рухани алаяқтық – перілік, төтен сауалға тура жауап беруге тырысатын рухани адалдық – періштелік, тырысып қана қоймай, жауап таппай тынбайтын рухани жанқиярлық - пайғамбарлық»* [5],- деп жазғаны барды.

Шын туайтында өмірдің күллі саласында ұлттық ерекшеліктерді ескеру, этностық мәдениетті, әдепті сақтау – руханилықтың бір көрінісі. Себебі, дәстүрлі наным-сенім, ұлттық құндылықтар - ұлттың темірқазығы. Мәселен, француздарды өзге еуропалықтар ұлтшыл деп айыптаса да, ұлттық құндылықтарын бәрінен де жоғары қояды. Басқа мәдениеттерге айқара есік ашу - өз мәдениетін төмендетіп, басқаны қаржыландыру, қолдау деуге саяды. Біле білсек, кино мен театр – идеология негізі. Ол ұлттың мінез-құлқына, ойлау мәдениетіне қарқынды ықпал етпек.

"Табиғат экологиясы", "Тіл экологиясы" дегенді білеміз. Мәселен, Әбіш қаламгер «рухани экология» ұғымын баса атап: *«Рухани экологиямызды аздырып-тоздыратын апат өзіміздікін өзімізге көп көретін ескі қасіретімізден – етекпен тартпа іштарлығымызданөніп, өрбиді»* [5],- деп пайымдайды. Одан әрі жазушы бүгінгі ортақ рухани проблемаға назар аударта келіп, қолына қалам алып, былайша ой өргені бар: *«Әңгүдік дәурен: әлеуметтік делқұлылыққа, рухани нақұрыстыққа, саяси қояншықтыққа бой алдырғанымыз сонша, желбіреген тудан басқаға, будақтаған түтіннен басқаға, от түкірген мұржадан басқаға көзімізді, зіркілдеген зеңбірек пен азынаған гудоктан басқаға – құлағымызды тікпейтін болдық. Жайқалған гүлді жырласақ – арзан әсемпаздыққа, жауқазындай жарымыз бен бүлдірішін баламызды жырласақ – күйкі үйішілікке, дос-жар ортасын жырласақ – томаға-тұйық тоғышарлыққа бой алдырған болып шықтық»*[5],- деп ашына жазған-ды. Сондай-ақ, ой зергері оқырмандарымен сырласа келе, сырт көзге қикарлық көрінетін кейбір қылықтардың ар жағында үлкен рухани қайсарлық жатарын да абайлап айтады. Сөз соңында кез келген микробтар сияқты рухани микробтардан да тек есік-терезені тарс қымтап қойып сақтана алмайтынымызды айтып, берік рухани иммунитеттің қажеттілігін түйіндеуі қолдарлық. Демек, ұлт руханиятына терең бойлай алған, қазақ сөзінің мағыналық тұңғығына тереңдей алған, артына, кейінгі ұрпағына теңдессіз қайталанбас мұра қалдырған әлемдік деңгейдегі құндылықтар сапындағы бір ған қайраткер-жазушы Әбіш Кекілбаевтың жазбаларына бойлау арқылы бүгінгі мына адасу үстіндегі әлемді жартылай құтқаруға болар еді. Олай болса, бүгінгі заманауи әлемдегі рухани жаңғыру құндылықтары негізіндегі берік рухани иммунитет қажеттігі тұрасында баса айта келе, қазіргі қоғам жастарына қатысты рухани жаңғырудың жолы қайсы дер едік. Біздіңше, бүгінгі жастарға қарата айтылар бұл бағыттағы нақтылы қадамдар сатысы бір шоғыр. *Біріншіден*, ата-баба лұғатына құлақ түрсек, білімнің басы - бейнет, соңы – зейнет. Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы толарына, құлағы жоқ, көзі саудың ақылы соларына қалай сенбессің. Ердің сәні – қашан да білім. Білім – ырыс тізгіні, ырыс қазығы. Бүгінде оқусыз білім, білімсіз күнің жоқ. Күш – білімде. Білекті бірді, білімді мынды жығары даусыз. Білімі жоқ ұрпақ – жұпары жоқ гүлге тең. Үйренбей білім жұқпасы да ақиқат. Дұрысы, білімді бесіктен тесікке дейін іздену арқылы толтыру жөн. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл демей ме. «Жаста оқыған оқуың – тасқа жазғанмен бірдей» деу де қаншама тұңғыық мағына жатыр. Осы тәмсілдерді ескерсек қана, аттан тай озары, атадан бала озары күмәнсіз. Демек, көп оқыған білімдар болғанға не жетсін! Әйтпесе, мына заманда қарусыз адам секілдісің. Бүгінгі студенттерімізге қарап айтарымыз, олар үлкен ғылым-білім ордасында тәлім алып жатыр, енді оның да ауқымынан шығып, біраз нәрселерге үңіліп, біраз дүниелерді қарау керектігін ескерген жөн-ау! *Екіншіден*, өзіндік ой, өзіндік мінез қалыптастыру мәселесі – аса маңызды. Студент жас алғашқыда жаңа ортаға бейімделу кезеңінен өтеді, сол шақта әркімнің сөзіне сену, еру басым болмақ. Осындай жағдайда өзіндік ілгері алып шығатын, өзгешелігінді көрсететін басты белгі – өзіндік ой өре білу білігі. Бес саусақ бірдей емес болса, адамның ойы да түрліше, осы бастан өзіндік ой, сана-сезім қалыптастыру - аса қажетті алғы міндет те. Ендеше, адамның өз заманының көркі болғанына не жетсін! Әр адам - өз заманының баласы да. Адамды заманы билейтінін ескерсек те, әр заманның бір көрегені болары даусыз. Десек те, адамның сырты алдамшы. Қалай болғанда да әркімнің өзі шығар биігі бар. Ал адамның құлағынан семіріріне сенсек, жасық адамның жасына жетпей қартаярын, асыл адамның жасына жетпей марқаярын ескерейік. Яғни, жұмсақ ағаш құртқа жем, жұмсақ адам жұртқа жем. Қысқасы, армансыз ер – жалаңаш. Арманы жоқ жігіттің пәрмені де жоқ. Олай болса, өзіндік мінез негізсіз сомдалмайды. Өзіндік мінез қалыптастыру жолы университет табалдырығынан басталмақ. Сынықтан өзгенің бәрі жұғады десек, талабы жоқ жас – қанаты жоқ құспен тең, жалыны жоқ шоқпен тең. Бұндайда әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы. Тәрбиелі адам – тағалы атпен тең. Әбіш ғұлама айтады: *«Заманауи мінез: қазір орынсыз момын болуға да, орынсыз пысық болуға да, орынсыз ақылды болуға да болмайды»*[5] деп. Қалай сенбессің? Сенесің! Сену үшін де өзіндік ой, көзқарас керек-ау. Демек, өз кезеңінде бүгінгі қарбалас тұста қағылез жастарымыздың өзіндік ойына жететін ештеңе жоқ деп білеміз.

Үшіншіден, бүгінгі өзекті тұстың бірі – жастардың өз ойларын еркін жеткізе алмауы. Адам болып туған соң, еркін көсіле ой өргенге не жетсін! Сұңқар қанаты ұшқанда қатаймақ. Бұл жолда да жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ бола қоймас. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар деген. Темір сырын отта танытады, адам сырын жоқта танытады емес пе. Студент жастарымыз айтар сөзін, ойын еркін, ашық жеткізе білуге осы бастан дағдылануы тиіс.

Біздіңше, осы айтылған кеңес пікірлер – болам-толам, өсем-ұлғаям, рухани тұрғыда жаңғырам, болашақ тұлға ретінде қалыптасам деген жастың бойында болуы тиісті алғы ретте жолға қойылар біліктілік биігі-ау деп ойлаймыз.

Қазақ халқы айтпай ма: «Он адам жүрген жерде із қалады, жүз адам жүрген жерде – соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады» деп. Демек, ұлтымыздың ұлы тұлғаларынан тағылым алғанға не жетсін! Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады дегендей, Елтұтқа қайраткерлеріміз тарапынан айтылған сериалды қамқор кеңестер – студенттер бойынан ғана емес, кез-келген саналы адам бойынан табылуы тиіс қасиеттер. Тек өзіне керегін қажетінше ала білгейсің! Білім алу ешқашан кеш емес, сондықтан әр кезде жаңаша білімге, жаңаша көзқарасқа ұмтылыс болуы тиіс. Білімді жас – ел болашағы. Білімді адамның ойы қашан да ерекше, әсерлі. Өз сөзімізде өзіндік ойды екінші кезекте айтуымыз да тегін емес. Білімсіз адамның өзіндік ойы қайдан болсын! Өзіндік ой – жарқын келешекке жетелейтін, өмір өткелдерінен сүріндірмей өткізетін бірден-бір белгі. Ой еркіндігі – адам баласына туғаннан бітетін құдірет іспетті. Қазақ жұрты еркіндікке үйренген халық, кейінгі жастарының бойында да еркіндік болғанын қалары даусыз. Сөздің өзі ой арқылы жарыққа шықпақ, ендеше ой еркіндігі – сөйлеудегі еркіндік, өзіндік ерекшелік, сом тұлғалыққа бастар алғышарт. Қысқасы, жоғарыда айтылған кеңестеріміз бір тұлға бойына жиналса, мол жетістіктер мен белестерге жеткізері анық. «Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас» дегендей, бүгінгі заман талабына қажетті айтылған тұжырым-түйіндеріміз өз дәрежесінде таратыла насихатталуы тиіс деп білеміз.

Ал, жан дүниесі рухани бай, ұлттық рухты ұрпақ тәрбиелеу қашанда аса жауапты әрі күрделі жұмыс. Бұл ретте бүгінгі педагог-ұстаздардың міндеті – еліміз үшін лайықты азаматтарды ұлттық құндылықтарға және еңбексүйгіштікке баулу болмақ. Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын тұлға. Қазіргі құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі қажет-ақ. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Білім және ғылым қызметкерлерінің Республикалық тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде: *«Жаңа ұрпақты алдағы сын-қатерлерге дайындау қажет. Олар еңбексүйгіштік идеялары мен құндылықтары негізінде тәрбиеленуі тиіс. Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. "Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті" (Мағжан Жұмабаев). Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Ұлы Абай үнемі сыңа алған масылдық қоғамға ешқашан жақсылық әкелген емес. Соны түсінетін жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс. Лайықты азамат – білімді, Отанына адал, елін, жерін сүйетін тұлға. Бұл әлемде Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Елін шынайы сүйетін азаматтарды тәрбиелеу – ұстаз мақсаты. Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діңгегі. Әл-Фарабидің "Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы" деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс. Отандық білім саласы туған жеріңе, қоршаған ортаңа, өз тарихыңа құрметпен қарауға тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі тиіс»,*-деп құнды қағидат боларлықтай ой тізбегін ағытқанды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларындағы негізгі бағыттар мен жобалар аясында жаңа ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарға баулу ісі кешенді тұрғыда қолға алынуы тиіс. Бұл ретте ұсынылған әрбір бағыт пен жобаның нақты мақсаты барын ұстаздар қауымы айқын білуі жөн. Мәселен, *«Бәсекелік қабілет» бағытына сәйкес алғы мақсатты Қазақ елі жастарының бәсекелік қабілетін шыңдауға баулу, бәсекелік ұғымын түсінуге, ұғынуға,*

қалыптастыруға, ойлана іс-қимыл жасауға баулутұрғысында ұсынар едік. Себебі қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алары даусыз. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындаларын ескерсек керек. Бұл орайда «Рухани жаңғыру» бағдарламасында: «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» делінген.

Ал, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаңа ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарға баулудағы межелі мақсаттар желісін төмендегіше топтап ұсынуды жөн көрдік:

- «Прагматизм» бағытының мақсаты: Ұлттық прагматизмді дамыту, төл тарихымыздағы, бабаларымыздың өмір салтындағы шынайы прагматизмнің жарқын үлгілерінен тағылым алу, қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгерте келе толыққанды жаңғыруға баулу.

- «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағыты: Ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, ұлттық болмыстың өзегін сақтау, сипаттық тұрғыда өзгерту, ұлттық рухқа баулу, мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылуға баулу.

- «Білімнің салтанат құруы» бағыты: Жаңа ұрпақты білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылдыру, табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін терең түсіндіру.

- «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» бағыты: Тарихтан өзіңше тағылым ала білуге, өзіндік субъективтік көзқарастар қалыптастыруға баулу. Тарихтың сабағын айқын түсінуге, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай қазіргі құбылыстардан ой түюге, пайым жасай білуге баулу.

- «Сананың ашықтығы» бағыты: Дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге тырысуға, жаңа технологияның ағыны әкелетін өзгерістерге, өмір салтымыздағы түбегейлі өзгерістерге дайын болуға, өзгелердің тәжірибесімен танысуға, ең озық жетістіктерін бойға сіңіруге баулу.

- «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру» жобасы: Қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынына бойлату, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарына неғұрлым дәйектілікпен, байыппен қарауға баулу, уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуға көз жеткізу.

- Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы: Жастарға толықанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау, гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасау.

- «Туған жер» жобасы: Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысуға баулу, білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздеуге жұмыстану.

- «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы: Жастардың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру, «Мәдени-географиялық белдеудің» рөлі мен оған енетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуі үшін оқу-ағарту дайындығын жүргізуді қолға алу.

- «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы: ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға өзіндік үлес қосуға ұмтылу, мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыруға баулу.

- *«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы:* Бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына назар аударту, бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асыруға баулу, ел тәуелсіздігін бекіту, сақтау жолында қыруар іс атқарып жүрген, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихының құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қоймауын баса ескеру, жастарымыздың өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуына қажетті үлгі ұсына білу.

- *Ұлы Даланың бірінші қыры – «Атқа міну мәдениеті»:* Түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңілуге ұмтылдыру, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туғанын ескеру бүгінде төл тарихымызға оң көзқараспен қарауға баулу. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығының жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі екенін әр кез ескеру.

- *Ұлы Даланың екінші қыры – «Ұлы даладағы кенді металлургия»:* Ұлы даладағы ежелгі металлургия жөнінде түсінік беру, экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныстың өте жоғарылығын, мүмкіндіктердің аздығын, кәсіпорындардың тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүрлігін түзетуге бағыттау.

- *Ұлы Даланың үшінші қыры – «Аң стилі»:* Ұлы даланы мекендеген ата-бабаларымыздың дүниетанымы мен құндылықтарын білуге, өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті негізінде рухани бағдарын айқындау, жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысын символ тұрғысында тануына бойлау.

- *Ұлы Даланың төртінші қыры – «Алтын адам»:* Жаңа ұрпақты түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға, бабаларымыздың өз тұсында аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасағанын тануға, Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологиясына терең үңілуге, ежелгі бабаларымыздың зияткерлік дәстүрлерінен хабардар болуға баулу.

- *Ұлы Даланың бесінші қыры – «Түркі әлемінің бесігі»:* Қазақстан жерінің тәжі, күллі түркі әлемінің бесігі Алтай өңіріне мән беруге, дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесінің пайда болуына, Ұлы дала төсіндегі жаңа кезең бастауына назар аударту, өнер мен ғылымның, әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалар тарихына бойлату, Әбунасыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи сынды тұлғалар тағылымына үңілуге баулу.

- *Ұлы Даланың алтыншы қыры – «Ұлы Жібек жолы»:* Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни, Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуына назар аударту, Ұлы Жібек жолы жүйесі негізіндегі мәдени, зияткерлік ынтымақтастықтың қалыптасуына, дамуына мән беру, дала белдеуіндегі өркениетке баулу.

- *Ұлы Даланың жетінші қыры – «Қазақстан - алма мен қызғалдақтың отаны»:* Жаңа ұрпақтың назарына асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденгенін сала келе, туған елінің жусаны мен жуасына мән беруге баулу.

- *«Архив - 2025» жобасы:* Тарихи сананы жаңғыртуда дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне қатысты тұстарды жан-жақты ой елегінен өткізуге, терең зерделеуге баулу. Бабаларымыздың өмірі мен ғажап өркениеті жөніндегі сандаған деректі құжаттардың әлі де ғылыми айналымға түспегенін аңғарту, жаңа ұрпақтың өз тарихына қатысты мақтаныш сезімін ұялату, отаншылдық тәрбие беру.

- *«Ұлы Даланың ұлы есімдері» жобасы:* Көпшілік санасындағы тарихи үдерістердің тұлғатану сипатына мән беру, өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтуға баулу, Ұлы даланың ұлы есімдерін, тұлғаларын, өнеге тұтып, олардан тағылым алу, жастар өнерінің креативті әлеуетін дамытуды жүйелеу, жандандыру, Ұлы Дала тұлғаларын кешенді формада насихаттау.

- *«Түркі әлемінің генезисі» жобасы:* Қазақстанның күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы» екенін таныта түсу, жаңа ұрпақты Түркі халықтарына ортақ туындылармен таныстыру, бүкіл түркі әлемі үшін қазақ елінің киелі орындарын насихаттау.

- *«Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» жобасы:* Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейін ашу бағытында, «Ұлы даланың ұлы өркениеттері» атты жалпыұлттық тарихи реконструкциялар клубын құру негізінде білімді дәріптеу, туризмді дамытуға баса мән беру.

- *«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасы:* Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері арқылы, дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасы негізінде көшпенділердің бай мұрасымен танысуға, тағылым алуға, жүйелі зерттеуге, дәріптеуге, іздеу-зерттеу экспедициясына шығуға баулу.

- *«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» жобасы:* Қазіргі заманғы жаңа ұрпақтың тарихи таным-түйсігінде кино өнерінің ерекше орынға иелігін ескере келе, Қазақстанның өркениет тархындағы үздіксіз дамуын аңғарту, Ұлы даланың бай мифологиялық және фольклорлық материалдарын пайдалану негізінде ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыру, қазақтың бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғаларын таныстыру.

Қысқасы, жоғарыда баса айтылған алғы мақсатқа қатысты тұжырымдардың күллісі де тұлғаның рухани жаңғыруын жүзеге асырмақ. Демек, Әйтеке бабамызға сүйене түйіндер болсақ, еңбексіз өткен өмір де бір, ерте келген өлім де бір. Еңбегің жанса қуанарсың, бірақ қуаныш келсе таспа, қасірет келсе саспа! Сондықтан жетпей жатып болдым деме, болмай жатып толдым деме. Жетпей жатып болдым деген төменде күйбеңдейді, төменде күйбеңдеген төбенің басын көрмейді. Тау болмаса да төбенің басын көрмегеннің ғұмыры зая. Қолдан келсе, асқақ ұш. Асқақ ұшсаң, абайлап қон. Өйткені, төбеге ұшсаң күндейтін, төменде қалсаң, жүндейтін жамағайынсымақтар толып жатыр. Ал жақсы адам қашан да өзгеге шарапат тигізуге ұмтылар. Қолыңнан келсе, зағип көретін, керең еститін іс тындыр. Жақсылық жасасаң - жасыр, жақсылық көрсең - асыр. Олай болса, жақсының серігі - әманда ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, татулық, бірлік. Ер жігітке төзім - тірек, сабыр - қамал, ақыл - әл-қуат, ар-абырой - қазына, қанағат - асыл тас, бата - мұра, әдеп - сән, жалған сөз - дерт, ақиқат - ем, үміт - көңіл азығы, сезім - бұлақ, қиял - шырын, тілі - жүрегінің елшісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Барымыз да, бағымыз да - Тәуелсіздік». Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың республикалық «Egemen Qazaqstan» және «Aiqyn» газеттеріне берген сұхбаты // «Egemen Qazaqstan» газеті, №62, 2 сәуір 2019. - 1-2-б.б.

2. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы // «Егемен Қазақстан» газеті, №70, 12 сәуір 2017. – 1-2-б.б.

3. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы // «Егемен Қазақстан» газеті, №223, 21 қараша 2018 ж. 1-2-б.б.

4. Айталы А. Ұлттық құндылықтарға сүйіну, ұлтсыздыққа күйіну // «Egemen Qazaqstan» газ., №66, 8 сәуір 2019. – 7-б.

5. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін). Құрастырушы Е. Шаймерденұлы, Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. – 320-б

ЖАС ПЕДАГОГТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛІ КӘСІБИ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ ШАРТТАРЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар білім беру мекемелерінің қызметіне ауқымды өзгерістер әкелді. Осыған байланысты жылдам өзгеріп отыратын әлемде жеке тұлғаның кәсіби әлеуметтенуінде белсенді рөл атқаратын білім берудің жаңа формаларын, әдістерін, құралдарын, шарт-жағдайларын іздестіру қажеттілігі белең алуға [1].

Орыс жазушысы Ф.И.Достаевский айтқандай, жеке тұлғаның жан-жақты дамыған ешкімге тәуелді емес, өзін-өзі бағалап, өзінің бағыт-бағдары тәуелді болатындай, өз бетінше шешім қабылдап, өмір сүре алатындай бағыт ұстануын қамтамасыз ететіндей әрекет ету керек. Жалпы мәдениеттің негізі сол кезде қаланады, өзін-өзі тануға қызығушылығы артады, дербестілігі дамиды. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында, біздің қоғамымызда өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол педагогтарға сұраныс күшейеді. Осы тұрғыда білім беру жүйесіндегі реформалар білім саласының қарқынды дамуына елеулі ықпалын тигізеді. Соған байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып, елімізде білім беруді әлемдік стандарттарға бағыттап отырып, модернизациялау жүзеге асырылуда. Аталған мемлекеттік бағдарламада бірінші кезекте «Білім беру сапасы, сапалы даярлығы бар педагогтармен айқындалады» деп атап көрсетілген [2].

Біртіндеп қоғам талабына сай, жас ұрпаққа тәлімді тәрбие беріп, оларды қоғамдық өмірге белсенді азамат ретінде қосудың жолдары мен амалдары іздестіріліп, әлеуметтенудің ғылыми тұрғыда негіздемелері пайда болды. Әлеуметтену мәселелерін зерттеумен әлеуметтанушылар, философтар, психологтар, педагогтар және т.б ғылым салаларының мамандары айналысуда. Зерттеушілер «әлеуметтену» ұғымына өздерінің мамандандырылуына байланысты әртүрлі анықтамалар қалыптастырды.

«Әлеуметтену» сөзі «әлеуметтік» сөзімен төркіндес яғни (латынша «socialis») әлеуметтік, қоғамдық деген ұғымдарды білдіреді. Әлеуметтену - индивидтің нақты қоғамға, әлеуметтік топқа тән құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін игеріп, тұлғаға айналу процесі [3].

«Әлеуметтену» ұғымы бірқатар әлеуметтік ғылымдар жүйесінде, атапайтсақ, философияда, психологияда, педагогикада, әлеуметтануда, саясаттануда басты орындардың бірін алады. Шетелдік және отандық ғылымда әлеуметтену мәселесін зерттеу бұрыннан жүргізіліп келеді және тұрақты теориялық қағидаларға сүйенеді. Әлеуметтанушылық және философиялық әдебиеттерде «әлеуметтену» термині полисемантикалық және көпаспектілі термин болып табылады.

Әлеуметтену мәселесі дербес проблема ретінде 60-жылдардың соңынан бастап қарастырыла бастады. Сол уақытқа дейін әлеуметтенудің алуантүрлі аспектілері белгілі дәрежеде даму психологиясында, сонымен бірге оқу-тәрбие мекемелеріндегі тәрбие туралы педагогикалық еңбектерде жарық көрді. Қазіргі кезде әлеуметтену үдерісінің зерттеудің пәнаралық дербес саласына айналғанын байқауға болады.

Әлеуметтену – тірі тіршілік факторларының жиынтығының стихиялық және ұйымдасқан әсерлері нәтижесінде адамның әлеуметтік даму процесі. Әлеуметтену адамның өмір бойы әртүрлі факторлармен, жағдаймен, жағдайлармен және субъектілермен өзара әрекеттесуінде жалғасады [4].

Э.Дюркгеймнің тұжырымдамасы қоғамның әлеуметтенуші рөлін басым көрсетеді, өз кезегінде ғалымның социологизмі әлеуметтену контекстінде мақсатты бағытталған тұрғыда

зерттеушіні индивидтерді мәдени ассимиляциялауға, әлеуметтік бейімдеуге бағдарлайды және социумның әлеуметтік-мәдени әсерінің объектісі ретінде жеке тұлғаны талдаудың теориялық дәстүрлерінің негізін қалайды.

Ал ғалым Т.Қалдыбаеваның пайымдауынша, «әлеуметтену» ұғымы тұлға ұғымымен бірдей мәні бір, бірі адамның әлеуметтік даму жолын бейнелесе, екіншісі соның нәтижесі, ал әлеуметтендірудің мәні- адамның адамдық қасиеттерін ашып, оны қоғамдағы әлеуметтік қатынасқа түсуге даярлау, тек әлеуметтік қатынасқа түсіп қана қоюға емес, саналы арақатынасқа, өзінен басқа да адамдар сезімі, мүддесі, сұранысы бар екенімен санаса отырып, адамдық мәніне лайықты қатынас жасау деп тұжырымдайды [5].

Ал кәсіби әлеуметтендіру – жас педагогтың өзінің мамандығының қыр-сырын, әдіс-тәсілін, спецификасын толық меңгеруіне бағытталған әлеуметтенуі. Ол педагогтың өзіндік мінезіне, біліміне, үйренген дағдысына, дайындық формасына байланысты болады. Кәсіби әлеуметтендіру әрекеттің әр түрлілігіне, оған деген қызығушылығына, еңбек мазмұнына, ортаның әсеріне, тұлғаның индивидуалды және психикалық қасиетіне тәуелді болады. Кәсіби әлеуметтендірудің критеріі толық түрде жас маманның атқарған еңбек әрекетіне, жұмысының нәтижелігіне және сапалы болып шығуына тікелей әсер етеді. Кәсіби әлеуметтендіру еңбек әрекетінің қалыптасу стереотипіне жұмысшылардың бейімделмеген қасиетіне де байланысты болады [6].

Кәсіби әлеуметтендіру жас педагогтың өзіндік ішкі дүниетанымының өзгеруі, оның қайта қалыптасуы, мүмкіншіліктерді іздеуі, кәсіби сананың өсу деңгейі, жаңа жұмыс орнына кәсіби әлеуметтенуіндегі негізгі кезеңдері болып табылады. Бұл кезеңде белгілі бір сыртқы талаптарды, нормаларды ережелерді орындауға тура келеді. Жас педагогтың жаңа жұмыс орнындағы кәсіби әлеуметтену кезеңінде өзіндік анықталуы, өзін-өзі іске асыру мәселелері де үлкен мәнді иеленеді. Өзін іске асыру кезінде адамның өмірлік стильдері қалыптасады. Жас педагог өмірдің мәнін саналы түрде түсіне бастайды, өз бетімен белгілі бір әрекет жасайды, кез-келген жағдайға үлкен жауапкершілікпен қарай бастайды, соның негізінде оның кәсіби шеберлік деңгейі белгілі бір дәрежеде жоғарлайды. Кәсіби әлеуметтендіру жас педагогтың еңбек әрекетіне белсенді араласуын, өз еңбегінен қанағат алуын, өзін-өзі психологиялық және физиологиялық жағынан қамтамасыз ете алуын, жаңа жұмыс орнының кез келген талаптарын орындай алуын, өз міндеттерін толық атқара білуін, топта қалыптасқан нормаларды орындай алуын, ұйымның мәдени талаптарын меңгеруін, ұжым мүшелерімен өзара қатынас жасауын, жас педагогтың ішкі және сыртқы орта шарттарына толық үйренісуін және өмірлік әрекетін әр түрлі сферада орындай алуын білдіреді.

Жас педагогтарды кәсіби әлеуметтендіру барысында тұлға мен кәсіби әрекеттің бірігуі жүреді, осы іс-әрекет құрамына кіретін арнайы білім, ептілік пен дағды және мақсат пен мотивтері кіреді. Жас педагогтарды кәсіби әлеуметтендіру процесінде маман белгілі бір іс-әрекет мазмұнын меңгереді. Мұндай процестің нәтижесі тұлға мен іс-әрекеттің бұзылмайтын бірлігі болып табылады.

Жас педагогтарды кәсіби әлеуметтендірудің психологиялық ерекшеліктерін толықтыра кететін болсақ, қазіргі таңда жас маманның өз мамандығын жоғарғы деңгейде меңгеріп, шығармашылыққа жету, кез-келген педагогтың өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Психологиялық тұрғыда қарастырсақ, бұл жас педагогтың барлық уақытта кәсіби дамуға, біліктілігін жетілдіруге дайын болуы, жаңа білім мен іскерлікті толықтыру әрекеті, өзіндік ынтасы мен талпынысы. Н.Е.Щурованың пікірінше, жеке тұлғалық қасиеттерді анықтау кәсіби құндылық, маман болуда ол маңызды қажетті жағдайда бірнеше ролді атқарады: дене, психикалық саулық, рухани күштілікті меңгертеді [7].

Жас педагогты жаңа жұмыс орнына дайындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жас педагогтың жаңа жұмыс орнына келуі – жас педагогтың өзіне де үлкен жауапкершілікті талап етеді. Еңбек әрекетіне еш ауыртпалықсыз әрі табысты кірісіп кету үшін дені сау және жан-жақты даярланған болуы қажет.

Жас педагогтардың жеке тұлғасын кәсіби әлеуметтендіру төмендегі негізгі міндеттерді көрсетеді:

- жас педагогтардың жеке тұлғасы болашағын, саяси және әлеуметтік маңыздылығын өзектендіру;

- интеллектуалдық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және тәрбие міндеттерін жүзеге асыруға шоғырландыру;

- ашық ақпараттық, білім беру, жеке тұлғаны кәсіби әлеуметтендіру, қалыптастыру, кәсіби әлеуметтік және тұлғалық кеңістікті құру, жас педагогтардың жеке тұлғалық жауапкершілігін сезіну және өз бетінше дербестік қасиетін сақтай отырып, кәсіби әлеуметтік ортаға бейімделуі;

- жас педагогтардың рухани, интеллектуалдық және өз денсаулығы мен кәсіби әлеуметтік біліктігі мен жауапкершілігін көтеруді ұйымдастыру;

- жас педагогтардың әлемдік және ұлттық мәдениетті игеруіне байланысты толеранттылыққа, келісім және ұлтаралық мәдениет пен қарым-қатынасқа тәрбиелеу;

- қоғамға, қоршаған ортаға, табиғатқа жағымды көзқарас қалыптастыруға ықпал ететін кәсіби әлеуметтік педагогикалық жағдай жасау;

- кәсіби бағдар мен тұлғаның өзін-өзі іске асыруына және өз білімін үздіксіз жетілдіру қажеттігін тудыру [8].

6. Столяренко Л.Д. Основы психологии. Издание 3-е, переработанное и дополненное. - Ростов-на-Дону: «Феникс», 2000.
7. Немов Р.С. Психология. Психодиагностика. кн.3. М., 2017. -284с.
8. Тихомиров О.К. Структура мыслительной деятельности человека (Опыт теоретического и экспериментального исследования). М., 1969.
9. Кулюткин Ю.Н. Диалог как предмет педагогической рефлексии. СПб., 2001. - 75 с.
10. Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении. М., 1991. -184с.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҚАБІЛЕТІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жалпы оқу дағдылары жеткілікті әрі зерттеушілік әрекетте түрлі тәсілдерді игере отырып, оның мазмұнына шығармашылық элементтерін де қоса ұштастырады. Алайда дарынды балалар көбіне берілген жұмысты тікелей мұғалімнің көмегі мен бақылауы арқылы орындайды.

Дарынды балалардың дамуының тежелуіне жол беруге болмайды. Мұндай балалардың оқу жүктемесі, оқыту және тәрбиелеу нысандары, олардың мүмкіндіктеріне сай келуі тиіс. Дарынды балаларға қамқорлық қабілеттерін дамытуды жалпы білімдік дайындықпен және жеке тұлғамен кемелдендірумен ұштастыруын көздейді.

Қандай да бір білім беру мен қызмет саласында анық байқалатын қабілеті бар оқушы өзін-өзі жүзеге асырудағы қажеттілікті сезіне біледі. Оларға бәсекелестік пен көшбасшылық сияқты қасиеттер тән, сондықтан да олар түрлі байқаулар, олимпиадалар, конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, марапатталады. Мұндай оқушылар түрлі деңгейлік жарыстардан өте келе республикалық және халықаралық білім сайыстарына қатысуға іріктеледі және жоғары білім алу үшін республикалық, алыс-жақын шетелдерде атақты оқу орындарына сөзсіз түседі. Осы жетістіктерге бұл топтағы дарынды балалар өздерінің жоғары ой-өрісі мүмкіндіктерінің арқасында жетеді.

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын талдаумен жүретін ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы, сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет.

Қазіргі уақытта дарынды балаларды анықтау және қалыптастыру, дамыту жүйесіне көп көңіл аударылып отыр. Барлық дамыған елдерде дарындылықты анықтайтын ұйымдар пайда бола бастады. Дарындылықты анықтау мемлекеттік маңызы бар іс болып саналады. Бала бойындағы дарындылықты анықтау үшін шығармашылық потенциалдың барлық түрін дамыту қажет. Бұл мәселенің шешімін табу үшін баланың дарындылығын анықтауға арнайы педагогтар қажет. Осыған байланысты, И.А. Ильницкая мұғалімдерге көмек ретінде «Потенциалды дарындылықты дамыту» жұмысын дайындаған [1]. Автор бала дарындылығының дамуына кедергі болатын себептерін анықтаған. Осы нұсқада автордың потенциалды дарындылықты дамытуға жағдай жасауға тырысқан. Мұнда негізінен 3 бағытты: педагогикалық ұжымның іс-әрекеті, педагог пен ата-ана іс-әрекеті және оқушылардың өзін шығармашылық іс-әрекеттің субъектісі ретінде ашып көрсеткен. Автордың дарындылық тақырыбына ұсынылған нұсқалары педагогтарға, сынып жетекшілерге, психологтарға дарынды балаларды анықтап, дамыту жұмыстарын жүргізген кезде таптырмас құрал болып саналады.

Міне, осыдан дарынды баланы анықтау мәселесі туады. Ол үшін мұғалім оқушылармен мынадай жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп отыруы тиіс:

- сауалнамалар;
- дәстүрлі емес сабақтар;
- шығармашылық жұмыстар;
- түрлі кештер, сайыстар, олимпиадалар;
- оқушымен жеке жұмыстар [2].

Дарынды балаларға білім беруді ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу ерекше дарынды балалардың интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді [3].

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде дарынды балаларға білім беру мәселесінің түрлері берілген. А.И. Савенковтың пікірінше, дарынды балаларға білім беру ұзақ жылдар бойы білім берудің сандық сипаттамаларын, яғни оқылатын тапсырманың көлемі ұлғайтылып және жылдамдығын арттыруға бағытталып келген. Бұл параметрлердің өзгертілуі білім беру мазмұнын өзгертудің екі бағыт ұстануына байланысты болды. Біріншісі, дарынды бала дәстүрлі оқу бағдарламасын жедел қарқынмен оқу қажеттілігінен «жеделдетілген оқыту» деген атаққа ие болды. Екіншісі, оқылатын оқу бағдарламасының көлемінің кеңейтілуімен байланысты, яғни оқу пәндерінің санының көбеюі, ол «интенсивті оқыту» деп аталды. Екі стратегияда сынға алынып, дарынды балаларды оқытатын жаңа бағдарламалар пайда болды [4].

Дарынды бала өзінің талантын дамыту үшін өз уақытын және кеңістігін еркін қолданып, кең оқу бағдарламасы бойынша оқытылып, мұғалімдер тарапынан қолдауды сезініп отыруы қажет. Көбіне тікелей мұғалімнің көмегі мен бақылауы арқылы орындайды. Кең ауқымды уақыттың болуы баланың бақылаушылық және ізденушілік қасиетін дамытуға әсерін тигізеді. Негізгі мәселе нені оқуды емес, қалай оқытылуы керек деген бағытта қарастырылуы тиіс. Егер дарынды балаға тапсырманы орындау кезінде асықтырмай уақыт берілсе, бір тапсырмадан екіншісіне секірмей орындалса, дарынды бала тапсырманы орындау барысындағы айырмашылықты түсініп тәжірибе жүзінде жаңалықты ашуды үйренеді. Айтылған идеяларды және сөйлемдерді талдау, мазмұнына терең үңіліп шешуді, аналитикалық, сыни ойлауды жәнәтабиғи қызығушылықты дамытады. Сонымен қатар, мектептен тыс шығармашылық өнер мектептері балалардың қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны танып білуге деген қызығушылық біртіндеп тұрақты танымдық сұранысқа айналып, үлкен жасөспірімдік және бозбалалық жасқа келе қандай да бір саласындағы басымдылыққа ие болады. Осы танымдық сұраныс табиғи қабілеттермен, яғни ой-өрістік немесе арнайы қабілеттермен математикалық, техникалық, музыкалық, бейнелеу, спорт толықтырылады. Үлкен мектеп жасында – өмірлік көзқарастың қалыптасуы, өмірдің мәні мен келешек мамандықты таңдау мен келешек мамандықты таңдау шағында құндылықтар жүйесі отбасы, Отан, бейбіт өмір, ұлтаралық қатынас мәдениеті т.б. жинақтала бастайды. Олардың ішінде қайталанбас, ерекше қабілеттермен байланысты қызмет түрі маңызды орынға ие. Бұл жастағы жасөспірімдер өзінің дарындылығын жеке өмірінің қалыптасуында маңызды екенін ғана емес, сондай-ақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалының дамуында да маңызды рөл атқаратынын түсінеді.

Дарынды балаларды оқытудың басты мақсаты – әрбір шәкірттің жеке дара ерекше қабілеттерін ілгері дамыту, дарындылығы анықталатын оқушыны қабілетіне сай шығармашылықпен ойлай алатын азамат етіп қалыптастыруға жағдайлар жасау, дарынды балалармен жұмыс жасау аясында ғалымдар мен ізденімпаз ұстаздар ұжымын топтастыру. Дарынды баланы тәрбиелейтін мұғалімнің міндеттері:

- оқушылардың ақыл-ой қабілетін жетілдіру;
- оқушылардың шығармашылық жеке дарындылығын дамыту;

оқушылардың қоршаған ортаны аялауға, әлемдік, адамгершілік негіздерін басшылыққа алуға, демократия мен ізгілендіру талаптарына сай болуға баулу, оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың ғылыми қоғамын қалыптастыру арқылы ғылыми зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға өз білімін жетілдіруге, өз интеллектісін дамытуға талаптанған оқушы жастарға мүмкіндік береді [5].

Педагог дарынды балалардың жеке-дербес қабілетін дамыту үшін мынандай жағдайларды жетекшілікке алуы керек:

- процесс барысында мұғалім балаға деген толық сенімін көрсете білуі керек;
- Педагог әр баланың білімге деген ішкі мотивациясынан шыға білуі керек;
- дарындылықтың арнайы, жалпы жолдарын ашық түрлерін анықтау;
- педагог - мәлімет жинақтап, күрделі мәселесі бар балаларды қарастырады;
- бала қиындықтарын ескере отырып, тренинг бағдарламасын жасау.

Проблемасы бар балалардың ата-аналарымен кездесу кезінде баланың өмір сүру және даму жағдайлары жөнінде мәлімет жинақтау. Мәселелерді шешуге алғашқы көмек, баланың дамуына ата-аналардың жағымды ықпалын арттыру.

Қазіргі білім беру жүйесінде педагог тәрбиелеу үрдісінің негізгі фигурасы болып табылады. Көбінде оның тұлғалық, кәсіби педагогикалық қасиеті тәрбиелеу үрдісінің тиімділігін және ерекшелігін анықтайды. Педагогтардың дарынды балалармен жұмыстануындағы негізгі ерекшелік – бұл шығармашылық іс-әрекеттегі жоғары мүмкіндікті жүзеге асырудағы қажеттілік пен қабілеттілікті қалыптастыру. Баланың қабілетін дамытуға бағытталған білікті мұғалімдер оның ішкі мотивациясын қалыптастыру қажеттілігін атап өткен. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, дарындылықтың негізгі ерекшелігі тұрақты танымдық және іс-әрекеттік мотивацияның болуы. Рухани тұлғаны негізі ішкі мотивациясы, тұлғаның бағыттылығы және құндылықтар жүйесін қалыптастыруына жағдай жасау қажеттілігі.

Педагогтар мен психологтардың пікірлері бойынша, барлық балалар өз мүмкіндігін, қабілетін максималды дәрежеде көрсете алатындай білім алуға құқығы бар. Әлемдік тәжірибеде дарынды балаларды оқытуда ауқымды тәжірибе жинақталған. Білікті мамандар қолданатын стратегиялар белгіленген. Педагогикалық тәжірибеде дарынды балаларды оқыту мен дамытуда жиі қолданылатын және танымал стратегиялар: шапшаңдату, жалпылау, ерте мамандандыру. Аталған стратегияларды дарынды балаларға білім беру жүйесімен айналысатын педагогтар қолданады. Дарындылық мәселесіне көңіл бөлу инновациялық оқу орындары мен дарынды балаларға арналған мектептерінің оқу және тәрбие үрдісінде арнайы бағдарламаларының жасақталуына алып келді.

Бүгінгі күні елімізде дарынды балалармен жұмысқа арнайы жобалар дайындалуда, көп елдерде білім беру жүйесі дифференциалды оқытуға көшуде және арнайы кешенді оқыту бағдарламалары дайындалуда, бұл дарынды балалардың қиындықсыз оқуына мүмкіндік береді. Қазіргі таңда елімізде дарынды жасөспірімдерді лидерлікке үйрету курстары ашылуда. Оқытушы мен оқушы арасындағы жекелік жұмыстану келісімдері бар, ол мұғалімге уақытты үнемдеуге, жекелік темпте жұмыстануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, елімізде оқушылардың дарындылығын әрі қарай дамыту жұмыстары жүргізіледі. Дарындылықты әрі қарай дамыту мақсатында гимназиялар, интеллектуалды мектептер, лицейлер жылдан жылға көптеп ашылуда.

Белгілі бір салада дарындылығы айқын көрінген дарынды балалармен жүйелі жұмыстануда, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің де маңызы зор болып табылады. Мұндай жүйелер мемлекеттік құрылымдарды толықтырып, дарынды балаларға білім беру мәселесін анық көрсетіп отырады. Сондай-ақ, мұндай дарынды балалармен жұмыстанатын ұйымдар баланың шығармашылық аймағын дамытуға тырысып, баланың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Сонымен, дарындылықты сақтау және қалыптастыру, дамыту бұл қоғам прогресінің мәселесі және дарынды балалардың шығу потенциалын және жекелік өмірін жүзеге асырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ильницкая И.А. Рабочая концепция одаренности- фундаментальная основа подготовки педагогов к выявлению и развитию одаренности детей и подростков / И. А. Ильницкая// Одаренный ребенок. - 2011. - № 3. - С. 12-28. - Библиогр.: с. 26-27.
2. Нұрымбетова Г. Құзіреттілік және дарындылық//Қазақстан мектебі. – 2012.-№5-6.59-60
3. Сатыбалдинова З. Дарынды оқушылармен жұмыс //Қазақстан мектебі. – 2004.-№9. – 64-65б. .
4. Савенков А.И. Основные подходы к разработке концепции одаренности /А.И. Савенков //Пед.-2000.-№3.-С.24-25
5. Утебаев Б. Дарынды балалармен жұмыс жүйесі //Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебі.-2006.-№6 – 36-37б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Білім мазмұнын жаңарту, білім беру жүйесін дамыту – өмір талабының объективті заңдылығы. Әр халықтың тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық ерекшелігі диалектикалық бірлікте қарастырылып, мектептегі білім мазмұнын жаңартудың негізгі көзі болуы тиіс.

Елімізде жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруді ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі мынада:

- оқу бағдарламасы «шиыршық қағидаты» негізінде әзірленген, яғни тақырыптар мен сыныптар бойынша білім мен білік бірте-бірте өсіп, дағдылар күрделеніп отырады;
- оқыту мен тәрбие бірлігі қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді;
- үштілді білім беруді іске асыру көзделген;
- пәндер бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарының жүйесі берілген;
- пәндік білім, білік және дағдылардың кең спектрін қалыптастыруға бағытталған: білімдерін функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, жобалау және зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдерін қолдану, жеке және топта жұмыс жасай білу, проблемаларын шешу және шешім қабылдау;

- ортақ тақырыптардың болуы;
- негізгі құндылықтар негізінде кең спектрлі дағдылармен бірлікте жеке тұлғалық қасиетті дамыту: «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» [1].

Осында *ортақ тақырыптардың* болу ерекшелігіне тоқталатын болсақ, бастауышта оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде мұғалімге пәнаралық байланыстарды іске асыратын ортақ тақырыптарға көңіл аудару қажет (1-кесте). Оқу пәндерінің компонентін кіріктіруші ретінде ортақ тақырыптарда тоқсандар бойынша бөлінген. Әр тоқсан бойынша екі ортақ тақырып, оның әрқайсысына сағат саны шамамен бірдей бөлінеді.

1-кесте – Сыныптар бойынша ортақ тақырыптар

№	1-сынып	2-сынып	3-сынып
1	Өзім туралы	Өзім туралы	Жанды табиғат
2	Менің мектебім	Менің отбасым және достарым	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен
3	Менің отбасым және достарым	Менің мектебім	Уақыт
4	Бізді қоршаған әлем	Менің туған елім	Сәулет өнері
5	Саяхат	Дені саудың жаны сау	Өнер
6	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Атақты тұлғалар
7	Тағам мен сусын	Қоршаған орта	Су – тіршілік көзі
8	Дені саудың жаны сау	Саяхат	Демалыс мәдениеті. Мерекелер

Ортақ тақырыптар бойынша оқытуда пәнаралық байланысқа аса көңіл бөлінеді. Мұнда пәндік білімді жүйелі түрде тұтас меңгерту үшін танымдық тұрғыдан оқыту көзделеді. Оқытудың бұл бағыты Ж. Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» атты оқу-әдістемелік еңбегінде комплексті оқыту мазмұнына үндеседі. Ғалым өз еңбегінде бастауыш мектептің 1-2-сыныбына арналған оқу тақырыптары мен жұмыс жоспарын береді. Оқу тақырыптары жыл мезгіліне қатысты болатын құбылыстарға лайықталып алынады. Комплекс жүйесінде пәндер бірігіп, бір жолмен, бір арнамен ағып, араласып оқылатындықтан, бала өмірді, құбылысты өзі бақылап, зерттеп, өмірмен байланыстырып оқиды, нәрсені тұтас, түйдек түрінде ұғынады. Мысалы, «Қыс басы» тақырыбының мазмұны: *Қысқы ауа мен күзгі ауаны салыстыру. Даланың түрі, қар, оның жұқалығы, шаруаға әсері, жер тоң болып, мұз қату, терезе қыраулану. Қыстап қалатын құстар, көбік қарда тойынатын мал. Шана жолы. Ит, мысық сияқты үй хайуандарының қысқы тұрмысы. Құдықты, суатты күту. Күннің қысқаруы. Адамның кеш жатып, ерте тұруы. Еркек, әйел, балалардың күндізгі жұмысы.*

Жаттығу: *Қысқы жаратылыс, жұмыс, құс, мал туралы әңгіме оқу. Өлең жаттату. Қыстайтын құстарды атау. Қысқы тұрмысын сөйлету, жеке сөздер, қысқа сөйлемдер жазғызу, оңай нәрселердің суретін салдыру* т.б. немесе «Малдың күтімі» тақырыбы *төрт түлік мал, олардың пайдасы, жасын айыру, жасына қарай аттары, түсі, түгі, қай мал қай шөпті жақсы жейтіні, малдың орны, арықтау себебі* т.б. мазмұнда келеді. [2, 40-46 бб.]. Ол комплексті оқыту жүйесінің пән жүйесінен артықшылығын салыстыра көрсетіп, комплексті оқыту деп: «өмірдегі құбылыстарды, нәрселерді бір тақырыптың, бір пікірдің төңірегіне жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқытуды», – айтады. Ж. Аймауытовтың «комплексті оқыту» жүйесінің өзіндік ерекшелігі бірнеше пәндер бірігіп, араласып оқытылады. Ғалымның кіші мектеп жасындағы баланың өмірді, құбылысты өзі бақылап, зерттеп, өмірмен байланыстырып оқу арқылы нәрсені тұтас түрінде ұғынуы жөніндегі педагогикалық көзқарасы бастауыш сыныпта білімді ортақ тақырыптар арқылы танымдық тұрғыдан (когнитивті) оқытудағы пікірімізбен сәйкес келеді. Сонымен бірге, оқу үдерісінде оқушылардың тілдік дағдыларына да ерекше назар аударады.

Танымдық тұрғысынан оқытуда кез келген пән тек өзінің ұлттық құндылықтарын танытуға қызмет ететіні белгілі. Мысалы, басқа тіл өзге тілдің ұлттық мәдениетін танытуға қашанда әлсіздік танытатыны әртүрлі мәтіндік жағдайлар мен сөйлесулерде, лебізде, әсіресе, аудармаларда анық байқалады. Белгілі ресей психолінгвисті Р.М. Фрумкина тілдің бұл психолінгвистикалық аспектісі туралы былай дейді: «... Если в культуре есть определенные реалии, то в языке есть эффективные способы эти реалии поименовать, обозначить. Это аксиома современной гуманитарной науки. Но из нее, как из каждой аксиомы, должны вытекать следствия. Например: если в языке есть имена, обозначающие определенные культурные реалии, то их семантика может изучаться только при условии привлечения широкого культурного контекста» [3, 55 б.].

Психологияның басты мәселесі жеке тұлға (личность) болса, сол жеке тұлға тілін танытушы – оның санасындағы ұлттық тілтаным көкжиегі. Ал тіл мен танымның тығыз байланысы субъектінің жеке физиологиялық қалпы мен саналық когнициясынан көрініп отырады. Ресей ғалымдары А.А. Леонтьев, А.А. Залевская т.т. зерттеушілер психолінгвистиканың басты зерттеу нысаны сөйлеу, сөйлесім әрекетінің тілмен өзара байланысы деп көрсетеді. А.А. Залевская өз кестесі арқылы жалпы адамның тілдік қабылдау мен жарыққа шығаруды Л.В. Щерба көрсеткен тілдік құбылыстардың үш аспектісін береді. Сонымен қатар, ол сөйлеудің ұйымдасу құбылысын төртінші аспект ретінде береді. Адам санасында сөйлеуді ұйымдастыру кезінде үнемі өнім мен процестің өзара екі жақты қатынасы жүріп жатады. Мысалы, адам бір затты не құбылысты қабылдайды, санасында оны тәртіпке салады, өңдейді, топтайды. Топтау жүзеге асқанда индивидтің психо-физиологиялық ерекшеліктері өз әсерін тигізеді. Өмір сүрген сайын адам шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарды өз санасында өңдеп топтай береді. Өңдеп топтаған сайын оның технологиялық қалпы да өзгерістерге ұшырай береді. Сөздің мағынасын түсіну, қабылдау, жарыққа шығару бала

санасынан саналы адам сатысына көтерілгенге дейін құбыла береді. Сөздің мағынасы осы ерекшеліктерге байланысты екі түрлі дәрежеде болады. Біріншісі, жалпыға бірдей түсінікті лексикографиялық (төл мағына) мағына, екіншісі, психолингвистикалық мағына. Лексикографиялық мағынаға жалпылық тән болса, психолингвистикалық мағынаға жекелікті сипат тән. З.Д. Попова мен И.А. Стернин осы екі мағына түрінің негізінде танымдық әрекет жатқанымен, танымдық әрекеттің басты нәтижесі ретінде осы сөз мағыналары емес, концептіні атайды. Олар былай дейді: «Концепт – концептосфераның бірлігі, яғни халықтың, ұлттың ойлау бірліктерінің ұйымдасқан жиынтығы. Концепт халық санасында бейнеленген бір немесе басқа құбылыстың барлық менталды белгілерінен тұрады» [4, 104 б.].

Белгілі философ І. Ерғали: «Адамның дүниемен байланысы, оны тануы – белгілі ұлттық жағдайда қалыптасатындықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады. Ол белгілер мен көріністер осы халықтың менталитетіне (діліне) тәуелді. Бұл – халықтың бейнелер дүниесі, символдары (рәміздері) мен салт-жоралары, сезіну, ұғыну ерекшеліктері», – дейді [5, 181 б.]. Дүниетаным, дүниенің тілдік суреті, ұлттық менталды ойлау тек ұлттық психологияның сүзгісі арқылы көрініс табады. Дүние суреті ұлттық таным мен ұлттық мінез-құлық негізінде туғандықтан, онда міндетті түрде екі ұғым қатар өріледі, сондықтан немісте бар сөз орыста жоқ, ағылшындағы сөз орыста жоқ болуы – табиғи қалыпты құбылыс. Яғни, қазақ фольклорынан хабары жоқ қазақ баласы ұлттық менталды түрде ойлау мен ұлттық тәрбиемен өседі деу қате екені сөзсіз, себебі қазаққа тән тұрмыс нышандары жаһандану заманындағы қалаларда болмайтыны бәріне белгілі.

Барлық халықтардың педагогикасында негізгі мәселелердің бірі – ана тілі мәселесі, тіл арқылы өз ұлтының әдебиетін, мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін, өнерін танымдық тұрғыдан игерту көзделеді. Сондықтан бүгінгі жаңартылған білім мазмұныныңдағы ортақ тақырыптарды танымдық тұрғысынан шебер ұйымдастыра отырып, бастауыш сынып балаларын ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша Нұсқау хат. – Астана, 2017.
2. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы: 5-т. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304б.
3. Фрумкина Р.М. Психолингвистика. – М.: Академия, 2008. – 320 с.
4. Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М.: АСТ: Восток – Запад, 2007. – 314 с.
5. Ерғали І.Е. Философия как духовная деятельность. – Астана, 2003. – 283 с.

ӘОЖ 373.3

Балгабаева Ж.Ж.

Қазақстан, Орал қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазіргі ақпараттандыру дәуірі оқу үрдісінде АКТ мүмкіндіктерін кең көлемде қолдануды қажет етеді. «Білім беру жүйесін ақпараттандыру- берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үдеріс, еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлеріндегі қазіргі технологияларды тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларға алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары» болып табылады [1]. Әлемдік ғылым мен практикада ақпараттық- коммуникациялық технологияны

оқыту үдерісіне келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын психологиялық, педагогикалық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы зор.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың ғылыми негізделген әлеуметтік- философиялық тұжырымдамасы мен компьютермен оқытудың бағыттарына арналған іргелі және қолданбалы сипаттағы мәселелер, ақпараттық- коммуникациялық технологиялардың мәні, мазмұны мен құрылымы алдыңғы қатарлы ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Олар аталған ұғымға «компьютерлік технология», «ақпараттық технология», «ақпараттық- коммуникациялық технология» ретінде түрлі деңгейде анықтама берген:

-ақпаратты өңдеу, түрлендіру, тасымалдау, тарату технологиясы, есептеуіш техниканы, желіні және жүйені (жасанды интеллектті қоса алғанда), программалық құралдарды және т.б. жасау технологиясы (В.В.Персианов, Н.А. Шайденко) [2];

-ақпаратты жинау, ұйымдастыру, сақтау, өңдеу, тасымалдау және ұсынудағы адамдардың білімін кеңейтетін және олардың техникалық және әлеуметтік үрдістерді басқару мүмкіндігін дамытатын әдістер мен техникалық құралдардың жиынтығы (М.И.Жалдак) [3];

- оқытуда компьютерді қолдану (Н.В.Апатова) [4];

-нысан, үдеріс немесе құбылыстың жағдайы туралы жаңа сапалы ақпаратты алу мақсатында алғашқы ақпаратты өңдеу мен тарату, жинақтау әдістері мен құралдарының жиынтығын қамтитын үдеріс (И.В.Роберт) [5];

- ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдаумен сипатталатын әртүрлі әдіс, тәсілдерді жалпылайтын ұғым (Е.Ы.Бидайбеков) [6];

- негізгі ақпараттық үдерісті ақпараттандыруға арналған және программалық өнімдерді пайдаланып, дамытуға байланысты компьютерді қолдануға негізделген технология (Ш.Х.Құрманалина) [7].

Жоғарыда аталған ғалымдардың көзқарасынан ақпараттық- коммуникациялық технология компьютер арқылы оқытудың жүйелі әдісі, техникалық ойлау және танымдық әрекетіне бағыттап оқытуда түрлі техникалық , электрондық және компьютерлік құралдарды қолдану.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесін басқару мен оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолданудың бірнеше негізгі бағыттарын көрсетуге болады:

- Ақпараттық технологияны баяндаудағы көрнекілікті арттыру, әртүрлі нысан мен үдерістерді үлгілеу, оқу материалын жүйеге келтіру мен логикалық реттеу, жаттықтыру, меңгерген білімді бақылау үшін көрнекілік құрал ретінде пайдалану;

- Оқытудың әртүрлі формасын жүзеге асыру: дербес, ұжымдық, өзіндік, қашықтан оқыту. Оқыту үдерісін автоматтандырылған оқыту жүйелерін қолдану арқылы автоматтандыру ;

- Әртүрлі пәндер бойынша компьютерлік оқу курстары мен программалық әдістемелік кешендерін жасақтау;

- Ғылыми негізделген компьютерлік оқу программаларының сценарийін жасау, педагогикалық программалық құралдардың сапасын сараптау мен оны бағалау;

- Білім беру жүйесінде компьютерлік телекоммуникацияны қолдану;

- Білім беруді басқаруда ақпараттық технология құралдарын кәсіби қолдануға баулу (басқарудың автоматтандырылған жүйелері, автоматтандырылған жұмыс орындары);

- Психологиялық - педагогикалық зерттеулерде ақпараттық технология құралдарын қолдану.

Жылдан –жылға дамып келе жатқан материалдық- техникалық мүмкіндіктер мұғалімдерге, оқушыларға жоғарыда аталған бағыттардың әртүрлі аспектісін меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай бағыттарды іске асыруға оқыту үдерісінде ақпараттық- коммуникациялық технология құралдарының орны ерекше.

И.В.Роберт ақпараттық –коммуникациялық технология құралдарын микропроцессорлық техника құралдары негізінде басқарылатын программалық, программалық-ақпараттық және техникалық құралдар мен құрылғыларды сондай-ақ ақпаратты тасымалдаудың қазіргі құралдары мен жүйелері,ақпаратты жинау, қорландыру, өңдеу, сақтау, тарату, пайдалану операцияларын қамтамасыз ететін ақпараттық алмасу, компьютерлік желілердегі ақпараттық ресурсқа кіру мүмкіндігі деп түсіндірген[5].

В.В.Гриншкун оларды программалық қамтамасыз етілу тұрғысынан қарастырып, білім беру саласында қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының негізін перифериялық құрылғылармен жабдықталған дербес компьютердің құрайтындығын және оның мүмкіндіктері программалық қамтамасыз етілумен анықталатындығын көрсеткен. Ол программалық құралдардың негізгі көрсеткіштеріне жүйелік, қолданбалы және құрал-саймандық программаларды негіздеген. Жүйелік программалар ретінде компьютер мен жабдықтардың, адамның арасындағы өзара әрекетті қамтамасыз ететін операциялық жүйелерді, сонымен қатар қызметтік, сервистік программаларды қарастырған. Қолданбалы программаларға ақпараттық технологияның құралдары болып табылатын программалық қамтамасыз етуді – мәтінмен, графикамен, кестелік мәліметтермен жұмыс жасау технологиясын жатқызса, үшінші түріне программалық қамтамасыз етуді өңдеуге арналған программаларды арнаған [8].

Бұдан, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және бейнелеуді қамтамасыз ететін бірыңғай технологиялық тізбекке біріктірілген әдістер, өндірістік үдерістер және программалық техникалық құралдар жиынтығы, ол өз кезегінде ақпараттық ресурстарды пайдалану үдерісінің оңтайландырады, сондай-ақ, оның сенімділігі мен жылдамдығын арттыратын құралдар болып табылатындықтан, оған келесідей анықтама береміз: *ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары компьютерлік техника мен желілерді қолдану негізінде ақпараттық үдерістерді жүзеге асыруға бағытталған аппараттық және программалық құралдар*. Осы анықтаманың негізінде білім беру жүйесіндегі аппараттық және программалық құралдарды ұсынуды жөн көрдік (1-кесте).

Білім беру жүйесіндегі ақпараттық коммуникациялық технология құралдары

<i>Ақпараттық құралдар</i>	<i>Педагогикалық мүмкіндігі</i>
компьютер	Кез келген ақпаратты өңдеуге арналған әмбебап құрал
Интерактивтік тақта	Оқу сабақтарын ұйымдастыруға және семинар мен пікірталас өткізуге ыңғайлы құрал
Принтер	Мұғалім мен оқушылардың дайындаған ақпаратын қағазға шығаруға арналған құрылғы
Проектор	Сабақтың көрнекілік деңгейін арттыруға және оқушылардың өз жұмыстарының нәтижесін көрсетуге арналған құрал
Телекоммуникациялық блок	Ресейлік немесе әлемдік ақпараттық ресурстарға кіруге мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуға, басқа мектептермен хат алысуға көмектесетін құрал
Пернетақта және тінтуір	Мәтіндік ақпаратты енгізуге және экрандағы нысандарды басқаруға арналған құралдар
Сыныптағы және мектептегі желі	Ақпараттық желіге кіруге мүмкіндік беретін ақпараттық, техникалық және уақыттық ресурстарды тиімді қолдануға көмектеседі.
Дыбыс- бейне құралдары	Сканер, фотоаппарат, видеокамера, магнитофон қоршаған әлемнің ақпараттық бейнесін оқыту үдерісіне енгізуге мүмкіндік береді.

<i>Программалық құралдар</i>	<i>Педагогикалық мүмкіндігі</i>
Ақпараттың өзегі-интернет	Ұйымдастырылған ақпараттық массивтер- компьютердегі энциклопедиялар, ақпараттық сайттар және интернет жүйесі
Вуиртуалды конструкторлар	Көрнекілік, математикалық және физикалық нақтылықтың символдық үлгілерін құрастыруға, осы үлгілерге эксперимент жүргізуге мүмкіндік береді.
Жаттықтырғыштар	Ақпараттық нысандармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға- мәтінді енгізу, экрандағы графикалық нысандармен жұмыс, жазбаша және ауызша жұмыстар жүргізуге бағытталады.
Компьютерлік тест программалары	Оқушылар автоматты түрде компьютер арқылы тапсырманы орындайды және нәтижесін алады. Компьютер оқушыны бағалайды.
Оқытушы кешенді жиынтық (электрондық басылым)	Жоғарыда аталған компьютерлік құралдардың сәйкестігіне қарай дәстүрлі түрде оқыту үдерісін автоматтандырады, мұғалім мен оқушы іс-әрекетін дербестіндіреді.
Басқарудың ақпараттық жүйелері	Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен – оқушылар, мұғалімдер, басшылық, ата-аналар, қоғам мүшелерінің арасындағы ақпараттық ағындардың жүруін қамтамасыз етеді.

Аталған құралдарды өзінің ерекше қызметімен қатар, оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудың құралы ретінде қамтамасыз ету мәселесі де өзекті болып отыр. Бұл ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын бастауыш мектептің оқу үдерісіне қолдануды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қайта қарауды қажет етеді.

Бастауыш мектепте аталған құралдарды танымдық тұрғыдан қолданудың әртүрлі психологиялық-педагогикалық аспектілері С.Пейперт, Б.Хантер, Дж.Нокс, Т.М.Ньюсем және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. С.Пейперт «компьютермен оқытуда бала – өзінің интеллектуалдық құрылымын құрушы құрылысшы. ... бала қазіргі техниканы меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар жаратылыстану, математика пәндерінен, басқа да интеллектуалдық дамуына қажетті ақпараттармен танысады» деген. Шынында дәстүрлі оқытуда бала дайын білімді арнайы іскерліктерді меңгереді. Мұндай жағдайда ересектер балаларда өздігінен оқудың дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігін, оның нәтижесінде бала жан дүниесінің үлгісін құратынын естен шығарады. Компьютермен жұмыс барысында оқушы өздігімен әртүрлі әуестігіне байланысты (сурет салу, өлең құрастыру, ән айту) оқу дағдыларын меңгеріп, өзі үшін жаңаны таниды, қоршаған әлемді зерттейді, білімді өздігімен ізденуге деген қызығушылығы, білуге құштарлығы пайда болады. Бұдан компьютердің есте сақтаудан терең ұғынуға көшуге мүмкіндік беруін, заттардың ұқсастық, айырмашылығын ерекшелеуін, ақылмен, санамен әрекет жасауға төселдіруін, өзіндік қызығушылығына байланысты тапсырмаларды орындай білуге дағдыландыруын балалардың танымдық үдерістерін дамытуда жүзеге асыру көзделеді.

Е.И.Машбиц еңбегінде аталған құралдарды оқыту технологиясына үлкен өзгерістер енгізетін керемет құрылғы ретінде ұсынып, оны оқу үдерісіне қолдану тапсырмаға қойылатын талаптар мен оның мазмұнын кеңейтуге, оқушылардың оқуға түрткісін арттыруға, оқу үдерісіне белсенділігін дамытуға, оқушының әрекетіне жасалатын бақылаудың түрін өзгертуге, оқушыларда өз әрекетінің рефлексиясын қалыптастыруға жағдай жасайтынын баса көрсеткен.

Соңғы жылдары В.Г.Житомирский, Д.В.Зарецкий, Я.А.Локтюшина және т.б. ғалымдар оқу үдерісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетінде ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын ұтымды пайдаланудың жолдарын белгілі бір психологиялық-педагогикалық көзқарас тұрғысынан сипаттаған [9-10]. О.К.Тихомиров еңбегінде

компьютермен жүзеге асырылатын адамның әртүрлі іс-әрекетін ұйымдастырудың қағидалары мен заңдылықтары, психикалық даму заңдылықтары, компьютер мен адам арасындағы қарым-қатынас, жеке тұлғаның дамуына ақпараттандырудың әсері қарастырылып, адамның ойлау әрекетін компьютерлер және басқа да ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы түрлендіруді қолдайды. Мұндай жағдайда компьютерді қолданудағы оқушылардың психикалық күйін диагностикалауға байланысты А.Н.Занковский семантикалық саралау әдісін пайдалануды ұсынады.

Дегенмен , ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының оқушының әлеуметтік және когнитивтік дамуына кері әсері туралы психологиялық, физиологиялық, педагогикалық көзқарастар қалыптасқан.

Бірқатар мамандар, бұл құралдарды бастауыш сыныпта қолдану оқушыларды қоршаған әлемді танудағы бағытынан адастыруға, ойлауының ассимиляция үдерістері мен интеллектуалдық дамуында олқылықтар болуына, кішкентай балалар тәрізді сезімдік ойлауға бой алдыруы, компьютермен жұмыс істеуде нақтылық пен қиялдың, нақты мен тілектің арасындағы үзілістің сезілуі; компьютерді қолдану арқылы орындалатын символдармен және абстрактылы ақпаратпен жұмыс істеу тәжірибесінің пайдасын түсінуге дайын еместігі, программалауға қажетті дағдылар баланың әрекетке дейінгі қабілеттеріне сәйкес келмеуі басым болатындығы жөнінде пікірлер айтады. Мәселен, Дж.Нокстың еңбегінде компьютерлер балалардың табиғи дамуы мен дене күшінің белсенділігін шектейді, сондай-ақ нақты нысандар мен жағдайларды ой елегінен өткізуге кедергі болуы мүмкін деп көрсеткен [11].

Әртүрлі зерттеулердегі бастауыш мектепте компьютерді қолдану мәселесін талдау негізінде тек сауатты жоспарланған педагогикалық үдеріс жағдайында ғана аталған құралдарды бастауыш сыныпта қойылған талаптарды баланың психикалық даму деңгейіне байланысты ескере отырып қолданғанда ғана, баланың психикасы мен денсаулығына кері әсері болмайтындығы туралы қорытынды жасауға болады.

Алыс –жақын шет елдердің тәжірибесіне көз жүгіртсек , мысалы АҚШ –та бұл мәселе 25 жыл бұрын шешілген және компьютерді арнайы балаларға арналған жоғары сапалы, тексерілген апробацияланған программаларды қолдану арқылы оқытуды қолға алған. Педагогтар, психологтар, дәрігерлердің зерттеулері бойынша компьютерді қолдану – баланың денсаулығына зиянды емес, керісінше баланы эволюциялық тұрғыдан дамытады. Д.Солпитердің «Бала және компьютер» кітабы бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды оқытуға және оқуға компьютерді қолдануға арналған. Автордың «компьютерлер сиқырлы құрал емес... компьютер баланың оқуына және қоршаған дүниені білуіне мүмкіндік жасайды» деген ойымен келісуге болады. Бұл кітапта дербес компьютерді қолданудың пайдалы жақтары, баланың денсаулығына тигізетін әсерлері, қауіпсіздік шаралары, жақсы модельдерді таңдау тәсілдері туралы айтылған. М.Никитинаның «Бала компьютер алдында» кітабында компьютердің баланың дамуы мен қалыптасуына әсері, сергіту жаттығулары, балалардың интернетті қолдану мүмкіндігі, дамытушы ойындардың түрлері және балаларға оқуға қажетті материалдар мен ертегілер, журналдар, мультфильмдер қамтылған интернет сайттары берілген.

Компьютерді қолдануда баланың денсаулығын қорғау қиындық туғызатын мәселе. Оны кейбір бақылаусыз орындалатын ойындарды ойнауға емес, тұлғаны дамыту қажеттілігіне байланысты қолдану керек.

Бастауыш сыныпта ақпараттық және программалық құралдардың оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру кезеңдерін жүзеге асырудағы мүмкіндіктеріне тоқталайық.

Оқушыларда ақпараттық-коммуникация технология құралдарына ойыншық ретінде әуестену компьютермен танысқан кезде пайда болып, сабақтан тыс және оқу әрекетіне байланыссыз сирек ұйымдастырылады. Компьютермен білім беру барысында оқушылар компьютерлер әлеміне енеді де «таң қалдыратын тірі машинаға» , ойынға, компьютерлік бағдарламаларға қызығып, әуестік пайда болады. Компьютермен ойнай отырып, балалар

жүйені басқаруды меңгереді, компьютерде досын көруге машықтанады. Соның ішінде дидактикалық компьютерлік ойындар оқудың әр сатысында өз маңыздылығын жоғалтпайды, оқытушылар компьютердің дидактикалық, эмоционалдық тартымдылық мүмкіндіктерін пайдаланады. Алайда қызығудың бұл түрі оқытудың келесі кезеңдерінде басым болып, қалыптан тыс түрге ие болса, онда жағымсыз әсері тиеді. Компьютерлік ойындармен шамадан көп ойнау, виртуалды ойындық әлемге көшу, компьютерлік ойындарды зорлық-зомбылық идеологиялары негізінде қолдану, қандай жолмен болса да мақсатқа жетуді көздеуі қауіпті. Психологтардың көзқарасы бойынша, «компьютерде кейіпкерлерді өлтіру», жазасыздық, «бірнеше өірді жеңіп алу» және «оларды жеңіл қайтару» мүмкіндігіне әдеттену бала психикасының бұзылуына әкелуі мүмкін. Кейбір оқушылардың компьютерлік ойындарға әуестенуі ұзаққа созылады, мұндай қызығу қажеттілікке айналады. Компьютерлік программаларды басқару іскерлігі ойын әрекетінен оқу әрекетіне табиғи жолмен ауыстырылады, бірақ ушығуы да мүмкін. Кейде бала ойынға «құмар» болғаны сондай, оқу әрекеті жағдайында сыртқы күшті әсерлерге тартылатын кездері болады. Оқушы компьютерді меңгерілген білімдермен байланыстырмайды, оқу мазмұнынан алшақтайды, оқу жағдайында берілген ақпаратты түсінбейді, оқу әрекетінен компьютер арқылы оқытуға көшуде қиындықтар кездеседі. Сондықтан мұғалім оқушыға дер кезінде көмек көрсетуі керек. Біз экрандағы бейненің оқушы санасында сурет, ашық графикалық бейне тәрізді бейнеленеді, оқушы мәтінді, оның мазмұнын түсінбей оқитын, оқу ақпаратын нашар қабылдаған жағдайын талдайық. Мұндай оқушыларға да мұғалім көмегі және бірте-бірте қабылдау жүйесін қайта құруға мүмкіндік беретін, қызығуды мазмұнына қарай қалыптастыратын, дисплейде шығарылатын ақпаратты түсінуге үйрететін арнайы тапсырмалар жүйесі қажет болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» (Ел президентінің халыққа жолдауы) 2007 жыл.
2. Персианов В.В. Использование вычислительной техники в учебном процессе: Учеб. пособие / Персианов В.В., Шайденко Н.А. – Тула: Изд-во Тульского госпедуниверситета, 1997. – 231 с.
3. Апатова Н.В. Влияние информационных технологий на содержание и методы обучения в средней школе: автореф. д-ра пед. наук. – М., 1994. – 37 с.
4. Жалдак М.И. Система подготовки учителя к использованию информационной технологии в учебном процессе: автореф. д-ра пед. наук. – М., 1989. – 41 с.
5. Роберт И.В. О понятийном аппарате информатизации образования // Информатика и образование. 2003, №1. – С. 2-6.
6. Бидайбеков Е.Ы. Проблемы компьютеризации национальных школ // в кн.: Компьютерные технологии в учебно-воспитательном процессе школы и вуза. – Свердловск, 1990. – С. 34-37.
7. Құрманалина Ш.Х. Методология и технология создания электронной методической системы в условиях информатизации образования. – Алматы.: Алем, 2002. – 413 с.
8. Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Изтлеуова Г.К. Средства телекоммуникаций в вузовском преподавании информатики. // Вестник АГУ, Физико– Математическая серия, №1, АГУ им. Абая. – Алматы, 2000. – С. 21- 27.
9. Житомирский В.Г. Вычислительная техника и учебный процесс. – Свердловск. 1978, – 128 с.
10. Зарецкий Д.В., Зарецкая З.А. Роль компьютера в управлении познавательной деятельности младших школьников. // Информатика и образование. – 1997.- №7. – С. 89-95
11. Нокс Дж. Что могут дать компьютеры педагогике / Дж. Нокс // ИНФО. – 1991. – №5. – С. 107-112.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ - ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Қазіргі таңда әлемнің назарын аударып отырған мәселелердің бірі — білім алушылардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне әлеуметтік ортаның және отбасының қатысуымен білім беру процесіне қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру болып табылады. Яғни, инклюзивті білім беру- ол барша білім алушылардың сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі болып саналады.

Инклюзивті білім беру -білім алушылардың әр түрлі дене, психикалық, зияткерлік, мәдени- этникалық, тілдік және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, білім беруде кездесетін кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және әлеуметтік бейімделуін, әлеуметтік ортаға кірігуін көздейтін оқыту түрі.

Елімізде ерекше білімді қажет ететін адамдардың білім алуына теңдей құқылы кепілдік беретін нормативтік-құқықтық база қалыптасты. Бұл тең құқылы кепілдіктер Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Білім беру туралы» заңда, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңда, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңда, «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету туралы» заңда, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», «Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» енгізіліп, осы заңдар мен бағдарламалар аясында мүмкіндігі шектеулі жандарға инклюзивті білім беру жүзеге асырылуда [1-6].

«Инклюзивті білім беру» ұғымының мәні ағылшын термині «inclusion», яғни «кіріктірілу, ендіру», француз тілінде «inclusif» «өзіне ендіру» дегенді білдірсе, латын тілінен аударғанда «include» - «ену» дегенді білдіреді. Сөздіктерде инклюзивті білім беру дегеніміз – жалпы білім берудің даму үдерісіндегі барлық адамдарды оқыту, сонымен қатар әртүрлі қажеттіліктерге ие жандарға қарай бейімдеу арқылы ерекше мұқтаждықтары бар балалардың білім алуына қол жеткізу екендігі көрсетілген. Қабылданған халықаралық құқықтық актілер адамның жынысына, нәсіліне, діни, мәдени-этникалық немесе тілдік белгілеріне, денсаулық жағдайына, әлеуметтік шығу тегіне тағы басқалай белгілері бойынша еш кемсітушілік болдырмайтын білім алу құқықтары мен еркіндігін белгілейді.

Инклюзивті білім беру жүйесінің практикасы білім алуға барлық адамның бірдей қолы жетуі тиіс деген идеяны жүзеге асырады. Осы орайда балалардың жеке бас ерекшеліктері, оқудағы жетістіктері, тілі, мәдениеті, психикалық және дене мүмкіншіліктері білім алу жолында кедергі болмауы керек екендігі басты назарда болуы керек.

Инклюзивті білім беру жүйесі қазіргі кезде өзінің ғылыми негіздері мен әдіснамасын жетілдіріп үстінде. Ол әдіснаманың басты ерекшелігі мынада, бұл сала бойынша бала - оқытуды қажет ететін, бірақ түрлі қажеттіліктер деңгейлері бар жеке тұлға. Бүгінгі таңда инклюзивтік білім беру жүйесі түрлі деңгейде оқи алатын әртүрлі ерекшеліктері бар балаларды қанағаттандыруға икемді болып келетін тәсілдерді зерттеуде.

Н. В. Борисова, С. А. Прушинский және М. Перфильева инклюзивті білім берудің негізгі ұғым түсініктерін қарастырушы ғалымдардың бірі болып табылады. Осы ғалымдардың редакциялауымен жарық көрген «Инклюзивное образование: ключевые понятия» оқу құралында ең негізгі ғылыми аппаратқа тоқтала отырып, ұғым түсініктердің мәнін ашты. Инклюзивті білім беру мәселесі шетелдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылдары АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына инклюзивті білім беру

бағдарламасын толық енгізді. Инклюзивті білім беруді дамыту ең алғаш АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия және Австралия елдерінде білім беру саясатының жетекші бағдарына айналды. Жоғарыда аталған елдерде балалардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін тиісті психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған жалпы білім беру ұйымдарында психикалық және дене бұзылыстары бар, дамуында артта қалушылығы бар балалар қалыпты дамыған құрдастарымен бірге табысты білім алуда. Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесін қарастырсақ, 1991 жылдан бастап Ресейде «Мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялау» жобасын іске асыру басталды. Жобаның нәтижесінде он бір аймақта мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялап оқытудың экспериментальды алаңдары құрылды. Бұл елде мүгедек балаларды оқытудың инклюзивті білім беруден басқа да нұсқалары бар: арнайы мектептер мен интернаттар, коррекциялық мектептер, интернат-үйлер, үйден оқыту және қашықтықтан оқыту [7].

Қазақстанның білім беру жүйесіне ендігі кезекте тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, әлеуметтену ерекшеліктерін есепке ала отырып, дамуында түрлі ауытқушылықтары бар балаларға да білім беріп, тәрбиелейтін жоғары білікті педагогтар ауадай қажет. Бұл мәселенің маңызы сонша, бұл жөнінде халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда айқын анықталған. «Дүниежүзілік мүгедектік туралы баяндамада» инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда жалпы білім беретін педагогтің арнайы дайындығы шешуші мәнге ие екендігі көрсетілген [8].

Қазіргі мұғалімді даярлаудың негізгі сәті оның инклюзивті тәжірибені жүзеге асыруға дайындығы болып табылады. Студенттер әр түрлі оқушылардың білім беру мұқтаждықтарын түсіну үшін кең біліктілік алады. Инклюзивті педагогикалық тәсіл студенттерде инклюзивті білім беру мәнін олардың түсінуі негізінде оларда идеяларға, сонымен қатар инклюзивті тәжірибе дағдыларын оқытуға сенім мен шынайы берілгендігінің қалыптасуын құрайды [9].

Ерекше білімді қажет ететін студенттер санының өсуінің көрсетілген серпіні негізінде студенттердің жалпы санындағы олардың үлесінің сөзсіз ұлғаюын болжауға болады. Осыған байланысты әрбір жоғары оқу орнының алдында оларға арнайы жағдайлар жасау, қажетті бейімделген білім беру ортасын құру міндеттері тұр.

Қазіргі педагогикалық -психологиялық ғылымда және практикада "білім беру ортасы" ұғымы оқыту және тәрбиелеу жағдайларын талқылауда кеңінен қолданылады. Білім беру ортасы кері әсер ететін білім беру үдерісіне елеулі әсер етеді, оны өзгертеді және өзіне бейімдейді.

Инклюзивті білім беру ортасы көп деңгейлі: инклюзивті жалпы білім беру ортасы (мектеп), инклюзивті кәсіптік білім беру ұйымы (колледж, ЖОО), жеке инклюзивті білім беру ортасы. Бұл орталардың арасында жүйелі байланыс бар, бұл ретте олардың әрқайсысы өзінің ерекшелігімен дербес әлеуметтік жүйені білдіреді.

ЖОО инклюзивті білім беру ортасының дамуы білім беру қатынастарының барлық субъектілері үшін үлкен маңызға ие, өйткені әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамытуды қамтамасыз ете отырып, білім беру кеңістігін ұйымдастырудың дәл осы мазмұнды-іс жүргізу нысаны әрқайсысын сөзсіз қабылдауға мақсатты дайындықты іске асыруға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін педагогтерді даярлау университеттерде жүзеге асады. Болашақ педагогтер инклюзивті оқытуға арналған бөлімі бар арнайы педагогика курсына оқу мүмкіндігіне ие болады, сонымен қатар, оларға тәжірибеде Еуроодақ елдеріндегі инклюзивті білім беруді жүзеге асыру тәжірибесімен танысуға мүмкіндік беріледі.

Педагогикалық жүйе ретінде жоғары оқу орнының инклюзивті білім беру ортасының мақсаты, Біріншіден, ол арнайы білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, пәндерді университеттің оқу процесіне бірлесіп енгізу мүмкіндігін және білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін тиімді өзара әрекеттесуді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Екіншіден, жағдайлар мен әсерлердің жиынтығын көрсете отырып, ол инклюзивті жоғары білім беру субъектілерінің жеке сипаттамаларының кешенін:

қажеттіліктерді, мүдделерді, қабілеттілікті, уәждерді, өмірлік жоспарларды, тұлғалық мәндерді, жеке тұлғаның бағыттылығын қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызады».

Жоғары оқу орындарына бейімделген білім беру ортасын қалыптастыру бойынша әр түрлі міндеттерді — әдіснамалық, техникалық, нормативтік аккредитациялық міндеттерді шешуге сөзсіз тура келетіні анық. Бірақ, ең алдымен, білім беру процесіне қатысушылар инклюзивті өзара әрекеттесуді - тең қатынастарға толыққанды кіруді үйренуі керек. Мүмкіндігі шектеулі студенттер де, қарапайым студенттер де, мұғалімдер де рөлдерді бөлуге көп дайындалмайды. Бұл бірінші кезекте үйрену керек саналы іс-әрекет [10].

Инклюзивті білім беру - гуманизм, руханилылық, әлеуметтік әділдікке жетектейтін әрі солардан бастау алған, өзіндік ерекшелігі барсала. Адам құқықтары саласында халықаралық стандарттардың әр адам қоғамдық өмірге теңдікпен араласуы керек деген идеяға негізделгені белгілі. Сол себепті, әлемдік білім беру жүйесінде соңғы жылдарда жаңашыл, тың идеялар көптеп енгізілуде. Жоғары оқу орындарына инклюзивтік білім беру жүйесін енгізу процесі – уақыттың талабы. Сонымен қоса, бұл қадам – білім беру жүйесіндегі гуманизмнің қарқынды даму нәтижесі екенін де атап өткен жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 ілдедегі № 319-III // <http://online.zakon.kz/>
3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы (09.04.2016 ж. Өзгерістермен толықтырулар енгізілген) // <http://online.zakon.kz/>
4. Қазақстан Республикасының Заңы.
Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы: 2005 жылғы 13 сәуірдегі қабылданған № 39.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2010 жылғы 7 желтоқсан № 1118 // http://www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/
6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://edu.gov.kz>
7. Кэмен Д. К., Абилюдина С. К., Шаушекова Б. К. Инклюзивті білім берудің шетелдік тәжірибесі // Молодой ученый. — 2017. — №16.1. — С. 29-31. — URL <https://moluch.ru/archive/150/42695/> (дата обращения: 07.11.2019).
8. Дүниежүзілік мүгедектер туралы баяндама. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2011г // https://www.who.int/disabilities/world_report/2011/summary_ru.pdf?ua=1
9. Инклюзивті білім беру жағдайын дақызметтетін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.
10. Байрамов В.Д., Герасимов А.В. Инклюзивная образовательная среда университета: особенности и проблемы проектирования (опыт МГГЭУ) [Электронный ресурс] // Психолого-педагогические исследования. 2019. Том 11. № 3. С. 15–25. doi:10.17759/psyedu.2019110302

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В ВУЗЕ

В последнее время отмечается повышенное внимание со стороны государства к проблемам физического воспитания студентов. Одним из важнейших направлений молодежной политики является формирование у молодежи потребности в физическом совершенствовании и гармоничном развитии. Занятия физической культурой призваны повысить уровень физической подготовки, а соответственно способствовать достижению оптимального уровня работоспособности. Одной из важных социальных функций физического воспитания в процессе обучения студентов, является функция, связанная с обеспечением их учебно-трудовой активности и высокой профессиональной работоспособности после окончания высшего учебного заведения.

Необходимость физического развития и совершенствования студентов, обусловлена запросами и правами личности студента, а также постоянно изменяющимися условиями жизнедеятельности, «социальным заказом» общества на подготовку высококвалифицированных специалистов. Этот заказ предполагает обязательное наличие у будущих специалистов общей и профессиональной культуры, физического и психического здоровья, высокой работоспособности, способности осваивать и обогащать культурный потенциал общества.

Важность образовательной области «физическая культура» чрезмерно высока, поскольку согласно данным о здоровье студенческой молодежи в ВУЗах лишь 14% практически здоровы, в то время как 50% имеют функциональные отклонения, 35 % хронические заболевания. По данным специалистов последствия интенсификации учебного процесса ведут к дисгармоничному развитию, создают проблемы с общей умственной и физической работоспособностью, психофизической перегрузкой. Ряд исследований свидетельствует о снижении уровня физической подготовленности, уменьшение двигательной активности студентов. В этой связи на предмет «физическая культура» возложена функция, способствовать учебно-воспитательному процессу обучения и овладения избранной профессией средствами и методами физической культуры.

В настоящее время, значительная часть выпускников школ приходят в ВУЗы со слабой физической подготовкой. Наряду с этим отсутствуют достоверные показатели уровня общей физической подготовки молодежи, а также данные эффективности проводимых учебных и внеучебных занятий по физической культуре и спорту в учебных заведениях.

Физическая подготовка представляет собой процесс, направленный на воспитание двигательных (физических качеств), способностей необходимых в жизни и спортивной деятельности. Физическая подготовка подразделяется на общую и специальную. Они взаимообусловлены и дополняют друг друга. В зависимости от решаемых задач, состава занимающихся, их квалификации, этапа учебно-тренировочного процесса удельный вес общей и специальной видов подготовки будет разным. В нашем исследовании речь идет о работе со студентами нефизкультурных специальностей, поэтому общая физическая подготовка является доминирующей, так как с ее помощью решается задача всестороннего физического развития.

Общая физическая подготовка – это процесс формирования и совершенствования двигательных физических качеств, направленных на всестороннее и гармоничное физическое развитие человека. Общая физическая подготовка способствует повышению функциональных возможностей организма, общей работоспособности, является основой для специальной подготовки и достижения высоких спортивных результатов в избранном виде спорта или сфере деятельности. В общем и целом задачей ОФП (общей физической

подготовки) является развитие физических качеств, таких как сила, ловкость, гибкость, быстрота, выносливость, качеств необходимых для жизнедеятельности человека, двигательной активности. Именно с формирования общей физической подготовки начинается дальнейшее развитие и совершенствование умений и навыков, достижение высших результатов.

Анализ научно-методической литературы, мониторинговые исследования и опыт работы показывают большинство студентов первокурсников, обладают низким уровнем физической подготовки, и недостаточным арсеналом двигательных умений и навыков. Доказательством являются исследования, проводимые на кафедре «Физического воспитания» Западно-Казахстанского государственного университета им.Махамбета. Преподаватели ВУЗа чаще всего сталкиваются с недостаточным арсеналом двигательных умений студентов и низким уровнем общей физической подготовки, отсутствием техники выполнения простых упражнений».

Задача дисциплины «Физическая культура» в ВУЗе призвана способствовать улучшению здоровья, повышению уровня физической подготовленности и работоспособности, развитию двигательных умений и навыков, приобщить студенческую молодежь к занятиям различными видами спорта в спортивных секциях ВУЗа. И таким образом создать базу для дальнейшего самосовершенствования.

Потребность в физическом совершенствовании, а следовательно специальная физическая подготовка, может быть сформирована только самостоятельно, по внутреннему убеждению и выбору, в процессе занятий в свободное личное время на основе сближения личных и социальных интересов. Исследования ученых Казахстана выявили, что свобода выбора разнообразных форм и видов физкультурно-спортивных занятий, максимальная самостоятельность в принятии решений во внеучебное время способствует эффективному формированию потребности в самостоятельном физическом совершенствовании, которая может способствовать формированию здорового социально активного стиля жизни студента. В этом случае формируется понимание, что физкультура нужна не только для здоровья, но и для активного отдыха, наслаждения движением, жизнью - это одна из составных частей человеческого счастья. Физкультурная активность обусловлена в основном эмоциональными переживаниями привлекательности физкультурных занятий и доставления удовольствия от процесса физкультурной активности, то есть удовлетворение от самого процесса занятий. Все эти составляющие помогают создать внутреннюю мотивацию, а соответственно интерес к дальнейшим занятиям.

Многочисленные исследования указывают на необходимость составления учебных программ с учетом интересов и потребностей студентов, а также с учетом уровня физической подготовленности и индивидуальных возможностей студентов, все эти аспекты способствуют формированию позитивной мотивации к занятиям физической культурой и решают вопросы посещаемости, успеваемости, и гарантируют рост личных достижений студентов, а также способствуют дальнейшим самостоятельным занятиям физкультурой в будущей жизни. Учитывать интересы и потребности студентов важно и нужно, с этой целью формируются группы ОФП с различной спортивной направленностью. Первоочередная задача на практических занятиях в группах ОФП с различной спортивной направленностью, должна быть ориентирована на повышение уровня общей физической подготовки за счет применения разнообразных средств физической культуры.

У студентов специализации баскетбол, волейбол высокий уровень развития силы, быстроты, скоростно-силовых качеств. У студентов, занимающихся по специализации футбол высокий уровень развития быстроты. Исследования свидетельствуют о разном уровне общей физической подготовки в различных группах специализаций: наиболее высокий уровень развития в группе волейбола (5 баллов). В группе ОФП баскетбол эффективность ниже (3 балла). А в группе ОФП футбол самая низкая (1 балл). Исследования доказывают, что более высокий уровень развития принадлежит качествам, наиболее востребованным в данном виде специализаций, то есть специальная физическая подготовка превалирует над общей физической подготовкой.

На занятиях по легкой атлетике в начале учебного года, мы наблюдали у 70% студентов первого курса низкий уровень развития быстроты при беге на короткие дистанции (100 м) и у 82% студентов выносливости при беге на длинные дистанции (2000м-девушки и 3000м-юноши), т.е. показатели не соответствуют существующим нормам для их возраста.

Занятия силовыми видами выявил средний уровень силовой подготовки у 62% девушек и высокий уровень силовой подготовки у 44% юношей, однако, у 64% юношей низкий уровень силовой выносливости и у 86% отсутствие гибкости. Занятия по специализации спортивные игры (волейбол, футбол, баскетбол) показывают, что только 30% юношей и 10% девушек владеют навыками игры и знают частично правила.

Резюмируя выше изложенное, необходимо отметить, что проведенный мониторинг физической подготовленности студентов 1 курса выявил низкий уровень общей физической подготовки студентов. Таким образом, первоочередной задачей физвоспитания первокурсников является повышение уровня общей физической подготовки студентов, и повышение уровня развития двигательных умений и навыков, с использованием разнообразных средств физической культуры. На основании результатов исследования разработаны практические рекомендации по совершенствованию учебных занятий для развития общей физической подготовке студентов-первокурсников Западно-Казахстанского государственного университета им. Махамбета.

Список литературы:

1. Горелова А.А «О роли двигательной активности студентов гуманитарных ВУЗов и способах ее повышения» // ученые записки университета им. П.Ф. Лесгафта. 2009№1
2. Гришина Ю.И. «Общая физическая подготовка. Знать и уметь» Феникс, 2012
3. Лихачев О.Е., В.Н.Смирнов « Физическое воспитание студентов: традиции, направления, развитие// научно-теоретический журнал «Ученые записки» университета им. П.Ф. Лесгафта 2014., №1.
4. Салов В.Ю. «Формирование основ здорового образа жизни студентов». – док.дис., 2000.

ӘОЖ 316.614

Габдрахманова Ш.Т., Дүйсенбаев Т.Е.
Қазақстан, Орал қаласы

ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ САЛАСЫНА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алып, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден бір жолы білім мен ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаев Білім мен ғылым қызметкерлерінің III съезінде: «Құрылымдық өзгерістер мұғалім кадрларын әзірлеу жүйесін оздыра отырып, дамытумен қамтамасыз етілуі тиіс. Жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгеніндей біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс, бұл – уақыттың талабы» деген еді [1]. Олай болса, мектеп оқушыларын ғылыми білімнің қоғамдық қажетті деңгейімен қамтамасыз ету, оларды отандық, ұлттық және әлемдік мәдениет арналарынан сусындату – қазіргі заман мұғалімдеріне басты міндет болып табылады. Бұл үрдіс қазіргі қоғамдағы жалпы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, оқушылардың шағармашылық қабілетін дамытуды, сабаққа деген қызығушылығын арттыруды, оқытудың озық технологияларын меңгеруді талап етеді.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін жаңаша дамыту, яғни, оның нәтижесінің көңіл толарлықтай болуын қадағалау жаңашыл-педагогтардың қолында болды. Олар педагогикаға «жаңа технологиялар» терминін енгізді. Жаңашыл-педагогтардың негізгі мақсаты – оқушылардың алатын білімін сапалы ету, оның толық қанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз алу. Осы орайда, жаңашыл-педагогтардың педагогикалық технологиялары көптеп саналады: Эрдниевтің ірі блокпен оқыту технологиясы, В.Занковтың дамыта оқыту жүйесі, Неменскийдің әсемдікке баулу жүйесі, Ш.Амонашвилидің ізгілікті тұлғалы оқыту технологиясы, М.Монтессори технологиясы, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы т.б [2].

Оқу-тәрбие үрдісінде баланы жаңаша әдіспен оқыту үшін әрбір пәннің иесі – мұғалім сол жаңа технологияларды толық түсініп, меңгеріп алуы керек. Соның нәтижесінде ғана әрбір жалпы білім беретін мектеп мұғалімі тәжірибесінің жоғары деңгейге көтерілері анық. Ол мұғалім тек оқушыны дамытып қоймайды, сонымен қатар өзінің де жеке қасиеттерін жаңаша тұрғыдан ашуына мүмкіндік алады.

«Технология» деген ұғым тек өндірісте ғана емес, қазіргі кезде педагогикалық теория мен практикаға толығымен енді. Технология грек сөзінен аударғанда («technē» - өнер, шеберлік, «logos» - оқыту деген мағынаны білдіреді). Педагогикалық энциклопедияда педагогикалық оқыту оқыту мен тәрбиелеу процесінің алдына қойған білім беру мақсатына жету үшін пайдаланылатын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы деген анықтама береді.

Оқыту технологияларының өндіріс технологияларынан ерекшелігі, оның өзгермей ұзақ уақыт қалмауында, оның үнемі жетілдіріліп отырылуында.

Өткен ғасырдың 50-жылдарында оқыту процесіндегі пайда болған «білім берудегі технология» кейінгі жылдары өзгеріп «педагогикалық оқыту технологиялары» деген ұғымға айналды. Алғашқы кезде бұл ұғым ұзақ уақыт талқыланды, ол екі бағытта берілетін болды. Бірінші бағытоқыту процесінде техникалық құралдарды пайдалану, ал екінші бағытоқыту технологиясы. Біртіндеп ғылыми технология процесінің дамуына байланысты 70-80 жылдары «оқыту технологиясы» деген ұғым енгізілді. Бұл оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға пайдаланылатын әдістер мен құралдар жүйесі түрінде қарастырылды.

Оқыту технологиялардың дамуы жолында педагогикалық ғылымда оқыту технологияларының айналасында үлкен әңгіме тартыс болып келе жатыр. Көптеген зерттеушілер оқыту технологиясында да басқа өндірістегі сияқты құрал жасауға болады ма деген ой толғандырды. Бірақ әр кезеңде әр түрлі ғалымдар бұл сұраққа әр түрлі жауап берді. Я.А.Коменский кезінің өзінде-ақ осы проблеманы көтерген болатын. Бұл проблеманы зерттей келе мектепті ол «тірі баспаханамен» салыстырып қарастырды да, мұғалімнің еңбегі педагогикалық құралды игергенде ғана тиімді болады деген қорытындыға келді. Көптеген педагогикалық әдебиеттерге сараптама жасай отырып, қазіргі кезде оқытуды технологияландырудың қажеттілігі талас туғызбайтындығы, мұны оқыту процесінде пайдалану арқылы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға бағытталған білім бере алуға болатындығы анықталды [3].

«Оқыту технологиялары» өткен ғасырдың 60-жылдарында пайда болды. 60-жылдарда оқыту процесін технологияландыру бағыты қалыптасты. Оның қалыптасуы бағдарламалы оқытумен байланысты болды. Бұл бағыттың негізін салушы американ психологы Б.Скиннер болды. Ғалымның ойынша оқу материалын игерудің тиімді жолы, оны біріншіден, жүйелі бағдарламалы түрде беру мен бағалаудың жоспарланылуы деп көрсетті. Бұл жылдардағы бағыт бойынша жұмыста мұғалім жұмысы белгілі бір мақсатқа немесе белгіленген сценарий бойынша жұмыс істеуге ғана бағытталды [4].

70-жылдары – «оқытудың ақпараттық технологиясы» пайда болды, бұл жылдары білім бір-біріне байланысты ақпараттар компьютер бағдарламасы арқылы беруге негізделінді. Бұдан кейінірек оқыту процесіне қашықтықтан оқыту келіп енді. Бұл күрделі ақпараттық, бағдарламалық және әдістемелік бағдарлама болды. 80-жылдары техниканың дамуына байланысты «педагогикаға оқыту технологиясы» енді. Бұл ұғымның әдістер, тәсілдер және пайдаланатын жүйе екендігі анықталды. Қазіргі кезең – оқытудағы технологиялық бағыт дәстүрлі әдістерін тиімді екендігін көрсетті. Оқытуда педагогикалық технологияны пайдалану қажеттілік болды.

Үздіксіз өзгеріп тұрған заман адамнан сол заман талабына сай білім алып, жаңа істерді меңгеруді талап етеді. Осыған орай, оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды жүйелі пайдаланудың маңызы зор. Оқу-тәрбие үрдісін жаңалықтармен қамтамасыз ету барысында ғана, біз саналы да білімді азамат тәрбиелей аламыз. Ал қазіргі таңда жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің жаңа технологияларды пайдалану практикасын дамытсақ, мұғалім оны өз сабағында орынды пайдалану арқылы еңбек тәжірибесін дамыта алады. Оқушылардың қабілеттерін арттырып, сабаққа деген қызығушылықтарын оятып, өздеріне сенімді, білімді азамат етіп тәрбиелей алады.

Жаңа педагогикалық технологияларда педагогтың ақпарат беруші қызметімен бірге үйлестіруші, кеңесші, оқушының шығармашылық белсенділігі мен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы қызметіне көшіріледі.

Орта білім берудің құрылымы мен мазмұнын өзгерту педагогикалық кадрларды даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесін едәуір жаңартуды қажет етеді. Пәнді оқытушы, білім беруші педагогтың орнына жаңа педагогикалық технологияларды, оқытудың ақпараттық құралдарын, тәрбиенің қазіргі нысандарын меңгерген кәсіби білікті педагог келуге тиісі.

Білім беру бағдарламалары инновациялық педагогикалық технологияларды, ізденушілік, зерттеушілік және шығармашылық қызмет дағдыларын, оқытудың ақпараттық және қашықтан оқыту технологияларын меңгерген көп тілді мұғалімді даярлауға бағдарланатын болады.

Білім жүйесіндегі педагогикалық технология ғана емес, практикаға да өзгерістер енгізеді. Теория практикасыз еш нәрсені өзгерте алмайды. Теорияның практикалық күші мен энергиясы бар, бірақ оны нақты практикада пайдалана алатын адамдар санасымен қабылдануы ғана материалдық күшке ие бола алады. Сонда ғана теория адамдар қажетін қанағаттандыратын, практиканың бағыттаушы, реттеушісі бола алады. Ал теория практикаға технологиялық процестер арқылы ғана ене алады. Технологиялық процестер нәтижесінде ғылыми теория мақсатты практикалық жүйеге енгізе алады. Міне, дәстүрлі жүйенің практика мен теорияның алшақтығы, қолданбалы-нақты теория мен технологияның азырақ пайдаланылуы, теория мен практиканың алшақтауына алып келді. Осы алшақтықты жою мақсатында қазіргі кезде педагогикада технологияландыру процесіне қызығушылық туындап отыр. Жаңа мазмұн, жаңа әдіс, жаңа қарым-қатынас негізінде білім беру ісі жаңа мәнге ие болады. Осылайша өмірге білім берудің жаңа парадигмасы енді [5].

Педагогика ғылымының практикасы мен теориясында оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі толық біркелілік біртіндеп өзгеріп, әр түрлі формадағы мектептер мен авторлық жобалар пайда бола бастады, соның ішінде жаңа педагогикалық технологиялардың, қазіргі заманғы талабын қанағаттандыратын бағытқа қарай өзгеруде.

Оқыту мазмұнының, әдістерінің және тәсілдерінің білімге деген қатынасының өзгеруіне алып келіп отыр. Білім берудегі жаңа білім беру парадигмасына байланысты педагогика ғылымы мен мектеп практикасында негізгі орынды жеке тұлғаға бағытталған бағыт, маңызға ие болуда, оның негізгі идеясы оқушының өзін-өзі дамытуға, жеке тұлға болып қалыптасуына бағытталады.

Қазіргі кездегі жаңа педагогикалық технологияны пайдалануды көптеген педагогтер мен психологтар оқу процесінде баланың өз бетінше ақыл-ойының дамытуы деп қарастырады. Баланың білімді саналы түрде қабылдауына мүмкіндік беретін жол деп қарастырады. Міне, мұндай жағдайда оқушы алға қойған жалпы мақсатқа белсенді араласу, топпен ынтымақтастыққа қызмет ету арқылы белсенді түрде оқу процесіне араласады, онда бірін-бірі тексеру, талдау арқылы білім алуға деген ішкі қажеттілік сезім пайда болады.

Оқыту технологиялардың пайда болуының себебі де, оның артықшылығы да бұрынғы өзінің белсенді араласуынсыз дәстүрлі оқыту әдісінен де айырмашылығы осында. Дәстүрлі оқыту кезінде өз бетінше шешім де қабылдамайды, проблеманың шешу жолдары да іздестірілмейді. Онда білім дайын түрде беріледі. Бұл қазіргі кездегі нарықтық жағдайдағы қажеттілікті қанағаттандырмайды. Сондықтан да педагогикалық оқыту технологияның түрінің көп болуы, оған қойылатын талаптардың да әр түрлі болуы осы өмір сұранысынан туындауы заңды.

Педагогикалық оқыту технологияларын, оның түрлерін, тиімділігін дұрыс түсіну үшін бұл ұғымның теориялық аспектілерін толық түсінуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым — даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде: оқу құралы. Жанпейісова М.М.; Ауд. Қайшыбекова Д.А. — Алматы, 2002. — 180б.
3. Жалпы педагогика: оқулық. Бабаев С.Б.; Оңалбек Ж.К. — Алматы: Заң әдебиеті, 2005. — 228 б.
4. Шаталов В.Ф. Куда и как исчезли тройки. — М.:Педагогика, 1980. — 114.
5. Досжанов Б.А. Жоғары оқу орындарының ақпараттық инфрақұрылымын дамытудағы медиатека мүмкіндіктері./ “Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалану” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. —Қызылорда: ҚМУ, 2007. — Б.83-86.

ӘОЖ 373.3

Гимранова А.К., Ергалиева Г.А.
Қазақстан, Орал қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Танымдық әрекеттің іргелі сипаттамасында мотивацияның әлеуметтік қыр-сырын ескермей, тек жеке адамның өсуге және дамуға, әлеуметті мағыналы әрекетке өзін-өзі нақтылау мен өзін-өзі бағалауға деген тепе-теңдікте түсіну мүмкін емес. Танымдық қызығушылықтардың дамуы кезеңдеріне тоқталып өтейік (3 сурет). Бірінші кезеңде қызығушылық әдетте жарық әсерімен, танымның жаңа құрылымымен байланысты. Ал келесі кезеңінде адам заттың тек сыртқы жағына емес, оның ішкі мәніне, құбылыстың пайда болуындағы себептерді түсінуге тырыса отырып зейінін салады. Қызығушылықтың дамуы, сонымен қатар, оның мамандануына, білім тереңдігіне, зейіннің тұрақтылығына, оған қоса адамның білім саласындағы біршама күрделі мәселелерді шешуге ұмтылуымен байланысады. Танымдық қызығушылықтың дамуының ең жоғарғы табалдырықтарында адам өзін таным әрекеттерінің шыңында көреді, өзінің өмірлік жоспарлар жүйесінде танымдық қызығушылықтарын қосады [41,32].

А.М.Матюшкин [1,12] көрсеткендей, танымдық қажеттілік мақсаттарға жетуге деген іс-қимылдарды орындаудағы мүмкіндіктер болған кезде пайда болады, яғни қажеттілік — бұл адамға жаңа ақпаратты іздеуге, оның керек шешімін қалыптастыруға итермелейді. Рубинштейн С.Л. оқушыларды оқырмандық қызығушылыққа тәрбиелеу еңбегінде [2] еңбегінде оқушының бойында қалыптасатын танымдық қажеттіліктердің, ақыл-естің әрекеті белсендіріліп оқыту әрекетінде қалыптасып отырылатындығы келтірілген. Оқу әрекетінде қызығушылықтардың, түрткілердің бірден-бір мағынасы оқу барысында және сыныптан тыс жұмыстардың барысында тәрбиеленетін танымдық қажеттілік болып табылады.

Г.И.Щукина бойынша [3,54] “Танымдық қажеттілік ынталандырудың негізгі көзі—оның ойынша оқу материалдарының мазмұны, оқушыға әкелетін алдағы ақпараттардың белгісіздігі, таңқаларлық сезімдерді оятатын, айқын құбылыстарға жаңаша қарауға мүмкіндік беретін, білімді жаңа өлшемдерді ашатын материалдар; ғылыми білімдердің пайда болуы мен даму тарихын айқындайтын, оқылатын білімдердің практикалық мәнін сипаттайтын мазмұн” — деп есептейді. Танымдық қызығушылық оқудағы және өз бетінше тәрбиені, оқушылардың танымдық белсенділігінің қалыптасуына интенсификациялық ойлау әрекетіне, оқушылардың білім деңгейінің дамуындағы оқу процесінің ұйымдастырылуына,

оқудың эмоционалды атмосферасын және оқу процесінің жағымды формасын құруына ыңғайлы жағдай туғызады. Сонымен бірге ақыл-ой тәрбиесі әлеуметтік жұмыстарды оқушылардың зейінді болу шеберлігінің, оқу ақпараттарын есте сақтаудың, ойлау операцияларын әр түрде болуының дамуымен байланыстырады. Оқушылардың зейінін дамыту үшін оқытушылар алдына істелінетін жұмыстардың міндетін дәлірек қоюы керек, үнемі ең маңыздыларын белгілеп қою керек, тақырыпқа байланысты айқын мысалдармен қызықтырып отырылуы керек.

Сынып мұғалімдері зейінді дамытудың әртүрлі арнайы жаттығуларын (қызықты ойындар, оқушылардың зейінін анықтайтын ойындар) қолданады. Зейіннің дамуымен қатар есте сақтау үрдістеріне қалыптасуы да игеріледі – сөздік, көру, бейнелеу, қимылдық, есте сақтау процестері. Есте сақтаудың дамуы оқушылардың материалдарды есте сақтауына (ұзақ және қысқа) деген нұсқаулардың қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Мұндай нұсқау жаңа материалдарды ойлаудың барлық процестерінің бойында әрекет жасауы керек [1,12]. Зейін дамыған жағдайда оқытушылардың оқу жұмыстарындағы тұрақтылығын көтермейді, оқытылғанды нақтылаудағы олардың мақсаттылығын дамытады, қабылданған материалдың мазмұнын айтуға үйретеді. Сонымен қатар есте сақтауға, дағдылануға арналған арнайы жаттығуларды да пайдаланып отырады.

Оқушылардың ойлауын дамыту үшін әсіресе олардың салыстыру, анализдеу, синтездеу, талдап қорыту, себеп-салдар байланысын құру, жіктеу және жүйелеу операцияларын тұрақты түрде талдау керек. Осы операцияларға байланысты ақыл-есті тәрбиелеу, жаңа оқу ақпараттарын игерудің аналитикалық және синтетикалық тәсілдерін қабылдаудағы өзара байланыстылыққа ұмтылуы керек. Оқушыларға оқылған проблемаларды, ұғымдарды, құбылыстарды талдауды үйрету керек, сонымен қатар, синтезделген мінездемелерді нақты фактілерге сүйеніп, бақылай отырып, белгілі бір нақтыланған талдау жасау, арқылы қорытынды жасау керек. Ойлау әрекетінің дамуында оқушыларға оқылған материалдардың мәнін түсіндіріп, ең бастысын бөліп қарауға шеберлігі де әсер етеді [5,13]. Олар:

- ақыл-ой тәрбиесі ойлаудың сипаты мен стилі, жеке адамның дүниеге көзқарастың позициясына және оқушылардың ғылыми көзқарасының дамуына байланысты төмендегідей бөлінеді.

- оқушылардың нақты фактілерді талдап қорыту шеберлігі және жалпы көзқарастың шешімдерді жасай алуы;

- көзқарастық идеялардың мағынасын аша алу шеберлігі, табиғи және қоғамдық құбылыстардың диалектика позициясымен бағалай алуы;

- өзінің ой-пікірін негіздеп және қорғай алу шеберлігі.

Ал, диалектикалық ойлау – сол ғылыми теорияның дамуын, ғылымдағы көзқарас пен пікірлер таласын талдауды үйрену. Практикалық түрде әрбір оқулық пәні оқушыларға ғылыми жаңалықтың тарихи негізін, ғылым тармақтарын, жаңа ғылыми жағдай мен бұрынғы жаңалықтар арасында логикалық байланыстарын, ғылыми дамуының ішкі логикасын, оның заңдылықтарының ішкі қайшылық идеяларын, ескі көзқарастарды жаңа ұсыныстармен ауыстыруын ұсынады. Осы жоғарыда айтылған жағдайлар оқушылардың күнделікті даму барысында, әсіресе білім алу деңгейлерінде түпкілікті шешім қабылдауына көптеген әсерлер жасайды. Бәрінен де бұрын жеке адамның қызығушылығында оқу әрекеті – адамның еңбек, таным және қатынас субъектісі ретінде оның жалпы өмір тіршілігінің нақты түрінің бірі. Адамның танымдық қажеттіліктері мен қызығулары адамның жалпы өмірлік бағыттылығындағы нұсқаулар мен құндылықтардың жалпылама жүйелерін белгілейді[6,41]. Оқушылардың таным процесі өзіне тән ерекшелігі бар күрделі психикалық үрдіс. Оқушының нәтижелі оқуына әсер ететін сыртқы және ішкі күштер немесе белгілі себептері болады. Оқушының білім алуда ілгері қарай басуына себепкер болатын негізгі күш – түрлі қайшылықтар. Оқушының оқуына түрлі әсер ететін себептердің бірі – түрткілер, қызығушылықтар.

Қызығу - күрделі психологиялық үрдіс. Кеңестік дәуір психологиясында қызығу теориясын материалистік позициядан іздейді. Адам қызығуға тұратын заттардың бәрі объективті өмірде бар. Сондықтан да қызығудың объективті-субъективті жағы болады. Қоршаған ортадан адам мүддесіне құрылыс материалдарын ала алады. Олар көптеген жағдайлар әсерінен құрылады. Кең әлеуметтік және табиғи жақын орта, оның мінез сатысы адамдармен қарым-қатынасы, тәрбиелеу және оқыту процестері, ерекше стимулдармен ыңғайластырылып қоршаған ортаны тудыратын жеке адамдық белсенділік бәрі адам қызығушылығын қалыптастырады. Қоршаған ортаның алуан түрлілігі секілді, адам қызығулары да алуан түрлі болып келеді. Мысалы: пәндік қызығулар адамның көркем-өнерге, денешынықтыруға, техникаға, сондай-ақ танымдық пәндерге қызығуы. Оның ішінде бір нәрсеге ғылымның бір түріне немесе спорттың бір түріне қызығуы басым болады. Бұндай қызығуларды пәндік немесе сабақтан тыс өзіндік жұмыстар жүргізу арқылы дамытамыз. Жалпы қызығудың ерекше, әрі өте маңызды бөлігін -танымдық қызығушылық құрайды. Оны оқушының өз білімін тереңдетуге ұмтылысынан көреміз. Яғни, танымдық қызығу, оның оқуға, тіпті өмірге жаңаша қарауына әсер етпей қоймайды. Оқушы сол сабақты сабырсыздана күтеді, сол мұғаліммен қарым-қатынасты немесе интеллектуалдық қуанышты бастан өткереді, бұған кешегіден де көбірек білгендігіне қуанады.

К.Д.Ушинский еңбектерінде “Танымдық қызығушылық оқушының білімге, бір нәрсені білуге құштарлығын арттырып қана қоймайды сонымен қатар айналадағы бізге белгісіз, жұмбақ, сырларға жауап іздеуге итермелейді- деп қарастырады [51,23]. Ол үшін танымдық қызығушылығының психологиялық табиғатты оқу барысында қолдау мен қолпаштауға ие болу керек. Танымдық қызығушылыққа бекітілген өмірлік маңызы бар процестер жайлы мұғалімнің ойланyp, толғанатын жері де осы.

Мысал келтірер болсақ әдебиет пәнінің мұғалімі оқушыларына шығарманың құрылысын талдатып, кейіпкерлерін тапқызып, мазмұнына талдау жасатқызу арқылы олардың ішкі сезімдері, көңіл-күйі, қанағаттану, ләзаттану, сезімдері мен тікелей әсер ете отырып жұмыс жасаса, математика, химия мұғалімдері сезімді былай ысырып қойып, оқушының тікелей тапсырманы шешу мүмкіндігі, ойлау дәрежелерімен жұмыс істейді. Яғни, сабақтың эмоционалды жақтарына аса назар аудара бермейді. Оқушылардың танымдық қызығуының қалыптасуына ең алдымен пән мұғалімдерінің ықпалы зор. Ол үшін мұғалім сабақта қызықты, тартымды оқыту үшін жиі пайдаланатын әдістерді оқу барысында пайдалануымызда екі маңызды мақсаттарды ескеруіміз қажет.

1. Танымдық қызығуды тек қана оқыту, балаларды сабаққа тарту, қызықтыру құралы деп қана қарамай, сонымен қатар баланың ішкі психологиялық жан-тербеністері, жекелік ішкі процестерін қалыптастыруда маңызы ерекше деп қарау.

2. Оқушының өзінің көңілі қалаған сабағын оқуына жағдай жасау немесе сабақты эмоционалды ұнату, ұнатпауын қадағалап сол арқылы іске кірісу.

3. Сонымен қатар оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру жолдарын, олардың тәрбие теориясын меңгергендігінен байқауға болады.

Тәрбие - адам өмірінде ғана болатын қоғамдық құбылыстарға итермейтін саналы әрекет. Яғни, дұрыс өмір сүру үшін, қоғам бақытты болуы үшін жеке адам тәрбиелі болуы керек. Жеке адамның даму ерекшеліктерінің әлеуметтік құрылымында алатын орны жастардың сұраныстары мен мақсаттарына байланысты туындайтын денсаулық, адамдармен қарым-қатынас, білім, еңбекке араласу, кәсіпті таңдау, жастардың рухани дамуы, мәдени деңгейі, жастардың бос уақытын пайдалануы, тұрмыстық мәселелері, міне мұның бәрі жастардың танымдық қызығушылығына, дүниетанымына және мақсат, мұраттың жақын келешегі – перспектива адамгершілік мәселесіне жатады. Бастауыш сыныптарда танымдық қызығушылыққа маңызды әсер ететін түрткі, қажет, зейін, қабілет, ой, қиял, тағы басқа психологиялық процестер түрлерін атауға болады.

Оқыту - мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу баланың танымдық түсінігіне, біліміне, ізденуіне, ықпал ететін құбылыс. Оқыту үрдісі - мұғалімнің оқушылармен рухани қарым-қатынаста ұдайы ынтымақтастықта болуды қажет етеді.

Жоғарғы сынып оқушыларында еліктегіштік қасиет басым болып келеді. Оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік санасының өсуіне, оның дара тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызу. Жеке тұлғаның даму деңгейі мен әлеуметтік сұрану талаптарына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық, психологиялық жаңа бағыттарын басшылыққа ала отырып ұйымдастыру.

Қазіргі таңдағы елімізді адамгершілік тәртіпсіздік сияқты жаман қасиеттерден сақтандыру үшін, жоғарғы сынып оқушыларының бос уақытын дұрыс пайдалана білуге көңіл аударуымыз қажет. Өйткені, жастар бойындағы зерігушіліктің, әдепсіздікке соқтыратындығын, теріс жолға бастайтындығын, мектеп өмірінен жиі байқаймыз. Ондай жолға жібермеудегі тосқауылдан туған жол халқының әдет-ғұрпындағы салт-дәстүріндегі әдептілікті таным-тағылымы. Сондықтан да жастарымыздың санасына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Ақынжанды, ақжарқын шешен өнерпаз, өнегелі халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиелік әдеттері мен ғұрыптары, рәсімдері және салт-сапалық дәстүрлері жас ұрпақтың жан жүйесіне әсер етіп, анасына сіңсе, ұлтық мәдениетті игерген, иман жүзді, инабатты ұрпақ жалпы адамзаттық асыл қасиеттердегі игіліктермен тоғысуына мүмкіндік алады.

Халқымыздың асыл қазыналарын білуге, игеруге қызықтыру, ұлттық тәрбиені меңгеру басты міндеттеріміздің бірі. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудың сипаттары мен ұлттық ерекшеліктерінің көрсету барысында бүкіл адамзаттық құндылықтарын педагогикалық категория бойынша жіктеді. Оны төмендегідей тұрғыда қарастырамыз.

Жалпы тұрғыда:

- а) бойға дарыту
- ә) ойға қондыру
- б) машықтандыру жолдары
- в) жаттығу әдістері

Ұлттық тұрғыда:

- а) Халыққа тән болмыстың сипатын ашу
- б) Ұлттық тәрбиенің басты ерекшеліктері
- в) Әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қызығушылығы

Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасы- ұлттық мәдениетінің маңызды белгісі болып табылады. Осы арқылы ол ұлттың ұлттық тәрбиесінің ерекшеліктерін білеміз. Қазақ халқының этностық ерекшеліктерін байыптасақ, бұл халық ұрпақ сабақтастығын сақтап, алысты жақындатып, аразды татуластырып, ізетті келіннен таныған, татулықты абысыннан тапқан, дархандықты даласынан, даналықты бабасынан, пәктікті баласынан алған халық. Қазақ адамгершіліктің басы- әділдікті ту етіп, әділдіктің басы болған адалдықты анасынан алған. Аналар ұрпақты ұлағаттыққа баулап, дауға-дәру, жауға-қару, араздыққа-араша, татулыққа-тамыр, тазалыққа-нәр, пәктікке-пәрмен, дәстүрге-дәрмен, өнерге-тұлпар, көкте-сұңқар етіп тәрбиелеген.

Оқушылардың әр жақты қызығушылығын құрудың аса қажеттілігі, оқытушы кадрларын дайындау жөнінде мынандай міндет қойылады. Оқушылардың әржақты қызығушылығын құру және дамыту оқушылар ұжымының бірлесуінің жолы және шарты болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыс оқушылардың мәдениетін көтерумен бірге тереңдете түседі. Сонымен қатар мінез-құлық түрткісі адам жадында құрылуы арқылы оның ерік-жігеріне ықпал етеді; сонымен бірге оның қоғамға қауіпті іс-әрекетіне белгілі бір бағыт береді. Түрткілер мақсатты анықтаумен тығыз байланысты. Мақсат адам санасында құндылықтың идеялды, ойша құрылған бейнесін көрсетеді.

Оқушылардың дамуына танымдық қызығушылықтың, оның тұлға ретінде құрылуы үшін қаншалықты маңызды екенін айтып жатудың өзі артық. Танымдық қызығушылық оқу үрдісін, дүниені жаңаша жарықтандырады. Оқушы сабақты тосады, оқытушылармен сөйлескенді күтеді, кешіге қалғанда бүгін көбірек білгеніне және күрделі танымдық тапсырмаларды орындай бастағаннан жеке даралық қуанышқа кенеледі. Танымдық

қызығушылықтың психологиялық құрылымы адамның эмоционалдық жігер және ойлау процесінің өзіндік қосындысын құрайды. Сонымен қатар жеке даралық жігер және эмоция танымдық қызығушылықтың бөлшегін емес, біріккен, бірімен-бірі байланысты бүтіндікті құрайды. Танымдық қызығушылық жағдайында оқушының сабақ оқуы белсенді, іскер болып келеді. Ойлау процесі артады, ізденіске деген құлшыныс пайда болады, зерттеуге, өздігінше ойлауға бейімделеді.

Оқушыларда толысқан түрткілер мен қиын мақсаттарды шешуде жаңа көзқарастары пайда болады. Оқушылар мәселеге тәуелді болғанда, олардан әлеуметтік және танымдық түрткілер жоғары болып тұрады.

Оқушылардың оқу істеріне деген, оның құрылымына деген толысқан көзқарастары, оның компоненттеріне деген қорытындылығы (оқу тапсырмасы, оқыту әсері, оқыту кезіндегі басқа адаммен өзара әсерлер) әрбір оқушының оқытуға деген мәнділігі, көзқарастарды анықтау және оқушылардың бағалы құндылықтарымен анықталады.

Дәрібаева С.Қ. Қоршаған ортамен таныстыру негізінде 6-7 жасар балалардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары атты өз еңбегінде “Қызығушылық оқушының жеке-дара мінез-кұлқы, яғни оқушылардың оқуға деген танымдық-эмоциялық қатынастар болып табылады. Қызығушылық іс-әрекеттің жүру кезіндегі күрделі үрдіс. Танымдық қызығушылықтар шығу тегіне байланысты бірдей болмайды. Олар оқыту кезеңдеріне әр-түрлі жағдайда дамып отырады”, - деп қарастырады [5,34]. Ал, біздің зерттеуімізше қызығушылық - өмірде белгісіз нәрсені шешуге ынталану, білім мен ғылымға қызығу, ішкі сезімдердің белсенділіктерін арттыру, мамандық таңдауға қызығу мен қатар кәсіби іс-әрекетімен ұштастыра білудегі іскерлік пен дағдыны айтамыз. Сонымен қатар оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытудың бірден бір жолы берілген тапсырмаларды табысты түрде орындауын жатқызамыз. Білімдендіру, тәрбиелеу деңгейінде қызығушылық-түрткіні, ықылас-ынтаны жебейтін, оған әсер етудің және өзіндік ұмтылыстардың тиімді жолына тоқталайық.

Бүгінде білімнің шешуші мәнге ие болуының себебі-қоғамды дамытудың қозғаушы күші болып отырғандығында. Әсіресе, үздіксіз білім берудегі түрткі тұлғаның өсіп-өркендеуін қамтамасыз етіп, оның өмір бақи жетілуі мен бірге, қоғамның да өрістей беретіндігіне ықпал жасап, әсер ететін қозғаушы күш екенін мойындаған абзал. Білімдендірудегі мақсатқа жетушілік тек сауаттандырумен шектелу емес, алдыңғы қатарлы дамыған елдің талап деңгейінде болу және сол жолда іздене білер адамдар тәрбиелеу деп ұғынсақ-берілетін білімнің мазмұны, оның сапасы және өмірге қажеттілігі айтарлықтай болуы үшін оның әдістемелік технологиясын шешу мотивтеріне де тәуелді. Білімдендіру мен тәрбие саласындағы танымдық қызығушылыққа мән бере қарасақ сонау ерте заманнан бүгінге дейінгі кезеңде әрбір ұрпақ ғұмырындағы дәстүрлік сабақтастықты ескере отырып өзіндік жол тауып, мәселеге жаңаша қарауға тиісті. Ол үшін оқушылардың өзіндік шығармашылық жұмыстарының шешіміне деген өзіндік қарым-қатынасы жатады. Оқу істеріне және өзіндік білім алудағы мұғалімдерге және басқа үлкен адамдарға деген қарым-қатынас оқу, пайдалы істермен, араласуы көрінеді. Оқушылар басқа адамдармен қарым-қатынас жасап қана қоймайды, ол өзінің қызметтестігінің әдісін талдап, оқып-жазуға талпынады. Мұғалімдермен достарының арасындағы қарым- қатынасын қарастырады. Негізгі ерекшелігі өзін-өзі тәрбиелеуге көңіл бөлетін жеке тұлға болып қалыптасады [62].

Нақты әсер ететін қызығушылықтар үлгерім мен сабаққа қатысуға байланысты пайда болады. Ол сондай-ақ сабақты жіберу себептері, қоғамдық іс-әрекеттерді және танымдағы нақты пысықтылықты, сонымен бірге оқу жұмыстарының ұзартылуын жұмыстағы үзіліс қатынастары, қосымша тапсымаларды орындау, мұғалімдерге деген сұрақтардың саны, қол көтеру, оқушылардың мұғалімнің талабынсыз-ақ өзіндік жұмыстарды сабақ үстінде орындауы, сабаққа жауап беруі, өзіндік ұмтылыстары, қозғалыстары мен әрекеттері кіреді. Бұл жерде мақсатқа жетуде сабақ үстінде оқушылардың мақсатқа деген жаңа өзіндік ой тудырулары, жұмыс құрылымы бойынша жұмыс істей білу, мектеп жұмыстарын аяғына дейін орындау, қиындықтардан өзі шығу немесе көмекке көңіл бөлу жатады. Өзіндік пайда

болатын қызығушылықтарға оқушылардың өзіндік тапсырма орындауға ұмтылуы және мұғалімнің көмегінсіз-ақ мақсатқа ұмтылуы жатады. Оқуға деген қызығушылықтың жоқ болуы оқушылардың оқуға деген ынтасының төмендігін көрсетеді. Сондықтан мұғалімдер оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласын кеңейту үшін оқушыларға сабақ үстінде көп көңіл бөлу қажет. Осы көрсетілген көрсеткіштер сапалы мінез- құлықтармен анықталады. Оқушының тапсырма орындаудағы өзіндік жоғары ұзақтылығы, мұғалімдерге деген көңіл бөлу және оларға деген қарым- қатынасты күшейту және сұрақтардың санын күшейту болып табылады. Осы көрсеткіштердің барлығын қарастыра отырып мұғалім айтылған түрткілердің қайсысы қай оқушыға сәйкес келеді, сол үшін дұрыс бағытта жұмыс істеу қажет. Түрткілердің пайдалылығы сабақ үстінде әртүрлі мұғалімдердің, әртүрлі оқу пәндері мен оқыту әдістерінің орындалуы және әртүрлі құрылымнан тұруы, оқушылармен мұғалімдер үшін пайдалы [63,22].

Оқушылардың танымдық түрткісін талдау барысында мұғалімдердің қолданатын тәрбие оқыту әдістерін қарастыру қажет. Мұғалімдер үшін түрткілерді оқыту әдістерінің нақты түрі - бақылау әдісі. Бақылау мұғалімдердің сабақ үстінде оқушылардың қылығына бақылау жүргізуі, қоғамдық, ұйымдық жұмыстарға және басқа да іс-әрекеттерге қатысуына байланысты. Олардың мектеп оқушыларына деген қарым-қатынас, мінезін бақылау болып табылады. Оқу үрдісінде бақылау жұмыстарын жүргізу сынып сағаты кезіндегі жетекшілердің сыныптық тапсырма қолданылуы эксперименталдық педагогикалық мәселе екені айқын. Оқушы мен жеке-дара (әңгімелесу, түсіндіру,сұрақ-жауап т.б) іс-шаралар педагогикалық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, оқушылар мен студенттер қоғамдық сананың түрлері мен хабардар болып, біліп түсінгенімен күнделікті өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде оны қолданбаса, жақсы қасиеттер олардың бойларына сіңбеуі де мүмкін. Мысалы өнерді түсініп бағалай білу үшін, жастар жоғары дәрежедегі өнер туындыларымен танысып, оқып танысуы керек, сонымен қатар өздерінің бойындағы мүмкіндіктерін дамытуы да абзал. Олай болса, оқушы жастар мен мұражайларға, көрмелерге, театрларға саяхат жасау, оқу орындарында өнерпаздар тобын ұйымдастыру, әртүрлі кештер, пікірталастар, дебаттар тағы басқа іс-шаралар арқылы болашақ мамандардың рухани өсіп, талғамының қалыптасуына игі әсерін тигізері анық.Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру үшін сыныптан, аудиториядан, мектептен тыс жүргізілетін іс-тәжірибелік жұмыстардың екі жақты пайдасы бар: біріншіден тәрбиелік мәні жоғары болса, екіншіден, іс-тәжірибелік жұмыс барысында айтарлықтай нәтижеге жетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Матюшкин, А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении / А.М. Матюшкин. – М., 1972. – 208 с.
2. Рубинштейн С.Л. Воспитание читательского интереса школьников. – М., 1950. – С.75-77.
3. Щукина Г.И. Педагогические проблемы формирования познавательных интересов учащихся. - М.: Педагогика,1988. - 113 с.
4. Ибраева М.К. Танымдық белсенділік – философиялық, психологиялық, педагогикалық мәселе // Абай атындағы ҚазҰПУ. ХАБАРШЫ, «Педагогика ғылымдары» сериясы. - Алматы, 2016. - №2 (50). – Б. 315-319.
5. Дәрібаева С.Қ. Қоршаған ортамен таныстыру негізінде 6-7 жасар балалардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Қызылорда, 2013.
6. Педагогическое наследие А.С.Макаренко и современная школа. – Воронеж: Изд-во Воронежского универ., 1981. – 240 с.
7. Ушинский К.Д. Собр.соч. Т.2. – Москва: АПН РСФСР, 1984. 516 с.

КОРРЕКЦИОННО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОМОЩЬ ДЕТЯМ С РАССТРОЙСТВОМ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

В настоящее время в Республике Казахстан уделяется большое значение адаптации, реабилитации и социальному сопровождению детей с особыми образовательными потребностями. Ведётся поиск новых организационных форм воспитания и обучения, разработка коррекционных технологий, назревает необходимость применения новейших методических материалов. Обучение ведёт за собой развитие, но оно не должно в тоже время отрываться от развития детей. С.Л. Выготский писал: «Ребёнок не развивается и воспитывается, а развивается, воспитываясь и обучаясь».

В силу специфики данного нарушения развития необходимы также особые принципы обучения ребенка с расстройством аутистического спектра, учитывающие его общие и индивидуальные особенности. Коррекционная работа направлена, главным образом, на развитие эмоционального контакта и взаимодействие ребенка со взрослым и со средой, аффективное развитие, формирование внутренних адаптивных механизмов поведения, а это, в свою очередь повышает общую социальную адаптацию ребенка с расстройством аутистического спектра, что является самым главным и очень важным в работе дефектологов, психологов и других специалистов учреждений, сталкивающихся с такими детьми, а также их родителей.

В Республике Казахстан специальное образование направлено на решение задач социализации и интеграции детей с особенностями психофизического развития в общество. Решение этой задачи требует разработки новых подходов, позволяющих изменять в зависимости от конкретного случая, стратегию и тактику коррекционной работы.

Главным звеном коррекционного подхода является попытка объединить влияние сенсорного поля и взаимодействие с близким в единую линию. Поскольку линия механической аутостимуляции ребенка сильнее, взрослому человеку необходимо подключиться к ней, становиться ее неотъемлемой частью и постепенно уже изнутри наполнять ее новым содержанием эмоционального общения.

В работе с детьми расстройствами аутистического спектра применяют реализацию *принципа создания видимости времени*. Качественные изменения при аутизме обуславливают, и нарушения в ощущении времени. Слова, выражающие временные представления, не воспринимаются, возникает задача сделать время зримым. Переход от одного вида деятельности к другому может вызвать взрыв ярости из-за неподготовленности и непонимания, что происходит. В этих целях поэтапно вводят символы составляется расписание, выраженное символами, в результате ребенок знает, чем будет заниматься, каков его распорядок работы, чем завершится его деятельность. Люди с расстройством аутистического спектра имеют потребность в планировании в течении всей жизни.

Важным в педагогической работе является *принцип визуализации*. Аутизм сказывается на качестве общения. У этих детей часто наблюдается эхолалия – постоянное повторение слов. Оно не является бессмысленным. Это искаженное средство коммуникации. Для включения детей в общение могут быть использованы коммуникативные карточки, на которых есть рисунки, позволяющие выражать желания, мысли. Первоначально общение происходит при минимальной вербальной коммуникации, которая для детей с расстройствами аутистического спектра слишком абстрактна и трудна в использовании. Коммуникация ведется не только на вербальном уровне, но и с использованием коммуникативных карточек с рисунками, символами.

Коррекционно-реабилитационная работа должна проводиться комплексно, группой специалистов.

Коррекционная работа должна осуществляться поэтапно, исходя из степени выраженности ребенка с расстройствами аутистического спектра.

Для работы с расстройствами аутистического спектра используются адаптированные обычные программы по обучению и организации игр.

На первых этапах отрабатывается важнейшая реакция оживления и слежения, формируется зрительно-моторный комплекс. В последующем, развивают тактильное, зрительно-тактильное, кинестетическое, мышечное восприятие. Затем проводится работа по воспитанию навыков самообслуживания.

На следующем этапе задача усложняется переходом от манипулятивной игры к сюжетной. Наиважнейшей стороной работы остается побуждение к деятельности, многократное повторение игр, формирование игровых штампов, с постоянным использованием зрительно-моторного комплекса.

Педагогические программы направлены на обучение детей понятиям числа, счету, определению временных категорий, ориентировке в пространстве. Этап от этапа решается задача усложнения деятельности, увеличивается предлагаемый объем навыков и знаний. Любые задания предлагаются в наглядной форме, объяснения должны быть простыми, повторяющимися по несколько раз, речевые задания предъявляются голосом разной громкости, с обращением внимания на тональность.

У детей с расстройствами аутистического спектра наблюдается нарушение социального взаимодействия и способности к общению.

Процесс социализации детей с расстройствами аутистического спектра, затрудняет специфическое развитие речи, которое характеризуется малым запасом слов, уходом от речевого общения, нечеткостью произнесения слов и другими особенностями.

Первой стадией языкового развития является взаимодействие взрослого и ребенка. Данная стадия реализуется главным образом на бессознательном уровне с помощью жестов, улыбок, мимики и мягких интонаций голоса. Эти первые улыбки и попытки подражания формируют основу для языковых особенностей и желание учиться языку. Свое первоначальное общение адаптируют с помощью силы голоса, отчетливого и медленного произнесения слов, использования в разговоре конкретных понятий, употребления коротких предложений, повторения предложения.

На развитие речи оказывает влияние сохранное слуховое восприятие, хороший слух ребенка и хорошее зрительное восприятие. Так как ребенок обучается языку с помощью подражания и различения, детей важно учить слушать, видеть и реагировать на различные стимулы, следует помнить и о стимулирующей окружающей среде, поскольку только при наличии стимулирующей предметно-пространственной и социальной среды возможно позитивное развитие ребенка.

Успех развития речи и коррекционной работы в целом, во многом зависит от действий родителей ребенка с расстройством аутистического спектра. В их желании помочь своему ребенку социализироваться. Родителям необходимо использовать общение, как канал влияния на неконтактность и преодоление ее. Это как раз то эффективное средство, которое всегда в руках у семьи. Накопленный опыт показывает, что использование этого средства приносит немалые результаты.

Ранний детский аутизм – одно из сложнейших нарушений психического развития, при котором наблюдаются прежде всего расстройства процессов коммуникации, неадекватное поведение, трудности формирования эмоциональных контактов с внешним миром, окружающими людьми, и как результат, нарушение социальной адаптации

При ранней коррекционной работе большинство аутичных детей можно подготовить к обучению. Успех работы по развитию речи во многом зависит от действий родителей аутичного ребенка, в их взаимодействии со специалистами.

Наиболее эффективна коррекционная работа, имеющая индивидуальную направленность.

Не каждого ребёнка с проявлениями аутизма можно вывести на уровень нормального развития. Но в любом случае коррекционно-развивающая работа поможет:

- организовать его поведение;

- развить способности к коммуникативному взаимодействию;
- обучить навыкам самообслуживания;
- сгладить негативные проявления аутизма;
- усилить психическую активность ребенка;
- научить проводить свободное время;
- подготовить к обучению.

Все это поможет ребенку социализироваться и адаптироваться в обществе. В итоге, достигается улучшение качества жизни аутичных детей.

Список литературы

1. Аршатская О.С. Психологическая помощь ребенку раннего возраста при формирующемся детском аутизме//Дефектология.2005. №2. с.46-67
2. Аутичный ребенок- проблемы в быту. Методические рекомендации по обучению социально-бытовым навыкам аутичных детей и подростков./Под ред. С.А.Морозова. М. 1998. 92с.
3. Веденина М.Ю. Использование поведенческой терапии аутичных детей для формирования навыков бытовой ориентации.//Дефектология.1997. №2. с. 31-39; №3. с.15-21
4. Гилберг К., Питерс Т. Аутизм: медицинские и педагогические аспекты/Под ред. Л.М. Шипицыной, Д.Н.Исаева. СПб.1998. 124с.
5. Детский аутизм. Хрестоматия/Сост. Л.М.Шипицына. СПб., 1997.
6. Зайцева Л.А. Обследование детей с нарушениями речи. Мн., 1998.
7. Интегрированное обучение детей с особенностями психофизического развития: Монография/А.Н.Коноплева, Т.Л.Лещинская. Мн. НИО. 2003.
8. Катаева А.А., Стребенева Е.А. Дидактические игры и упражнения. М. Просвещение. 1991. 190 с.
9. Ковалец И.В. Основные направления работы с аутичными детьми// Дефектология 1998. №2. с.63-73.;№9. с.45.;№1. с. 76
10. Ковалец И.В. Сравнительное изучение понимания эмоции детьми с аутизмом//Дефектология. 2003. №2. с. 57
11. Лебединская К.С., Никольская О.С., Баенская Е.Р, Дети с нарушениями общения: ранний детский аутизм. М. Просвещение. 1989. 95 с.
12. Лебединская К.С., Никольская О.С Диагностика раннего детского аутизма. Начальные проявления. М. Просвещение. 1991. 96 с.
13. Логопедия/Под. ред. Л.С.Волковой М. 1989. 528 с.
14. Никифорова Е.В. Развитие социальных эмоций у детей дошкольного возраста, имеющих нарушения общения со сверстниками// Дефектология. 1997. №3. с. 57-62
15. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутичный ребенок. Пути помощи. М. Теревинер. 1997. 342 с.

ПРИМЕНЕНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ МЕТОДИКИ ПРИ ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

процесінде оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды әзірлеуге, оларды 4-сыныпта дүниетану сабақтарында, сонымен қатар сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыстарға енгізуге арналды. Әзірленген бағдарлама бойынша сабақтар 2018 жылдың ақпан-наурыз айларында өтті. Зерттеудің бақылау кезеңінде екінші психологиялық-педагогикалық диагноз жүргізіліп, нәтижелері шығарылды. Тәжірибелік жұмыстың нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды: дүниетануды оқыту процесінде «оқу және жазу» технологиясын қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлауын дамытудың бекітілген әдістемесі оқушылардың сабаққа деген танымдық қызығушылығының деңгейін арттырады, пәнді оқуға ынталандырады және белсенді етеді, зейінді актуализациялауға ықпал етеді. Сыни ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар балалардың қиялын дамытуға ықпал етеді, нақты алгоритмдік тапсырмалар мектеп оқушыларының қабылдауын және ойлауын дамытады, ақпаратты талдау, синтездеу және алу, себеп-салдарлық байланыстарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Назарбаевтың Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің студенттеріне арнап оқыған лекциясы: Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. Астана, 27 мамыр, 2006ж.
2. Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық тұлғасын пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру. А., 2004.
3. Аймағанбетова Қ. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. - А., 2003.
4. Сабақ беру тиімділігін арттыру. / Құрастырған Б.Сманов. - А., 1989.
5. С.Н. Жиенбаева. Бастауыш сыныпта технологиялық білім беру мәселелері. / Бастауыш мектеп, №2, 2007.

ӘОЖ 37.014

Ерниязова С.Н., Хабиева Д.Г.
Қазақстан, Орал қаласы

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, жаңа стратегиялық бағыт-бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы – осының бәрі білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертіп, білімнің қоғамды қайта жаңғыртуға қосар үлесін арттыруда.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез-келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

Қазақстан Республикасында білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес бастауыш білімге қойылып отырған талап түбегейлі өзгеріп, бірінші кезекке оқушыны пәндік білім, білік және дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, олардың оқу-танымдық, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру мақсатын жүзеге асыру тұр[1].

Ғылыми зерттеуге үйрету – оқытудың ерекше тәсілі оқушының өз бетімен қоршаған ортаны танып білуіне деген табиғи талпынысы. Зерттеуге үйретудің басты мақсаты – адам өмірінің кез келген саласындағы жаңа тәсілді өз бетімен шығармашылықпен меңгерудегі оқушының қабілеттілігі мен даярлығы.

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен құрастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім тек есте сақтау дәрежесінде болса, зерттеуге негізделген білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау және бағалау секілді белсенді әрекеттерді талап етеді.

Қазіргі мектептерде зерттеу арқылы оқыту оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға ең тиімді технология. Бастауыш сынып оқушылардың бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы биологиялық құбылыс, олар үнемі бір нәрсені зерттеуге деген талпыныс оқушы мінезіне тән қасиет. Ол өзін қоршаған ортаны үнемі танып білгісі келеді. Оқушының бір нәрсені зерттеп білсем деген талпынысы, оны зерттеп оқу іс-әрекетіне итермелейді.

Зерттеуге негізделген оқыту – оқушының қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құрылған тәсіл. Зерттеушілікке оқытудың негізгі мақсаты – оқушының өз бетімен шығармашылық жаңа іс – әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілет қалыптастыру. Оқушыны ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып табылады.

Оқу бағдарламаларында оқушылардың дәлелдеуді қолдану дағдылары (ақпарат дереккөздерін талдау, өздерінің зерттеу нәтижелерін таныстыру және талқылау) сыныптан сыныпқа көшу шамасына қарай күрделеніп отырады. Бастауыш сынып оқушылары зерттеу тапсырмаларын орындау барысында әртүрлі ақпарат көздерінен деректер іздейді. Алдағы уақытта оны пайдаланып, қорытынды жасайды. 4-сыныпқа қарай оқушылардың дәлелдеу дағдылары дами түседі; олар жиналған деректердің негізінде өз көзқарасын ортаға салып, талқылауға қатысады.

Оқушыларға өз сөзімен түсіндіруге мүмкіндік бере отырып, мұғалім олар үшін тақырыпты білуі мен түсінуінің арасында байланыс орнатуға мүмкіндік ашады, сондай-ақ кез келген қате түсініктерін анықтай алады. Осыны іске асыру үшін мұғалім дәлелдеу тәсілін қолдана алады, оның төрт кезеңі бар; әр кезең бірнеше сабақты қамтуы мүмкін: елестету; салыстыру; түсіндіру және дәлел келтіру; мақұлдау (келісу).

Дәлелдеу үдерісі зерттеуге негізделген оқу тәсілін толықтырады. Зерттеу тақырыбы белгіленгеннен кейін, мұғалім оқушыларға шағын топтарда жұмыс істеп, сурет, диаграмма, график немесе алгоритмдерді пайдалану арқылы зерттеу немесе проблеманы «елестетуді» ұсынады. Содан кейін оқушылар өз ақпаратын басқа топпен немесе топтармен «салыстыруы» керек. «Түсіндіру және дәлел келтіру» деп аталатын келесі кезең оқушыларға өздерінің көзқарастарын түсіндіруге, түзетуге, ретке келтіріп, кез келген қате пайымдауларды анықтауға мүмкіндік береді. Әрбір топ идеяларды талқылау және «мақұлдау» үшін барлық сыныпқа өз шешімдерін ұсынады[2].

Зерттеушілік іс-әрекетке бейім оқушының төмендегідей сипаттамаларына көңіл бөліну керек:

- жұмысты орындауға деген жоғары деңгейдегі талпыныс;
 - жаңа біліммен және білікпен қарулануға деген белсенді ұмтылыс;
 - алынған ақпаратты талдауға, жинақтауға, қорытындылауға және өз қызметінде пайдалана отырып нәтиже шығаруға деген қабілеттілік;
 - өз көзқарасын басқаның пікірімен сәйкес келмесе де дәлелдеуге талпыну;
- белгілі бір қызмет түрінде басқа балалармен сайысуға деген ұмтылыс [3].

Бұдан шығатын қорытынды зерттеушілік іс-әрекет тек ақпарат іздеу, өңдеуден ғана емес, оны қорытындылап, өз ойын түйіп, нәтиже алу және оны өз ортасына қорғай білу.

Зерттеуге негізделген оқу сындарлы оқу теориясына сүйенеді. Оқушыларға бағдарланған осындай тәсілді қолдану барысында оқушылар өздеріне сұрақ қояды, үйлестіруші, қолдау көрсетуші ретінде әрекет ететін мұғалімнің көмегімен фактілерді жай

ғана ұсынбай, тиісті сценарий әзірлеу арқылы мәселелерді зерделейді. Оқушылар тақырыптарды зерттеу үшін ресурстарды пайдаланып, өз қорытындыларын жасайды. Бұл анағұрлым терең білім алып, пәнді түсіну үшін қажетті айтарлықтай жоғары деңгейлі дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі. Әдетте зерттеуге негізделген оқу бастауыш сыныптарда оқытылатын «жаратылыстану» пәнімен байланыстырылғанымен, ол кез-келген пән үшін негіз бола алады, сонымен қатар, «дүниетану» сияқты әлеуметтік мәселелермен байланысты пәндер үшін керемет сай келеді [4].

Ғылыми әдебиетте зерттеуге негізделген оқыту мен оқуға арналған үш негізгі тәсіл сипатталған. Осы үш тәсілді төмендегідей қорытуға болады:

Құрылымдалған зерттеу. Мұғалім оқушылар ұстанатын шешімдер мен тәсілдерді егжей-тегжейлі түсіндіреді (әр қадамды сипаттау арқылы). Оқушылар өздерінің (немесе басқа біреудің) тапқан жаңалықтарының негізінде мәселеге түсініктеме береді, талқылайды және қорытынды жасайды деп күтіледі.

Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін зерттеу. Мұғалім оқушылар ұстанатын белгілі бір құрылым ұсынады (мысалы, сұрақтар тізімінен зерттейтін мәселені таңдау). Оқушылар сұрақтарға жауап беру үшін тәсілді өздері таңдай алады.

Ашық зерттеу. Оқушылар зерттеу сұрағын және бұл сұраққа жауап берудің тәсілін өздері таңдайды.

Құрылымдалған зерттеу негізінен мұғалімнің қолдау көрсетуімен жүргізіледі. Сондықтан бұл тәсілді жаңа дағды немесе тұжырым таныстырылатын сабақтарда қолданған орынды болады. Оқушылар өсіп, тәжірибесі толыға бастағанда, мұғалім жетекшілігімен жүретін зерттеуді пайдалануға болады. Оқушылардың негізгі мақсаты анағұрлым жоғары деңгейлі дағдыларын дамыта отырып, ашық зерттеу жүргізу болып табылады.

Бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының аясында зерттеуге негізделген оқу белсенді оқу қағидаттарын ұстанатын қуатты педагогикалық құрал болып табылады. Сонымен бірге, ол оқушылар дәлелдерді бірлесіп талқылап, құрып, талдай алатын тиімді орта бола алады.

Зерттеуге негізделген оқу әдісін кез келген пәнде қолдануға болады. Пән бойынша негізгі көзделген мәселе зерттеу болған жағдайда, мұғалім көмекшіге ауысып, басты рөлге оқушы шығады.

Зерттеуге негізделген оқу барысында мұғалімдер:

- барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ортасын қалыптастыруға;

- сенімді, жауапты, белсенді, жаңалыққа ұмтылатын және өзінің іс-әрекетін талдап, рефлексия жасай білетін оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;

- оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен белсенді әдістәсілдерлі қолдануға;

- алға қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізу арқылы жоспарланған сабақты тиімді өткізу үшін материалдарды, ресурстарды және қосымша құралдарды пайдалана отырып, бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, оқушылардың жеке жұмыс істеуін ұйымдастыруға және уақытты басқаруға;

- оқушыларды мадақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде және мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті де анық, қарапайым тілді пайдалануға;

- оқушылардың оқуын бақылап, оларға кері байланыс ұсынуы тиіс [5].

Оқыту мен оқудың заманауи әдістері оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін, тұлғалық дербестігін ескеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруға аса мән береді және бұл бағыттағы мұғалімнің табыстылығы оқушылардың оқу үлгеріміне оң әсерін тигізеді. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы қажет.

Мысал ретінде математика бойынша мұғалім барынша белсенді сабақ жоспарын әзірлей алады: оқушылар сызғыштың көмегімен сантиметр арқылы нені өлшеуге болатынын қарастырады; жұмыс дәптерінің ұзындығы мен енін өлшеп, парталас көршісінің нәтижесімен салыстырады; өзі отырған партаның ұзындығын өлшеп, қандай қиындыққа кездескенін айтады (партаны сантиметрмен өлшеу қиын), дециметрге көшеді; қаламның ұзындығын және өшіргіштің биіктігін өлшейді; жасыл және қызыл баудың ұзындықтарын өлшеп, қайсысы ұзын екенін жұпта талқылайды; бірін-бірі бағалайды, т.б..

Балалар зерттеушілік әңгіме жүргізе алатын ортада жұмыс істегенде әңгімелеріне қарай олардың ой-пайымдары да айқындала түседі, әрі мұғалімдері мен сыныптастарының көмегімен олар одан әрі дамытылуы мүмкін. Соған қарамастан, бұндай әңгіме жүргізу дағдылары оқушыларға жайдан жай келе салмайды, балалар бірлескен әңгіменің мәнін ұғынып, қабылдауы үшін мұғалімдерге оларды бағыттап отыру керек болады.

Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін дәлелдер жеткілікті. Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- оқушылардың басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын түсінуіне көмектеседі;
- оқушыларға өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.

Бастауыш буында зерттеу әдісін қолданудың өзіндік қиындықтары бар. Себебі, оның зерттеушілік табиғаты үнемі педагогикалық қамқорлықты қажет етеді.

«Зерттеуге негізделген оқытудың» басты мақсаты – оқушыларда адам мәдениеті дамуының кез келген сатысында атқарылатын іс-әрекетті өз беттерімен, шығармашылықпен, жаңа қабылдау қасиеттерін қалыптастыру болып табылады[6].

Оқушыны зерттеушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. Егер әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуы қажет болса, онда оқушының қабілетін түрлі әрекеттерде көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет.

Зерттеумен айналысу оқушының жеке және шығармашылық қабілеттері мен зерттеу, ойлау дағдыларын дамытады және оқушы өзі үшін «жаңалық» ашады. Зерттеу әрекеті баланы дамытады және ол шығармашылық арқылы көрініс табады. Зерттеу дағдысын қалыптастыру психологтардың айтуы бойынша жеке тұлғаның өзін – өзі дамыту мен дамуы үшін өте маңызды. Оқушының зерттеушілік дағдысының қалыптаспауы тұлғаның кез келген қиындықты жеңе алмауына, мәселені шешудегі дәрменсіздікке әкеледі. Оқушының қабілетін дамытпаса өз мүмкіндігінен төмен оқуына әкеп соғады. Зерттеу жұмысы күнделікті қолданыста көбінде жаңа білімді меңгеру үрдісі, яғни адамның танымдық әрекетінің бірі ретінде түсініледі.

Бастауыш сынып оқушыларының күнделікті тұрмыста, ғылым негіздерін оқып-үйренуде шығармашылық есептерді шешу, өз бетімен ойлау, өз көзқарасын ұстай білу, меңгерген білімін қолдана білу икемділігін қалыптастыру міндетін орындаудың педагогикалық әдіс-тәсілдері бастауыш саты шеңберінде қарастырылды[7].

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындау талдау жасауды, мәліметтер мен шамаларды салыстыруды, берілген жағдайдағы қасиеттерді анықтауды, қарапайым модельдерді құрастыру мен ойша экспериментті іске асыруды, жинақтауды, есеп шығаруға қажетті ақпаратты таңдауды, оны бір жүйеге келтіруді, зерттеуді талап етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік ерекшеліктерін зерттей отырып, олардың қызығушылықтары не нәрсеге басым, не нәрсені білуге жаны құмар «негештер» екенін аңғару қиын емес. Бірақ оларда тәжірибе жоқтығы, күрделі тақырыптарды меңгере алмайтыны, ақпарат материалдарымен жұмыс істеуге дағдыланбағаны анықталды. жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларға дұрыс бағыт-бағдар беру, жетелеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2015).
2. Жексенбаева У.Б., Ниязбекова Г.Б. Технология исследовательского обучения школьников. Астана, 2006. -109б.
3. Савенков А.И. Методика исследовательского обучения младших школьников / А.И. Савенков. – Самара: Издательский дом «Фёдоров», 2011. – 285 с.
4. Гладкова А.П. Формирование исследовательских умений младшего школьника во внеурочной деятельности: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 / Александра Петровна Гладкова. – Волгоград: ВГСПУ «Перемена», 2013. – 26 с.
5. Ивашова О.А. Развитие исследовательских умений у младших школьников: методический аспект / О.А. Ивашова. – СПб.: КультИнформ-Пресс, 2008. – 385 с.
6. Мырзалинова А. Бастауыш білім беруде кіші мектеп жасындағы оқушылармен жобалық – зерттеушілік қызметті ұйымдастыру//«Бастауыш мектеп» №11-12. 2012
7. Төреханова Ж.Т. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру жолдары//«Бастауыш мектеп» №3.2014

УДК 374.3

Жидкова Ю. М., Казетова А. Х., Тулегенова Б. Н.,
Казахстан, г. Уральск

ГУМАНИЗАЦИЯ КАК ФЕНОМЕН МОДЕРНИЗАЦИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Первым главой государства Н. А. Назарбаевым в одном из посланий была выдвинута программа модернизации общественного сознания, в которой одной и важнейших направлений было изменение и реконструкция образования. В модернизации отмечено, что человек – центральный и абсолютно незаменимый фактор любых преобразований. Реформы будут состоятельны лишь тогда, когда встретят понимание – в наших умах, поддержку – в наших сердцах, сопереживание – в наших душах. Перед обществом стоит чрезвычайно сложная задача: изменить себя для дальнейшего восхождения по всемирной исторической спирали развития человечества.

Культ знания означает не просто накопление знаний, а развитие способностей к самообразованию и саморазвитию. Это позволит сохранять перспективы даже в самых неопределенных ситуациях [1].

Преобразующая созидательная деятельность, формирование научной картины миропонимания, развитии духовно-нравственных и других качеств – это перспективы развития высшего образования нашего государства, вошедшего на новую ступень социальной модернизации.

Цели развития педагогического образования определяют его направленность и дальнейшую перспективу развития, совершенствования педагогических технологий. Ведущие направления развития профессионального педагогического образования, отражая в себе общие тенденции, мировые, национальные, региональные, включают и специфические, характерные для системы педагогического образования. В связи с чем, необходим их анализ для определения основных направлений проектирования системы и подготовки будущих специалистов. Подготовка педагогов в вузе относительно самостоятельный вид профессионального образования, результатом которого является формирование профессионального мышления, педагогического сознания, профессионально направленного

поведения у будущего педагога, приобретение студентом знаний, умений и навыков, позволяющих конструктивно выполнять педагогическую деятельность в соответствии с требованиями к профессиональной компетентности будущего педагога.

Гуманизация образования – одно из приоритетных направлений социальной модернизации системы образования. Исходя из ее положений, образование рассматривается как достояние личности, средство ее самореализации, путем построения личной карьеры. Проблема гуманизации образования связана с подготовкой педагога, имеющего сориентированное на гуманистические ценности педагогическое мышление, владеющего вариативными технологиями гуманистического воспитания, способного к инновационной творческой деятельности [2].

Таким образом, именно гуманистические качества педагога, по мнению большинства студентов, обеспечивают оптимальное качество его деятельности. Гуманизация образования понимается как процесс создания условий для самореализации, самоопределения личности студента в пространстве современной культуры, раскрытия ее творческого потенциала, формирования ценностных ориентаций и нравственных качеств с последующей их актуализацией в профессиональной и общественной деятельности.

Гуманитаризация образования включает расширение перечня гуманитарных дисциплин, углубления их содержания для получения системного знания. Эти процессы дополняют друг друга и должны рассматриваться во взаимосвязи, интегрируясь с процессами фундаментализации образования. В теоретико-практических исследованиях отмечается, если вуз не сформирует у своих выпускников способности осваивать достижения фундаментальных наук и творчески их использовать в профессиональной деятельности, то он не обеспечит выпускникам необходимую конкурентоспособность на рынке труда [3].

Лидер Нации не однократно повторял, что молодые казахстанцы должны стать еще более конкурентными на мировом рынке, чтобы, имея в своей основе казахскую идентичность, они легко адаптировались к новым цивилизационным трансформациям. Правительство предлагает обеспечить прямой доступ казахстанцев к лучшим мировым учебным материалам. Цель – обеспечить студентов мировым гуманитарным знанием. Поэтому уже с первого курса должно поддерживаться стремление студентов к глубокому освоению фундаментальных знаний [1].

Системное обогащение учебного процесса методами творческого мышления, системными фундаментальными знаниями является фундаментализацией высшего образования. При интеграции фундаментального, гуманитарного, специального знания, обеспечивающего всестороннее видение будущим педагогом своей профессиональной деятельности в современных условиях развития общества формирует тенденцию поиска соответствующей гуманистической парадигмы построения образовательного процесса. Вместе с другими социокультурными институтами педагогическое образование выполняет ряд базовых функций по отношению к личности и обществу [4], среди которых можно выделить:

- реляционная функция направлена на освоение определенных социальных ролей и статусов студентами, приобретаемых в процессе социализации и профессионализации, вхождения в мир будущей профессии;
- регулятивная функция нацелена на выработку стандартов поведения будущего специалиста в соответствии с требованиями педагогической деятельности, осуществление социального контроля над его деятельностью и поведением;
- аксиологическая функция связана с осознанием и овладением ценностными основаниями педагогической деятельности студентом в процессе его профессиональной подготовки;

- образовательная функция направлена на формирование у студентов системы фундаментальных и специальных знаний, необходимых для качественного выполнения профессиональных обязанностей, овладение технологиями педагогической деятельности, методологией научно-исследовательской работы;

- воспитательная функция обусловлена необходимостью целостного развития личности педагога, его нравственного, физического, эстетического, экономического, экологического воспитания, развития целостного мировоззрения основывающегося на социально-нравственных нормах, ценностях, идеалах и проявляющегося в гуманистическом отношении к окружающему миру, к осваиваемой профессии;

- развивающая функция направлена на развитие интеллекта, творческого мышления студентов, индивидуального стиля работы, профессионально значимых личностных качеств будущего педагога;

- экономическая функция активное включение педагогического образования в функционирование и развитие рынка образовательных услуг, что способствует экономическому росту материальной обеспеченности учреждений образования;

- инновационная функция определяет разработку, развитие, распространение научных идей, технологий, инновационного опыта работы в сфере педагогической деятельности с целью совершенствования качества педагогического образования.

В современной ситуации развития общества и системы образования достаточно ярко проявляется тенденция появления многообразия функций системы профессиональной подготовки специалистов, что связано с ее вариативностью, сложностью проблем, которые предстоит решать будущим педагогам. Одним из наиболее значимых выводов, вытекающим из осмысления функций образования, является признание его общей направленности на гармоничное развитие личности.

Процессы модернизации в системе образования предполагают расширение возможностей обучения в рамках следующих основных мер:

- унификации дисциплин на всех направлениях подготовки;

- отказ от рассмотрения студенческих групп как основных единиц организации учебного процесса и формирования их по направлениям подготовки и соответствующим профилям;

- возможности создания временных студенческих групп на время изучения одной дисциплины.

Пересмотр средств, содержания и технологий педагогического образования – основная цель гуманизации. По нашему мнению, необходимо моделировать адекватную современным тенденциям развития системы педагогического образования систему профессиональной подготовки от линии «группа студентов преподаватель учебник, учебное пособие» к линии «студент, индивидуум, личность преподаватель, владеющий технологиями индивидуализированного обучения совокупность новых педагогических технологий и информационных средств» [5].

Таким образом, проектирование и реализация системы педагогического образования в соответствии с определенными тенденциями его развития в современном обществе имеет следующие особенности:

- ценностно-смысловое восприятие и понимание личности студента на уровне его индивидуальности, развивающейся в ходе педагогического взаимодействия;

- вариативно-поисковый характер разработки учебно-воспитательного процесса, активно формируемый всеми субъектами, возможность выбора индивидуальной образовательной траектории обучения, актуализирующей возможности применения необходимых профессиональных и личностных компетенций будущим педагогом;

- проектирование содержания гибкой, вариативной, адаптивной системы профессионального образования на основе прогностических тенденций развития общества, педагогической сферы деятельности, а также уровня развития профессиональной компетентности будущего педагога;

- соотнесение технологий системы профессиональной подготовки будущих педагогов с закономерностями профессионального развития личности, с профессиографическим мониторингом организации данного процесса.

Список литературы:

1. Назарбаев Н. А. План нации – 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ// Казахстанская правда. – 2015, 20 мая.
2. Хроменков П.А. Высшее педагогическое образование в России: состояние и перспективы развития // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 2-1.;URL: <http://science-education.ru/ru/article/view?id=21297> (дата обращения: 03.11.2019).
3. Педагогика и психология высшей школы/Отв. редактор М.В. Буланова Топоркова. Ростов на Дону: Феникс, 2002. 544 с.
4. Педагогика профессионального образования/Под ред. В. А. Сластенина. М.: Академия, 2004. 368с.
5. Исабеков Б.Н. Индустриально-инновационные основы развития науки и образования. - Туркистан: изд-во Туран, 2009. - С.27-50.

ӘОЖ 373

Имагамбетова А.А.
Қазақстан, Орал қаласы

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДА ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕП ОҚЫТУ ОРТАСЫН ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Елбасының 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген осы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде жасалған «Рухани жаңғыру» бағдарламасында: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы заманауи тәуекелдіктер мен жаһандық талаптарды ескере отырып, ұлттың рухани құндылықтарын жаңғыртуға, сондай-ақ Қазақстанның заманауи әлемдегі басекелік қабілеттілігін арттыруға, ұлттық сәйкестікті сақтауға, азаматтардың мәдени білімін және сана-сезімінің жоғары екендігін дәріптеуге бағытталған. Міне, осы сапалардың барлығы қазақстандықтар сүйенетін негізге, тірекке айналуы тиіс.» делінген.[1] Осыған орай азаматтардың білімі мен білігі ұштасын табатын заманда қоғамнан ерекше білімді қажет ететін балаларда шеттетілмеуі қажет екені нақ. Өйткені тұңғыш президентіміз Н.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Атап көрсетсек «мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс. Мұндай адамдарға қамқорлық көрсетілуі тиіс - бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» - деген болатын.[8] Бүгінгі бала-ертеңгі азамат. Сол азаматты бүгіннен бастап болашақ өмірге бейімдеу, дені сау адамдардың арасында өздерін жайлы сезіну үшін қолайлы атмосфера қалыптастыру - білім беру ұйымдарының міндеті болып табылады.

Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы, ортаны ерекше білімді қажет ететін баланы қабылдауға дайындау. Ерекше білімді қажет ететін әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар. Бірінші жолы, ерекше білімді қажет ететін баланы қоршаған ортаға бейімдеу. Бұл жолдың кемшілігі – біржақтылығы. Бұл жолмен керекті нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену процесі екі жақтылы болуы керек. Бұл дайындық процесінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі болу керек. Екінші жолы ерекше білімді қажет ететін баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны ерекше білімді қажет ететін баланы қабылдауға дайындаудың данегізгі факторы осы. [5]

Мемлекетерекше білімді қажет ететін азаматтардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын қорғау жөніндегі заң құжаттарында айтылғандай, мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар және бала жасынан мүгедектер медициналы-әлеуметтік көмек алуға, оңалтылуға (реабилитация), дәрі-дәрмектермен, протездермен, протезді-ортопедиялық бұйымдармен, жеңілдік жағдайларда қозғалыс құралдарымен қамтамасыз етілуге, сондай-ақ, кәсіби даярлану мен қайта даярлануға құқықтары бар. Лев Семенович Выготский: «бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болады» - деп атап көрсетеді. Ол үшін кемтар балаларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізіп отыру керектігіне ерекше мән берген. [2]

Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде ерекше білімді қажет ететін балалардың жеке даралық ерекшеліктеріне, қазіргі қоғамдағы орнына, олардың мінез-құлық және мінез ерекшеліктеріне мән бермеу бүгінгі қоғам дамуында мүмкін емес. Дегенмен, «ерекше» балаларды оқыту мен тәрбиелеу және әлеуметтендіру күрделі мәселе болып отыр. Аталған балалар категориясын қоғамға интеграциялауға дайындаудағы жағымды бет алыстардың алдын-алу үшін оларды оқыту, тәрбиелеу және барлық өмірлік әрекеттерін ұйымдастыруда арнаулы (түзетім) білім берудің қазіргі проблемаларын талдаудан шығатын жаңа теориялық ықпал жасауды талап етеді және де бұл бұндай балаларды әлеуметтік қорғауға қатысты медициналық, педагогикалық, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және өзге де проблемалар комплексін ескере отырып шешілу қажеттігін туындатады.

Ерекше білімді қажет ететін бала ерекше қарауды қажет етеді. Осындай тұлғанықалыптастыруды нәтижелі басқару үшін, түрлі жас кезеңіндегі бала дамуының өзіндік психологиялық-педагогикалық заңдылықтары туралы терең білу керек. Егер адамды тарих пен табиғаттың бір бөлігінің өнімі ретінде биоәлеуметтік нәрсе деп қарастырар болсақ, мұнан дамуға әсер ететін биологиялық (табиғи) және әлеуметтік (әлеуметтік орта) фактор шығады. «Психологиялық ой түйіндісі бойынша физиологиялық кемшілік әлеуметтік тәртібі нормаларының бұзылуын туындатады. Осындай кемшіліктері бар балалардың барлық психологиялық ерекшеліктері биологиялық емес, әлеуметті құбылыс болып табылады» (Л.С.Выготский).[3] Психиканың тарихи-мәдени қалыптасу теориясында Л.С.Выготский кез-келген кемшілік, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасын шектеуде, оған адамзаттың мәдени, әлеуметтік тәжірбиесін игеруге кедергі келтіретініне баса назар аударады.[2]

Ерекше білімді қажет ететін балаларға өзгелермен бірдей білім алуға, жұмыс істеуге, демалуға т.б., яғни қоғамдық өмірге араласуға құқық беру қажеттігі еш күмән келтірмейді, дегенмен, бұны шынайы түрде іске асыру оңай еместігі белгілі. Бұл қиындықтарға қарамастан қазіргі кезде елімізде "Әлеуметтік бейімдеп оқыту мектептерін" құру мақсаты айқын жолға қойылған. Сонымен, әлеуметтік бейімдеп оқыту мектебі дегенімізге толығырақ тоқталсақ...[4]

Көптеген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, әлеуметтік бейімдеу мектебі-әртүрлі ерекшеліктері бар яғни қалыпты және ерекше күтімді қажет ететін балаларды кіріктіріп оқытатын білім беру мекемесі. Мұндай мекемелерде маңызды рөлді қалыпты балалар қатары атқарады, демек қалыпты балалар ерекше күтімді қажет ететін балаларға толық әлеуметтенуге, ол ортада өзін еркін және сенімді ұстауға, екі тараптан да сыйластық орнатуға алғашқы қадам жасаушы болып табылады. Осылайша әлеуметтендіріп оқыту мектептерінде басты назарда тұлғаның дұрыс қалыптасуы болады. Бұл мектептердің мақсаты әрбір оқушы өз өмірінің, қызметі мен қарым-қатынасының субъектісі ретінде өзінің толыққанды дамуы мен жетілуін жүзеге асыра алатын қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін мектеп мұғалімдері іс-әрекет барысында (оқыту мен тәрбиелеу) әр баламен жеке тығыз қарым-қатынаста болу тиіс. Білім беру ортасы жеке тұлғаның мүмкіндіктері мен таңдау кеңістігін құру ортасы ретінде саналады.

Бұл орта әр оқушыға "Не үшін оқу керек?", "Неге оқу керек?", "Қалай оқу керек?", "Кіммен бірге оқу керек?" және "Қайда оқу керек?" деген маңызды сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді. Әлеуметтендіріп оқыту ортасының ең маңызды сипаттамасы педагогикалық әсер ету

объектісі ретінде мұғалім мен балалардың өзара іс-қимыл тұрғысынан бейімделуі болып табылады. Бұл мектептерде бейімдеп оқыту үрдісі гуманитарлық және мәдениетті, тұлғалық-эрекеттік, синергетикалық, диалогтық және рефлексивті тәсілдері арқылы әсер ету, шығармашылықтың идеяларлармен тығыз қарым-қатынас орнату, сондай-ақ интегративті білім беру процесі арқылы жүзеге асып отырады. [6]

Ауылдық мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілерін оқыту сұрақтары қазіргі таңда ең өзекті сұраққа айналып отыр. Перспективалық қорытындыларды талдау нәтижелеріне сүйенетін болсақ бұл мектептердің интеллектісінде бұзылысы бар түлектерінің әлеуметтік ортаға бейімделуі күрделі түрде жүзеге асатындығы дәлелденген. Әлеуметтік ортаға бейімделуге байланысты қиындықтарды еңсеруге интегративті білім берудің мол тәжірибесін толықтыруды қажет етеді.

Негізгі міндеттер:

1. Оқушыларды толыққында қолжетімді біліммен қамтамасыз ету;
2. Тұлғаны заманауи әлеуметтік ортаға бейімдеу;
3. Ерекше білімді қажет ететін балаларды тұрғылықты жерлерінде орналасқан түзету мектептеріне орналастырып бейімдеудің жүйесін құру;

Балалардың отбасы мүшелерімен білім беру үрдісінде екі жақты түсіністікте, қарым-қатынаста болуы, қоғамдық талаптарға сай және ерекше білім беру бағдарламасын құру жоғарыдағы аталған міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарады.

Бейімдеп оқыту ортасын құрудағы басты бағыттар:

- Зияты бұзылған балаларды оқытудың жүйесін құру;
- Кәсіптік оқыту жүйесін құру;
- Бейімдеп оқыту ортасына түрлі ерекшелігі бар балаларды енгізу, дамыту іс-шараларын жүргізу, нақты жағдайларда өзіне қызмет көрсете білуге дағдыландыру [6].

Түрлі ауытқушылықтары бар балалармен психологиялық-педагогикалық оқытудың тәрбиелік сипаты, көрнекілік, жеке ықпал ету сияқты жалпы дидактика принциптерімен қатар арнаулы педагогикадағы түзете-дамыта оқыту және практикалық бағытта оқыту принциптерін басшылыққа алады. Дегенмен, осы балалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі қосымша факторларға да байланысты. Ең алдымен, оқу сабақтарының балаларды қоғамдық тәртіп ережелеріне, белсенділіктерін дамытуға, коммуникабельдік дәрежесіне сәйкес келуі үлкен орын алады. Сонымен қатар, барлық сабақтар арасындағы байланыс, яғни бір тақырыптың түрлі пәндерде қаралып, түсіндірулермен қатар, жағымды тұлға қасиеттерін қалыптастыруда еңбекке оқыту, еңбекке баулу ерекше маңызды. Практика барысында балаларда болашақ әлеуметтік бейімделуіне өте маңызды ұжымда бірлесе жұмыс істеу, еңбек етуге деген икем, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу сабақта және сабақтан тыс уақыттардағы ұйымдастырылған сабақтар мен экскурсияларда өткізіледі. Сабақ барысында арнайы құрылған жағдаяттар бойынша балалар қажетті тұрмыстық икемдерді, қоғамдық тәртіп ережелерін игереді. Ол үшін бастауыс сыныптарда сабақтан тыс уақыттарда «Дүкенде», «Шаштаразда», «Автобуста» т.б. сияқты сюжетті-рольді ойындар өткізіледі. Балаларға белгілі бір жағдайда қалай жасау керектігін бірнеше рет қайтара көрсету керек. Бірнеше қайтара жаттығу, жүйелі қойылатын талаптар балаларда қоршаған ортаға икемделуге көмектесетін жағымды әдеттерді шыңдайды. Ал, танымдық әрекеттерін дамыту олардың жеке бас қасиеттеріне әсер етеді. Жас ерекшеліктеріне сай балалар еңбек әрекетін сәйкес бағалай алады, орындаған жұмысының сапасына да жәй қарамайды. Тапсырманы жаман орындаса қынжылып, ал жақсы бұйым жасаса жолдасына, тәрбиешісіне көрсетіп, мадақтауды ұнатады. Балалар осылайша еңбек әрекетіне қатысудың маңыздылығын түсіне бастайды. Бұның бәрі балалардың тұлғалық қалыптасуы туралы айта отырып, олардың өмірлеріндегі еңбектің рөлі мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуына әсер етеді [7].

Оқушыларды әлеуметтік оқыту барысында көрнекі құралдар негізгі тиімді әдіс болып табылады. Бұл жерде көрнекілік шынайылық деген мағынаны білдіреді. Педагог ерекше білімді қажет ететін балаларды экскурсия, сюжетті-рольді ойындар, ертегі қойылымдар, театрландырылған қойылымдар барысында сыртқы ортаның қасиеттерімен, құбылыстарымен таныстырады. Бұл балалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздеріне қызмет ету, тұрмыста және арнаулы өндірісте қиын емес еңбек операцияларын орындауға, мүмкіндігінше қоршаған ортаға икемделуге бағытталған жұмыстар. Осындай жұмыстар барысында дамуында проблемасы бар балалар белсенділік көрсетіп, өз беттерінше жұмыс істей алуға, түрлі жағдаяттар барысына сай әрекет етуге, өзін өзгелердің бағалауына парапар ұстауға үйренеді. Түзету жұмыстары барысында жасаған жұмыстарына сын көзбен қарауға үйреніп қана қоймай, салыстырмалы түрде бағалауға, өзгелердің сындарын қабылдай және текшелер алуға, керек кезінде жолдастарын қолдауға, көмек қолын созуға үйренеді.

Ерекше балалардың қоғамдық өмірге араласулары үшін әлеуметтік-тұрмыстық білім мен икемдерін қалыптастыру екенін назарда ұстай отырып, педагог сабақ барысында балалардың қоғамдық орындарда өздерін ұстай алу, қажетті хабарламалар мен жарнамалық ақпараттарды түсіне бастауға үйрету керектігін де басты назарда ұстайды. Мысалы, жаяу жүргіншіге арналған белгілер, ойнауға тиым салынатын белгілер, жақын жердегі асхана, емхана бар екені туралы айтатын белгілерді көріп, керегіне жарата алу, кез-келген жағдаяттан шығатын жол болатынын түсіндіру әрине білім беру барысында алатын біліммен байланысты.[6]

Қорыта айтқанда, ерекше білімді қажет ететін балаларда қоршаған орта туралы сәйкес түсінік қалыптастыру көп жағдайда педагогтың оқыту мен тәрбиелеудің түрлі әдістері мен формаларын қолдана отырып, дұрыс педагогикалық процесс ұйымдастыруымен анықталады. Ерекше көзқарасты қажет ететін балалардың дамуы инклюзивті оқыту мен тәрбиелеу барысында практикалық әрекеті негізінде құрылады. Сондықтан, бұл балаларды өмірге бейімдеу экскурсия және сабақтар, түрлі ойындар формасында ұйымдастырылып, бала дамуында жетекші орын алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.2017 жылы 12 сәуір
2. Выготский Л.С Проблемы развития психики /Под.ред. Матюшкина А.М.- М.:Педагогика,1983.-368 с
3. Тебенова Қ.С. Дамуында ауытқуы бар балалар.- Қарағанды, 2003-160 бет
4. Караковский В.А., Новикова Л.И., Селиванова Н.Л. Воспитание? Воспитание...Воспитание!-М., 2000г.
5. Искакова А.Т.,Монкебаева З.А., Закаева Г., Айтбаева А.Б., Байтұрсынова А.А., "Основы инклюзивного образования" (Учебное пособие). Алматы,2013 г
6. А.К.Айтбаева "Инклюзивное образование" (Учебное пособие). Алматы,2014 г
7. "Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивтік білім беру" Әдістемелік ұсыным. Астана, 2014 ж.
8. "Инклюзивное обучение" (дидактический материал к лекционному курсу) РИПКСО кафедра коррекционной педагогики. Алматы, 2002 г

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ – ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды.

Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», -деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың биылғы «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміз дамуының барлық Стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз - белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар»- деген.

Ал, дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі – жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

Осы орайда ойымды өрнектеп, сөзімді өлеңмен жалғастырсам деп едім:

Білім жайлы бағдарлама жаңадан,

Өзгертіліп енгізілді қайтадан.

Алға қарай самғау керек қашанда,

Заман соны талап етер байқасам.

Иә, қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде бірқатар пәндер бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстары жүргізілуде.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;

2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану күзіреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

4. Мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Оқудан күтілетін нәтижелер:

- Мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

-Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

-Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

-Мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайын да пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсына арналған әсерлер өте көп. Ондағы жүргізілген тиімді әдіс-тәсілдер – педагогтардың оқытудың әмбебап үлгісін және тиімді әдістер жүйесін қолданып, оқушыларға тәуелсіз болуға, сыни тұрғыдан ойлауға, оқуға жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарауына көмектесетін сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы – озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Сөзімнің соңын қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. https://baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_muragat/regmedia-44473, сілтемеге жүгіну күні – 11.12.2018.
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>, сілтемеге жүгіну күні – 06.11.2019.
3. Иргалиев А.С. Социализация личности: Монография./ Сост. А.С. Иргалиев – 2-е изд. Уральск: РИЦ ЗКГУ им. М.Утемисова, 2018. – 129 б.
4. Қалдыбаева Т.Ж. Білім социологиясы.- Алматы, 1997. – 97 б.
5. Бортко Т.Г. Проблемы социализации учащихся общеобразовательных школ Казахстана. - Алматы, 2005. – 45 б.
6. Бубнова С. Психологические аспекты профессиональной консультации // Психологический журнал, 1990. – № 1. – 67-72 бб.

7. Щурова Н.Е. Педагогическая технология / Н.Е.Щурова. М.: Педагогическое общество России, 2002. – 224 б.
8. Насырова И. Г. Профессиональная адаптации. Авто. реф.дис. канд. Пед. наук. -М., 1985. – 193 б.
9. Вершловский С.Г., Бритвихин А.Н. Социально-педагогические проблемы адаптации молодых учителей. – Ленинград, 1981. – 3-15 бб.
10. Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности, Ленинград: ЛМУ, 1970. – 104 б.

ӘОЖ 374.3

Иргалиев А.С., Мухамбетова И.У.
Қазақстан, Орал қаласы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ТІЛ КЕМІСТЕГІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗЕТІН ЛОГОПЕДТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

Қазіргі балабақша жағдайында логопедиялық қызмет баланың психологиялық әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып ұйымдастырылады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілкемістігі бар балалармен логопедиялық жұмыста Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзету арқылы қолдау» туралы Заңы негізге алынады [1].

Жаны ауырған ата-ананың үмітіне сенім ұялатып, баланың қоғамда емін-еркін жүріп тұруымен қатар, қоғамда алаңсыз өмір сүруді үйрететін ол логопед маманы. Қазіргі таңда, логопедия саласының елеулі қарқынды дамуы байқалады.

Тіл кемістігі деп сөйлеу қабілетінің психофизикалық механизмінің бұзылу салдарынан сөйлеушінің сөйлеу тілінің қоршаған ортаға тән мөлшерден ауытқуын айтады. Коммуникативті теория бойынша сөйлеу тілі бұзылысы-ол вербальді қатынастың бұзылуы деп есептеледі.

Статистикалық мәліметтер бойынша сөйлеу тілінің бұзылысы жылдан-жылға қарқынды өсуде. Оның себебі әр түрлі жағымсыз ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен, атап айтсақ, асфиксия, туу кезінде жарақаттар, бас миындағы ісіктер, инфекциялық аурулар, экологиялық жағдайлар. Әлеуметтік жағдайларда өз әсерін тейгізіп жатады. Баланың дұрыс сөйлемейуі еліктеуден де болуы мүмкін.

Психологиялық қызметтің жұмысы, халықаралық және Қазақстандық балаларды қорғау мен дамыту заңдары мен актілеріне негізделеді. Қызмет өз жұмысында, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірлігінің нормативті құжаттары мен актілерін, бұйрықтары мен ережелерін басшылыққа алды.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- Баланың әр жас кезінде сәйкес, жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуына қолдау көрсету, өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде, әр балаға дара көмек беруді қамтамасыз ету;
- Баланың интеллектуалды және жеке тұлғалық дамуындағы ауытқулардың алдын-алу және жою;
- Ғылыми-зерттеушілік заманауи білім беру жүйесінде, кәсіби-психологиялық әдістер мен тәсілдерді даярлау мақсатында, баланың әлеуметтенуі заңдылықтарын, психикалық дамуы мен жеке тұлғасының қалыптасуын зерттейді;

Жоғарыда аталған бағыттардың әрқайсысы, өзіне тән міндеттерді шешеді, мамандардың біліктіліктеріне сәйкес, жүзеге асады.

Логопедия саласы клиникалық медицинамен, невропатологиямен, нейропсихологиямен өзара байланысын кеңейту үстінде. Осыған байланысты, баланың дұрыс сөйлеуін, оның болашағына, жан-жақты дамуына, әлеуметтік бейімделуіне әсерінің маңызы зор. Баланың жеке ерекшеліктерін анықтап, оның тұлғалық мотивациялық, мінез-құлық және интеллектуальдылық деңгейін зерттеп, психологиялық-педагогикалық диагноз қояды [2, 15-16 бб.]. Баланың бойындағы сөйлеу тілі дамуының кемшіліктер ерте жастан диагностика жүргізудің маңызы зор. Логопед тек қана дыбыстарды қою ғана емес, сондай-ақ баланың бойындағы барлық психикалық процестердің дамуына ықпал етеді, танымдық қызметтерді қалыптастырады. Тіл мүкістігі бар баланың психикалық дамуына жеке жетілуіне, тәртібіне әсер ететін белгілі. Кейде мүкістігі бар балалар мен ата-аналар аз сөйлесіп, өз ара түсінісуді жеңілдеткісі келеді, бұл баланың психикалық және сөйлеуін дамытудағы зор зиянын тигізеді. Егер бала сөз сөйлемесе, ата-ана бүкіл отбасы мүшелері көбірек сөйлесе, баланың сөздік қоры молайып, тілі дамиды [3, 77 б.].

Тіл кемістігінің құрылымы мен дәрежесі, мидағы зақымдану деңгейімен және оқшаулануымен байланысты, ал бұл факторлар, миға әсер ететін патогендік себептердің уақытымен байланысты. Ауыр сөйлеу патологиясы бар, мектеп алды жасындағы балалардың сөйлесу дағдысын зерттеу жұмыстары, олардың тілдік қатынасында, қалыпты дамыдағы 2-4 жасқа тән және ситуациялық-іскерлік форма басым болатынын көрсетеді. Содан сөйлесу қажеттілігі төмендейді, коммуникация формалары қалыптаспайды (диалог және монолог) мінез-құлық ерекшеліктері пайда болады: тілдік байланысқа қызықпау, негативизм, сөйлеу ситуациясында, бағдар жасай алмау.

Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бұл-баламен кеңесе отырып оның жеке қызығушылықтарын анықтау. Оның белгілі бір мақсаттарға деген ұмтылыстары мен мүмкіндіктеріне қолдау көрсету, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отырып дамуына, оқыту нәтижелеріне өз бетінше қол жеткізуіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, көпшілікпен араласуына, өмір сүру салтын қалыптастыруға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуіне көмектесу болып табылады. Зерттеу барысында балалардың тіл дамуы саусақтың қозғалуына байланысты. Саусақтың қозғалуына баланың жасына сай болуы керек. Ғылыми тұрғыда, балалардың тіл дамуы жіңішке қол арқылы дамиды. Жалпы моториканың және саусақтың қозғалуы жетіспеуі тілдік функциясына байланысты.

Мектеп жасына дейінгі тіл кемістігі бар балалардың негізгі іс-әрекеті ойын екені мәлім. Бұзылған және сақтаулы анализаторлардың жаттығуына ойын әрекеті ізгі тамаша құрал болып есептеледі. Бала ойын барысында еш қиындықсыз жаңа білім, дағдыларды игереді. Бұл ойынның даму және түзету құрал ретінде құндылығы деп саналады. Коррекциялық-дамытушылық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізсе, баладағы сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына септігі тиеді.

Қазіргі таңда, психокоррекциялық мақсатта қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлі өте көп, соған орай жоғарыда айтып өтілген ерекшеліктерді ескере отырып, психологиялық көмек түрлерін мұқият таңдау өте маңызды. Өйткені, осы құрастырылған бағдарламаға байланысты, баланың танымдық процесстері, коммуникативтік аясы, мінез-құлық аясы өзгеріп, дамиды және ертерек жағымды динамикасы байқалады.

Психокоррекциялық жұмыс барысында танымдық қызмет ерекшеліктерін дамытуда келесі әдістерді қолдану тиімді болады.

Зейіні шоғырлануын түзету әдісі сандық тапсырмалар көбеюі мен күрделене түсуіне байланысты құрастырылған жаттығулар қолданылады. Әдістің тиімділігі міндетті шарты-жаттығуларды үнемі қолдану және тапсырма орындалу барысында балада жағымды эмоциялық әсер алуы.

Қабылдауды түзету әдісінің психологиялық тапсырмалардың түрлері:

- нұсқау бойынша кейбір сөздерді мағнасын графикалық түрде қайта жаңғырту;
- бөлек қағазға заттың бір бөлігін ғана немесе мұрнын салу.
- фантастикалық кейіпкерді салу, мысалы сиқырлы бақтағы жалын-құс.
- нүктелерді әртүрлі комбинацияда салу.
- балаға суреттің жиектерін нүктелермен салып беріп, үстінен жүргізіп беруін өтіну.

- жол ересек күрделі сызықтарды салып, баладан жанына тура сол сияқты сызықтарды салуын сұрау.

- қарындаштың ұшын қағаздан алмай түзеу сызықтар салу.

- ермексизден әртүрлі пішіндер жасау.

Іс-әрекеттің сөйлеу тілі арқылы жетелеу әдісін екі бағытта жүзеге асыруға болады. Бірінші бағыт баланың не істеу керектігін және оны қалай жүзеге асыру керектігін, сөйлеу арқылы орындаудан, ережелерді өз бетінше талдауға және сөйлеу тілімен әрлеуге дейін жеткізу; ары қарай-жалпы мақсатты түсініп, сөзбен айту арқылы өз жеке мақсатын, сол мақсатқа жету үшін не істеу керектігін сөзбен жеткізу [4].

Екінші бағыт-атқарылатын іс-әрекетті қалай жүзеге асыратынын сөйлеу тілімен ашып айтқызу, оны қайтадан сыбырлап айтып, аяғында осының барлығын іштей айтыуға дейін жеткізу.

Ол дегеніміз:

- даму бұзылыстарын ерте түзету;

- балаларды әлеуметтендіруде, оқытуда жеке ыңғай жасау;

- оқуға ынтасын, дербестігін, әлеуметті мүмкіндіктерін дамыту;

- өмірлік құзіреттердің дағдыларын қалыптастыру;

- ата-аналарымен және құрдастарымен конструктивті қарым-қатынас құру.

Зат және іс –әрекетпен байланыстырып еліктеу арқылы баланың былдырлау сөздерін қалыптастыру жүргізіледі. Былдырлау сөздерді формальды түрде емес, оймен айтқызуға күш жұмсау қажет. Дыбыс пен буын сөздерді балаға ыңғайлы етіп, таңдау қажет. («ма-ма», «папа» «баба», «аға» «Тата» «гага»). Ойыншық жануар, заттарға сай («би-би», «га-га», «ко-ко», «ква-ква», «мө-мө») түрлі еліктеу дыбыстары қалыптасады. Жеңілдетілген сөзден бастап, жалпылама сөздерді айтқызу дамытылады. Түсінікті тілде «бер», «ма», «бар», секілді сөздер ұсынылады. Қосымша сөз қорлары біртіндеп көбеюі тиіс. Белгілі деңгейде сөйлеу қатынасының дамуы үнемі өсіп отырады. Қарапайым сөйлемді айтуды қалыптастыру келесі логопедиялық кезең боп табылады. Дыбыстық-буындық құрылымды қиындата отырып, балаларға сабақта жаңа сөздер беріледі. Жақындары мен өзі жасаған әрекеттерге, жиі көзбен көретін белсенді және белсенді емес сөздік заттарды бала қолдануы керек. Келесі құрылымда екі сөзді сөйлем еліктеу мақсатында балаға ұсынылады [5].

Емдік-педагогикалық жұмыс барысында ұсақ білезік пен қол саусақтарының қалыптасуы кезеңдерінде мына жағдайларды екеру қажет: толық ашық қолдарға сүйенуі, заттарды ерікті түрде қолымен қармауын жүзеге асырылуы, саусақпен қармауды іске қосуы, саусақтарды айқастыруы, іс-әрекет пен манипуляциялардың ақырындап күрделенуі, сараланған қол саусақтарының қозғалысы.

Әрі қарай алақанға және саусақтарға массаж бен пассивті жаттығулар жасалады:

- сипалау, спираль түрінде, саусақтың ұшынан негізіне дейінгі қозғалыстар;

- ұрғылау, шаншу арқылы, саусақ ұштарын және саусақтардың арасын уқалау;

- саусақтың және алақанның (саусақтан шынтаққа дейін) сыртқы бетін сипалау мен

ұрғылау;

- баланың алақанымен педагогтың қолына шапалақтау, қатты және жұмсақ жақтарынан;

- саусақтарын айналдыру әрқайсынан жеке;

- алақаннан дөңгелете айналдыру;

- алақан саусақтарын кезекпен ашу, содан кейін саусақтарды түгелмен бүгу бас бармақ жоғары жағынан орналасады.

Тіл кемістігін зертеген ғалымдар. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауын түзету жұмысының негіздері көптеген психологиялық зерттеулер қарастырылды (Р.Е.Левина, Б.М.Гриншпун, Л.Ф.Спирова, Н.А.Никашина, Н.С.Жукова) сөйлеу тілін қалыптасыра-дамыту келесі жағдайларға негізделеді [6].

Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен дер кезінде мамандар түзету жұмыстарын жүргізуі қажет.

Баланың сөйлеу тілін жетілдіруде саусақтарды жаттықтыра отырып бас миының жұмыс істеу қабілетіне күшті ықпал етеміз. Сондай-ақ қолдың жазуға икемділігін арттырамыз. Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету жұмыстарына кіріспес бұрын, оның жеке тұлғалық белгілерін міндетті түрде білу қажет. Кейбір балалардың сөйлеу тілінің бұзылуымен қатар, нервті-психология саласында да психологиялық ауытқушылықтар болатына да назар аудару қажет. Сол себепті де балалармен күнделікті жұмыста әр баланың жеке қабілетін ескере отырып, жалпы және арнайы моторикасын дамыту үшін ойындар мен тапсырмалар беріп отыру қажет.

Тіл кемістігі бар балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуда әртүрлі массаж қолданады. Оның негізгісі сылау, сипау, қысу, сілкілеу, қозғалту, дірілдету арқылы босаңсыту және қатайту массаждары. Сондай-ақ биологиялық активті нүктелерге әртүрлі вибро-массажер, зонд, дөңгелек, массаж доптар, спанжер және өз-өзіне массаж түрлері жасалады. Біз өз тәжірибемізде алақанға Су-Джок массажері мен саусақ буындарына сақиналары пайдаланамыз. Жалпы массаж жасауға қажетті ұсыныстар.

1) Массаж балаға қолайлы жағдайда мүмкіндігінше жақсы музыкалық сүйемелдеумен өткізілгені дұрыс.

2) Баланың терісі-құрғақ, таза болуы керек. Массаж жасаушының қолы таза, жылы, жарақатсыз болу тиіс.

3) Массаж ұзақтығы 10-12 процедур бір цикл, күн сайын немесе күн аралық. Алғашқы уақыты 2-3 минуттан басталады.

Қол моторикасын дамытуға арналған графикалық диктант баланың тіл мүкістігін, жазу бұзылуын түзетуде айтарлықтай ықпал етеді. Жаттығудың бір түрі мынадай: Алдымен қолды суық және ыстық суға салып алмастыру керек. Осыдан кейін ермек саз, сурет салу немесе графикалық жаттығуларды жасаймыз. Қамырмен жұмыс жасау да пайдалы. Қамырды домалату, сығу, содан кейін үш саусақпен кішкентай бөлшектерге бөлу арқылы саусақтарды жазуға дайындауға болады. Немесе моншақты, түймелерді жіпке тізу. Мұндай жаттығулардың баланың дамуына септігі көп.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзету арқылы қолдау» ҚР 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы.

2. Жардемалиева Э.Ж. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеуде ойынның маңызы. //Дефектология.-№6(108) – 2019.-15-16 бб.

3 .Логопедия: Қ.Қ. Өмірбекова, Г.Н.Оразбаева, Г.Н.Төлебиева, Г.Б. Ибатова. 77 бет

4. Логопедия: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов/Л.С. Волкова, Р. И. Лалаева, М. Мастюкова и др.; Под ред. Л. С. Волковой. - М: Просвещение, 1989. -528 с.

5.Филичева Т.Б. Особенности формирования речи у детей дошкольного возраста. Монография.- М., 2000. - 314 с.

6. Цейтлин С.Н. Язык и ребенок: Лингвистика детской речи: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. - 240 с.

ӨОЖ 37.08

Иргалиев А.С., Ш.Т.Назарова
Қазақстан, Орал қаласы

ЖАС ПЕДАГОГТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛІ КӘСІБИ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ ШАРТТАРЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар білім беру мекемелерінің қызметіне ауқымды өзгерістер әкелді. Осыған байланысты жылдам өзгеріп отыратын әлемде жеке тұлғаның кәсіби әлеуметтенуінде белсенді рөл атқаратын білім берудің жаңа формаларын, әдістерін, құралдарын, шарт-жағдайларын іздестіру қажеттілігі белең алуда [1].

Орыс жазушысы Ф.И.Достаевский айтқандай, жеке тұлғаның жан-жақты дамыған ешкімге тәуелді емес, өзін-өзі бағалап, өзінің бағыт-бағдары тәуелді болатындай, өз бетінше шешім қабылдап, өмір сүре алатындай бағыт ұстануын қамтамасыз ететіндей әрекет ету керек. Жалпы мәдениеттің негізі сол кезде қаланады, өзін-өзі тануға қызығушылығы артады, дербестілігі дамиды. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында, біздің қоғамымызда өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол педагогтарға сұраныс күшейеді. Осы тұрғыда білім беру жүйесіндегі реформалар білім саласының қарқынды дамуына елеулі ықпалын тигізеді. Соған байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып, елімізде білім беруді әлемдік стандарттарға бағыттай отырып, модернизациялау жүзеге асырылуда. Аталған мемлекеттік бағдарламада бірінші кезекте «Білім беру сапасы, сапалы даярлығы бар педагогтармен айқындалады» деп атап көрсетілген[2].

Біртіндеп қоғам талабына сай, жас ұрпаққа тәлімді тәрбие беріп, оларды қоғамдық өмірге белсенді азамат ретінде қосудың жолдары мен амалдары іздестіріліп, әлеуметтенудің ғылыми тұрғыда негіздемелері пайда болды. Әлеуметтену мәселелерін зерттеумен әлеуметтанушылар, философтар, психологтар, педагогтар және т.б ғылым салаларының мамандары айналысуда. Зерттеушілер «әлеуметтену» ұғымына өздерінің мамандандырылуына байланысты әртүрлі анықтамалар қалыптастырды.

«Әлеуметтену» сөзі «әлеуметтік» сөзімен төркіндес яғни (латынша «socialis») әлеуметтік, қоғамдық деген ұғымдарды білдіреді. Әлеуметтену - индивидтің нақты қоғамға, әлеуметтік топқа тән құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін игеріп, тұлғаға айналу процесі [3].

Әлеуметтену – тірі тіршілік факторларының жиынтығының стихиялық және ұйымдасқан әсерлері нәтижесінде адамның әлеуметтік даму процесі. Әлеуметтену адамның өмір бойы әртүрлі факторлармен, жағдаймен, жағдайлармен және субъектілермен өзара әрекеттесуінде жалғасады [4].

Э.Дюркгеймнің тұжырымдамасы қоғамның әлеуметтенуші рөлін басым көрсетеді, өз кезегінде ғалымның социологизмі әлеуметтену контекстінде мақсатты бағытталған тұрғыда зерттеушіні индивидтерді мәдени ассимиляциялауға, әлеуметтік бейімдеуге бағдарлайды және социумның әлеуметтік-мәдени әсерінің объектісі ретінде жеке тұлғаны талдаудың теориялық дәстүрлерінің негізін қалайды.

Ал ғалым Т.Қалдыбаеваның пайымдауынша, «әлеуметтену» ұғымы тұлға ұғымымен бірдей мәні бір, бірі адамның әлеуметтік даму жолын бейнелесе, екіншісі соның нәтижесі, ал әлеуметтендірудің мәні- адамның адамдық қасиеттерін ашып, оны қоғамдағы әлеуметтік қатынасқа түсуге даярлау, тек әлеуметтік қатынасқа түсіп қана қоюға емес, саналы арақатынасқа, өзінен басқа да адамдар сезімі, мүддесі, сұранысы бар екенімен санаса отырып, адамдық мәніне лайықты қатынас жасау деп тұжырымдайды [5].

Ал кәсіби әлеуметтендіру – жас педагогтың өзінің мамандығының қыр-сырын, әдіс-тәсілін, спецификасын толық меңгеруіне бағытталған әлеуметтенуі. Ол педагогтың өзіндік мінезіне, біліміне, үйренген дағдысына, дайындық формасына байланысты болады. Кәсіби әлеуметтендіру әрекеттің әр түрлілігіне, оған деген қызығушылығына, еңбек мазмұнына, ортаның әсеріне, тұлғаның индивидуалды және психикалық қасиетіне тәуелді болады. Кәсіби әлеуметтендірудің критеріі толық түрде жас маманның атқарған еңбек әрекетіне, жұмысының нәтижелігіне және сапалы болып шығуына тікелей әсер етеді. Кәсіби әлеуметтендіру еңбек әрекетінің қалыптасу стереотипіне жұмысшылардың бейімделмеген қасиетіне де байланысты болады [6].

Кәсіби әлеуметтендіру жас педагогтың өзіндік ішкі дүниетанымының өзгеруі, оның қайта қалыптасуы, мүмкіншіліктерді іздеуі, кәсіби сананың өсу деңгейі, жаңа жұмыс орнына кәсіби әлеуметтенуіндегі негізгі кезеңдері болып табылады. Бұл кезеңде белгілі бір сыртқы талаптарды, нормаларды ережелерді орындауға тура келеді. Жас педагогтың жаңа жұмыс орнындағы кәсіби әлеуметтену кезеңінде өзіндік анықталуы, өзін-өзі іске асыру мәселелері

де үлкен мәнді иеленеді. Өзін іске асыру кезінде адамның өмірлік стильдері қалыптасады. Жас педагог өмірдің мәнін саналы түрде түсіне бастайды, өз бетімен белгілі бір әрекет жасайды, кез-келген жағдайға үлкен жауапкершілікпен қарай бастайды, соның негізінде оның кәсіби шеберлік деңгейі белгілі бір дәрежеде жоғарлайды. Кәсіби әлеуметтендіру жас педагогтың еңбек әрекетіне белсенді араласуын, өз еңбегінен қанағат алуын, өзін-өзі психологиялық және физиологиялық жағынан қамтамасыз ете алуын, жаңа жұмыс орнының кез келген талаптарын орындай алуын, өз міндеттерін толық атқара білуін, топта қалыптасқан нормаларды орындай алуын, ұйымның мәдени талаптарын меңгеруін, ұжым мүшелерімен өзара қатынас жасауын, жас педагогтың ішкі және сыртқы орта шарттарына толық үйренісуін және өмірлік әрекетін әр түрлі сферада орындай алуын білдіреді.

Жас педагогтарды кәсіби әлеуметтендіру барысында тұлға мен кәсіби әрекеттің бірігуі жүреді, осы іс-әрекет құрамына кіретін арнайы білім, ептілік пен дағды және мақсат пен мотивтері кіреді. Жас педагогтарды кәсіби әлеуметтендіру процесінде маман белгілі бір іс-әрекет мазмұнын меңгереді. Мұндай процестің нәтижесі тұлға мен іс-әрекеттің бұзылмайтын бірлігі болып табылады.

Жас педагогтарды кәсіби әлеуметтендірудің психологиялық ерекшеліктерін толықтыра кететін болсақ, қазіргі таңда жас маманның өз мамандығын жоғарғы деңгейде меңгеріп, шығармашылыққа жету, кез-келген педагогтың өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Психологиялық тұрғыда қарастырсақ, бұл жас педагогтың барлық уақытта кәсіби дамуға, біліктілігін жетілдіруге дайын болуы, жаңа білім мен іскерлікті толықтыру әрекеті, өзіндік ынтасы мен талпынысы. Н.Е.Щурованың пікірінше, жеке тұлғалық қасиеттерді анықтау кәсіби құндылық, маман болуда ол маңызды қажетті жағдайда бірнеше ролді атқарады: дене, психикалық саулық, рухани күштілікті меңгертеді [7].

Жас педагогты жаңа жұмыс орнына дайындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жас педагогтың жаңа жұмыс орнына келуі – жас педагогтың өзіне де үлкен жауапкершілікті талап етеді. Еңбек әрекетіне еш ауыртпалықсыз әрі табысты кірісіп кету үшін дені сау және жан-жақты даярланған болуы қажет.

Жас педагогтардың жеке тұлғасын кәсіби әлеуметтендіру төмендегі негізгі міндеттерді көрсетеді:

- жас педагогтардың жеке тұлғасы болашағын, саяси және әлеуметтік маңыздылығын өзектендіру;
- интеллектуалдық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және тәрбие міндеттерін жүзеге асыруға шоғырландыру;
- ашық ақпараттық, білім беру, жеке тұлғаны кәсіби әлеуметтендіру, қалыптастыру, кәсіби әлеуметтік және тұлғалық кеңістікті құру, жас педагогтардың жеке тұлғалық жауапкершілігін сезіну және өз бетінше дербестік қасиетін сақтай отырып, кәсіби әлеуметтік ортаға бейімделуі;
- жас педагогтардың рухани, интеллектуалдық және өз денсаулығы мен кәсіби әлеуметтік біліктігі мен жауапкершілігін көтеруді ұйымдастыру;
- жас педагогтардың әлемдік және ұлттық мәдениетті игеруіне байланысты толеранттылыққа, келісім және ұлтаралық мәдениет пен қарым-қатынасқа тәрбиелеу;
- қоғамға, қоршаған ортаға, табиғатқа жағымды көзқарас қалыптастыруға ықпал ететін кәсіби әлеуметтік педагогикалық жағдай жасау;
- кәсіби бағдар мен тұлғаның өзін-өзі іске асыруына және өз білімін үздіксіз жетілдіру қажеттігін тудыру [8].

А.Н.Бритхивин мен С.Г.Вершловский жас педагогтарды әлеуметтендірудің әлеуметтік – педагогикалық мәселелерін қарастыра отырып, педагогикалық шеберлікті меңгеру мен кәсіби бейімделудің сәтті нәтижесін болжауға болады деген қорытындыға келді. Бұл құнды қағида жас педагогтардың бейімделу процесі жетілдіруінің ең тиімді әдістерін теориялық бекіту үшін пайдалануы мүмкін. С.Г.Вершловский жас мұғалімнің еңбек қызметінің бастапқы кезеңінде қиындықтардың болатынын жоғары оқу орнында алған практикалық дайындықтың жеткіліксіздігінен екенін түсіндіреді. Жаңадан келген педагогтар тек тәжірибе

жүзінде ғана меңгере алатын білім тапшылығын сезінеді. Мұғалім студенттік жылдарда оқыған педагогикалық теория пәні тәжірибені жалпы қарастырады және нақты педагогикалық жағдайларда көмектесе алмайды. Жас педагог кездестіретін тәрбиелеу жағдайлары комплексті сипатқа ие болып және оларды шешу үшін бар білім жинтығы қажет [9].

Жас педагогтардың қиындықтарын комплексті және бірыңғай әдістемемен зерттеуде Н.В.Кульминнің және Т.С.Полякованың зерттеулері ерекше. Олар педагогикалық қиындықтардың маңыздылығын анықтап, классификациясын жасап, жаңадан келген педагог жұмысындағы қиындықтардың себептерін табуға тырысты. Анықталған қиындықтарды жеңу үшін болашақ мұғалімдерінің жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары оқу орныдағы дайындық процедурасы және әдістемелік (методологиялық) әдіснамалық жасалды [10, 11].

Жас педагогтардың кәсіби әлеуметтенуіне ықпал етуші факторларды анықтау олардың жетістікпен нәтижелі кәсіби әлеуметтенуін қамтамасыз ете алатын педагогикалық шарттар жиынтығынан тұрады:

Бірінші педагогикалық шарт – кәсіби даярлау мазмұнының жас мамандардың кәсіби әлеуметтік интеллектін дамытуға бағыттылығының қамтамасыз етілуі. Бұл шарттың жүзеге асырылуы жас педагогтардың өзінің кәсіби даярлығының мәнін жете түсінуімен, олардың кәсіби әлеуметтік білімдерін, кәсіби әлеуметтік өзара әрекет етулерінің және кәсіби әлеуметтік болмыстың құндылықтарын санамен пайымдауларының қажеттігімен анықталады. Кәсіби әлеуметтік интеллектінің дамуы болашақ мамандардың әлеуметтік құзыреттілігінің когнитивтік компонентінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Осы орайда әрбір нақты тұлғааралық жағдаяттардағы мінез-құлыққа қатысты өз бетімен шешім қабылдауға қабілеттілігінің дамуына басты назар аударылады.

Екінші педагогикалық шарт – жас педагогтардың кәсіби әлеуметтік мәліметтермен жұмыс жүргізу іскерліктерін дамытудың ұйымдастыру формалары мен әдістерінің жетілдірілуі. Бұндай шарттың жүзеге асырылу қажеттілігі мамандардың кәсіби іс-әрекетінде әлеуметтік-педагогикалық-психологиялық мәліметтердің атқаратын рөлімен анықталады. Әлеуметтік мәліметтерді иелену қоршаған ортада дұрыс бағдар ала білуіне және кәсіби ұжымда қабылданған нормалар мен құндылықтарға табиғи сәйкес келіп өзінің мінез-құлқының барабар бағытын құруға мүмкіндік береді. Осы орайда педагогикалық жұмысты бірнеше бағытта ұйымдастыру шамаланады:

- мәліметтерді іздеу және жүйелеу іскерлігін дамыту;
- талдаушылық қабілеттерін жетілдіру;
- ұжымдық жұмыс істеудің жаңа технологияларын меңгеру;
- өзінің мінез-құлқын саналы түрде басқару.

Жас педагогтарды нәтижелі кәсіби әлеуметтендірудің үшінші педагогикалық шарты - жас педагогтардың жеке тұлғалық сапа-қасиеттерін дамытуға ықпалын тигізетін практикалық бағыттылық әлеуметтік маңызы бар іс-әрекетте тарту. Бұндай шартты таңдауға жас педагогтардың еңбегінің ерекшелігі негіз болды. Олар біріншіден, кәсіби сипаттағы сан қырлы міндеттерді өз бетімен қоя білу және шешімін табу қабілеттілігіне; екіншіден, баламалы шешімдерді ұсыну және олардың қатарындағы тиімдісін сұрыптау өлшемдерін таба білу іскерлігі; үшіншіден, кәсіби әлеуметтік және өндірістік ортадағы жайсыз, қолайсыз факторларға төтеп беру тұрақтылығы. Осы орайда жеке тұлғаның іскерлік бағыттылығы, өзіне деген сенімділігі, психологиялық такті, жоғары жауапкершілігі, бастамашылдығы, ынтымақтастыққа және шығармашылыққа даяр болу сияқты сапа - қасиеттері алдыңғы қатарға шығады. Осындай сапа - қасиеттерінің дамуына жас педагогтардың жүйелі түрдегі практикалық бағыттылық кәсіби әлеуметтік маңызы бар іс-әрекетке тартылуы септігін тигізеді. Бұндай нәтижелерге жетудің пәрменді құралдары санатына кәсіби әлеуметтік процестерді бақылау іскерлігін белсендіру, жас педагогтарды біріккен іс-әрекеттерге қатысуға ынталандыру және өзін-өзі басқару жұмыстарына тарту, кіші командаларды кәсіби әлеуметтік мәні бар іс-әрекеттерге қатысуы жатады [12].

Жас педагогтарды нәтижелі кәсіби әлеуметтендірудің төртінші шарты ретінде оның әдістемелік жағынан білімдерін, дағдыларын, құзіреттіліктерін дамыту және жетілдіруді негізге аламыз. Әдістемелік жұмыс дегеніміз - ғылым мен озат тәжірибе жүйесінің тұтас жетістігі, бір-біріне қатысты жан-жақты білімі жетілген өз ісінің маманы, шебер ұстаз ісіне бағытталған, ұжымының шығармашылық деңгейде болуына және дамуымен тығыз байланысты. Әдістемелік жұмыста бастысы:

1. Жас педагог жұмысындағы қиындықты анықтау.
2. Өз уақытында көмек беру.
3. Ғылыми жетістіктерімен таныстыру.

Жас маманның нәтижелі кәсіби әлеуметтенуіне басты әсер ететін көрсеткіштер: бәсекеге қабілеттілік, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, зерттеушілік, әлеуметтік тұлғалы ақпараттық құзіреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілігі, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға болу. Егер жас маман ізденуден жалықпайтын шығармашыл тұлға болса, ол сабақты түрлендіріп, тұлға жүрегіне жол таба біледі. Сондықтан олардың функционалды сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу, оқу танымын ұйымдастыруда кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып-үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады [13].

Сонымен жас педагогтарды кәсіби әлеуметтендіру – жаңа жұмыс орнына әлеуметтенуі, ұжымға әлеуметтену, жұмыс режиміне, міндеттеріне, жұмыс ерекшеліктеріне үйренісуі арқылы болатын процесс болып табылады. Сонымен қоса, сол жұмыс орнындағы талап-тілектерді, ережелерді, нормаларды оның табысты іс-әрекетін қамтамасыз ететін процесс ретінде қарастырылады. Толық кәсіби әлеуметтенген жас педагог сол ортаның ерекшеліктерін қабылдай алатын адам болып табылады. Жаңа түскен ортаның кез-келген ерекшеліктері мен артықшылықтарын түсініп, қажет жағдайда меңгере білген маман толық кәсіби әлеуметтену сатысынан өтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_muragat/regmedia-44473, сілтемеге жүгіну күні – 11.12.2018.
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>, сілтемеге жүгіну күні – 06.11.2019.
3. Иргалиев А.С. Социализация личности: Монография./ Сост. А.С. Иргалиев – 2-е изд. Уральск: РИЦ ЗКГУ им. М.Утемисова, 2018. – 129 б.
4. Қалдыбаева Т.Ж. Білім социологиясы.- Алматы, 1997. – 97 б.
5. Бортко Т.Г. Проблемы социализации учащихся общеобразовательных школ Казахстана. - Алматы, 2005. – 45 б.
6. Бубнова С. Психологические аспекты профессиональной консультации // Психологический журнал, 1990. – № 1. – 67-72 бб.
7. Щурова Н.Е. Педагогическая технология / Н.Е.Щурова. М.: Педагогическое общество России, 2002. – 224 б.
8. Насырова И. Г. Профессиональная адаптации. Авто. реф.дис. канд. Пед. наук. -М., 1985. – 193 б.
9. Вершловский С.Г., Бритвихин А.Н. Социально-педагогические проблемы адаптации молодых учителей. – Ленинград,1981. – 3-15 бб.
10. Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности, Ленинград: ЛМУ,1970. – 104 б.
11. Полякова Т.С. Анализ затруднений в педагогической деятельности начинающих учителей, Москва:Педагогика, 1983. – 128 б.
12. Педагогический энциклопедический словарь / Гл.ред. Б.М. Бим-Бад; - М., Большая энциклопедия, 2003. – 528 б.
13. www.akorda.kz/.../kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-n, сілтемеге жүгіну күні – 16.01.2019.

САНОГЕНДІ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІН ТАЛДАУ

Қазіргі уақытта ғылымда педагог-психологтің жеке тұлғалық құрылымдық компоненттерін, оның қызметі мен қарым-қатынасын, кәсіби құзіреттілігінің ерекшеліктері мен өзіндік ерекшелігі туралы әр түрлі көзқарастар бар. Педагог-психологтің тұлғалық құрылымының маңызды құрамдас бөліктеріне кәсіби және психологиялық бағыт, кәсіби қызмет, кәсіби білім мен дағдылар, кәсіби қабілеттер, кәсіби өзін-өзі тану жатады [1, 15 б].

Педагог-психологтің кәсіби өзін-өзі тануы - өзін кәсіби маман ретінде тану, өз іс-әрекеті мен педагогикалық қарым-қатынаста көрінетін жеке ерекшеліктерін тану. Кәсіби өзін-өзі тану жалпы өзін-өзі танумен тұтас белгілері бар, сонымен қатар өзіндік ерекшеліктері де бар. Жалпы өзін-өзі танумен қатар, кәсіби өзін-өзі тану өз құрылымына өзін-өзі тануды, эмоционалды-құндылықтық қатынасты, өзін-өзі бағалауды, өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі бақылауды, сонымен қатар сәйкестендіру және рефлексия механизмдерін де қамтиды.

Рефлексияны жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының және өзін-өзі көрсетуінің тетігі ретінде түсіну белгілі бір сипаттамамен (бағдармен) адамның интегративті білім беруі ретінде эмоционалды құзыреттіліктің даму факторы бола алады, оның психологиялық әл-ауқаты мен педагогикалық іс-әрекеттегі кәсіби жетістіктері болуы мүмкін деп болжауға мүмкіндік береді. Рефлексия, П.Т. де Шарденнің анықтамасы бойынша, сана арқылы өзіне шоғырлану және өзін белгілі бір тұрақтылық пен ерекше мағынасы бар объект ретінде игеру қабілеті - тек білу ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі тану қабілеті; тек білу ғана емес, не білетініңізді білу. Алынған сипаттамаға сәйкес олардың мінез-құлқын бақылау мүмкіндігінің арқасында рефлексия тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктің негізі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Рефлексия тұлғаны дамытудың танымдық механизмі болғандықтан, ол адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын біліп қана қоймайды, сонымен бірге оны басқару және оны оңтайландыру мақсатында қызмет құралдары мен негіздерін өзгертеді. Сондықтан, рефлексия субъектінің оны басқалар қалай қабылдайтынын және бағалайтындығын түсіну қабілеті ретінде қарастырылуы керек, бұл тұлғаның бейімделуі мен дамуының маңызды факторы болып табылады. Алайда ойлаудың, белсенділіктің және мінез-құлықтың конструктивті емес стратегияларын білу фактісі олардың оң түзетілуіне кепілдік бермейтінін есте ұстаған жөн. Бұл жерде ойлаудың конструктивті емес тәсілдеріне және оларды өзгертуге бағдарлануы маңызды.

Рефлексияның көптеген түрлерінің арасында саногендік рефлексия бар (грек. sanos - емдік; генос - тасымалдаушы). Саногендік рефлексия дегеніміз - жағымсыз эмоциялар әсерінен азапты азайтуға бағытталған рефлексия, нәтижесінде конструктивті мінез-құлық бағдарламаларын саналы түрде таңдау қамтамасыз етіледі. Бұл салада С.Н.Моросюктің жұмысы қызықты. Оның зерттеулері саногендік рефлексияға үйрету адамның өз әрекеті мен мінез-құлқын жүзеге асырып қана қоймай, сәйкесінше өзін-өзі реттеуді жоғарылатуға ғана емес, сонымен бірге қызметтің тәсілдері мен негіздерін өзгертуге мүмкіндік беретінін көрсететін көптеген тәжірибелік материалдарды ұсынады [2, 32 б].

Ю.М.Орловтың пікірінше, рефлексияның тұлғалық түрі тұлғаның өзін-өзі анықтау функциясын атқарады. Тұлғалық өсу, индивидтің тұлға ретінде қалыптасуы білім беру процесінде, өмір процесінің белгілі бір сегментінде жүзеге асатын түсіну, мәнін ұғыну процесінде орын алады. Адамның өзін-өзі тану процесі, ұғу және қайта жаңғырудан тұратын Мен- тұжырымдамамызды түсіну түрінде, ол біздің не істеп жатқанымызды, не үшін жасайтынымызды, басқалармен қалай қарым-қатынас жасайтынымызды және олар бізге

қалай қарайтынын және жағдаяттың ерекшелігін ескере отырып неліктен іс-әрекет пен мінез-құлықтың берілген моделін өзгертуге тұлғаның құқығы бар екенін негіздеуге әкелетін рефлексия[3, 53 б].

О. А. Конопкиннің, В. И. Моросановтың идеяларын дамыта отырып, өзін-өзі реттеудің жалпы процесіне реттеуші және жеке қасиеттер кіреді: икемділік, бастамашылық және өзбеттілік, олардың болуы рефлексия процесінің «қосылуын» түсінуге ықпал етеді[4, 7 б].

В.В.Лысенко, С.Ф.Марчукованың зерттеулерінде саногендік рефлексияны оқыту жеке мазасыздықты, жағымсыз эмоционалдылықты (реніш, сәтсіздік қорқынышы, кінә және т. б.) азайтуға көмектеседі, қажетті мінез-құлық сапаларын оңтайландырады, оқу іс-әрекетін ішкі бақылау мен тиімділігін арттыруға көмектеседі [5, 22 б].

Эмоционалды құзыреттіліктің даму факторы ретіндегі саногендік рефлексияның рөлі, біріншіден, жүйелерді өзгерту, басқа қабілеттерді, оның ішінде эмоционалды қабілетін дамыту функциясымен, екіншіден, теріс эмоциялардан азап шегуді азайту үшін саногендік рефлексияның бағдарлануымен анықталады. Педагог-психолог маманның эмоционалды құзыреттілігін дамыту факторы ретінде саногендік рефлексия бүгінгі күнге дейін ғылыми зерттеулердің тақырыбы болған жоқ.

Жоғарыда эмоционалды құзыреттілік жүйелік қасиет екендігі анықталды. Жүйенің ішкі жұмысын оның бір жағынан компоненттік құрамы мен құрылымы, екінші жағынан оның сыртқы қызметі бойынша шартты түрде зерттеу керек. Эмоциялар ойлаумен тығыз байланысты болғандықтан, эмоционалды құзыреттіліктің жүйелік құраушы бөлігі саногендік рефлексия болып табылады. Эмоционалды құзыреттіліктің құрамдас бөліктері арасындағы қатынасты сипаттауда біз Л. фон Бергаланфи тұжырымдайтын жүйелердің жалпы теориясының келесі постулаттарына сүйенеміз. Жүйенің элементтері олардың жалпы құрылымдағы орнын ескере отырып сипатталған. Әр элементтің өзіндік сипаттамалары, параметрлері, функциялары, құрылымдық принциптері бар. Барлық элементтер өзара байланысты. Жүйені зерттеу оның өмір сүру жағдайынан ажырамас болып табылады. Жүйенің немесе оның функциясының өзгеруінің қайнар көзі мінез-құлықтың тиісті сипатына байланысты, бұл әдетте жүйенің өзінде болады.

А. Б. Холмогорова мен Н.Г. Гараян эмоционалды өмірдің негізгі заңдылықтарын анықтады, оларды түсіну саногендік ойлауға жетуге көмектеседі:

1. Эмоционалды өмір үздіксіз, адам үнемі белгілі бір эмоцияны сезінеді.
2. Адам сезінетін барлық эмоцияларды түсінеді.
3. Адам өз сезімдерін басқаларға түсінікті түрде жеткізеді.
4. Эмоциялар басқарылады.

5. Эмоцияның дене және психологиялық компоненттерінің өзара ілеспелілігі - эмоция психикалық деңгейде саналы сезім түрінде ұсынылады және өңделеді, оның дене компоненті дыбыстары соғұрлым күшті болады. Эмоцияны ұғынылатын сезім түрінде психологиялық деңгейде сәтті өңдеу - бұл саногендік рефлексияның функциясы.

6. Уақыт өте келе эмоциялар, олардың көріністерінің босаңсымауы, мүмкін нақты өмірдің өзгеруі эмоционалды күш түсуін жинақтайды[6, 68 б].

80-жылдары О. А. Конопкиннің ғылыми мектебінде іс-әрекетті реттеудің құрылымдық-функционалды моделі құрылды. Саналы өзін-өзі реттеуді О.А.Конопкин қабылдаған мақсаттарға жетуді тікелей жүзеге асыратын ерікті іс-әрекеттің әртүрлі түрлері мен нысандарын бастау, құру, жүргізу және басқару арқылы адамның ішкі психикалық іс-әрекетінің жүйелі түрде ұйымдастырылған процесі ретінде түсінеді. Ол іс-әрекетті саналы түрде реттеу процесінің функционалды моделін ұсынды, оған мыналар кіреді: мақсат - маңызды жағдайлар моделі - атқарушы іс-қимыл бағдарламасы - бағдарламаны іске асыру - нәтижелер туралы ақпарат - критерийлер жүйесі - сәйкессіздіктер мен нәтижелерді бағалау туралы ақпарат - түзету туралы шешім, мақсат. Эмоцияны басқару іс-әрекет екенін ескере отырып, эмоционалды құзыреттіліктің ажырамас бөлігі ретінде өзін-өзі реттеуді осы модель контекстінде оңтайлы қарастыруға болады. Егер эмоционалды жағдайдағы өзін-өзі реттеу процесін осы схемаға сәйкес саногендік рефлексия көмегімен қарастыратын болсақ, онда мақсат эмоционалдық жайлылыққа қол жеткізу, маңызды жағдайлардың моделі - саногендік рефлексия, іс-әрекеттер бағдарламасы - жағымсыз

эмоцияларды «ойлау» алгоритмдері, нәтижелер мен өлшемдер туралы ақпарат - тәжірибелі эмоциялар сапасы. Әрі қарай, сәтті өзін-өзі реттеумен процесс тоқтайды, сәтсіздіктер болса ол бастапқы жағдайға оралады[7, 27 б].

Саногендік рефлексия эмоционалды құзыреттіліктің компоненттерімен қалай байланысты екенін қарастырайық: эмпатия, өзін-өзі реттеу, экспрессивтілік және бұл олардың дамуына қалай әсер етеді. Өзін-өзі реттеу дегеніміз - жүйенің меншікті ресурстар есебінен тепе-теңдікке жету мүмкіндігі. Өзін-өзі реттеуді белгілі бір деңгейде жүргізу мүмкіндігі адамның жеке типологиялық қасиеттеріне (темперамент, мінез) ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі реттеудің әдістері мен әдістерін қолдану дағдыларына да байланысты болады. Өзін-өзі реттеу әдістерінің болуы, оларды қолданудың тиімділігі әлеуметтік тәжірибені үйрену және жинақтау процесінде дамиды.

А.О. Прохоров өзін-өзі реттеудің табыстылығын оның жай-күйін білу дәрежесі, оның бейнесінің қалыптасу деңгейі мен жеткіліктілігі, белсенділік, әсер ету жағдайына қатысты оның сезімдері мен тәжірибелерін барабар қабылдау деп нақты көрсетеді. Субъектіні сипаттауға мүмкіндік беретін бағдарлар - бұл дене сезімдері, тыныс алу, кеңістікті қабылдау, уақыт, қиял, сезімдер, ойлар (ойлау мазмұны) болып табылады. Осы күй көрсеткіштері өзгерген кезде субъект өзін-өзі реттеудің белгілі бір әдістері мен тәсілдерін қолданады, олардың барысында ол осы көрсеткіштерге сүйенеді және оларға сәйкес реттеудің тиімділігін «тексереді». Осылайша, күй бейнесінің толыққандылығы өзін-өзі реттеудің сәттілігін анықтайды. Күй бейнесінің толыққандылығы рефлексияны қолдану деңгейімен анықталады[8, 58 б].

Кеңестік психологияда өзін-өзі реттеуді іс-әрекеттік, жеке және психикалық деп бөледі. Тұлғаның өзін-өзі реттеу жүйесі құрылым бойынша көп жағдайда іс-әрекеттік өзін-өзі реттеуге сәйкес келеді. Тұлғалық қайта құру, сондай-ақ іс-әрекеттік, адамдармен қарым-қатынаста, іс-әрекетте жүзеге асырылады және бекітіледі. Тұлғаның өзін-өзі реттеуінің айырмашылығы оның субъектісі объективті әлемді өзгертуге бағытталған іс-әрекеттер емес, адамның басқа адамдарға және өзіне деген қарым-қатынасын өзгертуге бағытталған әрекеттер болып табылады. Тұлғалық және іс-әрекеттік өзін-өзі реттеу бір-бірін толықтырады. Психикалық өзін-өзі реттеу сана-сезім деңгейінің ресурстарын пайдалануға негізделген оның психикасының реттеуші механизмдерінің субъектісі тарапынан тәуелсіз мақсатты және саналы өзгеріс ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта психикалық өзін-өзі реттеудің әртүрлі әдістері ұсынылды, олардың көмегімен сіз дененің функцияларын басқара аласыз және әзірленген автоматтандырылған бағдарламаларды өз уақытында орындай аласыз, сонымен қатар эмоционалды жайлылық күйіне кіре аласыз. Бұл жүйке-бұлшықет релаксациясы, аутогендік жаттығулар, идеомоторлы жаттығулар, сенсорлық репродукция және басқалар. Өзін-өзі реттеу әдістерінің көмегімен эмоционалды стрестің белгілері жойылады, алайда оның себептері қалады.

Қорыта келе, болашақ педагог-психологтердің кәсіби маман ретінде саногендік рефлексияны ұғыну, эмоцияны түсіну, оны басқару, өзін-өзі реттеу дағдыларын меңгеру маңызды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Маралов В.Г. Основы самопознания и саморазвития: Учебное пособие для студ. сред.пед. учеб. заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 256 с.
2. Морозюк С.Н. Саногенная рефлексия, акцентуация характера и эффективность учебной деятельности. – М., 2000. 254 с.
3. Орлов Ю.М. Восхождение к индивидуальности. - М.: Просвещение, 1991.-С. 228.
4. Конопкин О.А.. Психическая саморегуляция произвольной активности человека (структурно-функциональный аспект) //Вопр. психологии. - 1995.- №1. - С. 5- 12.
5. Лысенко В.В. Влияние саногенной рефлексии на компоненты саморегуляции: Автореф. дисс... канд. психол. наук: 19.00.07/ Московский гос. пед. ун-т: Москва, 2002. - С. 22.
6. Конопкин О. А. Психологические механизмы регуляции деятельности. – М., 2011. 320 с.
7. Марчукова С. Ф. Саногенная рефлексия. – М., 2000. 145 с.
8. Прохоров А.О. Образ психического состояния – М., 2016. 243 с.

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПРОЦЕСІНІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Қазақстанда соңғы онжылдықтарда жүргізілген әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адамға заңды түрде оралуына әкеліп соқтырды, оның мақсаттары басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды көздейді. Бүгінгі таңда, жаңа идеялардың тұрақты генерациясы қолдау тапқан және бағаланған кезде өмір сүрудің негіздері мен бұрынғы тәсілдері қайта құрылатын тұлғаның даму перспективаларына назар аудару қажет, өсіп келе жатқан ұрпақтың өзін-өзі тануға қабілетін дамыту бойынша адамдардың тиісті күш-жігері қажет, адамға жаңа жағдайларда көмектесіп, өзгеріп жатқан өз-өзідерімен қарым-қатынас құрап, кеше ойлап және бүгіннен басқаша әрекет ету[1].

Бұл жерде, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға, өзін қызмет субъектісі ретінде түсінуге, әлеуметтік қатынастарды түсінуге және басқа адамдарды түсінуге, мұғалім үлкен рөл атқарады. Бүгінгі таңда ең алдымен өзін басқалардың арасында бөлу арқылы өзі туралы білім алу процестеріне, өзін өткен, қазіргі және алыс болашақта олармен және өзімен салыстыру негізінде басқа адамдардан сәйкестендіру мен оқшаулауға назар аудару керек және мұнда өзін-өзі тану үдерісіне үлкен рөл беріледі. Біз осы үдерістің түрлі жақтарын ашатын «өзін-өзі тану» ұғымдарына тоқтағымыз келеді. Өзін-өзі танудың мәнін ашу мақсатында біз ғылыми-философиялық және ғылыми – психологиялық әдебиеттерге талдау жасадық, ол өзін-өзі тану – «сана» және «өзін-өзі тану» ұғымдарымен байланысты ежелгі психологиялық терминдердің бірі екенін көрсетті. Философияда сана адамға ғана тән ерекше жай-күйі ретінде қарастырылады, онда бір мезгілде әлем де, өзі де қол жетімді. Сана, адамның көргенін, естігенін және оның сезінгенін, ойлағанын, бастан кешкенін бірден салыстырып, байланыстырады. Көптеген философтар сана-сезімді дүниенің ғажайыптарынан керемет, рухани болмыстың шыңдарына, жоғары махаббат пен достыққа, аяушылық пен қуанышқа ұмтылған «Мен» сияқты адамға Ұлы игі сый ретінде анықтайды. Қазіргі заманғы философтар «сананы білу, сипаттау, түсіну өте қиын, өйткені ол жеке зат немесе зат ретінде жоқ деп санайды. Бізге барлығы сананың арқасында берілген: ол біздің әрбір қабылдау бейнесінде міндетті түрде қатысады, ол біздің сезімдеріміздің, қабылдауымыздың, ойдың, сезімнің ара қатынасына, сонымен бірге біздің келісімімізсіз, сонымен қатар бақылаусыз бірден байланыста болады».

Әрбір дәуірдің сана деген не туралы өз ойлары болды. Нәтижесінде, бір дәуірде санада аталған нәрсе екінші дәуірде осындай ретінде танылмауы мүмкін. Өз кезегінде, белгілі бір дәуірдегі адамдардың сана-сезімін қалай елестеткеніне олардың бейбітшілік бейнесі, адамгершілік, саясат, өнер түсінуі тәуелді болды, өйткені сана әрдайым шынайы өмір тіліне «өрілген» [2; 384б.]. Қазіргі заманғы психологтар «санамыз туралы білетін барлық нәрсе, көптеген басқатырғыштар мен шешілмеген проблемаларға толы» деп санайды. Сананың жұмбақтарынан мыңжылдық ойлар табысқа әкелмеді. Ұзақ уақыт бойы сана әрбір адамның жеке тәжірибесінің ең айқын фактісі және сол уақытта әлемдегі ең жұмбақ нәрсе [3]. Психологтар осы құпияға бойұсынғысы келмеді, олар арнайы эксперименттерде сана-сезімді зерттеуге тырысты. А. А. Крылов атап өткендей, «ежелгі ойшылдар мен қазіргі заман мистиктері қандай да бір басқа санадан жеке сананы шығаруға тырысты және тырысады - таңғажайып, ғарыштық» [4]. Біз мұндай түсінік ғылыми негізсіз деп санаймыз және адамдарды адастыра алады. Кейбір ғалымдар сананы биологиялық мақсаттылықпен түсіндіруге тырысады: сана ағзаның ортаға жақсы бейімделуі және сол арқылы аман қалуы үшін қажет. В. А. Крутецкий сананы тек адамға тән психиканың жоғарғы сатысы ретінде

анықтайды. Сана адамның объективті әлем заңдарын терең түсінуге негізделген ақылға қонымды және мақсатты мінез-құлқын анықтайды. Екінші сигналдық жүйеге негізделген сөйлеу мен дерексіз ойлаудың дамуы адамға жоғары жануарлардан ерекшеленетін сапалы жаңа нәрсе. Бұл адамға алдын ала ойлауға, өз іс-әрекеттерін жоспарлауға, белгілі бір қажеттіліктерге сәйкес келетін мақсаттарды саналы түрде қоюға және оларға алдын ала нәтиже бере отырып, қол жеткізуге мүмкіндік береді» [5].

Өзін-өзі тану идеясы өзгертін әлемнің жетекші үрдістерін көрсетеді, ал оны жүзеге асыру оқушылардың өмір бойы білім алуға дайындығын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тану адамдардың көзқарастарына, өмірлік ұстанымдарына, бағдарларына, өмірлік философиясына қарамастан топтасуы мен бірігуінің басты нүктесі болып табылады. Әбілханова К.А. «Адам санасы, адам ретінде, түсінеді, айналамыздағы әлемді зерттейді. Адамның қалыптасуы барысында бұл процесс оны «Мен» кіммін? - деген сұраққа әкеледі. Бұл өзін-өзі тану сияқты құбылыстың қалыптасуын білдіреді, яғни көзқарас, өзін сырттан қарау. Өзін-өзі тану әртүрлі нысандарда бар және әртүрлі деңгейлері бар. Оның алғашқы нысаны-өзін-өзі сезіну, яғни денесінің санасы. Өзіндік сананың екінші түрі-адамның пәндік әлеммен арақатынасын игеруі. Сана-сезімнің нысаны қатысы барлық пен өзінді басқа «Мен»-мен салыстыру. [6;224б.].

Выготский, Л.С., Божович, Л.И. Леонтьев, А.Н. жұмыстарында, өзін-өзі тану проблемасын тұлға психологиясын ұштастыратын жоғары өмірлік маңызы бар мәселе ретінде сипаттаған, оны негізінен шешілмеген, ғылыми-психологиялық талдаудан қашқан деп бағалады. Өзінің «мен» субъективті уайымдау ең алдымен, адам өзінің шын мәнінде, өткен және болашақта өз-өзіне ұқсастығын түсінеді. Қазіргі уақытта «мен-тұжырымдаманы» әзірлеу философтар мен психологтардың еңбектерінде өз көрінісін тапты, олар өзін-өзі тану және өзін-өзі тану мәселелерін зерттеумен айналыса отырып, оны анықтаудың әртүрлі тәсілдерін ұсынады. Олар «Мен» – концепция – бұл өзі туралы жалпылама түсінік, жеке тұлғаға қатысты орнату жүйесі немесе – бұл «өзіндік теориясы» деп есептейді. «Біздің бүкіл өміріміз өзін-өзі тану болып табылады деген ой. Біз қалай өмір сүреміз, нағыз өзін-өзі тану мектебі бар. Тек жарамды және тиімді мектеп. Қалғандары-ақылдан. Өйткені, ол табиғи, ал табиғилығы, ол осы қарапайым заңға байланысты, біз өз табиғатымызға сәйкес өмір сүреміз және басқаша өмір сүре алмаймыз» [7;424б.].

Өзін-өзі тану - өзін-өзі шынайы тану мүмкіндігі, ішкі даму. Ол қалаған армандаған адам болу үшін, қазіргі кейпінен арылу керек. Ол қазіргі уақытта бар екенін көрмейінше, ол өзін өзгерту қажеттілігін ешқашан сезінбейді. Өзін-өзі танудың мұндай түсіндірмесі адамды шындықтан алып, оны өзін іздеуде жаңылыстырады. Өзін-өзі танудың басты идеясы: өзін-өзі танумен айналысатын баланың әрқашан өз пікірі бар, ол өз бетінше таңдау жасауға, кез келген жағдайдан шығу жолын табуға үйренуі тиіс. Өзін-өзі тану мәселесі көптеген ресейлік психологтар (Б.Г. Ананьев, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, И.И.Чеснокова, И.Кон және басқалар) өзін - өзі тану мен өзін-өзі тануды теңдестіріп, келесі анықтама берді: өзін-өзі тану-бұл «жеке тұлға өзін іс-әрекет субъектісі ретінде сезінетін психологиялық процестердің жиынтығы, ал оның өзі туралы түсінігі белгілі бір «мен» бейнесіне" қалыптасады. «Өзін – өзі тану» ұғымын анықтаудың осындай тәсіліне байланысты олар өзін-өзі тану мәселесі-психологиядағы ең күрделі ғылыми проблемалардың бірі екенін байқайды. Өзін-өзі тану өзін-өзі тану механизмі ретінде қарастырылады. Өзін – өзі тану табиғатын оның бір бөлігі болып табылатын өзін-өзі тану талдауын негізге ала отырып түсінуге болады, өзін-өзі тану кеңірек ұғым-өзін-өзі танудан әрдайым туындайды.

Бұл мәселені біздің қазақстандық психологтарымыз Б.К. Кудышева, Г.Н. Джуманова, Д.Е. Серовайская - бірнеше рет қараған болатын. Олар алғаш рет адамның «білім» ретінде өзін-өзі тану феноменінің әртүрлі қырларын көруге және түсінуге мүмкіндік беретін философиялық, психологиялық, педагогикалық тәсілдерді сипаттай отырып, өзін-өзі тану мәселелерін пәнаралық қарауға әрекет жасады. Отандық ғалымдар ежелгі әлемде, орта ғасыр, Қайта өрлеу және жаңа заман дәуірінде, неміс классикалық философиясында, қазақ дүниетанымында өзін-өзі тану идеяларын терең аша отырып, өзін-өзі тану ұғымына жалпы

түсінік беруге тырысты. Мысалы, өз жұмысында психолог Х. Т. Шерьяданова өзін-өзі тану құрылымын қарастыра отырып, өзін-өзі тануға жататын орынды анықтайды. Ол «Мен» өзін-өзі тану құрылымында бастапқыда объект ретінде, содан кейін түрлі себептердің әсерінен орталық рөл атқаратын субъект ретінде әрекет ететінін көрсетеді. Өзін-өзі тану арқылы ол бұл функцияны эмоционалдық-құндылық қарым-қатынасымен тығыз байланыстыра отырып орындайды. Өзін-өзі тану нәтижесі – «мен» бейнесі. Осылайша, Х.Т. Шерьяданова өзін-өзі тану өзіндік сананың құрылымдық компоненті ретінде бөледі және бірінші жоспарға субъект ретінде «мен» өзін - өзі тануды ұсынады. Демек, біз келесі қорытындыға келеміз, бұл өзін-өзі тану мәселесі ерекше сананың нысаны. Пәндік сананың объектісі объективті шындық болып табылады. Өзін-өзі тану объектісі шындық емес, жеке тұлға қызмет субъектісі ретінде қызмет етеді. Өзін-өзі тану - бұл жаңа, түпнұсқалық және тіпті бірегей-бұрын болмаған нәрсе іздеудің белсенді шығармашылық процесі. Бұл процесте саналы субъектінің барлық таланттары мен қабілеті - оның сезім органдары, жады, ойлау, қиял, интуиция және басқалары - олардың бірлігі мен өзара іс-қимылында «қатыстырылуға» тиіс. Өзін-өзі тану-адамның өзін қабылдау қабілеті, өзінің даралығын, қабілеттерін, жеке қасиеттерін, өзінің мүмкіндіктерін, өзінің қоршаған әлемге деген көзқарасын, өзінің өмірлік жоспарларын анықтау. Өздеріңіз білетіндей, кіші мектеп оқушыларының өзін-өзі тану психологиясына қатысты сұрақтар ерекше психологиялық зерттеу тақырыбы емес. Бүгінгі бастауыш мектеп оқушысы өзінің 60-80-ші жылдардағы құрдастарынан едәуір өсіп келе жатқан ақпараттылығымен және әлеуметтендіру мен дараландыру тәсілдерінің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, қазіргі заманғы кіші оқушы, жақында өткен кіші оқушыдан айырмашылығы, оның алдында «Мен» арасындағы танымның жаңа арналарының ашылуына байланысты осы көп қырлы әлемдегі «олар» арасында, ынтымақтастық пен түсіністікке негізделген басқа адамдармен қарым-қатынас пен өзара іс-қимылдың жаңа формаларына қабілетті.

Бүгінгі күні оқушы алған білім оған өзін қоршаған ортамен, басқа адамдармен ара-қатынаста болуға, өзін басқа адаммен салыстыруға толық көлемде мүмкіндік бермейтіні, бала үшін маңызы бар, ол түсінікті, саналы және қабылдануға тиіс нәрсе. А.Петровскийдің пікірінше, адамның ішкі әлемі, оның сана-сезімі философтардың ғана емес, психологтардың да назарында болды. «Адамның өзіне, өзінің ішкі әлеміне деген қызығушылығы ұзақ уақыт бойы ерекше назардың мәні болған» [8;230б.]. Бастапқыда «Мен» туралы мәселе негізінен адамның өзі туралы ойлайтын ой-пікірімен байланысты болды - бұл тұрғыдан Декарттың «Мен ойлаймын, демек, өмір сүремін» деген сөзін түсіну керек [9;336б.]. Бірақ адамның «мен» - концепциясы, әлдеқайда терең және тек ойлау қасиеттерімен ғана шектелмейді. «Мен» құрамына адам үшін ең қымбат нәрсе кіреді,оны жоғалтқанда, өзінің бөлшегін жоғалтқандай болады. Әлемде сыртқы байқаудан үйренгенімізден гөрі көп нәрсені білетін бір ғана нәрсе бар. Бұл біздің өзіміз. Бізде ішкі ақпарат бар. Осылайша, баланың тұлғалық мәнін табуға, генерациялау және түсіндіруге үйреткен жағдайда шешілетін мәселе туындайды. Тұлға-мінез-құлық ерекшеліктері: басқа адамдарға қатысты қарым-қатынастар (адамгершілік, сыпайылық, сыпайылық, төзімділік және т.б.) көрсетілетін жеке қасиеттер мен мінез-құлық ерекшеліктері; қызметке, жұмысқа, зерттеуге (бастама, еңбекқорлық, еңбекқорлық және т.б.); өзін-өзі бағалау (сенімділік - сенімсіздік); заттарға (төзімділік, ұқыптылық, тазалық); табиғатқа; өнерге; ғылымға және т.б. Біз жеке тұлғаның салаларын анықтадық: - жеке тұлғаның мотивациялық-құндылықты саласы - жеке мотивтер, мүдделер, мотивтер, әрекеттер мен мінез-құлықты анықтайтын құндылықтар.

Алайда, оқушының өз-өзіне бұрылуы, «ол өзі үшін, күн сайын, сағат сайын өзгеретін субъект болды ма» деп ұғынуына [10;367б.], дәстүрлі оқыту жүйесінде толықсыз, мақсатсыз, жүйесіз жүзеге асырылады. Бұл, біріншіден, кіші мектеп жасындағы балаларға ақпараттық жүктеме артады, әсіресе аудиовизуалды ақпарат ағынын арттыру есебінен. Көбінесе бұл ақпарат баланың ақыл-ойымен даусыз деп қабылданады. Бала өзіне ұсынылған ақпаратты өз бетінше жақсы тани алмайды және түсіне алмайды, сондықтан осы ақпаратты бағалауға байланысты қарым-қатынас пен араласудың түрлі жағдайларында тиісті шешімдер қабылдай

алмайды. Екіншіден, кіші оқушы үшін тең емес ақпарат көздері бар. Мұндай жағдай балалардың ақпараттың өзі мен оның көздерін ғана емес, сонымен қатар өзін және өзінің өмірлік ұстанымын түсінуін дамыту қажеттілігіне әкеледі. Қазіргі өмір баланың алдына осы әлемдегі бейбітшілік пен өзін-өзі ұстау бейнесін түсіну мен қалыптастырудың күрделі проблемасын қояды. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайдағы өзін-өзі тануын дамыту саласы өмірдің жаңа мағынасына негізделген күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қабілетті адамның білімі мен тәрбиесі болуы тиіс.

Психолог Ю. М. Орловқа сәйкес, өзін тану және өзін-өзі дамыту тұрғысынан тиімді өзін-өзі бақылау тұлға психологиясы мен сезімдер психологиясының негіздерін білмей, мүмкін емес. Менің ренішім, менің тәңірім, менің ұятым және менің қорқынышым туралы ойлану үшін, ең алдымен, бұл психологиялық шындықты қалай ұйымдастырылғанын білу керек. Сондықтан интроспекцияны оқыту (өзін-өзі бақылау) ойлау объектілерінің психологиялық механизмдерін білуді көздейді. Оның ренішінің қалай жасалғанын білетін адам оны интроспекция объектісі етіп жасай алады. Мұны білмейтін адам, ол сәтсіздікке ұшырайды, өйткені ол өзінің қиялында тек ренжітуді тудыратын бейнелерді ғана бейнелейді [11;2246.].

- индивидуальный характер коррекции на начальных ее этапах с постепенным переходом к групповым формам работы;
- систематическая активная работа с семьей аутичного ребенка.

Цель оказания комплексной помощи – интеграция ребенка с РАС в адекватную для него образовательную среду и социум.

Задачи:

- проведение комплексного диагностического обследования с целью определения уровня развития ребенка и дальнейшего оптимального образовательного маршрута;
- формирование коммуникативных навыков;
- развитие и коррекция эмоционально-волевой сферы;
- формирование социально-приемлемого поведения;
- содействие в адаптации ребёнка к коллективу сверстников;
- формирование и развитие высших психических функций ребёнка;
- развитие познавательной деятельности и речи;
- оказание психологической и педагогической помощи семьям, имеющим ребёнка с расстройствами аутистического спектра.

Структура психолого-педагогического процесса коррекции детей с РАС включает следующие этапы:

1. Психолого-педагогическая диагностика:

- выявление причин возникновения нарушений в развитии ребенка;
- определение уровня психического развития;
- определение программы обучения в соответствии с возможностями и способностями ребенка с РАС;

- составление рекомендаций для формирования индивидуальной коррекционной программы обучения и воспитания ребенка.

2. Психологическая коррекция:

- установление контакта со взрослыми;
- смягчение общего фона сенсорного и эмоционального дискомфорта, тревоги и страхов;

- стимуляция психической активности, направленной на взаимодействие ребенка со взрослыми и сверстниками;

- формирование целенаправленного поведения;
- преодоление отрицательных форм поведения (агрессии, аутоагрессии, негативизма, расторможенности влечений, стереотипий);

- формирование коммуникативных навыков и социализация ребенка в обществе.

3. Педагогическая коррекция:

- формирование навыков самообслуживания;
- обучение детей дошкольного возраста (коррекция специфического недоразвития восприятия, моторики, внимания, речи; формирование навыков изобразительной и творческой деятельности);

- формирование универсальных учебных действий;
- формирование личностных, предметных и межпредметных результатов обучения;
- реализация коррекционно-развивающих задач, расширение представлений об окружающем мире.

4. Медикаментозная коррекция: поддерживающая психофармакологическая и общеукрепляющая терапия.

5. Работа с семьей:

- психотерапия членов семьи;
- ознакомление родителей с особенностями психологического развития ребенка;
- составление индивидуальной программы воспитания и обучения аутичного ребенка в домашних условиях;

- обучение родителей методам воспитания аутичного ребенка, организации его режима, привития навыков самообслуживания, подготовки к школе.

Сотрудничество с семьей становится решающим фактором в коррекционной работе с аутичным ребенком. Без ежедневного закрепления полученных знаний и навыков, без отработки заданий в домашних условиях, подключения к коррекционной работе всех членов семьи психолого-педагогическая работа будет наименее эффективна. Организация совместной работы с семьей опирается на основные положения, определяющие ее содержание, организацию и методику:

Успех социальной адаптации ребенка с расстройством аутистического спектра, занимающегося в коррекционной группе либо другом специальном учреждении или на дому, тесно связан с возможностью координации действий родителей и всех специалистов.

Не каждого аутичного ребенка можно вывести на уровень массовой или специальной (коррекционной) школы. Но и в случаях, когда он обучается и воспитывается в домашних условиях, труд специалистов, работающих с ребенком, и родителей будет вознагражден тем, что ребенок станет ровнее в поведении, более управляем; у него разовьется интерес к какой-либо деятельности, которая заменит бесцельное времяпрепровождение и сделает его поведение более целенаправленным, эмоционально насыщенным и контактным.

Список литературы:

1. Анастаси А. Психологическое тестирование / Под ред. КМ. Гуревича, В.И. Лубовского. — М., 1982.
2. Атлас для экспериментального исследования отклонения в психической деятельности человека / Под. ред. А.И. Полищука, А. Е. Видренко. — Киев, 1980.
3. Блейхер В. М., Бурлачук Л. Ф. Психическая диагностика интеллекта и личности. — Киев, 1978.
4. Бурлачук Л.Ф., Морозов СМ. Словарь-справочник по психологической диагностике.— Киев, 1989.
5. Введение в психодиагностику / Под ред. К.М. Гуревича, Е.М. Борисовой. — М., 1997.
6. Венгер Л. А. О качественном подходе к диагностике умственного развития ребенка // Вопросы психологии. № 1, 1974.
7. Венгер А. Л. Психологические особенности шестилетних детей.
8. Венгер А. А., Выгодская Г. Л., Леонгард Э. И. Отбор детей в специальные дошкольные учреждения. — М., 1972.
9. Выготский Л. С. Собр. соч. в 6 томах. М., 1982.
10. Готовность к школьному обучению детей с задержкой психического развития шестилетнего возраста / Под ред. В. И. Лубовского, Н. А. Цыпиной. — М., 1989.
11. Грибанова Г.В. Руководство по организации деятельности психолого-методико-педагогических комиссий (ПМПК) // Дефектология. № 6, 2001.

II СЕКЦИЯ

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ КОНТЕКСТІНДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПОДГОТОВКА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

ӘОЖ 796.011.3

Акмуханов Е.У., Джумагалиев А.Х.
Қазақстан, Орал қаласы

БОЛАШАҚҚА БАҒЫТЫЛҒАН БЕТБҰРЫС

Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, «Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде». Сол бірліктің арқасында еліміз экономикалық даму мен әлеуметтік жаңару, жаңғырудың даңғыл жолына түсті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгінгіміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Ауқымды қоғамдық талқылау тудырған ұлт көшбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бүгінгі қоғам дамуын салмақтай отырып, болашаққа қандай жаңалықпен, сапамен және дайындықпен келуіміз қажеттілігін талдап көрсеткен келелі құжат болып отыр. Елбасының болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласындағы кіріспе бөлімінен бастап талдау жасайтын болсақ, дамыған 30 елдің қатарына қосылу деген ойы 2012 жылы көпшілік назарына ұсынылған «Қазақстан 2050» стратегиясында жарияланған болатын. Өз сөзінде рухани жаңғыру тек бүгін басталған жұмыс еместігін мәлімдеді. Бәрімізге белгілі 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, тарих пен мәдениеттің 51 ескерткіші қайта жаңғырып, Қазақстан аумағына 39 қалашық, қоныс, тұрақ, обалар, Қазақстан тарихы бойынша 5000-ға жуық еңбек қолжазбалар жарық көріп, тың деректер зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді. [1]

Мақаладағы басты өзекті мәселе болып отырған, қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру. Біз ел болып етек жинағаннан бері, біртұтас территорияны мекендейтін ұлт болған жоқпыз. Оның себебі талай ғасырды алға тастаған жоңғар шапқыншылығы, киерге киім, ішкерге ас таппай қырылған қараша халықтың ашаршылығы, Голощекиннің «Ауылды кеңестендіру» деген ұранымен жаппай ұжымдастыруы, қазақ ұлтшылдарының көзін жойған репрессия, боз бала шағында елін қорғауға аттандырған Ұлы Отан соғысы, II ғасырға жуық Ресей отаршылдарының қарамағында болып, сайып келгенде ұлтымыз жапа шегіп, бүгінгі көз ілеспес нарықтық заманда халқымыздың тілдік құрамын, таза діңін, ата-дәстүр салтын бірқалыпқа келтіру қиынның - қиыны болып отыр. Өз кезегінде төл әліпбиіміздің даму тарихына тоқталатын болсақ, Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. 5 – 4 ғ.) пайдаланған көне («Есік жазуы») жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың

ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған “руна” жазуы (5 – 12 ғ.), көне ұйғыр жазуы, 8 ғ-дан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, Қытай қазақтары ағарту жүйесінде бір кездерде (1929 – 40 жылдары; 1960–1970 жылдары) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі Қазақ жазуының негізі болып саналады. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиі кезінде А.Байтұрсынұлы реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді. Ол 30-шы жылдарға дейін “төте жазу” деген атпен қолданылып келді. Бұл жазудың емлесі морфологиялық дәстүрлі шарттарға негізделген. 1940 жылы орыс графикасы негізінде қалыптасқан қазақ әліпбиі мен орфографиялық емлесіне әр кезде (1957 жыл, 1970 жыл), әртүрлі өзгерістер енгізілді. Ал, біз келер жылдар еншісінде жаппай латын қарпіне көшу нұсқасын дайындап отырмыз. Қазақстанда қазақтың саны 70 пайыздан асты. Ұлт болып, ұлттық мүддені қорғаудың басты тетігі – латын әліпбиіне көшу. Сонда саяси жағынан да, рухани құндылық жөнінде де өзіміздің тәуелсіздігімізді көрсете аламыз. Әрине, қарама-қайшы пікірлердің болуы заңдылық. Қиындықтар болады. Бірақ «шешінген судан тайынбас». Қазақстан жаңғырудың, ұлттық болмысын қалпына келтірудің алдында тұр [2].

Тағы бір төл жазудың жақсы жағын саралайтын болсақ, «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы» жоғарыдан ешқандай жарлық та, қаулы да күтпей латын жазуын біраз уақыттан бері пайдаланып келеді. Мысалы, Елбасының жыл сайынғы жолдауындағы қазақша мәтінді латын жазуына аударып жарыққа шығарып, шетелдегі ағайындарға тұрақты түрде таратады. Өзбекстан, Түркіменстан, Моңғолия, Түркия елдерінде латын тілін күнделікті тұрмыста қолданатын болғандықтан, бізде де латын тілі болған жағдайда шетелдегі қандастарымыздың елге қоныс аударуы барынша қолайлы болатын еді. Екіншіден, латын жазуы жер шарының кез-келген шалғай түкпірінде жүрген қазақтардың бір-бірімен қазақ тілде тікелей байланыс жасауына, ақпарат алмасуына, атажұрттың жаңалықтарынан күн сайын хабардар болып, ана тілін меңгеруіне, қазақтық қалпын сақтап, дамыта беруіне үлкен ықпал жасайтын белгілі.

Қорыта келгенде айтарым, Елбасы шындап кірісіп, біраз тәжірибені ескеріп, әлемдегі жағдайды қаперге алып, бізді осындай қадамға алып келді. Ел болып осы үндеуді жақсы жағынан бағалап, қолдау көрсетіп, ұйымшылдық танытуымыз қажет. Дарабоз жазушы Қабдеш Жұмаділов айтқандай: «Оқылатын кітап қай әліпбимен жазылса да, оқылады. Оқылмайтын кітап қалай жазсаң да, оқылмайды» деген пікіріне қосламын. [3]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білімді ел республикалық газеті №9, 2019ж.
2. Рухани жаңғыру жобасының ақпаратты порталы. 16-тамыз 2017-жыл
3. «Егемен Қазақстан» газеті, №4, 11-наурыз 2019ж.

ӘОЖ 096.76:317.14

Алимбаев Т.Б., Дүйсен С. Б.
Қазақстан, Орал қаласы

МЕКТЕПТЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Елбасы Қасым-Жомарт Тоқаевтің жолдауында «Білім беру жүйесі реформасының орталық буыны осы заманғы білім беру үрдістерін, ақпараттық технологияларды жаппай енгізу, бұл кезеңде назарды оқушылардың біліктілігін арттыруына аудару қажет» дегеніндей, біз инновациялық оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін білімді ұрпақты тәрбиелейміз [1].

Жаңашылдық – нағыз құрал, ал инновация осы құралды меңгеру үрдісі. Сауатты түрде тандап алынған жаңашылдық барынша мүмкін дәрежеде жаңа енгізілімнің табысқа жетуіне кепілдеме беруі тиіс. Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау, меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс-әрекетті айтады. Бүгінгі жағдайда жаңа ғылыми, тәжірибелік білімді жасау және оларды меңгеру мен іске асыруды инновациялық тұрғыдан қарастыруға болады. Енді «инновация» ұғымына тоқталатын болсақ, ғалымдардың көпшілігі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мәселен, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация — нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея».

Майлс: «Инновация — арнайы жаңа өзгеріс, Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» — дейді. «Инновация» сөзі — латынның «novis» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. «Инновация» ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды. Инновация ұғымын әр елде әртүрлі түсінген. Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған.. XX ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгерістердің жалпы үрдістерінің сатысы ретінде қаралып, оның негізгі элементтері атап көрсетілді: «жаңашылдық», «жаңашыл», «бағалаушылар». Үрдістің сындарлы, өзгермелі мерзімін қандай да бір жаңа енгізілімдерге сәйкес «бағалаушылардың» іс-әрекетіндегі өзгерістер айқындайды. Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен, оның құрылысымен, құралдармен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысқан.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнен асқан шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты қажет етеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Бұл жаңа технологиялар шығармашыл қабілеттің дамуына жағдай туғызады. Әр мұғалім қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануға тиіс. Сабақты тартымды өткізу және оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты түрлендіріп, арттыруы шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әр түрлі технологияның сан қилы элементтерін пайдалану артық етпесі анық. Сабақта мәселелік оқыту технологиясының басты мақсаты - оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдылығы мен шығармашылық икемділіктерін дамыту. Ерекшелігі: оқу материалында баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәселе туғызу.

Инновация көпсалалы, кең қолданыста. Педагогика ғылымында өзіндік категориясы болмаса да, зерттеуші ғалымдар білім беру жүйесіне жаңалық енгізу деп қолданып жүр. Инновация ұғымы ең алғаш мәдениет танушылардың зерттеулеріне енді, ал қазір барлық салада кеңінен қолданылады[2].

Жаңа парадигмалық жағдайдағы педагогикалық инновацияда (неология, аксиология, праксиологиялық жағдайдағы) білім беру жүйесінің әдіснамалық негіздері мен даму бағыттарының кәсіби шығармашылық деңгейді көтерудегі басым бағыттары қарастырылады. Жаңа парадигмаға көшуде қазіргі таңда отандық және шетелдік зерттешілер (Роджерс, Д.Дьюи, Курт, Льюин, П.Ф.Каптеева, Ю.К.Бабанский, В.П.Сазанов, Г.С.Құдайбергенова және т.б) еңбектерінде ғылыми негіздердің педагогикалық-психологиялық, ғылыми, әдіснамалық бағыттары басшылыққа алынады. Зерттеуші ғалым Ф.Янушкевич «жаңа технологиялық сабақ мұғалімнің өз әдісін жаңартуға арналған емес, оқушының пайдасына, қажеттілігіне арналу қажет, сонда ғана сапа болады» дейді. Бұл пікірге қосылуға болады. Өйткені педагогтің жеке тұлға қалыптастырудағы іс-әрекетінің басты материалы - педагогикалық технология.

Сондықтан мектепте жүргізілетін ғылыми - әдістемелік жұмыстың негізгі бағыты, мазмұны, формасы, мақсат пен міндет айқындалса, бұл мектепте оқу - тәрбие үрдісінің сапалық деңгейі жоғары болары сөзсіз. Ал оқу тәрбие үрдісінің технологиясы – оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған мақсат, мазмұн, құрал, форма және әдістер жүйесі. Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс тәсілдерін

инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақтытәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуды қажет етеді. Ұлы ойшыл ғұлама әл-Фараби «Адам бойындағы ең үлкен қасиет - қабілет өмірді түсіну, қанағаттуту, ұстанымдылық және өзгеге ұқсамайтын даралық» деген. Ғұламаның осы өмірлік ұстанымы бүгінгі білімнің басты үйлесімділігі екеніне көз жеткізуге болады. Сонымен инновациялық технология дегеніміз - педагогтың білімі, білігі, интеллектуалдық, кәсіби әдіс-тәсілдер жүйесін қолданудағы шығармашылық қабілет жиынтығы, мұндағы қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктенуындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады.

Білім беруді дамыту үрдісінің әлемдік үрдіске кірігуі, дамыған елдердің стандартына деген ұмтылыс қоғам дамуындағы қажеттіліктерді туындатып отыр. Педагогикалық технология жетілдірілген оқыту мен тәрбие жүйесін құру және оқу-тәрбие үрдісін жобалаумен айналысады. Педагогикалық технология басқарылатын қайта жаңғыртылатын оқу тәрбие үрдісін жобалауды көздей отырып, білім берудің негізгі мақсаты мен міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін ғылыми тұрғыдан негізделген амал тәсілдердің жүйесін құрайды. Оның негізгі құрылымдары мыналар болып табылады:

- тұжырымдамалық негізі:
- мазмұндық бөлігі:
- әрекеттілік бөлімі-техникалық үдеріс

Педагогикалық технологияның тиімділігі педагогикалық шарттарға байланысты. Педагогикалық шарттарға, ең алдымен, педагогтің дербес ерекшеліктері: тұлғалық даралығын, мәдениеттілігін, қызығуын, т.с.с. жатқызуға болады. Сонымен бірге, оқушылармен қарым-қатынас жасау біліктілігі мен кәсіби шеберлігі ерекше мәнге ие болады. Сабақты оқытуда жаңа педагогикалық технологиялардың көптеген түрлерін пайдалана отырып сабақ өткізуге болады [3].

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай білім мен тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Болашақта өркениеті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанда дамыған бәсекеге қабілетті елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін ол - білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Инновациялық технологияларды меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі мектеп мұғалімі: жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын, оқушымен тез тіл табыса алатын, білімді, шебер, іскер болуы тиіс. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Білім беруде оқушы өзі ізденіп, тақырыпты оқып, түсініп, тақырып аясын кеңейтсе, жолдастарымен ой бөлігіне өз білгенін көпшілікке жеткізе алса, онда ұстаз еңбегінің нәтижесі болғаны, бұрынғы әдепке айналған оқу үрдісінде - оқушы белсенділік көрсетуге тиіс. Бүгінгі нарық заманында "Өмір бойы білім алу" әрбір Қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», — деп Елбасы жолдауында көрсеткендей, отандық білім беру жүйесінің дүниежүзі білім кеңістігіне енуі білім саласына үлкен өзгеріс, жаңа леп әкелді. Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір

бөлек қызметі" деген анықтаманы ұсынған. «Инновация» сөзі қазіргі уақытта барлық білім, өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданылып келеді. Ал соңғы жылдары оқытудың М.Жанпейісованың модульдік технологиясы мен В. М. Монаховтың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ профессор Ж.Қараевтың оқытуды дербестендіру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген инновациялық компьютерлік технологиясын еліміздің көптеген мемлекеттерінде қолданып жүр[4].

Әрбір инновациялық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуда қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды. Енді осы инновациялық технологиялардың кейбіреулерінің ерекшеліктеріне тоқталсақ, мәселен, ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында; проблемалы тапсырмалар сабақтағы қорытындылардың қандай және қалай пайда болғандығын дәлелдейді және логикалық ойлауға ғылыми іздену жолына бағыттау; Шаталовтың әдістемесі жаңа материал мазмұнын түрлендірсе, қайталау жолымен есте сақтауды қамтамасыз ету; деңгейлеп саралап оқыту технологиясының принциптері - оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында; дифференциялап оқыту - әр оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып, жеке жасын дамыту қамтамасыз ететін білім беру болып табылады. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялармен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет: оқу үдерісін интенсивтендіруші жаппай қолға алу; оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты.

Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісіне енгізу барысында танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Инновациялық үдерістің негізі - жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Жаңа технологияның принциптері - оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамытын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Мұғалімдердің оқыту технологияларын меңгеруде педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, олардың зерттеушілік жұмыстары, шығармашылық іс-әрекеттері пайдаланылады. Барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты - оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру.

Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір тұлға болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі[5].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан №169 (29648) 3 қыркүйек, 2019.
2. Бұзаубақова Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. - Алматы, 2006.
3. Әйтимова Б. Уақыт талабы - ізденіс // Егемен Қазақстан. 2006. 1 қыркүйек.
4. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы. - Алматы: Жазушы, 2009.
5. Абдраманова Г. Б., Ажмолдаева К. Б. Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялардың рөлі // Молодой ученый. - 2016. - №5.2. - С. 35-37. - URL <https://moluch.ru/archive/109/26691/> (дата обращения: 22.10.2019).

МЕКТЕП ЖАСЫНДА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАЛАПТАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі, оқыту және дамыту жайлы теория мен тәжірибе қарым-қатынас мәселесінде қиылысады. Ал балалардың психикалық қасиеттерін, танымдық үрдістерін, және психикалық қалып-кейіптерін тұтас қамтитын, балалар психикасының дамуындағы басты көрсеткіш, әрі фактор болатын, әмбебап ерекшелік – балалардың қарым-қатынас саласы болап саналады.

XX ғасырдың ортасында дүниенің әр түкпірінде қарым-қатынас мәселесіне арналған зерттеулер шамамен бір уақытта пайда болып, тарала бастайды, ішінде балалардың қарым-қатынас сферасына қатысты еңбектер ерекше орын алады. Ғылымда мектеп жасына дейінгі балалар психикасының дамуындағы қарым-қатынас аса маңызды фактор ретінде тағайындалған. Қарым-қатынаста адамдардың әлеуметтік қатынасы жүзеге асады.

Қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты үш жағын қарастыруға болады. Коммуникативті жағы, мұнда-қарым-қатынас адамдар арасындағы ақпарат алудан тұрады; интерактивті жағы - адамдар арасындағы өзара әсер етуді ұйымдастырудан тұрады; перцептивті жағы - қарым-қатынасқа түскен адамдардың бір-бірін қабылдау негізінде өзара түсінушіліктің пайда болуы.

Л.С.Выготский[1], Б.Н.Ананьев[2]. еңбектерінде қарым-қатынасты өмір әрекетінің бір формасы, адам дамуының әлеуметтік жағдайы, жеке адамның қалыптасуының түрткісі ретінде қарастырылды.

С.Немовтың пайымдауы бойынша, қарым-қатынас барлық тірі жанға тән, бірақ адамда күрделі формада, саналы түрде болады[3,71].

А.Н.Леонтьев іс-әрекеттің қай түрін болмасын қарым-қатынаспен қабаттас болады,- деп түсіндіреді. Ол іс-әрекетті қарым-қатынастың қажетті шарты ретінде қарастырады. А.Н.Леонтьевтің қарым-қатынасты іс-әрекеттің өзгеше түрі деп талдау тұжырымдамасы, Б.Г.Ананьевтің, А.А.Бодалевтің коммуникативтік әрекет жайлы ілімдері біздің зерттеуіміздің әдіснамалық негізі болды.

Ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, қарым-қатынас механизмдерін қарым-қатынастың тиімділігін анықтайтын, өзара түсінікті сипаттайтын күрделі психологиялық құрылым деп түсінеміз. Осы орайда А.А.Бодалев қарым-қатынастың механизмдерін көрсетіп, оларға эмпатия, идентификация, децентрация, рефлексия, стереотипизацияны жатқызады[4,54]. Сонымен, қарым-қатынас деп – екі (немесе одан да көп) адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін айтамыз.

И.А.Бойкова мектеп жасына дейінгі балалардың ересек адамдармен қарым-қатынас құруы жеткіліксіз болса, олардың қатарластарымен байланыс жасау мүмкіндіктері де шектеу болатындығын көрсетеді.

Е.И.Годовикова балалардың ересек адамдармен құрған қарым-қатынасы қатарластармен арадағы қарым-қатынасқа проекцияланатындығын айтқан[5,72].

Мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың психикалық дамуының басты факторы қарым-қатынас болады. Балалар бұл кезеңде қарым-қатынасты ересек адамдармен және өз қатарластарымен құра алады.

«Қарым-қатынас» ұғымы психология, педагогика және олармен салалас ғылымдарда қарастырылады. Педагогикалық-психологиялық ғылымдарда қарым-қатынастың құрамдас компоненттері нақтыланған. Оларды анықтау арқылы ғана балалардың қарым-қатынас сферасына қатысты қажеттіліктер, мотивтер, тәсілдер, формалар, әрекет-актілер, жеке-дара стильдер, яғни жалпы нәтиже белгілі болады. Сондықтан 5-6 жастағы балалардың қарым-қатынасты қажет етуін, коммуникативтік мотивтерінің болуын, қарым-қатынас тәсілдерін меңгеруді, қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) жетілдіруді, қарым-қатынастан жалпы нәтиже алуды қамтамасыз ету қажет болады. Ол үшін ересектердің жетекшілігімен, балалардың бір-біріне әсері болатындай ерекше топтық жағдай ұйымдастыруды тиімді педагогикалық, психологиялық әсер деп санаймыз. Бала өсе келе мектепте оқуға мотивациялық, интеллектуалдық және коммуникативтік тұрғыдан даяр болады. Олай болса, балалардың мектепке дейінгі кезеңінде қарым-қатынасты жетілдіруге баса назар аударылуы қажет.

Тұлғааралық қарым-қатынасты жан-жақты зерттеген А.А.Бодалев оның жас кезеңдеріне байланысты өзгеру динамикасын көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі кезең де жақындық дәрежесі жөнінен әртүрлі қарым-қатынастар қалыптасады, оларды жолдастар, жақын жолдастар, жеке дос, деп нақпа-нақ саралайды[10,84]. Қарым-қатынас жасайтын адамдары оқу әрекетімен шектелместен, барған сайын мектептен тыс шыға береді, жаңа мүшелерді, кәсіптерді, қарым-қатынастарды қамтып, өмірдің дербес және өте маңызды саласы болып бөлінеді. Бұл қарым-қатынастарда әртүрлі оқиғалармен, күрес пен қақтығысулар, жеңістер мен жеңілістер, жаңалықтар мен өкініштер, күйініштер мен қуаныштар кездесіп, осының бәрі жинақталғанда баланың нағыз өмірін құрайды. Ол осы ортада іс-әрекет жасап, ойланып толғанады, көп уақыты мен рухани күш-жігерін жұмсайды. Жолдастарымен қарым-қатынас үшін ерекше құндылыққа ие болады. Л.Я.Гозман көрсеткендей, бұл қатынастардың бала үшін маңыздылығы соншалықты жоғары бағаланатындығынан олар ата-ана, туғандарымен қарым-қатынастардың тартымдылығын едәуір азайтып, оқудың өзін екінші қатарға ығыстырады.

Тұлғаның дамуы мен қалыптасуында негізгі факторлардың бірі - ол қарым-қатынас. Тарихи-қоғамдағы объективті талаптар және қоғамның дамуындағы әлеуметтік заңдылықтар тұлғаның қарым - қатынас процесіндегі рөлін анықтайды. Қарым - қатынас барысында тұлғаның әлеуметтенуінде байқалатын өзіндік ерекшеліктер мәселесіне көңіл бөле отырып, қазіргі кезеңде бұл салада жүйелі зерттеулерді қажет етеді. Бұл салада жоспарланған зерттеулер өзіндік ерекшеліктердің қарым-қатынас процесінің кез-келген аспектілеріне ықпалы айқын байқалуда. Аталған өзіндік сипаттың бірнеше деңгейі ерекшеленеді.

Олар:

біріншіден, әлеуметтік, мұнда әлеуметтік - экономикалық статус, мамандығы, білімі;

екіншіден, әлеуметтік - психологиялық, мұнда құндылық бағдар, мақсат пен көзқарастардың ортақтығы;

үшіншіден, психологиялық, мұнда тұлғаның мінезі және басқа да қасиеттері, ақыл - ой деңгейі;

төртіншіден, психофизиологиялық, мұнда темперамент, эмоционалдылық.

Тұлғаның әлеуметтенуінің әлеуметтік психологиялық факторлары біріншіден, әлеуметтенудің-мәдени, тарихи, ұлттық ерекшеліктерін қарастыратын әлеуметтік топ болса, екіншіден, белгілі бір деңгейде өмір жолының кезеңдерінде көрінетін жеке тұлғалық топ. Осы орайда В.Г.Крыско тұлғаның әлеуметтенуінің үш түрлі факторын ұсынды. Олар: микрофакторлар - отбасы, микроәлеумет, тәрбие институттары, діни ұйымдар; мезофакторлар - этнос, аймақтық шарттар, мекені, қарым - қатынас құралдары; макрофакторлар – мемлекет, қоғам, ел және мәдениет.

Қарым - қатынас сан алуан адамдардың қатынастары жағдайында жүзеге асады, яғни әлеуметтік және тұлғааралық қатынастардың жағымды да, кері де жағдайларында болуы мүмкін. Өмірдің түрлі жағдайларына байланысты біздің іс - әрекетімізбен қатар мінез-құлқымыз да өзгермелі. Соған сәйкес қарым-қатынас стильдері де өзгермелі болады. Қарым -

қатынас стилі адамның басқа адаммен өзара әсерлесуі барысындағы мінез-құлқын көрсететеді. Сонымен адамның қарым - қатынас стилі, оның анықталған нақты бір қарым - қатынасқа орнығуы, бағытталуы соған дайындығы мен адамның сол жағдайдағы өзін көрсетуі.

Қарым-қатынастың негізгі бағыт-бағдарлары:

1. «Мен» - «Басқа» жүйесіндегі арақатынас. Қарым-қатынас барысында пайда болатын тұлға аралық қатынастарды танып білу, адамдардың бірін-бірі тану мен түсіну механизмдерін зерттеу, олардың ортақ қызметін ұйымдастыру тәсілін анықтау, бір адамның екінші адамға ықпал етуінің жолдары мен мүмкіндіктерін айқындау.

2. «Топ» - «Мен» жүйесіндегі арақатынас. Өртүрлі әлеуметтік жағдайлардың адамның мінез-құлқы мен тұлғалық ерекшеліктеріне ықпалын зерттеу. Адамның әлеуметтік ұстанымдары, әлеуметтік көзқарастары, топ және қоғам адамның тұлғасын қандай жолдармен қалыптастырады және өзгертеді? Әлеуметтену – даму барысында әлеуметтік құндылықтарды, нормаларды әр адамның өз бойына сіңіру үрдісі.

3. «Мен» - «Топ». Жеке адамның әлеуметтік жағдайларға, қоршаған ортаға жасаған белсенді ықпалы. Әрбір адам - өз өмірінің, өз әлеуметтік байланыстарының қожасы, басқа адамдармен қарым-қатынастағы ролдері мен орындарының жасаушысы ретінде қарастырылады.

Қарым-қатынасқа екі жақты сипатта қарастырып, анықтама беруге болады. Бірінші, қарым-қатынас іс-әрекеттің жетекші түрі, жеке интимдік мінез; қарым-қатынас заты басқа адам-құрдас, ал мазмұны-онымен қатынас құру және қолдау жасау (Эльконин Д.Б., Драгунова Т.В.) болса, екінші, қарым-қатынас іс-әрекеттің жетекші түрі және қоғамдық мінездемесі бар, оның үлкендермен, құрбыларымен өзара қатынасында түрлі жағдайларды меңгереді (Фельдштейн Д.И.). Қарым - қатынас көбіне өз-өзін және басқа адамдарды тану қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет ретінде қарастырылады (М.И.Лысина). Баланың ересектермен қарым-қатынастарының жүйесі жеке қарым-қатынасының өзі оқу іс -әрекеті арқылы жанамаалданады (Д.Б.Эльконин)[14,47].

Мектеп психологиялық қызметі үшін балалардың қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу және оны өңдеу көкейкесті проблема болып табылады. Өйткені бала өзін-өзі анықтаудың күрделі проблемаларын жалғыз өзі шешпейді, ата-анасының, құрбы-құрдастарының, мұғалімдердің қолдауымен шешеді. Дегенмен бала жас шағынан бастап өзінің есеюін сезіне бастағанымен байланысты үлкендердің қамқорлығын теріс бағалау феномені орын ала бастайды. Олар ата-аналарынан және басқа үлкендерден қарым-қатынасты теңдік негізінде жүргізуді талап етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінде қарым-қатынасты қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық шарттары мыналар:

- Қарым-қатынастың негізгі бағыт-бағдарын, атқаратын қызметін білу;
- Қарым-қатынас жасау –ақпарат алмасу әрекеті және өзара әрекет ету және адамдардың бірін-бірі қабылдау құралы екенін түсіну;
- Адамдар арасындағы қарым-қатынастардың түрлерін білу;
- Тұлға үшін топтың маңыздылығын ұғыну;
- Тұлғааралық қарым-қатынаста ортақтасу серіктерінің тиімді тыңдау техникасын меңгеру.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6 томах. - М., 1982
- 2.Немов Р.С. Психология. В 3-х томах. Т.2. - М., 1996
- 3.Эльконин Д.Б. Психология игры.-М, 1990
- 4.Бодалев А.А. Личность и общение. Избранные труды.- М., 1983
- 5.Тәжібаев Т. Жалпы психология. -Алматы, 1993

КИНЕСИОЛОГИЯ ЖАТТЫҒУЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАЛА ЗЕЙІНІН ШОҒЫРЛАНДЫРУ

Кинесиология жаттығулары сіздің күнделікті өміріңізде кездесетін стрессті алдын алуға және денсаулығыңызға кері әсер ететін жағымсыз сезімдерді жоюға көмектеседі. Кинесиология жаттығулары арқылы мидың оң және сол жақ шарты шарлары жақсы дамиды. Мидың оң және сол жақ бөліктерінің үйлесімді дамуы интеллектің жоғары деңгейіне ықпал етеді. Мектеп жасындағы балаларға арналған жаттығулар балалардың психикалық дамуына және олардың таланттары мен қабілеттерін ашуға әсер ететіні анықталған және оқу мен жұмыс барысында болатын стрессті төмендетеді. Сонымен қатар шешім қабылдауға көмектеседі, адамның табыстылығын, коммуникативтік қабілеттерін арттырады, сыни ойлауына мүмкіндік туғызады, тұрақтылық қалыпқа әкеледі, жазу, математикалық дағдыларын қалыптастырады, таным процесстерінің қарқынды функционалдауына қолайлы дененің қалпын тудырады.

«Қиылысқа қарау»

«Х» қиылыс белгісі оң және сол жақ сыңарларының жұмысын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

1. «Х» белгісінің суретін салыңыз.
2. Оны өзіңізге көрінетін ыңғайлы жерге орналасытырыңыз.
3. Қажетінше бұл белгіге қараңыз.

Нұсқа: бұл белгіні қарама-қарсы иық пен жамбасты ойша біріктіре отырып елестетуге болады. «Х» -ты өзіңіздің алдыңызда көзбен диагональдарын қосу арқылы, мысалы қабырғада, «сызуға» болады.

Оқу дағдысы: жазу дағдысын жақсартады, оқуда ұйымшылдыққа көмектеседі.

Қосымша: бұл жаттығу жоспарлай білуін және жұмыста маңыздыны бөле алуын дамытады, зейіннің шоғырлануын арттырады; биокулярлық көруді дамытады; қимылдың үйлесімділігін жақсартады.

«Ойлау қалпағы»

Жаттығуды отырып және тұрып орындауға болады.

1. Мойын мен иекті ауыртпай басыңызды түзу ұстаңыз.
2. Құлағыңызды ұстағанда бас бармағыңыз сыртында, ал қалған саусақтарыңыз құлақ алдында болсын.
3. Құлағыңызды жоғарыдан төменге, сәл желке тұсына қарай уқалаңыз.
4. Желке тұсындағы ойыққа жеткенде саусақты ақырын ғана төмен тартыңыз.
5. Жаттығу 4 рет қайталанады.

Зерттеу дағдылары: Тыңдау және жазуды түсіну (кодтау және кодтан шығару), ойда математикалық есептеу.

Қосымша: Берілген жаттығу қысқа мерзімді жады жұмысын жақсартады, ойлау және физикалық қабілетін арттырады, мысалы: тепе-теңдікті жақсартады. Әсіресе, ойлау қалпағын сабақ басталарда зейінді тұрақтандыруда, көпшілік алдында сөйлеу, компьютермен және де басқа да электронды техникамен жұмыс жасауда көмектеседі.

«Қолды белсендендіру»

1. Тіке тұрып қолдарымызды алға қарай созамыз. Екі қолыңыздың бірдей ұзындықта екеніне көз жеткізіңіз.

2. Оң қолыңызды басыңыздың бойымен жоғары қарай көтеріңіз. Сол қолыңызды оң қолдың аймағындағы жауырынаннан бұғанаға дейін қоямыз. Созылған қолды қозғалта бастаймыз. Төрт рет алға, төрт рет бастан төмен қарай алға, төрт рет артқа, төрт рет басқа

қарай. Осы уақытта сол қолымыз оң қолдың қозғалысына кедергілер келтіреді. Қозғалыс әрбір бағытқа төрт рет және міндетті түрде терең тыныс шығару негізінде жүргізіледі. Тыныс алу қолдағы бұлшықеттердің созылуын сезінуге көмектеседі. Дұрыс орындалған жаттығудың нәтижесінде, сіздің қолдарыңыз әр бағытқа 20-30 градустан жоғарыға майысады.

3. Бастапқы қалыпқа келіп қолыңызды алға созыңыз. Дұрыс жасалған жаттығудың нәтижесінде оң қолыңыз сол қолыңыздан ұзын екенін көруге болады.

4. Осы жаттығуды сол қолыңызға да қайталаңыз.

Белсендіру жаттығуынан кейін екі қолды салыстырыңыз. Иық белдеуінің босаңсығанын сезініңіз. Денеңіздегі өзгеріске көңіл бөле отырып иықты сілкіуге немесе айналдыруға болады.

Оқудағдылары: дұрыс жазу, шығармашылық хат, дұрыс сөйлеу және тілдік қабілеттіліктерін дамытады, музыкалық аспаптарда ойнау.

Қосымша: бұл жаттығу кеуденің жоғарғы бөлігіндегі клеткалардың және қолдағы қысымнан арылуға көмектеседі, тыныс алу жақсарады, ұсақ және ірі моторикаларды басқару жақсарады. Бұл жаттығу зейінді кедергісіз тұрақтандыруға және бөлуге көмектеседі.

«Сорғы»

1. Тұрамыз. Бір аяқты алға шығыңқы етіп қойып, бүкіл табанға салмақ сала отырып өкшені жерден қозғамаймыз. Екінші аяқ артта ұшымен орналасады. Бүкіл дене алдыңғы аяқ тұсында болады. Денені тік ұстаймыз. Қиындық туғызған жағдайда орындық арқалығына немесе қабырғаға қолымызды тірейміз.

2. Алдыңғы аяққа жай отырып бастаймыз, ал екінші яғни артқы аяқ өкшесін еденге тигізуге тырысамыз. Дене салмағы алдыңғы аяқтақалады.

3. Артқы аяқ-балтыр бұлшықеттерінің созылуын сезініңіз.

4. Аяқ орнын ауыстыра отырып жаттығуды қайталаймыз.

Жаттығуды әр аяққа 3-4 рет қайталап жасау қажет.

Жаттығуды дұрыс жасаған жағдайда бүкіл дене салмағы алдыңғы аяққа түседі. Мұны тексеру оңай. Егер де артқы аяқты жерден көтере алсақ, демек, салмақ дұрыс бағытталған.

Оқу-зерттеу дағдылары: түсініп оқу және тыңдау, шығармашылық жазу, тілдік қабілеттер жақсарады.

Қосымша: әлеуметтік мінез-құлық жақсарады. Бастаған істі соңына дейін жеткізуде зейінді шоғырландырады, назар аударуды жоғарлатады және жауап қайтару дағдыларын жақсартады.

«Су»

Ми және ОЖЖ, яғни, денеде болып жатқан барлық электрохимиялық процестер жүйке импульсінің өткізгіштігіне тәуелді. Біздің денеміздегі ең үздік өткізгіш электрлік сигналы ол су болып табылады. Сусыздану денеміздің энергетикалық әлеуетінің төмендеуіне әкеледі және күйзеліс реакциясын туғызады.

Су ағзамыздың қорғаныс қызметін атқарады және лимфа жүйесінің оңтайлы жұмысына қажет. Су қан талшықтарын оттегімен қамтамасыз ету арқылы кеуде мен жүрекке түсетін жүкті жеңілдетеді.

Күнделікті электрлік техникамен байланыс жасау ағзамыздың сусыздануына әкеледі, соның нәтижесінде күйзелістік реакция туындайды.

Сол себепті жұмыс қабілеттілігін және энергетикалық қалыпты арттыру үшін үнемі су қорын толықтырып отыру керек. Әсіресе, кез келген ойлау іс-әрекеті барысында су ішіп тұру қажет.

Назар аударыңыз! Шырын, шай және басқа да сусындар суды алмастыра алмайды.

Зерттеу дағдылары: Барлық оқу дағдылары су ішу арқылы жақсарады. Әсіресе, бақылау жұмыстары алдында және күйзеліске әкелетін жағдаяттар алдында су ішу өте маңызды.

Қосымша: Зейіннің шоғырлануын жақсартады, күш қуатын және белсенділігін арттырады, шешім қабылдау икемділігі мен бейімділігін жақсартады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6 томах. - М., 1982
- 2.Немов Р.С. Психология. В 3-х томах. Т.2. - М., 1996
- 3.Эльконин Д.Б. Психология игры.-М, 1990
- 4.Бодалев А.А. Личность и общение. Избранные труды.- М., 1983
- 5.Тәжібаев Т. Жалпы психология. -Алматы, 1993

ӘОЖ 096.76:317.14

Ергалиева Г. А., Дымбергенов Ү.С.
Қазақстан, Орал қаласы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ – ОҚЫТУ ӘДІСНАМАСЫ МЕН МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ

Еліміздің тұңғыш президенті Н.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруі үдерісінде де маңызды болып табылады [1]. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады[2]. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (бұдан әрі - Ұлттық жоспар) мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту процесін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық жоспардың қабылдануы – оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту болып табылады. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде, қазақ тілінің алатын орны ерекше [3].

Тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады. Қазақ тілін оқыту алдына үлкен міндеттер, оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қазіргі таңда да қарастырылып келе жатқан мәселе. Демек, тіл ғылымының үздіксіз дамуының нәтижесінде, адам баласы ой-санасының, дүниетанымының өсуіне байланысты оқыту әдістемесі де қатар жетіліп байып отыр. Өйткені, озат мұғалімдер тәжірибелерінен толығып оның мазмұнын мен жүйесі, құрылысы, кеңейіп, байып отырады.

Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отырады. Озық ойлы адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер дамулар мектептің оқыту процесіне әсер етеді. Соңғы жылдары жеке тұлғаны қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген технологиялар ұсынылуда.

Жаңа технологияның басты мақсатының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінде шешім қабылдауға дағдыландыру. Яғни, ғылыми негізде білім беру үшін жаңа технологияларды меңгере отырып, оны сабаққа енгізу педагогтар алдындағы өзекті мәселе екені анық. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілі пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Қазақ тілі маманы С.Раевтың ойынша, сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады екен. Әсіресе бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта пайда болады. Яғни, үшінші сынып оқушысы ешқашан кітапханаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап оқымас тағы бір ертеңгі сауатсыздың дүниеге келгені. Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап оқушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Тіпті түлектердің үштен бірінің оқуға мүлдем құлқы болмайтын көрінеді. Елбасы дұрыс айтады, «білім беру тек қана оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет».

Қазақ тілінің жаңартылған оқу бағдарламасында оқушылардың сөйлеу әрекетін дамытуға басымдық беріледі. Дегенмен, мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың жазылым дағдыларын дамытудан гөрі, оқылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға аса көңіл бөлінген. Сол себептен де, қазіргі бастауыш сынып оқушыларының жазба жұмыстарында бірқатар олқылықтар бар екені байқалады. Демек, оқушының алған білім, біліктерін өмір жағдайларында қолдана алуға мүмкіндік беретін түйінді дағдылардың ішінде *жазылымды* дамыту – қазіргі бастауыш білім берудегі негізгі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр деуге болады [4].

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай, алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзіреттерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады.

Ал құзіретті тұлғаны қалыптастыруда басқа пәндерді оқытуға негіз болатын тіл пәндерінің орны ерекше. Бұл «Қазақ тілі» пәніне де тікелей қатысты. Өйткені мемлекеттік тіл ретінде оқытылатын қазақ тілі бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы» Заңдары мен Тіл саясаты тұжырымдамасындағы айқындалған мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асуының басты шарты болып саналады. Тілді меңгертудің шешімін табуы тиіс мәселелерінің қай-қайсысы да оқытудың құзіреттілік бағытын іске асырудың, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудің және білім беруді бүгінгі таңдағы қоғамның әлеуметтік сұранымымен үйлестірудің аса маңызды тетігі болып табылатын функционалды сауатты дара тұлғаны қалыптастырумен тығыз сабақтасып жатыр [5].

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі

ретінде қолданылады. Соның ішінде, оқу сауаттылығы- оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады [6].

Қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады. Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды роль атқарады. Бастауыш сынып оқушылары сөйлеу дағдылары бойынша сұрақ қойып, оған жауап беріп қана қоймай, ойын, пайымдаудың бір бүтін мәтін арқылы жеткізе алу керек. Оқушылар шағын ойтолғаулар жазуға, өз пікірін дәлелдеп нақты ой тұжырым жасай алуы қажет. Осы тұста өмірмен байланыс өрби түсіп, шынайы білім алар сәт туады. Көрнекті ағартушы – педагог Ы.Алтынсарин: «Мұғалім – білім берудегі – маңызды адам. Ең озық педагогикалық оқу құралдарының өзі мұғаліммен теңесе алмайды» деп мұғалімнің адами болмысына, кәсіби шеберлігіне баға беріп кеткендей, мұғалімнің шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін мұғалімнің алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса, ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев. Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты. «Ана тілі» газеті, № 5. – 7-8 бет.- 2012.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, -Астана.
3. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Әдістемелік құрал. -2013.
4. Қазақ тілінің жаңартылған оқу бағдарламасы. –Астана, 2015.
5. Даулеткалиева Р.Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту //Молодой ученый, -2017,- №18.1- С.16-18.
6. Оңалова Н.С.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – заман талабы. Бастауыш мектеп, 2010ж, №3

ӘОЖ 374.3

Жәрдемөв Ж. С., Қашқынбай Қ. Т.
Қазақстан, Орал қаласы

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Еліміздің білім беру жүйесінде 2017-2018 оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту болып табылады.

Қоғамның дамуына тікелей әсер етуші- білім екені бәрімізге мәлім. Отандық білім жүйесі өз қызметінде «білім беруге салынған бүгінгі инвестиция – мемлекеттің ертеңіне жасалған қамқорлық» деген қағидатқа сүйене отырып жұмыс жасау керек. Жалпы білім бастауы мектептен басталады. Сондықтан да, тізбектің алғашқы бастауы ретінде мектептегі білім беру жүйесіне көңіл бөлу маңызды. Нәтижесінде қоғам әлдеқайда жақсарып, сапалық көрсеткіштер жоғарылайды. «Бір жылға жоспар құрсаң – егін ек, жүз жылға жоспар құрсаң – ағаш ек, ал

мәңгілік мұратты көздесең – ұрпақ тәрбиеле» деген ғибрат бар. Бұл жауапкершілігі зор, салмағы ауыр міндет. Өйткені бүгінгі жас буын – ел болашағының ертеңгі кілті. Тәуелсіз мемлекетімізде заман талабына сай білім бере отырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ өсіру біздің міндетіміз. Ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, іскер, бойында ізгі қасиеттері қалыптасқан білім алушыларға кешенді түрде тәрбие беру ұлттық тәрбиенің алтын дінгегі деуге болады.

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заманауи тенденцияларға негізделген. Өйткені білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болып, оқытудың парадигмасы өзгерді. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдерімен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Елбасымыз Н.А. Назарбаев «Дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін, біз жоғары білімді ұлт болуымыз керек», – деп атап көрсеткеніндей, өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығын арттыру жолында жұмыла қызмет ету шарт. Осы ретте К. Ушинскийдің «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады» пікірімен санасу өзекті.

Біліктілікті арттыру жүйесінде заманауи мұғалім өлшемі қазіргі білім берудегі жаңа және нақты жағдайға икемделу дегенді білдіреді. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сауалдар туындайды. Бұл білім беру бағдарламасымен және оны жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әр түрлі салада қолдана білуін талап етеді.

Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «ХХІ ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру қажет құндылықтар мен дағдылар анықталған.

Білім беру бағдарламасын жаңарту тұрғысынан «үйлесімділік» білім беру бағдарламасы қалай қабылданып, қалай іс жүзінде орындалатынына қатысы бар барлық компоненттер бірлесіп әрекет етіп, бір-бірін толықтырып, нығайтады дегенді білдіреді (Oates, 2010). Үйлесімділік білім беру бағдарламасы мен бағалау модельдері әзірленетін жүйе деңгейінде ғана емес, әр сыныпта, әр сабақта қолданылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Спиральді қағидат бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» атты еңбегін де қарастырылған. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының ерекше сипаттары: оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; әрбір қайталап оқыған сайын оның күрделілігі арта түседі; жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Әр пәннің өзінің жеке сөйлеу стилі бар, оны нақты пәннің «академиялық тілі» деп атауға болады. Тілдік мақсаттар академиялық тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен қандай нәтиже күтілетінін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар мұғалімдер мен оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, қолдауына көмектеседі.

Пән мұғалімдері оқушылардың пән мазмұнын меңгеріп, академиялық тілді дамытуына қолдау көрсетеді. Оқушы жетістігін нақты бағалау – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Критериалды бағалау – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, яғни белгілі бір критерийлер арқылы бағалау.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты – мектепте оқыту сапасын көтеру.

Бұл жағдайда өзін-өзі бағалауға баса назар аударылады. Критерий арқылы бағалау мұғалімдерге сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлерді құруға; өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға; оқу үрдісінің сапасын жақсартуға; әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың траекториясын құруға мүмкіндік береді. Критериалды бағалау: қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып екіге бөлінеді. Қалыптастырушы бағалау – оқушыларға өз оқуын жақсарту туралы кері байланысты (пікірлер мен ұсыныстар) беру мақсатында үздіксіз жүргізіледі. Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін балл түрінде бағалау үшін өткізіледі. Оқу бағдарламасының әр бөлімін оқып болғаннан кейін бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі. Жиынтық бағалаудың балдары жиналып, тоқсан аяғында тоқсандық бағаға және оқу жылы аяғында жылдық бағаға ауыстырылып қойылады.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім бағдарламасының мәні – баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушыны өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қолдана білуге баулу. Осы міндет ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктейді. ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болулары үшін, оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту жолында мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай өскелең ұрпақтың сұранысын қанағаттандыра отырып жан-жақты жетілдіретін бағдарлама. Жаңартылған бағдарлама бойынша түсінгеніммен ұғынғаным көп. Сондықтан жаңа бағдарлама ел игілігіне тигізер пайдасы көп деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»,17.01.2014 ж.
2. «Білім технологиялары» № 3, 2016 ж.
3. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017ж
4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
5. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана 2016
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
7. Сайт:<https://massaget.kz/blogs/25659/>

ӨОЖ 37.017

Жұбанғалиева Г.Г, Маденова Л.М.
Қазақстан, Орал қаласы

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Құндылық кез-келген тұлғаның бойында қалыптасатын қасиеттердің негізгісі топтабылады. Құндылық тұлға, топ, әлеуметтік ортада адамгершілік ұстанымдар, мақсаттармен белгіленген әдістері және көрсеткіштерімен нақтыланады. Тұлға бойындағы құндылықтар тұлғааралық қарым-қатынас, іс-әрекетте, мінез-құлықта көрініс береді.

Рухани құндылық десек – көз алдымызға мәдениет, рухани байлық елестері анық.

Рухани байлық – ол біздің тіл байлығымыз, сөз саптауымыз. Қазақ халқы қашанда тілге шешен, ділмір, сөзуар халық. Дау бар жерде де, жау бар жерде де бір ауыз сөзбен шеше білген. Яғни сөзге жүйрік болған. Осындай құндылықтарымыздың сапасын жоғарғы деңгейге көтеріп жүргеніміз дұрыс болар. Рухани құндылық ішкі жан дүниенің жан дүниенмен сабақтастығы. Жан дүниен қандай көркем болса, сыртқы бейненде сондай әсем болары хақ. Бір – бірімізге мейірімділік танытып, жылы сөйлегеніміз әдептілік пен бірге сыпайылық болар. Міне, осының барлығын құнды да, рухани құндылық демей немене?.. Әрқашан сауатты да білімді, тілге шешен, рухани жағынан байда, қуатты болайық. Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым бола алатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапаларға «Адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелеу керек», - деген. Шәкәрім аталарымыздың терең ойын негізге ала отырып, жас ұрпақтың бойына адамгершілік – рухани қайнарын сіңіріп, мінез – құлқын тәрбиелеу үшін жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарды, әділдік пен өзара көмекті ғұмыр бойы мұрат тұтуды тәрбиелеу ұстаздар міндеті.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың», деп бекер айтылмаған. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қылыптастыру оған туған күнінен басталуы керек. Мағжан Жұмабаевтың педагогикасында «Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам туғанда іңгәлаған айқайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз, тым шабан. Мінеки, адам баласы, осылай өте әлсіз болып туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды», – деген болатын. Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп отырған. Балаға білім беріп, дүниетанымын кеңейтіп, алғыр, күшті, сымбатты, ой - өрісі кең, рухы биік, жан – жақты жетілген ұрпақ өсіруді мақсат етіп, оны парыз деп білген.

Ата- бабамыз ана құрсағынан бастап, бала дүниеге келгенше тәрбие жұмысын үзбей жүргізіп отырған. Алғашқы кезеңде тәрбие ойын – сауық түрінде жүргізілген. Бала жеті жасқа жеткенше бетінен қақпай, еркін, еркелетіп өсіреді. Зекімейді, жасқамайды, баланы ұрмайды. «Баланы басынан ұрма бағы таяды, арқасынан ұрма әруағы қашады» деп айту тәрбиенің негізі болып табылады. Әрбі отбасы ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән беріп, ұлттық тәрбиені қалыптастыратын ата, әже, әке, мектептері арқылы халықтың салт – дәстүрлері, әдет – ғұрыптарына, ата кәсібіне балаларды үздіксіз тәрбиелеу арқылы қол жеткізіп отырған. Аталарымыз табиғатпен етене өмір сүріп, барлық жақсы үздік, тәрбиелік мәні зор әдістемелердің барлығын ұрпақ тәрбиелеу жолына бағыштап отырған.

Біздің ата – бабаларымыз Әл – Фараби, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Абай, Қаныш т.б. аталарымыз қазақтың осындай ұлттық тәрбиесінде өскен. Ұлы бабаларымыздың бойынан қазақ халқының теңдесі жоқ бай қасиеттерін көріп, таңданасың.

Ұлы бабаларымыз аталардың өсиет, нақыл сөздерін, әжелердің ертегісі мен аңыз, әңгімелерін, танымдық, ұлттық ойындарын, жұмбақ, жаңылтпаштарын т.б. жаттап, естіп, үйреніп өсті. Жас ұрпақтың бойында ананың әуенімен оятатын бесік жырларымен қатар қиял – ғажайып ертегілер, ұлттық ойындары арқылы ұнамды жағымды әдеттер мен мінез – құлықты, жақсы қарым – қатынасты, ынтымақ пен жарасымдылықты, қайырымдылық пен ізгілікті, еңбек сүйгіштік пен үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер т.б. адамгершілік – рухани қасиеттер қалыптасады.

Бесік жырын, ана әлдиін естіп, «Ер Тарғын», «Алпамыс» т.б. ертегілерді оқып, халық дәстүрінде тәрбиеленген баладан туған халқын сүйетін, дінін, тілін қастерлейтін ержүрек, батыр, адал, мейірімді, тәрбиелі азамат өсіп шығары анық.

Ұлы бабамыз Әл – Фарабиден бастап өшпес мұра қалдырған ойшылдарымыз Қашқари, Иассауи, Дулати, т.б. еңбектері - қазіргі ұрпақ үшін теңдесі жоқ қазыналар. Ал Асан қайғы, Ақтамберді, Майлықожа сияқты ақын – жыраулардың толғаулары мен дана өсиеттерінің қосар үлесі қаншама! Жарық жұлдыздарымыз Шоқан, Ыбырайлармен қатар

тәлімдік ой пікірлерімен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптардың еңбектері жас ұрпақты ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде ерекше орын алады.Әдебиет,дүниетану,өзін – өзі тану пәндерінде ертегі, әңгімелер, бесік жыры, шешендік, сөздер, қара сөздер, мақал – мәтел,жаңылтпаштар, салт – дәстүрлерді оқыту арқылы оқушылардың бойына адамгершілік – рухани қасиеттерді сіңіре аламыз.Ертеден ата – әжелеріміз айтып келе жатқан халық ертегілері туралы атақты педагог В.А.Сухомлинский былай деген «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады».

Сондықтан ертегіні оқыту арқылы балаға рухани ләззат беріп,қиялына қанат бітіріп,жас баланың рухының өсіп жетілуіне жағдай жасаймыз.Ертегі баланың армандарын асқақтатады,қайратты,қайырымды істер жасауға құлшындырады,шебер де шешен сөйлеуге,өз ойларын әдемі де әсем баяндауға үйретеді. Ертегідегі батырлардың батырлығы, тапқырлығы,ақылы мен адалдығы,қайсарлығы өскелең ұрпақтарға ой салады,адамгершілікке жетелейді,отансүйгіштік қасиеттерін оятады,сана – сезімдерін дұрыс бағытта қалыптасуына әсер етеді.Жас ұрпақты ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде ерекше орын алады.

Біздің ата–бабаларымыз,әке–аналарымыз осындай ертегілерді тыңдап,халқымыздың бай қазынасымен танысып,біліп өскен.Соның бір дәлелі М.Әуезовтың «Бала Абай» әңгімесінде былай делінген: Абайдың әңгіме,ертегі, жырларды жақсы көретінін білген анасы Ұлжан үйіне қонақ болып келген Байкөкше жыршы мен Барлас ақынды Абайдың тілегі бойынша бір айдай жатқызып өлең,жырды тыңдатқан.Сонда,Барлас ақын ұғымтал,зерек бала Абайға қатты риза болып бата берген болатын.Сол сияқты біздің бабамыз Қаз дауысты Қазыбек би 13 жасынан ел ішіндегі дауға,бітімге араласып өзінің шешендігін, қара қылды қақ жарған әділдігін көрсетіп,қазақ халқының Үш биінің бірі атанған, «Қаз дауысты Қазыбек би» атанған.

Атамыз қазақ өз ұрпағын жарық дүниеге келген күннен бастап дәстүрлі жолмен ұлттық тәрбие беріп отырған.Жастайынан құлағына сіңіп,ненің жақсы ненің жаман екенін білсін деп үлкендердің қолына су құясың деп ауыл ішіндегі дау,бітімге қатыстырып отырған.Төле би,Қазыбек би,Әйтеке би т.б.бабаларымыз үлкендердің саликалы небір шешендік сөздерін тыңдап,ойға түйіп,өз халқының ұлттық дәстүрін үйреніп,біліп өскен. Сондықтан біздің ата–бабаларымыз 12–15 жастан бастап,ат жалынын тартып,атқа мініп,қолдарына қару – жарақ ұстап жауға қарсы шыққан,шешен болып,топ ортасына шығып ел дауына араласқан.

Оқушыларға «БалаАбай»мәтінін және Төле би,Әйтеке би.Қазыбек билердің шешендік сөздерін оқытып,таныстыру арқылы ата–бабаларымыздың бойындағы адамгершілік–рухани қасиеттерді атап айтқызып,мінездеме жаздыру,салыстырып,талдау арқылы Бала Абайдың және Ұлы билердің бойындағы жақсы қасиеттерді өз бойына дарытуға тырысады және өздерінің жауапкершілігін,міндеттерін түсінеді.Рөлге бөліп оқыту,сахналық көрініс көрсету арқылы ата–бабаларымыздың елін,жерін, ата–анасын қорғауда үлкен еңбек атқарғанынбіледі.Ендеше, ата–баба мұралары арқылы адамгершілік–рухани тәрбие беруде алдамызға мына мақсаттарды қойып,жүзеге асыруымыз керек.

1. Халықтың ғасырлар бойы жинақталып, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру,баланың қоршаған ортадағы қарым – қатынасын,дүниетанымын,өмірге көзқарасын және оған сай мінез – құлқын қалыптастыру;

2. Жас ұрпаққа халқымыздың асыл дәстүрі мен салтынан мағлұмат бере отырып,дені сау,ұлттық сана сезімі оянған,рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті,парасатты,ар – ожданы мол,еңбекқор,бойында басқа игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу;

3. Ұлттық мәдени байлығымызды танып – білуге тәрбиелеу.Өз Отанының және халқының мәдени мұраларын игерту.

Ендеше,қазақ халқының ұлттық құндылығын бойына дарыту үшін алдымен ұлттық тәрбие беруіміз қажет.Ұлы бабамыз Әл – Фараби «Тәуелсіз қолға білім салма» деген екен. Ал ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов:«Біз әрқашан білімге ұмтыламыз.Негізінде ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек.Біз тәлімді рух,тәрбиелі білім қажет.Тәрбиелі білімдар.... Міне,адам! Міне, тұлға!», - деп білімнен бұрын тәрбиегі көңіл аудару керектігін,тәрбиесіз

адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын баса көрсеткен.Ең алдымен,таза жанды,иманды,арлы,намысты,ұлты мен ұлттық құндылықтарын,сүйетін адамгершілік – рухани қасиеттері дамыған өскелең ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.Жас ұрпаққа заманауи ғылым - білімнің тізгінін ұстатып,жүрегі жарық нұрмен көмкерген адамгершілік – рухани құндылықтармен сусындатсақ,санасына төл тарихын сіңіріп,жүздерін жарқын болашаққа қарай бағыттай білсек,ата – бабамыздың маңдай терін төгіп,бізге мұра етіп қалдырған еңбегінің зая кетпегені.

«Мен үш қасиетімді мақтан тұтам.Олар жалған айтпадым,жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбады.Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы.Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде,өлгенмен тең» - деген екен Ақан сері.Олай болса жеке тұлғаны қалыптастыруда,олардың жан дүниесіне сезіммен қарап,әрбір іс – әрекетіне мақсат қоюға,жоспарлауға,оны орындауға,өзіне – өзі талап қоя білуге тәрбиелеу – адамгершіліктің басты мақсаты.

«Еліміздің күші патшада,сәбидің күші жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз, - адамгершілік – рухани құндылығымызда.Ол үшін Ақан серінің осы үш қасиетін баланың бойына дарыта білсек – ұлы жеңіс болары анық. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы қасиетімен,рухани байлығымен,адалдығымен, бойындағы адамгершілік – рухани құндылықтарымен ардақталады.Ендеше,ата – баба мұраларын оқыту арқылы өз ұлтын сүйетін,ұлтжанды,адамгершілік – рухани дүниесі бас тұлға қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы:Рауан,1998.-112б
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы:Жазушы.1989. – 360б
3. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы. «Дарын», 2004. – 348 б
4. Әл-Фарабидің философиялық трактаттары. –Алматы,1973 – 318б
5. Педагогика. / Редакциясын басқарған П.И. Пидкасистый. Аударғандар Г.К. Ахметова., Ш.Таубаева. – Алматы: Қазақ университеті.2006. – 366б

ӘОЖ 37.08

Иргалиев А.С., Назарова Ш.Т.
Қазақстан, Орал қаласы

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАС ПЕДАГОГТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛІ КӘСІБИ ӘЛЕУМЕТТЕНУ МЕСЕЛЕСІ

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген ғұлама Ж.Баласағұнның сөздері қазіргі еліміздің жоғары білім беру саласына қойылып отырған басым бағыттардың бірі – педагогикалық білім беруді жаңғырту және кәсіби біліктілікті жетілдіру болып табылады [1].

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл қазіргі таңда жас педагогтардан терең біліктілікті қажет етеді. Себебі, жас педагогтардың нәтижелі кәсіби әлеуметтенуі негізінде шығармашыл тұлға қалыптаса алады[2].

Кәсіби әлеуметтену деп білім, дағды және іскерлікті жүйелі енгізуде көрінетін жеке педагогтың интеграциялық сапасы. Психологиялық тұрғыда қарастырсақ, жеке тұлғаның барлық уақытта кәсіби дамуға, біліктілігін жетілдіруге дайын болуы, жаңа білім мен іскерлікті толықтыру әрекеті, өзіндік ынтасы мен талпынысы [3].

Отандық және шетелдік педагогтардың айтуы бойынша, нәтижелі кәсіби әлеуметтену – жас педагогтардың әлеуметтік қатынастарға, іс-әрекетке және байланыстарға толығымен енуі, бұл өз кезегінде алдымен үйрету мен әдеттендіру арқылы әлеуметтік тәжірибенің қалыптасуынан, соңынан саналы жеке әлеуметтік тәжірибенің түзілуі үрдісінен құрылатын процесі [4].

Қазіргі қоғамда кәсіби әлеуметтенудің шарттары да өзгеруде. Соған сәйкес кәсіби әлеуметтендірудің келесі кезеңдерін көрсетуге болады:

- 1) еңбекке дейінгі;
- 2) еңбек кезіндегі;
- 3) еңбектен кейінгі.

Еңбекке дейінгі кезең – бұл университет студенттерінің іс-тәжірибесі жоғары білімді мамандар дайындауда білім берудің ажырамас бөлігі болып есептелініп, мектептерде оқу бағдарламасы мен үрдісіне сай мамандықтарына байланысты іс-тәжірибеден өтуі. Педагогикалық практика негізінде студенттердің жалпы теориялық, арнайы, психологиялық-педагогикалық әдістемелік жағынан дайындығы болып табылады.

Еңбек кезіндегі кезең – бұл адамның бүкіл есейген кезеңін қамтиды, яғни жас педагогтардың жаңа жұмыс орнындағы әлеуметтенуі. Білім ордаларында жас педагогтар «Жас мамандар мектебіне» қабылданып, бекітілген тәлімгерлерімен бірге жұмыстанады. Жас педагогтарға әдістемелік қолдау, жұмыс орнында оқыту, тәлімгерлік тәжірибесін енгізу, өзін-өзі оқыту, соның ішінде білім беру бағдарламасының өзін-өзі зерттеуі, біліктілікті арттыру курстарында оқыту жұмыстары жүргізіледі. Жыл сайын өз біліктілігін және кәсібилігін арттыру мақсатында жас мамандар әдістемелік бірлестіктерге, семинарларға және конференцияларға қатысу арқылы тәжірибе жинап отырады.

Еңбектен кейінгі кезең – бұл зейнеткерлікке шыққан педагогтар, яғни зейнеткерлікке шыққан педагогтардың әлі де білім ордаларында жұмыс жасауы. Зейнеткерлікке шыққан педагогтар мектепте мамандар жетіспегендіктен және жас педагогтарға тәлімгер болып, іс-тәжірибесімен бөліседі. Әр түрлі деңгейдегі жарыс, байқауларға қатынасып, басылым беттеріне жұмыстар ұсынып, білімін әр қарай шыңдап отырады [5].

Жаңартылған білім беру жағдайында жас педагогтардың нәтижелі кәсіби әлеуметтенуінің негізгі бір шарты ретінде өзін-өзі жетілдіру, біліктілікті арттыру курстары, семинарлар мен конференциялар, шебер сынып, іс-тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар, экскурсия, театр, мұражай, концерт, газет-журналдар, әдебиеттермен жұмыс (әдістемелік, ғылыми, көркем), жаңартылған білім беру бағдарламасына сай келетін, күзінеттілігі жоғары педагогтармен жұмыстану, ашық және тәрбие сағаттары, әртүрлі деңгейдегі шаралар мен конкурстарға қатысу және тренингтер жатады. Біліктілікті арттыру курстары арқылы жас педагогтар жетекшілік, бағыт берушілік, ұйымдастырушылық, түзетушілік әрекеттерді атқаруды үйретеді. Жас педагогтардың өз білімдерін жүйелі көтеріп отырулары – олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі фактор. Еліміздің білім беру саясатындағы көкейтесті мәселелердің бірі де осы педагогтардың біліктіліктерін жүйелі арттыру болып табылады. Біліктілікті арттыру курстары жоспарлы түрде ұйымдастырылып тұратын болса, жас педагогтар да тәжірибелі педагогтар сияқты заман талабына лайықты болып, жаңалықтарды дер кезінде біліп, меңгеріп, өз жұмыстарын сапалы атқарады.

Жас педагогтарға арналған әдістемелік көмек пен іс-шаралар мақсатқа сәйкес, жоспарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс. Ол үшін әдіскер мен жас педагог оқу жылына кәсіби дамудың мақсаты:

- өзін-өзі бағалау (диагностика)
- мақсатты тұжырымдау
- талдау
- мақсатты түзеу
- мақсатқа жету
- педагогтың кәсіби қажеттілігін анықтап алуы қажет, қолданылатын әдістері: сауалнама алу, жеке әңгімелесу, педагогикалық қауымдастықтың бағасы құрылады [6].

Сонымен бірге, жас педагогтың нәтижелі кәсіби әлеуметтендірудің деңгейін диагностикалаудың бірнеше әдістері бар, солардың бірі SWOT –талдау. SWOT –қысқартылған Strengths (күшті жақтары), Weaknesses (әлсіз жақтары), Opportunities(мүмкіндіктер) және Threats (қауіптер) болып табылады. Ішкі жағдайды негізінен S және W , ал сыртқыны - O және T анықтайды. SWOT – талдаудың мақсаты қауіптер мен мүмкіндіктер сондай-ақ күшті және әлсіз жақтар туралы ақпараттарды жүйелеу арқылы жас педагог дамуының негізгі бағыттарын тұжырымдау болып табылады. SWOT – талдау мына сұрақтарға жауап алуға көмектеседі:

- Өз қызметінде жас педагог ерекше артықшылықтарын немесе ішкі күшті мүмкіншіліктерін қолдана ма?
- Егер жас педагог ерекше артықшылықтарға ие болмаған жағдайда, оның күшті жақтарының қайсысы ерекше артықшылыққа айнала алады?
- Әлсіз тұстарының қайсысы түзетуді қажет етпейді?
- Қандай қолайлы мүмкіндіктер педагогты шынайы табысқа жеткізеді?
- Жас педагогтың табыстылығына қандай қауіп пен тәуекелдер әсер етеді және ол қандай стратегиялық әрекет жасауы керек?

SWOT–талдаудың қорытындысын ұсынудың қарапайым түрі – бұл әлсіз және күшті жақтарын, мүмкіндіктер мен қатерлерді атап шығу. Өзінің тұжырымдамалық қарапайымдылығының арқасында, SWOT–ты қолдануға жеңіл. Өткізу үшін ауқымды мәлімет базасы да, формалды дайындық та қажет емес. Өзін-өзі талдау негізін өз жұмысының нәтижелерін рефлексиялау құрайды. SWOT–талдауды жас педагогтың өз рефлексиясы немесе кәсіби даму деңгейін анықтау бойынша сауалнамасы негізінде кері байланыстың да көмегімен дербес қолдануға болады.

Осылайша, жас педагогтың нәтижелі кәсіби әлеуметтендірудің деңгейін жоғарылату бағытындағы сұрақтарға жауап бере отырып, «жас педагог өз тәжірибесі мен білімін пайдаланады, өзіне лайықты ақпаратты жасақтап, белсенді болады, нені білетінін және болашақта нені ескеру қажеттігін анықтайды». Әдіскер немесе тәлімгер және жас педагог нақты өлшенетін, ықтимал, қолжетімді және уақтылы кәсіби даму міндеттерін бірлесе анықтайды. Шебер педагог, яғни тәлімгер уәжін, бейімділігін, қызығушылықтарын, танымдық үдерістерін ғана емес, сонымен бірге «жас педагог тәжірибесіндегі қиындықтар тұрғысындағы жеке күйзелісін анықтап, іс жүзіндегі жағдайы туралы пікірін» біледі [7].

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» - деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, қазіргі оқу орындары алдындағы міндеттерді шешуде педагогтың кәсіптік мәдениеті басты шарт екендігі аян [8]. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепте, ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген, психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер, шығармашыл ұстаз керек. Елбасының өзі білім мен ғылым қызметкерлерінің кезекті съезінде сөйлеген сөзінде: «Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер – бүгінгі жастар. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады» - деген болатын [8].

Қорыта келгенде, жас педагогтардың нәтижелі кәсіби әлеуметтенуі өмірдегі өз орнын табу және болашаққа жоспар құру қажеттілігі; азаматтық борышқа байланысты әлеуметтік мотивтердің қалыптасуы; өзін-өзі дамытудың барлық формаларына деген қызығушылық; қоршаған адамдардың пікіріне тәуелсіз қызығушылықтарының тұрақтылығы; мамандыққа байланысты нақты мотивтер мен мақсаттарды таңдауы; тек өзіне ғана емес, басқалардың да пікіріне қатысты шешім қабылдай білуі; мамандықты таңдаудағы өз мүмкіншіліктерін бағалауы, өмірлік позициясын түсінуі; әлеуметтік және танымдық мотивтердің қоспасы ретінде тұлғаның өз дүниетанымы және ортаның кез-келген ерекшеліктері мен артықшылықтарын түсініп, қажет жағдайда меңгере білген маман толық кәсіби әлеуметтену сатысынан өткен маман болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Білім беру қызметкерлерінің Бірінші Республикалық Педагогикалық оқулары «Педагогтің кәсіби өсуі — білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» баяндамалар жинағы, Алматы, 2013 ж., I бөлім, 482 б.
- 2.Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық.- Алматы, 2007, 35 б
- 3.Бубнова С. Психологические аспекты профессиональной консультации. //Психологический журнал, 1990, № 1, 67-72.
- 4.Иргалиев А.С. Основы социализации личности: Монография. Уральск: - 2012. – 114б.
- 5.Иргалиев А.С. Тұлғаны әлеуметтендіру: монография. - Орал, 2019. – 24 б.
6. <https://www.tarbie.kz/26686>, сілтемеге жүгіну күні - 22.10.2019
- 7.<https://infourok.ru/zdiksiz-pedagogikali-bilim-beru-zhne-ksibi-malimdi-zhetildiru-zholdari-642027.html>, сілтемеге жүгіну күні - 24.10.2019
8. Скендірова А. Жаңа формациядағы педагогтың жеке элитарлы тұлғалық үлгісімен іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері. // «Педагогика және психология».- №1 - Алматы, 2009. - 127-130 бб.

ӘОЖ 373.3

Мұхитова Г.Б
Қазақстан, Орал қаласы

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Дүние жүзілік әдістемелік ғылымда және қазіргі заманғы әдістемелік әдебиеттерде «күзирет», «күзиреттілік» терминдері кең көлемде қолданыс табуда. Күзиреттілік жеке тұлғаның танымы мен тәжірибесіне қатысты нәрсе. Қазіргі кезеңде білім беру мақсаттары өзгеруде, оқу ақпараттарының мазмұны жаңаруда, педагогикалық коммуникация құралдары, және педагогикалық әсер етудің объектісі — оқушылар да айтарлықтай өзгеруде. Осы факторлардың барлығы болашақ бастауыш мектеп мамандарының кәсіби құзыреттілігін жоғарлатуды талап етеді.[1,30-32б]Мектепте білім алу-бала өмірінің маңызды кезеңдерінің бірі. Қандай білім беру жүйесінен және қандай мұғалімнен білім алғаны баланың үлгеріміне және жеке тұлғалық қалыптасуына байланысты болады. Кәсіби шеберліктің құрылу процесі білімінің жүзеге асуы мен қалыптасуын ғана емес сонымен қатар оның тұлғалық қалыптасуын да қарастырады. Болашақ бастауыш мектеп мамандарының кәсіби шеберлігіне байланысты мәселелер көптеген жауапкершілікті талап етеді. Қазақстандағы жалпы білім беретін және кәсіби білім беретін мектептердегі жүргізіліп жатқан реформалар өзінің педагогикалық жүйесінде принципті өзгерістерді қажет етеді.

Жаңа әлеуметтік тұрғыда болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы — білімінің жоғарғы сапасын қамтамасыз етеді. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытушылардың кәсіби шеберлігі мәселесін күрделендіріп отыр. Өйткені дәл қазіргі таңда оқушылардың жалпы және рухани мәдениетін мұғалім анықтайды. Болашақ педагог- өз ісінің шебері болуы тиіс. Бұл дегеніміз жоғары мәдениетті, өз пәнін терең білетін, өзіне тиісті ғылым және мәдениет салаларымен жақсы таныс, психологиялық мәселелерін практикалық түрде талдай білетін, тәрбиелеу мен білім беру әдістемесін терең меңгерген маман. Осылайша, педагогикалық шеберліктің маңыздылығын кәсіби әрекеттерді ұйымдастырудың жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуші жекелік қасиеттердің жиынтығы деп білеміз.

А.Ф.Присяжная педагогика ғылымында құзыреттілік - тұлғаның белгілі бір сферадағы функциялары мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын айтады . Жалпы алғанда, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзыреттілік ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның

субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы». Ш.Таубаева: «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» -деп қарастырылады[2].

Кәсіби құзіретті мұғалім мектептің тәрбие – білім беру процесінде шығармашыл оқушылардың қалыптасуына дұрыс әсер етеді, кәсіби мүмкіндіктердің іске асуына ықпал жасайды. Білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзіреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, осы терминнің дербес анықтамасын келтірейік.

Кәсіби құзіреттілік деп оқытушының жеке бас сапалары мен оның психологиялық – педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңарулар мұғалімнен кәсіби біліктілігін үнемі көтеруді қажетсінеді. Сондықтан да кәсіби біліктілігі, шығармашылық ойлауы жоғары маманға деген сұраныс көп. Педагогикалық қызмет

табиғатында шығармашылықты талап ететіні белгілі қағида. Адамның шығармашыл мүмкіндіктерінің дамуы тұрғысынан интеллектуалды, эмоционалық, рухани потенциалының баюына, жетілдіруге, тануға ұмтылуға нақты жағдай туғызады. Осыған байланысты болашақ маманның кәсіби дайындығының мақсаты да өзгереді. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу процесі кәсіби білімнің, біліктің, іс-әрекеттің қалыптасуын қамтиды, болашақ бастауыш сынып маманының жалпымәдени дамуын, өзінің көзқарасының және тұлғалық кәсіби құнды қасиеттердің қалыптасуын қамтиды.[3]

Маманның кәсіби құзыреттілігі күнделікті педагогикалық қызметте әр түрлі танылады және әр түрлі іске асады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі деп, біз өзара байланысты үш компоненттен тұратын тұлғаның қасиеттерін түсінеміз:

- Педагогикалық қызметте жүзеге асатын кәсіби білім;
- Кәсіби біліктілік;
- Маманның кәсіби құнды қасиеттері;

Бұл үш компонент мұғалімнің тұлғасын дамыту мақсатымен біріктірілген, сонымен қатар әр компонент педагогикалық қызмет үрдісінде бірде алғышарт, бірде құралы, бірде нәтижесі болып қызмет атқарады.

Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қояды. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама –қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзіреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Құзіреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды. [4, 30-32б]

Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған

орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден болашақ маманның кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлылықтарын дамытуды талап етеді. Білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі - белсенді оқыту түрлері мен әдістерін жетілдіру. Ескі мазмұнды ығыстыра отырып, елімізде білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Әлемнің оқыту технологиялары жоғары дамыған елдерінің (Жапония, Германия, Голландия) тәжірибесіне назар аударсақ, түпкі мақсаты-баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру, яғни, бірінші орында баланың білім, білігі мен дағдысы емес, жеке тұлғаның білім алу арқылы дамуын қояды. Осы мақсатқа орай, бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық біліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізіп жүзеге асырушы мұғалім.[4]

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады.» Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады. Болжау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу, үйлестіру, сәйкестендіру, белсенділігін арттыру, зерттеу.[5]

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үрдісі кәсіби білім, білік, дағдыны қалыптастыру, кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруды білдіреді. Негізгі құзыреттілік сала ерекшелігіне қарамастан барлық мамандар бойынан табылу керек деп қарастырылған, себебі құзыреттілік маман біліктілігінің негізін құрайды, оның ішінде: ақпараттық; коммуникативті (қатысымдық).

Ақпараттық құзырет – мамандардың компьютерлік білімділігі, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу (мультимедия, электронды пошта, Интернет) мүмкіндігі. Коммуникативтік құзырет – бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасындағы сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, этикет сақтау, дәстүрді білу, дау жан-жалды шеше алу, бұзылған қатынастарды түзету, өз қателігін түсіне білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері.

Әлеуметті-құқықтық құзырет - өз елінің азаматы ретінде өзінің және қоғам мүшелерінің әлеуметтік қызметтерінің маңызын түсіну, қоғамдық міндеттерге тұрақты қарау, мемлекет нышандарын білу, адам құқығын жете білу, қажетті жағдайларда оларды қолдану, өзіне жауапкершілік арту жатады.

Арнаулы құзыреттілік - Оқу орны түлегі моделі - белгілі бір өндіріс, ғылым, мәдениет саласындағы жұмысшы құзыреттілігін сипаттай алуы. Сондықтан әр оқушының өз мамандығына байланысты арнаулы құзыреттілігін анықтау қажет. Арнаулы құзыреттілік - маманның сала ерекшелігіне байланысты кәсіби мәселелерді шешу, білім және іскерлік деңгейін көтеру сияқты қабілеттермен байланысты.

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай білім беру ұйымдарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс, себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипатының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білімі мол мамандарды қажет етеді.[6] Соңғы жылдары болашақ мамандардың құзыреттілігі туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелері жайлы көптеген пікірлер айтылып жүр. Соларға сүйене отырып, мұның өзі болашақ мамандарды қаршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді.

Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби

құзыреттілігін дамыту болып табылады. Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді. Сонымен, нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз – жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру. Кез-келген білім ордасының білім сапасын арттырудағы туындайтын кейбір проблемалардан шығу үшін: нәтижеге бағытталған болашақ мамандардың кәсіби құзырлығын дамытуды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б
2. Жүсіпова Ж.А . Педагогикалық шеберлік. Алматы, 2011
3. Әлмұханова Х.Т., Бейсебаева П.С.Құзіреттілік –кәсіби маман даярлаудың басты сапасы. - // http://www.rusnauka.com/15_APSN_2011/Pedagogica/2_85259.doc.htm
4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін инновациялық әдістемелік қызметке дайындау мүмкіндіктері Жетпісбаева Г.О., Әбілжан А.
5. Жаксылыкова Н.Е., Оразбаева А.Н. Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан, кәсіби құзыреттілік – болашақ оқытушының кәсіби маңызды сапасы ретінде.
6. Алмешова Ж. К. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми - педагогикалық негіздері // Молодой ученый. — 2014. — №4.1. — 31-33б.

III СЕКЦИЯ

ЖАС ҰРПАҚТЫ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ

ВОСПИТАНИЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

УДК 371.48

Альжанова Б.У.
Казахстан, г. Уральск

ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ КАЧЕСТВ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

Уже прошло два года с момента опубликования программной статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» [1].

За эти годы сделано немало, начался процесс поэтапного перехода казахского языка на латиницу, переводится 100 лучших учебников мира с разных языков по всем направлениям гуманитарного знания на казахский язык, реализуется проект «100 новых лиц Казахстана» и т.д. Но здесь в данной программе, нас заинтересовали такие направления, как «открытость сознания» и «духовная модернизация» и вашему вниманию, будет представлен такой аспект, как *формирование социальных качеств в современном образовании*, а именно формирование толерантности в нашем обществе

Феномен толерантности на современном этапе развития общества стал предметом широкого круга научных исследований и приобрел междисциплинарный и межкультурный характер. В научной литературе толерантность рассматривается, прежде всего, как уважение и признание равенства, отказ от доминирования и насилия, признание многомерности и многообразия человеческой культуры, норм, верований и отказ от сведения этого многообразия к единообразию или к преобладанию какой-то одной точки зрения.

Для формирования гражданского общества необходимо воспитание гражданина – человека, обладающего соответствующими этому обществу ценностными ориентациями. Одним из важнейших качеств, присущих такому человеку, является этнокультурная толерантность – умение терпимо, а главное – с пониманием относиться к людям других национальностей, к их обычаям, традициям, культуре, образцам поведения, образу жизни. Этнокультурная толерантность или, напротив, этнокультурная интолерантность во многом определяет характер межнациональных отношений.

Одним из факторов формирования толерантности является приобретение человеком социально значимых норм и правил поведения. Они созданы в ходе исторического развития человека и способствуют его гармоничному и равномерному прогрессу. Во всем мире существует определенная система ценностей, закрепленная в большинстве стран на законодательном уровне. В нее включены такие нормы как презумпция прав человека, терпимость к недостаткам и ошибкам других людей, ценность согласия и ненасильственного разрешения конфликтов, следование нормам права, сострадание, сопереживание, сочувствие, ценность человеческой жизни и отсутствия физических страданий.

Другим фактором формирования толерантной личности считают стремление человека к самосознанию, расширение его кругозора, формирование мировоззренческой позиции. Эти качества укрепляют представления человека о самом себе. Делают их более позитивными и адекватными. Сюда же можно отнести и формирование более высокого уровня самооценки у человека. Как отмечает С.Д. Щеколдина: «В развитии понимания личностью окружающей действительности объектом глубокого понимания становится человек, его внутренний мир.

Это вызывает интерес к себе и собственной жизни, качествам своей личности, потребности сравнивать себя с другими. Толерантность личности способствует формированию реального представления о себе и окружающих» [2].

Цель нашей статьи заключается в теоретическом обосновании и выявлении основных принципов формирования этнокультурной толерантности учащихся в условиях воспитательного процесса индустриального колледжа.

За тысячелетия своего существования человечество достигло поистине невероятных успехов. Великие научные открытия и свершения повысили возможности людей, но вместе с тем велись разрушительные войны, происходили революции, катастрофы, бесчисленное количество конфликтов, к которым привели столкновение государственных, национальных, частных интересов.

Взаимопонимание между разными национальными сообществами – проблема, возникающая в жизни общества, которая оказывает влияние на образовательный процесс, формируя тем самым запрос. Уважение культуры, традиций и обычаев других народов необходимо для успешных взаимоотношений не только для представителей разных народов, но и национальных сообществ и даже государств. Формирование толерантности по отношению к другой культуре, представителям других национальностей – одна из самых актуальных проблем педагогики на данный момент [3].

Рассматривая данный вопрос, необходимо учитывать и процесс социализации человека, и влияние окружающей среды. Дети, появившись на свет, сразу вливаются в разные социальные группы, которые играют немаловажную роль в формировании их национальной принадлежности, отношения к представителям другой культуры (др. нации), и, в конце концов, в формировании у них толерантности по отношению к людям другой национальности, другой религии. Влияние исходит с разных сторон. Это и семья, и сверстники, и национальный регион и мн. др.

Во многом от семьи зависит, каким вырастет ребенок, и какое место в обществе он займет. Особенности семьи, в которой рождается ребенок, могут повлиять на его ожидания, установки, набор ролей, систему взглядов и взаимоотношений с другими людьми, а также на его когнитивное, эмоциональное, социальное и физическое развитие. Помимо того, что родители помогают ребенку стать частью семьи, именно через них он знакомится с окружающим обществом и культурой. Религиозные традиции, этнические стереотипы и моральные ценности дети усваивают с ранних лет. В разнородном, многонациональном обществе некоторые культурные традиции часто находятся в противоречии друг с другом. Родители стараются демонстрировать детям свои культурные ценности, например, такие как религия, круг общения, пища, одежда, образование, игры. Но при этом, чем более разнородна социальная структура, тем большее внешнее давление испытывает на себе семья [4].

Основной целью воспитания является формирование у ребенка морально-нравственных качеств личности, приемлемых в обществе. В разные исторические периоды жизни человечества эти качества личности были различны. Это обусловлено многими факторами, такими как степень развития общества, географические и климатические условия, особенности экономического и политического положения, взаимодействие с другими, союзными и враждебными сообществами (племенами, народами, нациями, республиками, государствами). Как показывает исследование, самое большое влияние на качества личности, которыми должен обладать человек оказывала религия и культура. В процессе воспитания и обучения на подрастающие поколения оказывается влияние и, придав ему определенное направление, можно, таким образом, изменить положение относительно рассматриваемой проблемы, формируя у учащихся толерантные качества, духовную связь с малой родиной, знание и уважение ее истории, культуры, национальных традиций, адаптированность к региональным экономическим условиям, потребность быть востребованным на региональном рынке труда.

В педагогике выделяют несколько видов воспитания: морально-нравственное, физическое, эстетическое, половое, трудовое. Во всех этих видах воспитания можно, используя национальный компонент формировать у ребенка положительное отношение к другой культуре, религии, к представителям других национальностей, быть терпимыми, толерантными [5].

В студенческой среде можно приобщать учащихся к такой деятельности, которая способствует их культурному развитию, общению с представителями других наций, формирует толерантное отношение к людям другой нации, вероисповедания. Например, можно создать кружок из студентов, которые являются лидерами в своих группах, и приобщить их к просветительской и творческой работе, в основе которых идея межнационального взаимодействия и единство. Их лидерские способности будут способствовать приобщению большего количества сверстников в помощь, а авторитет этих лидеров позволит повлиять и на других учащихся косвенным путем, т.е. способ воспитания через коллектив. Обучение студентов межкультурному пониманию и толерантному поведению в межэтнических отношениях позволит произвести сдвиг установки в сторону роста общей нравственной позиции. Педагог в свою очередь, включенный в процесс педагогического сопровождения по формированию толерантности у студентов сам предварительно должен осознать и применять принципы культуры толерантности [6].

Важной формой самоуправления студентов является групповое ученическое собрание, где дети должны учиться демократии, общению, сотрудничеству, самостоятельности и ответственности. Правильно организованное собрание содержит большой потенциал для воспитания толерантности. Групповое собрание – это высший орган самоуправления в ученическом коллективе. Оно является высшим потому, что в его работе принимают участие все студенты, обучающиеся в данной группе.

Необходимо организовать конференции, семинары, дискуссии посвященные следующим темам: толерантность в жизни современного человека и общества; толерантность и межнациональное взаимодействие; национальная и религиозная принадлежность, и этническая толерантность.

Студенческая конференция, посвященная теме «Толерантность в жизни современного человека и общества» провести на межгрупповом уровне. Обсудить следующие вопросы: национальная принадлежность; национальная идентификация, актуальность толерантности, национальная толерантность.

На традиционном «Дне открытых дверей» студентам можно показать национальные наряды народов Казахстана, что поспособствовало бы повышению национальной компетентности. На «Студенческой весне» в концертной форме можно продемонстрировать национальные танцы и песни. Так же провести классные часы, направленные на формирование толерантности исследуемого вида. Классный час «Толерантность – наше будущее»: доклады о религиозной толерантности. Классный час «Толерантность – наше будущее»: доклады об этнической толерантности.

В конечном итоге задачи педагогического коллектива в этом направлении заключаются в следующем:

- 1) развитие гуманистического мировоззрения, включающего – убежденность в неповторимости, уникальности каждой личности (вне зависимости от национальности и расы, религиозных убеждений и культурных традиций);

- 2) воспитание гражданственности, любви к Родине, почитания и уважения народных традиций и обычаев, ощущения своих корней, преемственности поколений, ответственности за судьбу своего народа и его культуру;

- 3) создание социальной культуры, включающей культуру межличностных и этнических отношений: толерантности к иному образу жизни и стилю мышления.

Этнотолерантное сознание подростка в процессе воспитания определяется целым комплексом взаимодействий и целенаправленных воздействий, внешними и внутренними факторами, влияющими на его развитие.

Большое значение в формировании этнокультурной толерантности имеет позитивный образ своей национальной культуры и позитивный образ других национальных культур. Поэтому в процессе обучения и воспитания важно обеспечить соответствующие условия, которые способствуют приобретению и усвоению студентами знаний и ценностей и своего, и других народов, отличающихся по национальным особенностям через язык и культуру, приобщение к национальной культуре других народов с целью формирования у учащихся уважения к их языку, обычаям, верованиям, формирования гуманистической культуры межнационального общения [7].

Для этого необходимо решать организационные моменты. А именно: каким образом необходимо оказывать влияние, формирующее толерантность. Это требует разработку и организацию определенных методов, целью которых и будет формирование толерантности у учащихся. Самое трудное – внедрение этих методов в различные образовательные учреждения, так как для получения каких-то результатов необходим длительный процесс, иногда годы. В силу того, что вопрос формирования толерантности стал объектом исследования сравнительно недавно, в педагогической литературе появились идеи и предложения по реализации конкретных действий, методов формирующих толерантность. Однако это первые шаги, влекут за собой еще очень большую работу, которую предстоит сделать.

Таким образом, создается особый микроклимат, позволяющий учащемуся избавиться от тревожности, наиболее ярко раскрыть свои способности и таланты.

Список литературы

1. https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
2. Карманова Ж.А., Манашова Г.Н., Тасмагамбетова А.Б., Джабаева Г.Н. Формирование этнокультурной толерантности учащихся в условиях воспитательного процесса педагогического колледжа // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 1-3. – С. 412-415;
3. <https://applied-research.ru/ru/article/view>
4. <https://cyberleninka.ru/article/n/suschnost-i-spetsifika-vozdeystviya-sotsialno-kulturnoy-sredy-na-formirovanie-tsennostnyh-orientatsiy-podrostkov-i-molodezhi>
5. Макова Л.Л. Воспитание толерантности в учебно-воспитательном процессе школы как путь к преодолению межличностных конфликтов подростков.
6. Воробьева О.Я. Педагогические технологии воспитания толерантности учащихся., М., 2007.
7. Ризрдон Б. Э. Толерантность – дорога к миру. М., 2001

ӨОЖ 372.5

Аппе Кулшира
Қазақстан, Қарағанды қаласы

ЖАС ҰРПАҚТЫ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ

Ел ертеңі бүгіннен басталатынын терең түсінген дана халқымыз ежелден «Бала – өмір жалғасы» деп біліп, бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген.

Егеменді еліміздің тірегі – білімді, тәрбиелі ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасын дамытатын, бүкіл әлемге Қазақстанды паш ететін бүгінгі жас ұрпақ болып табылады. Қазіргі таңда еліміздің білім беру ісінде көптеген өзгерістер болып жатқаны баршаға аян. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті - рухани бай, себебі жан-жақты дамыған, бойында дарынды, ұлттық құндылықтар бар, сақталған

жеке тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, сан қилы өмірде аяғынан тік тұрып кететініндей түрткі жасауымыз қажет. Сол себепті барша ұстаздардың, ата-ананың, қоғамның міндеті әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру. Қазақ халқының ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деген. Бұл үлкен міндетті орындауда ұстаздардың рөлі жоғары болу керек. Ол ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты.

Ұстаз - тәлімгердің жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұмтылдырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік – саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Олай болса қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу – Білім берушінің басты міндеті. Ұстаз жан-жақты жетілген, білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресе осы кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты міндеті болып табылады.

Болашақта біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, мектеп қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығару үшін сынып жетекші ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жүргізген абзал.

Бүгінгі күні ұстаз болу, тәлімгер болу оңай жұмыс емес. Басқа ешбір мамандық адамға дәл мұғалімге қойылғандай талаптар қоймайды. Педагогтық қызметтің жетістігін бағалау да өте қиын. Я.А.Коменский балаларға тәлім-тәрбие беріп ұстаздық көрсететін мұғалімді өте жоғары бағалады: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес». деп сипаттаған еді. Балалардың санасы мен мінез- құлқының қалыптасуына ұстаздың жеке басының, оның моральдық бейнесінің атқаратын рөлі орасан зор. Бұл әсерді өзінің күші жағынан ешнәрсемен салыстыруға болмайды. Бұл - ерекше құдіретті күш. Орыстың ұлы педагогі Д.К.Ушинский «Тәрбие де, барлығы да, білім берушінің жеке басына негізделуге тиіс. Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орталығы қаншалықты жетілдірілгенімен тәрбие ісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес. Білім берушінің білім алушыға тікелей әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес» деп жазды. Сондықтан ұстаздың жеке басына ерекше талаптар жүктеледі. Ерік-қайраты, күшті, қазіргі заман талабында өмір сүре алатындай мінезге бай жас өспірімдерді қалыптастыру үшін мұғалімнің өзінің жеке басы сол талаптарға сай болу керек. Тәрбиешінің жеке басында сөз бен істің арасында алшақтық болмау керек.

Тәрбие жайындағы белгілі мәліметтер адам баласының тәрбиесіне сүйенеді. С.А. Назарбаеваның «Ұстаздан ұлағат» атты кітабында: «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту сезімді тәрбиелеу-баланы қоғамдық мәні бар, адамдарға жақсылық әкелетін қылық-қасиеттерден рахат, қуаныш табуға баулу деген сөз. Парасаттылық дегеніміз-адамзатқа қызмет ету», - деп жазылған.

Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Адамның

адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар, тәрбиеші мен мұғалімнің ролі зор. Яғни, мұғалім мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Ф.М. Достоевскийдің «Өзіңнен өзінді ізде, өзіңе өзің бағын, өзінді өзің тани біл», - дегеніндей, әр мұғалім өзінің бала болғанын, өзінің ата-ана екенін, өзінің оқытушы болып қалыптасып келе жатқанын ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырса, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Н.А. Добролюбовтің «Мұғалім өзіне шәкірттердің қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтаса, оның балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалықты оның әрбір мақтауы балаларды шаттандырады, оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады демек барлық тәрбие жұмысы игілікті болады», - деп айтқанындай, баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым-қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланыста болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал. Сонда ғана ел білікті, парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қол жеткізе алады.

Тәрбие кезеңдеріндегі оның өзіне тән заңдылықтарын сәтті жаңашыл тұрғыда шығармашылықпен пайдалану ұрпақ тәрбиесінің жемісті болуының ең үлкен кепілі болмақ.

Қазақстан Республикасының баянды да тәуелсіз мемлекет болу үшін ұлттық құндылықтар тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып, адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза ұлтжанды азамат керек. Қазақ мемлекеті үшін бар білімі мен қабілетін сарп ететін, елін, туып-өскен жерін, тілін, халқының тарихын, дінін, мәдениетін біліп, құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу, жалпы жұртшылық, әкімшіліктер мен білім беру мекемелерінің басты міндеті. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз және оны қалыптастыру басты міндетіміздің бірі» деген сөзін басшылыққа ала отырып, «Менің Отаным-Қазақстан» деп ойлайтын әрбір азамат ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіретін тәрбие жұмысын жүргізуі міндетті. Ал ұлттық тәрбиеге тікелей ықпал жасайтын білім ордалары, отбасы, қоғам, орта. Сол себепті барша қауымға, соның ішінде ұстаздар қауымына «елім, туып-өскен жерім, мен Қазақстан Республикасының азаматымын» деп жүрегі соғатын ұрпақ тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін оқып-үйрену, оны жүзеге асыру міндеті жүктелген. Қазақстанның болашағы - Ұлтжанды, адами құндылықтарды бойына жиған, қиыншылықтан жол табатын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, ары таза иманжүзді, біреудің қолдауынсыз өз еңбегімен білім алған, елі мен жерін сүйетінін атқарған ісімен дәлелдеген жастарды көргіміз келеді. Оған үлкен көмегін тигізетін тәрбие түрі-Ұлттық тәрбие беру, жас ұрпаққа сана-сезім мен сенімді қалыптастыру. Ол үшін жастарға ұлттық тәрбиені ел-жұрт, қоғамдық орын, ата-ана болып, жан-жақты ойлана отырып берсек, біздің де, мемлекеттің де көркейетіні даусыз. Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату-біздің басты парызымыз. Демек, ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып, тәрбиелеу арқылы сынып жетекші ұлттық тұлғаны қалыптастырмақ. Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек, мектеп жасы балаларының тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына отбасы мен бірге тәрбиешінің де ролі ерекше. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу-үлкен міндет. Бұл орайда дайын материалдар, тұжырымдамалар, бағдарламалар өте көп, бірақ нәтиже шамалы. Оның себебі толық қанды, жүрек жарды жұмыс жоқтың қасы. Балабақшадағы екінші ата – ана, тәрбиеші аянбай еңбек ету керек.

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екені даусыз. Сондықтан сол мол тәжірибені пайдалану педагогика мен психологияны жете біліп қана қоймай, шығармашылықпен жаңашылдық көзқараспен еңбек

етуге тырысып, ең бірінші жаны таза, рухани биік, адамгершілігі мол, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеу-сынып жетекшінің міндеті. Ғұлама Абайдың өсиеттерін жете түсініп, өз тәжірибесінде тиімді пайдалану. Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керегі екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі, Солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да, түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұстаз өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлар негізінде жеткіншек ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған тәжірибе арқылы тәрбиелеп отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игерте түсуі керек. Ұлы педагог К.Ушинский «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да оның орнын баса алмайды»-деп текке айтпаған. Ендеше еліміз тәуелсіздікке қолы жеткен қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі негізгі міндет-ұлтымыздың таным құндылықтарын бойына сіңіріп, салт-дәстүр, әдет-ғұрып мәйегін ұрпақ санасына егу арқылы тәлім-тәрбие беру.

Ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады. Сол себепті заман талабына сай шығармашылықпен жаңашылдықпен сан қилы тәрбие жұмыстарын жүргізу – тәрбиешінің басты міндеті екенін ұмытпауымыз керек.

Сонымен қорыта айтарым, қазақстандық патриотизм - бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт - дәстүр, ортақ тіл, діні бір, рұхы бір халықпыз. Отан – от басынан басталады десек, туған облысымыздың, қаламыздың көрнекі жері, тарихы, атаулы оқиғаларын, айтулы адамдардың өмір жолдарын білгізудің мәні зор. Өлкетану пәні небір тамаша фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды және тарихи қайраткерлердің халық үшін жасаған қызметін баяндайды. Осылардың бәрі олардың жүрегіне, сезіміне күшті әсер етеді, адамгершілігі жоғары, саналы азамат болып қалыптасуына үлес қосады. Ал өлке тарихына қатысты материалдар Отан тарихы, әдебиеті, географиясы, мәдениеті сабақтарында негізгі материалға қосымша ретінде пайдаланылғанына қарамастан сабаққа қойылатын 3 міндетті: білімділік, тәрбиелік дамытушылық жүзеге асырады.

«Патриотизм»- ғасырлар бойы жинақталған ең терең сезімдердің бірі. Отанға деген сезім болмаса, патриот болу мүмкін емес. Патриоттық сезім адамда өзінен өзі не болмаса туа пайда болмайды. Ол ерте жастан адамға әсер ететін, ұзақ мақсатты түрде бағытталған тәрбиенің қорытындысы. Патриотизм ортаның, отбасындағы тәрбиенің, мектептің, мектепке дейінгі мекеменің және түрлі қоғамдық ой- пікірлердің әсер етуімен қалыптасады. Мектепте оны қалыптастыратын пән тарих пәні. Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуі қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімнің өркен ғажайып тамырлануына негіз қаланады. Яғни, этносаралық интеграцияның базасы емес, адамдардың өзін - өзі азаматтық билеуі, Қазақстан халқының бір бөлшегі ретінде сезімі дамып қалыптасады.

Қорыта айтқанда тарих сабағында оқушылардың елін, отанын сүю сезімін қалыптастыру, ерлік рухын ояту – тарих пәні мұғалімінің басты борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. egemen.kz
2. Білім-инфо научно-методический вестник 2008(16) [31]
3. Білім-инфо научно-методический вестник 2006 №2(7) [15, 39, 416]
4. Интернет ресурстар

Балабаева А.И., Шалтаева Р. Ж.
«Bolashaq» Академиясы, Қарағанды қаласы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҚАРАПАЙЫМ ӨЛШЕУГЕ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ

Мектепке дайындық тобының бағдарламасына өлшеу іс-әрекеті жақында енгізілді. Бірақ педагогикалық тәжірибенің зерттеу материалдары өлшеу қызметін ересек топтары мен естияр топтарының балаларына түсінікті екендігін көрсетті. Өлшеу қызметін енгізу: балалардың заттың ұзындығын, енін, биіктігін, көлемін ажырата білуін; дәл өлшеуге қажетті қол мен көзді сәйкестендіріп қозғау қабілетін; сандық және есептік қабілетінің белгілі бір деңгейін; өлшеу процесін түсінудің пайдалы факторы болып табылатын жалпылауға қабілеттілігін талап етеді.

Ересектер тобында өлшеуді оқыту шартты өлшемдер көмегімен салыстырылатын заттардың өлшемін дәлірек қабылдауды қалыптастырады. Балаларды шартты өлшем көмегімен өлшеу ережелерімен таныстырылады. Тапсырманың орындалғаны туралы жауап беруге, көз мөлшерімен өлшеу қабілетіне дағдыландыру қажет. Балалардың сандар арасындағы байланыстар мен қатынастар туралы түсініктерін, бүтінді бөлшекке бөлу үшін өлшеу дағдыларын пайдалануды тереңдету қажет. Мектепке дайындық тобында өлшеу қызметі қабілетті дамытуға бағытталған. Өлшеу өлшемдері туралы алынған білім арифметикалық тапсырмалар құрастыруда және шешуде пайдаланылады. Өлшеуді оқытуда алдымен балаларға үйретуге қажетті әрекеттің мәнімен мағынасын түсіндіреді, әрекетті орындау жолдарын көрсетеді, қолданылатын ережелерді түсіндіреді. Сонан кейін бала бұл тәсілдерді үйреніп, әр түрлі объектілерді (заттарды) өлшеу тапсырмаларын орындайды. Бұл жолмен бұрыннан білетін математикалық түсініктері тереңдейді және жаңа білімдер қалыптасады. Тәрбиеші өлшеу процесінде қолданылатын заттарды алдын-ала ойлап, таңдап алады. Өлшеу объектілері мен өлшеуіштерін үлкендер балалармен бірге арнайы дайындауға болады (қағаздар, таяқшалар, ленталар) немесе дайын заттар алуға болады: жіптер, құрылыс материалдары, бояулы су, шай, құм, қапшықтар, тарелкалар т.б. Табиғи өлшеуіштер кеңінен қолданылады: қадам, қарыс, уыс, құшақ. Өлшеу объектісін бала өз айналасынан таба алады: стол, орындық, шкаф, биіктігі, ұзындығы, ені, дөңдердің, балық жемінің саны т.б. Өлшеу процесіне пайдаланылатын заттарды көбейту керек. Бұл қабілеттің тез және нық қалыптасуына мүмкіндік береді.

Өлшеуді оқыту процесінде дәл есептеу үшін қажет болғанда қарындаш, қайшы, ұсақ бір текті заттар (таяқша, үшбұрыш, шаршы) пайдаланылады. Тәрбиеші әрекет тәсіліне көрсету үшін және балалардың өз бетінше жұмыс жасауы үшін әр түрлі құралдар қолданылады. Балаларға берілетін жаттығулардың практикалық бағыты болу керек; жолақтағы өлшеуішпен өлшеу және ұзындығымен ені бойынша теңдерін (бірдей) табу; Лентаны өлшеп, тең бөліктерге бөлу; судың қажетті көлемін өлшеп алу т.б. Әрекеттің жаңа түрі – өлшеуді енгізу әр түрлі жолмен іске асырылады. Бұл жұмысты өлшеудің адам қызметінде қажеттілігін түсіндіруден бастауға болады (Мысалы: шкафты шығарса есіктен өте ме? деген сияқты).

Жаңа әрекетке балалардың қызығушылығын тудыру үшін олар мектептегі де өлшеуді оқуды әрі қарай жалғастыратыны түсіндіру керек. Сондай-ақ өлшеуді үйреніп, олар, өз қабілетін әр түрлі жұмыстарда пайдалана алады. (жалаушалар дайындау т.б.). Балаларды өлшеуді үйретуге оқыта отырып, төмендегілерге көңіл аудару керек:

- өлшеуіш өлшенетін жолда бүтіндей түсу керек;
- өлшеуішті қозғау 2-3 тен артық болмау керек;

- балаларға өлшеу барысында дәлдікке жеткізетін өлшеу тәсілдерімен ережелерді айту керек;
- өлшеуді бастағанда есептеу нүктесін дұрыс анықтау керек;
- өлшеуіш соңында белгі қою керек (қаламмен немесе бормен);
- ұзындық өлшегенде өлшеуішті солдан оңға қарай және биіктікпен енін өлшегенде жоғарыдан төмен қарай қозғау;
- өлшеуішті қозғағанда соңғы өлшенген бөлікті білдіретін белгіге дәл қою;
- өлшеуішті қозғағанда оны санау;
- өлшеу нәтижесін анық айта білу;

Бастапқы кезде балаларға өлшеу әрекетін орындау және өлшеуішті санау қиын болады. Жұмысты жеңілдету үшін көлемдері бірдей балама фишка енгізіледі. Өлшеуішті ауыстырып балалар бір фишкадан қойып, сонан соң фишканы санап, өлшеу кезінде өлшеуіш неше рет түскенін біледі. Яғни өлшеу объектісінің мөлшерін сандық көрсеткішпен анықтайды. Бұл тәсіл балаға өлшеу мәнін, оның нәтижесін түсінуге көмектеседі. Әсіресе бұл шартты өлшеуішпен өлшеудің әрбір жолын жаңа түрін үйренгенде пайдалы, фишка баламаның қолдану қажеттілігі біртіндеп жоғалады. Балаларды жаттықтыруда не өлшенеді, немен өлшенеді және нәтижесі қандай екеніне ерекше көңіл бөлу керек. «Сен не өлшедің?», «Немен өлшедің?» деген сұрақтарға жауап алуға көңіл бөлу керек. Өлшеу нәтижесі мынадай сұрақтармен түсіндіріледі: Өлшегенде өлшеуіш неше рет қойылды? Столдың ұзындығы қандай? Ыдысқа қанша стакан жем сыяды? Өлшеуде алынған сан нені білдіреді? Өлшеу нәтижесін анықтағанда оны өлшеуіш атымен байланыстырып айтуға үйрету керек (үстел ұзындығы 4 өлшеуішке тең, банкада 3 стакан су бар). Балаларға әрбір объектіге біртектес өлшеуіш алынатынын түсіндіру қажет. Бөлме ұзындығын өлшеуге қандай өлшеуіш алынады? Бұл өлшеуіш – тарелкедегі жемді өлшеуге бола ма? Банкадағы суды өлшеу үшін қандай өлшеуіш алу керек? (бірнешеуін көрсетеді).

Түрлі өлшемдерді (сұйық, сусымалы) және ұзындықты өлшеуді үйрету әдістері. Сенсорлық дамуды түрлі жолдармен дамытуға болады. Балаларда «салмақ сезімін», яғни «өлшеу» сезімін дамыту маңызды. Бұл әсіресе балаларға сұйық және сусымалы заттар туралы түсінік бергенде маңызды. Сусымалы заттарды бір–бірінен ажыратып, өлшей білуге тәрбиелеу, сусымалы заттардың ерекшелігі – төккенде, яғни бір ыдыстан екінші ыдысқа аударып салғанда төбе, үйінді сияқты болып қалатынын дәлелдеп түсіндіру. Сусымалы заттарды шартты өлшеуіштің көмегімен өлшей білуге дағдыландыру. Балалардан қандай сусымалы заттар білетіндігін сұрау (құм, топырақ, ұн, бидай, күріш, тары, жарма, құмшекер т.б.). Сусымалы заттарды ыдысқа төккенде не пайда болатынын мысал арқылы түсіндіру қанттың, ұнның, күріштің үйінділері пайда болды. Сұйық заттың физикалық қасиеттерімен таныстыру қажет. Сұйық заттар температураға байланысты бір күйден екінші күйге ауысады, көлемі өзгереді. Сұйық заттарды бір ыдыстан екінші ыдысқа құйғанда беті тегіс болады.

Балаларға сұйық заттарға мысал ретінде су, сусын, сүт, айран, шырын, қымыз, шұбат, сұйық май, жанар май, тосап, шәй, сұйық дәрі, сұйық тамақ т.б. ұғындыру, мысал келтіру. Сұйық заттар ыдыстарда құйылып, сақталады. Сұйық зат құятын және өлшейтін ыдыстар – бөшке, түрлі шыны банкілер, шелек, күбі, торсық, тостаған, цистерна т.б. Сұйық заттарды шартты өлшеуішпен үй жағдайында да өлшеуге болады. Сұйық заттар құятын ыдыстардың сыйымдылығын басқа кішілеу ыдыстар арқылы анықтауға болады.

Мысалы: 1 литрлік банкіде 5 стакан сүт бар, 20 литрлік бөшкеде 2 шелек жанар май бар, бір шелекке 10 литр сұйық зат сыяды т.б. Осы мазмұнда балалардың ойлау қабілетін тереңдететін, сезімталдық қасиеттерін дамытатын қызықты тапсырмалар беруге болады. Балалардың сенсорлық жағынан даму мазмұны мен міндеттері, ең алдымен, балалардың логикалық ой–өрістерінің жетілуіне, олардың сезімдері мен ұғымдарының дамуына негізделді. Әсіресе мектепке дейінгі кезеңде «салмақ сезіну», «өлшеу» дағдыларын қалыптастыру баланың қабылдау сияқты психологиялық қабілеті қалыптасып дамуы үшін зор мәнге ие. Кішкентайлар тобында салмақты сезіну дағдыларын қалыптастыру мақсатында

түрлі (ең ауыр, ең жеңіл) салмақтар мысалға алынса, ересектер тобында «салмақ» айырымы өте елеусіз, өте жақын салмақтар алынады. Барған сайын бұл салмақтар айырыла (300 грамнан 50 грамға дейін азайтылса бала қабылдауы, түйсінуі дамитындығы сөзсіз. «Салмақ сезімдерін дамыту үшін тегі, өлшемі, материалы әр түрлі заттарды қолдануға болады.

Балалардың түрлі зат өлшемдерін шартты өлшеуіштердің көмегімен өлшеуге үйретуде таразымен, жалпы таразы түрлерімен таныстырып, оны пайдалана білуге үйретудің маңызы зор. Заттардың ауыр, жеңілдігі олардың аз–көптігі, үлкен–кішілігіне байланысты бола бермейтіндігін тәжірибе жүзінде көрсетіп, анықтау қажет. Заттың салмағын анықтауда түрлі әдіс–тәсілдер қолдануға болатынын, зат салмағын көз мөлшермен, қолмен салмақтап көріп, білуге болатынын түсіндіру қажет. Осы мақсатта түрлі ойыншықтарды, дидактикалық құралдарды, ойындарды пайдалана отырып, балаларға өлшетіп көруге болады. Мысалы: «Көкөніс дүкенінде» атты сюжетті рольдік ойын арқылы сабақ өткізе отырып, таразымен таныстыруға болады. Сондай-ақ балалардың масса туралы ұғымдарын қалыптастыру қажет. Заттың массасы заттың өзі тұрған орнына түсірген қысымы екендігін түсіндірген жөн. Сабақты практикалық мазмұнда, практикалық жұмыс барысында өткізген тиімді. Шынайы көкөніс түрлерін таразыға тартып, көрсете отырып, балалардың ауыр–жеңіл ұғымдарын нақтылап, көрсетуге болады. Заттардың саны бірдей болғанмен, бір зат өзінің бірнеше заттан ауыр болатынын саналы ұғындыру керек.

Саны бірдей, массалары әр түрлі, саны әр түрлі, массалары бірдей т.б. жағдайлар ескеріледі. Теңестіру үшін екі түрлі жағдай қарастырылады, жеңіл жағына қосу. Ауыр жағын алу т.б. қолмен жаттықтыру, балалардың ойлау қабілетін тереңдететін ойындар, сезімталдық қасиеттерін дамытатын тапсырмалар беруге болады. Оқулықтағы суреттерді, дидактикалық құралдарды пайдалана отырып, сабақты ойын түрінде өткізуге болады. Уақыт өлшеуішімен таныстырып, таразыны пайдаланып, сусымалы заттарды өлшеп көрсетуге болады. Ойлануға берілген тапсырма барысында балалар геометриялық фигуралардың бір қалыптан, екінші қалыпқа қалай ауысатынын біледі. Сусымалы заттардың қасиеттерімен, адам өміріндегі маңызымен, пайдасымен танысады.

Мектепке дейінгі балалардың жалпыға ортақ өлшеу мөлшері туралы түсініктерін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларға дағдылар мен өлшеу іскерліктерін үйретудің маңызы зор. Бұл әсіресе олардың бірлік туралы ұғымдарын нақтылауға әсерін тигізеді. Балаларды өлшеуіштердің әртүрлі бірліктерімен метр, литр, килограммен таныстыру маңызды. Санау әрекеті мен өлшеу арасындағы байланыстар нәтижесінде өлшеу айқын мәлімет береді. Жалпыға ортақ өлшеу эталондарын меңгерту, шартты өлшеуіштерді ұғындыру өте маңызды. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың белсенді сөздік қорынан (метр, сантиметр, литр) деген сөздерді және өлшеуге деген кішігірім қабілеттерін жиі байқауға болады. Бұл баланың «таяу даму аймағы» мазмұнын құрайды.

Кейін мектепте алғашқы ондық бірліктері туралы ұғымдарын нығайтуда кесінділер пайдаланылады. Ол үшін балаларды бірлік моделі ретінде сантиметр, ондық моделі дециметр, жүздік моделі метрмен таныстырылады. Ал мектеп жасына дейінгі кезде ұзындық өлшемі ретіндегі реттілік керісінше алынады, ең алғашқы ұзындық өлшемі ретінде (см, дм) емес метр алынады. Оның алынуының мақсаты: метр - ұзындықты өлшеудің негізгі бірлігі. Өмірде дүкенде, құрылыста балалар көбіне метрмен өлшеуді бақылауды кездестіреді. Метр жекелеген эталоны ретінде қарастырылады. Метр, сантиметр мен дециметрге қарағанда аса көрнекі әрі ірі де өлшем бірлігі болып табылады. Сондықтан метрмен өлшеу балалардың қабылдауына да аса ұғынықты әрі жеңіл. Өлшемдерге үйрету шараларын шаруашылық дүкеніне серуеннен бастауға болады.

1. Дүкеннен тұтынушыға мата өлшеп беріп жатқан сәтін бақылау.

2. 1 м сызғышты ұстап, зерттеп көру, қаншалықты мата екенін өлшеп көрсету; Мыс: 2м, 6м. Көз мөлшерімен түрлі маталардың енін салыстырып үйрету. Оны метрмен салыстыру.

3. 2м мата, 3м лента, 4м жіп қуыршақтар үшін сатып алып көру. Топсаяхаттан соңғы әңгімелесуде аналарымен қай кезде метр қолдануын сұрау. Алғаш білімдерін практикалық тапсырмаларда қолдана білуге дағдыландыру: жолдың ұзындығын өлшеу, алаңды өлшеу т.б.

Мектеп жасына дейінгі балаларды біртіндеп ұзындықтың өлшем бірлігі ретінде сантиметрмен таныстыруға болады. Ал сұйық заттарды өлшеуде банкіден су қолданылады. Массаны өлшеуде 1кг, 2кг, 5кг гирлер қолданылады және таразыны пайдалану қажет. Бұл жағдайда әсіресе дидактикалық ойындарды, жаттығуларды пайдалану қажет. Ойын жаттығулардың маңызы зор, логикалық жаттығулар да беруге болады. 10 санымен таныстыруда сандардың реттік қатарын 1-ден 10-ға дейін ауызша айтуға үйренеді. Санның натурал қатары туралы түсініктері 10 санымен таныстыру саусақтың системаларға 10 саны және оның бірліктерімен таныстыруда (қандай, қайсысы, қанша деген сұрақтардың мәнін айыра білуге және оларға дұрыс жауап беруге дағдыландыру қажет. 10 саны көлеміндегі бірліктерді тек бір сызық көлеміндегі қалпында ғана емес, заттарды кеңістікте түрліше орналасқан жағдайларында да санай білуге үйрету керек. Санның элементтер сипатына, олардың сапалық белгілеріне (заттардың үлкендігіне, олардың арақашықтығына, кеңістікте орналасуына, сондай санау сағатына (солдан-оңға, оңнан солға, ортадан бастап жан-жаққа қарай т.б) байланысты болмайтыны жөніндегі түсінікті айқындау қажет. Кез келген затқа толыққанды сипаттама беруде оның басқа да нақты белгілерімен қатар өлшеу сипаты аса маңызға ие болып табылады. Мектепке дайындық кезінде балалар шартты өлшеуішті пайдаланудың бір неше түрлерін меңгерулері қажет. Ең алдымен «тузу» бетімен өлшеу, оған қағаз кесінділері арқылы таяқша, жіп, адым т.б ұзындық өлшемдерін пайдалану.

Екінші түрі - сусымалы заттарды кружка, стакан, қасық, тарелка өлшеу қолданылады. Балалардың күнделікті өмірдегі іс тәжірибелерін қарастыра отырып ең алдымен ұзындық өлшем бірліктерімен таныстыру маңызы аяқталды. Ал, өлшеу дағдыларын балалардың санай білу дағдыларына тікелей байланысты. Өлшеуге үйретуде, өлшейтін заттар алдын-ала әзірленіп алынады. Балалардың өлшеуді меңгеруі осыған дейінгі дидактикалық материалдармен жаттығулар арқылы қабылдаған білім, дағды, ескерліктеріне байланысты. Таразымен өлшеген жағдайда таразының (стрелкасы) көрсеткіш өлшемді көрсетіп тұратынын айту қажет. Салмақ, яғни заттың массасын өлшеу күрделірек, бұл жүйелеу мен нақтылауды қажет етеді. Жүйелі ұйымдастыру оқыту мен үйрету қажет және кезеңдер бойынша үйретледі. 1 кезеңде (естияр топ) зат массасын нақты сөздермен атап, ажыратуға үйрету қажет. 2 кезеңде (естияр топ, ересек топ) бірнеше заттар арасындағы ара салмақты ажыратуға көңіл қолданылады. 3 кезеңде (даярлық топ) жалпыға ортақ өлшем бірліктерімен таныстыру. Арнайы мақсатты ойын жаттығуларын қолдану оң нәтиже береді.

Балалардың заттың массасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Масса туралы түсінікті қалыптастыру, онымен байланысты қабілетті дамыту сабақ барысында да, күнделікті өмірде де іске асырылады. Сабақтар балалар тексеру әдіс тәсілдермен, сұрақ-жауаптарды тұжырымдаумен, сөздің анықтамалармен таныстыру үшін мақсатты қолдану қажет. Білімді, қабілетті бекіту ойындар, жаттығулар барысында сабақтан бос уақытта балалармен әңгімелесу арқылы іске асыру қажет.

Балаларды оқытуды ұйымдастыра отырып, тексеру тапсырмаларын практикалық және танымдық жұмысқа қосып өткізу керек. Бұл ойын тапсырмалары болуы мүмкін: салмақтары әртүрлі немесе тең болатын заттарды табу қуыршаққа сәйкес келетін ойыншықты табу теңін табу. Заттардың ұқсастығын терең танысудың оны зерттеудің қажеттілігін түсінуге көмектеседі. Сабақтарда әрбір баланың заттармен белсенді жұмыс жасауын, тәрбиешінің немесе баланың зерттеудің әдіс-тәсілімен жолдарын көрсетуді, балалардың зерттеу барысында жаттығуын қамтамасыз ету керек.

Сабақтағы тапсырмалар мен жаттығулар басқа бағдарламалық тапсырмалармен үйлестіріп жүргізіледі. Жаңа тәсілдермен таныстыруды сабақтың басында жүргізген дұрыс. «Алынған білім мен дағдыларды бекіту сабақ соңында жүргізіледі. Тапсырмалар ойын түрінде өткені дұрыс салыстыру үшін әртүрлі жұмыс түрінде қолдана алатын заттар алынады (көкөністер, жемістер, қораптар, ойыншықтар т.б) көрсетілетін материалдар біртіндеп қиындатылады. Салыстырмалы заттар түрінің көбеюі, олардың массаларының қатынасының азаюы, балалардың олардағы өзгерістерді тез қабылдауын дамытады. Заттардың бұл қасиетін атап көрсетуге қызықтырады. Алынған біліммен қабілетті басқа жұмыс түрлерінде (ойын,

жұмыс, тұрмыс) қолдануға мүмкіндік береді. 1-ші кезекте заттардың массасын олардың арасындағы қатынасты салыстыру арқылы ашып, ажыратуды, нәтижені сөзбен айта білуді оқыту керек. Салмақтық өлшеу шамасы ретіндегі (өлшеу шамасы ретіндегі) жалпы қасиетін ашуға әр түрлі денелермен заттардың массасын өлшеу әдістерімен шамалары туралы білімді дамытатын өлшеу жұмысы көмектеседі. Бұл негізгі бағыттар бойынша жұмыстар барлық топтар да ұйымдастырылады. 4 жасар балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілер алдында төмендегідей міндеттерді шешеді:

- салмақты заттың қасиеті ретінде түсінік қалыптастыру, оны басқа қасиеттерімен ажырата білу;

- заттардың арасында анықталған қатынас орната отырып, қарама-қарсы және бірдей массалы заттарды салыстыру;

- алыстыру нәтижесін жеңілдету – ауырлау, жеңіл-ауыр, бірдей, тең деген сын есімдерді қолдана отырып, баланың сөздік қорына енгізу;

- балаларды салмақпен бастапқы таныстыру үшін барлық қасиеттері бойынша бірдей бірақ салмақ айырмашылығы 1:6 немесе 1:5 болу керек. Бұл кез келген іші қуыс заттар бола алады. Алдымен тәрбиеші бұл 2 затты түрі, түсі, көлемі, формасы бойынша ұсынады. Бұдан кейін балалар заттардың ауырлығы бірдей ме? Кезектесіп тексереді. Бұл үшін затты қозғаудың қарапайым түрі ұсынылады. (шалқан жұлып алу, заттарды алақанда ұстау, әр қолға біреуден алып жоғары көтеру). Балаларға байқалған нәтижені сөзбен айтуға көмектесу керек. (Шалқандар әртүрлі). Бұл тәсілдерді бекіту үшін қай ойыншық ауыр, қайсысы жеңіл екенін көрсетуді сұрау керек. Заттарды салыстыруға сүйене отырып, балаларға «ауыр», «жеңіл» деген түсініктермен таныстыру керек. Келесі сабақта балаларға салыстыруға бұрыннан таныс заттарды беріп, одан кейін салмағының ара-қатынасы 1:4 болатындай басқа материал беру керек. Одан кейін балалардың салмағы әртүрлі заттарды ажырату қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар күрделенеді. Балаларға заттар салмағы бойынша тең болуы мүмкін екендігі түсіндіріледі. Бұл үшін тәрбиешінің көмегімен 2 жұп салыстырылады: біреуінде екеуі де тең. Егер заттарды салыстыру кезінде қиындықтар туындап немесе жауаптар қарама-қарсы болса тәрбиеші ойыншық таразы пайдалана алады. Зерттеу тәсілдеріне барлық балалар қатысу үшін балаларға заттар үлестіріліп беріледі: 1-ші әртүрлі, одан кейін салмақтары бірдей заттар. Біртіндеп заттардың айырмашылығын азайтып салмағы аз болатын заттар енгізу керек. (150г, 50г, 100г). Мұнан кейінгі сабақтарда заттарды салыстыруда заттың кейбір нышандарының түрі ауыстырылу керек. Бұл үшін салмағы бірдей түсі әр түрлі немесе керісінше түсі бірдей, салмағы әр түрлі заттар алынады. Салыстыруды талдап қорытумен аяқтау қажет.

Қорытындылай келе, дұрыс ұйымдастырылған танымдық әрекет барысында балаларда ақыл-ой операциялары мен процестері дамиды, шығармашылық қиялы қалыптасады, қызығушылықтары оянып, жеке ерік күштері, оқуға деген ықыласы тәрбиеленеді, ақыл-ой әрекетіне ынталары артып, еңбектенуге үйренеді.

ӘОЖ 373.2

Байдос Т. К., Ергалиева Г. А.
Қазақстан, Орал қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

XXI ғасырға енді аяқ басқан жаңа жағдайдағы қоғамда Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялап, өркениетке бағыт алған кезде болашақ жас ұрпақты мәдениетті, білімді, рухани интеллектуалдылығы жағынан жоғары етіп тәрбиелеудің мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде.

«Қазақстанның ел бірлігі доктринасында» ұлт бірлігінің үшінші негізгі қағидаты – «біріктіруші және бекітуші ретінде Ұлт Рухын нығайту және дамыту» көрсетілген, оның халықтың өзіндік санасының бір бөлігі болып табылатын мыңдаған жылдық дәстүрге, құндылықтар мен мәдениетке, тілге сүйенетіндігі айтылған. Сондықтан да доктринада мемлекет алдына оларды жаңғырту мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту міндеті қойылады, мемлекеттің, әр азаматтың, қоғамның жауапкершілігі айқындалады. Олай болса бұл тұрғыдағы жаңғырулар қазіргі кезеңде бастауыш мектеп оқушыларының ұлттық сана-сезімін оятуға халықтық педагогика негізінде салу қажеттілігі туындап отыр.

Зерттеу тақырыбы елімізде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен қабылданған «Қазақстанның ел бірлігі» Доктринасымен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Тілдердің үштұғырлылығы» ұлттық мәдени жобамен және «Мәдени мұра» бағдарламасымен де үндесіп жатыр. «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында қазақтың төл тарихы мен этномәдениеті жан-жақты зерттеліп, оның негізгі нәтижелері ғылымның әлемдік деңгейінде жарық көріп отыр.

Бала бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, оны қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындауда, білім берумен тәрбиелеуде жеке тұлғаны дамыту қатар жүргізілгенде ғана өз дәрежесінде жүзеге асады. Осыған байланысты білімнің мазмұнын, оқыту әдістерімен тәрбиені ұйымдастыру нысандарын жетілдіруді нақтылай түсу қажеттілігі туындайды. Еліміздің саяси-экономикалық және әлеуметтік жедел жаңаруында Қазақстан Республикасының «Қазақстан – 2050» даму стратегиясы бағытына сәйкес әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ұлттық тәрбиенің шешуші факторы болуы заңдылық [2].

Бастауыш сыныптарда баланы өмірге дайындау үшін танымдық, тұлғалық дамытудың маңызы ерекше:

- зердесін дамыту;
- эмоциясы мен сезімдерін дамыту;
- кездойсоқ қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту;
- өзіне - өзінің сенімділігін, өзін -өзі қабылдау, жақсы көруін дамыту;
- танымдық үрдісін дамыту;
- өзін - өзі алып жүре алуын, өзіндік дербестігін дамыту;
- өзін - өзі көрсете алуына, өзін - өзі жетілдіруге деген ынтасын дамыту болып табылады.

Көрнекті психолог Л.С.Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады. Баланың қиялы біртіндеп өмір тәжірибесінің молаюына байланысты қалыптасады. Қиялда болатын барлық бейнелер, қаншама таңғажайып болып көрінгенімен баланың өмірден алған әсеріне негізделеді. Кейде бала өмірде кездескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдаумен түсіндіргенде, бізге ол күтпеген жағдай болып көрінеді. В.С.Мухинаның пайымдауынша бастауыш мектеп жасындағы балаларда мінез-құлық мотивациясы мінез-құлықтың саналылығы күшейеді, мотивтер мен қажеттіліктер көлемі ұлғаяды, рухани және материалды қажеттіліктер сферасы кеңейеді, қарым-қатынасқа деген қажеттілік, жетістікке жету, бастапқы басқарушылық, әлеуметтік қажеттіліктер біртіндеп нығая түседі. Әсіресе, өлкетану түйсіну, сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою сияқты таным үрдістері дамуына жол ашады.

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңамынжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілікті-ізгідікті дамыту үшін біз әруақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялармен қағидаларға сүйенгеніміз жөн.

Ондай идеяларды Орта ғасырларда өмірсүрген Батыс пен Шығыстың ғұламаойшылдары Аверроэсо (Ибн Рушд), Я.А. Коменский, Н.Макиавелли, Ибн Халдун, Ибн Сина, Әл Бируни және т.б. айтты. Осындай ой титандарының бірі-бірегейі, қазақ топырағынан шыққан ғұлама ғалым-философ Әл Фараби еді. Ол сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігінайттып, білімалудың маңызын атап көрсеткен болатын. Фараби идеялары оның 140-танастам трактаттарының арқауы болды.

Фараби трактаттарының әрқайсысы өзіндік бір дүние, қағида, теория мен әдіс. Солардың бірі 948 жылы Египетте жазылған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» болып табылады. Ол бұл еңбегінде адам әрекетінің түпкімақсаттарының бірі—бақытқа жету - деп айта келе, сол бақытқа тек біліммен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады дейді.

Әл Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиенің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымда тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби сонымен бірге оқу-ағартумен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Еңбектің өзі өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбірадамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігін үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады деген болатын Фараби. Оның адам еңбегі туралы бұл тұжырымдамалар қазіргі жаңамынжылдықта да өзекті.

Бала психикасы негізінен, өмір барысында, оқу-тәрбие ісінде қалыптасады. Бұл жерде оның өз бетінше әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды. Жеке тұлғаның моральдық, психологиялық қасиеттері де оның өмірден алатын тәжірибесінен, дұрыс жүргізілген тәрбиеден қалыптасады. Ал, адамның қалыптасуының тиімді құралы – тәрбие мен оқыту. Тәрбие мен оқыту үдерісінде шын бақытқа ұмтылушы жас ұрпақтарда адамгершілік және интеллектуалды сапалар қалыптасады. Адам бойындағы барлық адамгершілік қасиеттерді жаттығулардың, әдет-дағдылардың нәтижесі деп қарауға болады. Дұрыс жүргізілген тәрбие адамда игілікті сапа қасиеттерді тәрбиелеуден басталады. Ұлы ғұламаның ойынша, жақсы мінез әрадамның табиғатында бар, бірақ олар жүйелі тәрбие арқылы жүзеге асады. Ғұлама ғалым жағымды қасиеттерге адалдықты, мейірбандықты, жомарттықты, батылдықты, достықты жатқызып, адам бойындағы жағымды қасиеттерді қалыптастыруда арнайы педагогикалық іс-әрекеттің маңыздылығын айтады [5, Б. 448].

Осы орайда, Ж.Баласағұнның «егер адам артына өз ұрпағына пайда келтірердей іс қалдырса, бала тәрбиесінде ата-аналарға насихат боларлық өте құнды педагогикалық мұра қалдырса, оның жаны өлмейді. Егер бала жаман мінезді болса, онда жақсы адамдарға қауіп төнгені. Адам өмірде өз ойындағы мақсаттарға жеткісі келсе, ол дұрыс тәрбиеалуы керек. Ж.Баласағұнның өзінің педагогикалық тұжырымын: «Ақыл қайда болса, ұлылық толады, Білім кімде болса, сол билікті болады», «Өмірдегі барлық жақсылық білімнен шығады» - дейді [16, Б. 154]. «Адам болу үшін ерлікпен қатар, ақ көңілділік те керек», «Байсалдылық – ізгі қасиет», «Адамға оның ақылы ғана дос», «Парасат – қараңғыдағы шырақ», «Біліктілік пенақылдылық төбенді көкке жеткізеді», «Ақылы болса, пайдасын көп көрер, білім білсе, әзіз тірлік өткерер» - деп осылай жеке тұлға тәрбиесіндегі білімге, ақыл-ойға, мінез-құлыққа мән береді [7, Б. 57-160].

М.Қашқари толық мағынасында түркі әлемінің энциклопедиясы болып табылатын атақты «Диуани лұғат ат-түрік» деген еңбегінде халық педагогикасының өзекті мәселелерін арқау етіп, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, аңыз, ертегілер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер және халық фольклорын өте орынды пайдалана білген. Шығармадағы нақыл сөздерізгілік, инабаттылық, әдептілік төңірегіндегі айшықты ойдың жемісі болып саналады. «Құрмет қылсаң қонаққа, асады даңқың халқыңа», «Білімді денақыл ал, асыл сөзді ұғып ал, бойыңа сіңір», «Ізгілік қанша керек болса, өз қолыңмен деоны істей біл», [8, Б. 272] деген сияқты, жеке тұлғаны ақылдылыққа, парасаттылыққа, кеменгерлікке, көпшілік пен әділдікке үндейтін нақыл сөздер жүйесі бүгінгі таңда да маңызын жойған жоқ. Ғұлама жеке тұлғаның басқалардан өзгешелігі деоның бойындағы асыл қасиеттерінде деп есептейді.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Ұлы Абайдың 45 қара сөздерінде жеке тұлғаның әлеуметтік маңызы бар қасиеттерін тәрбиелеу, адамгершілік және жігерсапаларын дамыту, эстетикалық талғамын және мәдениеттілік дағдыларын қалыптастыру барысы терінен келтірілген.

Ойшылдың шығармалары жас ұрпақтың жеке басына және жас деңгейіне байланысты ерекшеліктер әдеп, үлгі-өнеге, өзін-өзі тәрбиелеумен ұлттық мінез-құлықты меңгерумен бірге жас ұрпақты ең абзал, парасатты қасиеттер – еңбекке, өнер, білім, ғылымды үйренуге тәрбиелейді.

Ұлы ғалым-педагог Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» және «Таза бұлақ» деген оқу-әдістемелік еңбектері қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында зор оқиға болып бағаланады және болашақ ұрпақтың ақыл-ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық, еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі болып есептеледі. Жеке тұлғаны оқумен өнерге, мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсаринаса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударады. Ол халық шығармашылығынан ертегілердің, мақалдар мен мәтелдердің, т.б. тәрбиелік мақсатқасай келетінін тандап алып, шебер қолданды [7].

Ы.Алтынсариннің бұл өлең шумақтарынан ұлттық тәрбие баланы сүйіспеншілікке, бауырмалдылыққа, тазалыққа, пәктікке үйретуде қолданылсат биігі тәрбиешіретінде қызмет ететінін қазақ халқының қасиеті ой-тағылымдарынан бастау алатындығын көреміз. [7, Б. 19].

Әрбір адамның болашағы балалық және жастық шағындағы көргендерімен алған әсеріне тікелей байланысты. Жастарадамның рухын шыңдап, жігер беретін ортада ақыл-ойы ұшқыр, көргенді боп өседі.

Құт пен ізгілік – егіз ұғым. Құт пен бақтың бір жерде тұрақтамай, көшіп-қонған кезбе күйі заманына, адамына қарай қалыптасқан салыстырмалы, шартты түсінік. Көрген көз, естіген құлақ сөйтіп түйін түйген танымда жазық жоқ. Адамдық қасиет пен тірліктің шыңын ашығып, басындағы бағын мәңгілік еткен адамаз. Содан да құт пен бақ өзіне жайлы орын таппай, ізгілік іздеп, шарқ ұрып кезбе атанған. Ал ізгілік-мәңгілік кепілі.

Жүсіп Баласағұн [8] таныған кісіге түпкі ой-арманы ізгілік екенін байқатады. Ізгілікті дәріптеу арқылы екі ақын түпкі ой-армандарын табыстырады. Ізгілікті дәріптеп, марапаттауға екі ақын өзіндік таным, қабылдауларын қолданған. «Құтты білік» дастанының мазмұны соншалық бай әрі ауқымды. Ізгілік – Ж. Баласағұнның ең басты айтар ойы. Ізгілік – оң. Ессіздік – сол. Жүгің-ар....

Оңың - ұжмақ, солың – тамұқ, біліп ал!

...Өкінбейсің, ізгііс жасап үлгерсең.

Ұлы данышпандармен ғұламалар дүниедегі бір Алла, жаратушыдан өзгенің бәрін де баянсыз деп тауып, танып, өтпелі өмірден жұбаныштер өшпейтін, өлмейтін, баянды боп қалар тірек іздеген. Ол тірек ізгілік деп танып, ізгілік туралы түйінді ойды айтады.

Ш.Құдайбердіұлы өзінің шыңы биік шығармаларында жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті оқу, білімалу, тәлім-тәрбие туралы өрнекті өнеге қалдырған: Жеке тұлғаға байланысты психологиялық көзқарасы «Анық пентанық», «Қазақ айнасы», «Үшанық» т.б. шығармаларында баяндалған. Бұл еңбектерінде ғұлама: «Адамдарғасыртқы дүниенің, қоршаған табиғаттың жұмбақ сырын ұқ, танып, біл, оның өлшеусіз байлығын мұратыңа, қажетіңе жарат, сол үшін жаратқанадамғаи берді, білу, нану, ұғыну, тану – бәрі ақыл ісі, ол мидан шығады», - деген тұжырым жасайды. ми қызметі адамның сезім мүшелерінің әрекеті арқылы іске асады, ойға алған істі жүзеге асыруды, адамның әділетті, әділетсіз болуы, ізгілікті қууы немесе жауыздық жолға түсуі ақыл мен жүректің ісі, сондықтан әрнәрсені сарапқасалып, байыбына барып, терең ойлап, ақылменіс қылу – адамдықтың басты парызы, дейді. Халқымыздың бай мұрасының бала тәрбиесінде алар орнының маңызы өте жоғары. Бұл мұра арқылы бала тұлғасын адамгершілік бағытта тәрбиелеуге мүмкіндік туады. Келтіре кетсек. Халық шығармаларының арасында мектеп тәрбиеленушілеріне адамгершілік тәрбие беру құралдарының бірі *мақал-мәтелдер* болып табылады. Шын мәніне келгенде: «Мақал-мәтелдер – тура мағынасына орай астарлы ой бере алатын ықшамды нақыл сөз». Мақал-мәтелдердің айтар ойына ой қосатын, тілге икемді сөздің мәйегі екенін де айта кету орынды. Мақал да, мәтел де образды халық сөзі болып табылады. Мақал - халық тәжірибесінің қысқартылған афоризмдік көрінісі, мәтел - қандай да бір өмір құбылысына баға беретін бейнелі сөз. Мәтелдерде метафора, салыстыру, гипербола, идиомалық бейнелеу көп қолданылады.

Қазақ мақал-мәтелдерін зерттей келе, халқымыздың мінез-құлық, адамгершілік нормаларына, ойлау мәдениетіне, өнерге, туған жерін қадірлеуге, отансүйгіштікке, бауырмалдыққа, т.б. қойылған талаптарын да тұжырымдауға болады. Мысалы, адамгершілік пен мінез-құлыққа байланысты «Жаны сұлудың – тәні сұлу», «Түсі игіден түңілме», сөйлеу мәдениетіне байланысты «Сөздің көркі – мақал», «Мағынасыз сөз болмайды, мақалсыз ел болмайды» деген мақал-мәтелдер айтылар ой-пікірдің әрі қысқа, әрі нұсқа болуын, мақал адамның тіл байлығын, сөздік қорын, ақылын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін байқататынын ескертеді. «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Ердің өзіне қарама, сөзіне қара», «Ер бір сөзді» деген халық даналығы жас жеткіншектерді сөз мәдениетін меңгеруге, уәдесіне берік болуға, зерделі сөйлеуге шақырады.

Отанды қорғау, батырлық, ерлік туралы туындаған халық мақал-мәтелдері негізінен халықтың ой-тілегі, арман-мүддесі, отансүйгіштік сезімі қандай екенін байқатып отырады. Мақал-мәтелдегі туған жердің қасиетін, оның байлығын жоғары бағалап, ардақтаған халық оларды қорғау әрбір азаматтың міндеті деп санаған. Егер туған жерге ойран салуды көздеген шапқыншы жау болса, оған қарсы аттану ер жігіттің азаматтық борышы деп бағалаған. Туған жердің қадір-қасиеті туралы балаға әңгімелемей-ақ, «Туған жер – алтын бесік», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Отан от басынан басталады», т.б. деп, Отан-Ананың адам өмірінде алатын орнын, маңызын бір-екі ауыз сөзбен жеткізген.

Сондай-ақ «Ер еліне, гүл жеріне» немесе «Батыр мың қол бастайды, шешен тар жерде сөз бастайды» деген мақал-мәтелдер аз сөзбен көп мағынаны ұғындырады. Сонымен қатар мақал-мәтелдерде ел қорғап, жауды талқандап, ерлік жасаған немесе қара қылды қақ жарған, қиядан тартып жол салған ер, батыр бейнесінен мағлұмат беруге кең көңіл бөледі. Бұл туралы «Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, бітірген ісін сұра», «Ер жолдасы – тәуекел», т.б. мақалдарды атап өтуге болады.

Осы ойлардың түп-төркіні жеке тұлғаның іс-әрекеті арқылы көрінетін, оның қоршаған ортаны нақтылы бейнелеуінің тиімділігін белгілейтін принциптен аңғарылады. Осы тұрғыда, ақын: «Жеке тұлғаның негізіетіп, біліммененбекті, тәрбиеніуағыздайды: білімді үйрену үшіннені үйренуді, кімнен, қалай үйренуді білу ләзім, білімнің кілті-ыждағатта, ынта-жігерде, еңбекте» - деп көрсетеді.

«Жас баланы ұрғанмен шырылдатып,

Ойы толмай тұрғандаақыл енбес», - деп тәрбиелеуде, білім беруде баланың жеке басының ерекшеліктеріне, жан жүйесіне, дербестік шараларына қарай, тәрбиелеудің сендіру тәсілін қолданумен қатар, білім берудің лайықты мақсатын іске асыруды ұсынады [10, Б. 263].

Ұлы ойшыл баланы тәрбиелеуде жалпы адамзаттық мақсат-мүдделерді алға тартып, тәлім-тәрбие беруде адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, патриоттыққа тәрбиелеуге көңіл бөлгеніне ұлттық тәрбиеге көп еңбек сіңірді. Ұлттық тәлім-тәрбиеге көп көңіл бөлген, педагог М.Жұмабаевтың артына қалдырған тәлім-тәрбиелік мұраларының негізгі тақырыптарының бірі де – бала тәрбиесімен тұлғамәселесі. Осы мәселені қарастырғандаақын: «Балаға тәрбияны өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Жас бала – жас біршыбық, жас күнінде қай түрде иіп тастасақ, есейгендесол иілген күйінде қатып қалмақ. Адам өсу, дамып жетілу үдерісінде біртіндеп тұлға, кісі дегенатқа ие болады. Оның жан-жүйесі, сана-сезімінің дамуы айналасы мен қоғамдық өмірге тәуелді. Осындай жағдайдаоның дүниетанымы, сенімі, арманы мен талғамы, кісілігі қалыптасады.

Яғни, белгілі ұлт пен ұлыстың ділінен (менталитет), дәстүр-салт, жол-жоралғыларынан жеке дара ұғыну ерекшеліктері қалыптасады, - дегеніне өз шығармаларындаақыл-ой, ерік-күші белсенді, іс-әрекеті басқаларға үлгі боларлық, ел мен халықтың көш бастаушы, қамқорлықшысы болуға жарайтын тұлғаларды тәрбиелеудің жолын іздестіреді. Осы мәселені шешудің жолын іздестірген ғалымның түсінігі бойынша нағыз тұлға болу үшін жасаған іс-әрекетінде де, ішкі жан дүниесінде де Алланы ұмытпауың, сенімнің берік болуы керек. Діни сезімдері күшті адам, яғни тәңірінің барына, құдіретіне сеніп, оның махаббатыналуға, қаһарына ұшырамауға тырысатынадам өмір бойы ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безіп, ала жіпті аттамайды. Адамдықты арсыз, арбау дүниеденажыратып алар – тек осы иман. Иман адам санасына сәби кезеңінен бастап сіңірілуі тиіс, деп өз ойын тұжырымдаған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Жеке және ұжымдық жұмыстың барлық түрлерінде: ата-аналармен және оқушылармен, кіші мектеп оқушыларымен, мектеп пен отбасының, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелермен, Еңбек және шығармашылық ұжыммен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, тұрғылықты жері бойынша шағын аудандардағы тәрбие жұмысын ұйымдастырумен, ата-аналар университетінде педагогикалық лекторий, конференциялар, сұрақтар мен жауаптар кештері, тәрбие мәселелері бойынша консультация өткізу барысында, ата-аналар жиналыстары, ашық тәрбие сағаттары, практикумдар, пікірталастар, ата-аналар жиналысы, оқушылардың отбасына бару, ата-аналардың мәдени деңгейін арттыру, ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, өз халқының салт-дәстүрлерін және т.б. ескере отырып мұғалім маңызды рөл атқарады[5].

Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды белсенді пайдалану әрбір бастауыш сынып мұғалімінің қасиетті парызы болып табылады. Әсіресе: адам құндылығының жоғарылауы — құрмет (әйел-ана, еркек - Жаратушы-жаратушы ретінде әкесі ретінде; адамның адам текті жалғастырушы ретінде, қоғамды басқарушы және нығайтушы ретінде тәрбиеші ретінде, сұлулық, экономикалық және рух құндылықтарын, адам өмірін қамтамасыз ететін тамаша табиғаттың жасампаздығы ретінде ең үздік техникалық құралдарды жасаушы ретінде, Отан қорғаушысы және адам текті тұлға ретінде жоғарылауы. Бұл адамның құндылық ретінде ұлылығы.

Бұл ғылым мен техника қарқынды дамығанда, жаңа шығармашылық ойлау, адами таным қалыптасқанда, әлем елдерімен экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени байланыстар дамып, нығая түскенде, ақпарат алмасу және жылдам өсуде ерекше маңызды. Осының барлығы өзінің білім беру және мәдени даму деңгейі бойынша уақыт рухына сәйкес келетін, республиканы лайықты таныта алатын, өз ұлтының, өз халқының ар-намысы мен қадір-қасиетін, оның мәдениетін, өнерін, әдебиетін, салт-дәстүрлерін және әдет-ғұрыптарын, әдет-

ғұрпы мен әдет-ғұрыптарын, өзіне тән ерекше этиканы сақтай алатын ұлт ұрпағын талап етеді. Ұлттық құндылық өзінен өзі сақталып, қолданыла бермейтіні анық, ол үшін бастысы намысшыл жастар мен ұлттық ерекшелігімізді болашақ жастарға дәріптей алатын ата-ана, ата-әже өз үлестерін қосуы керек, яғни ұлттық тәрбиені берсе, үйретіп, жол көрсетсе жеткілікті. Балаға кішкентай кезінен бастап, бұрыс қылықтар жасаған үшін «ұят болады» деп тәрбие беру, имандылыққа баулу қажет. «Өлімнен ұят күшті» деп ескертіп отыруда дұрыс[6].

Себебі, бұл қазақ халқының ғасырлар бойы ғибраттық, имандылық тәрбиесінің үлгілерінің бірі. Бүгінгі күні осы іспеттес құндылықтарды өскелең ұрпақ санасына қаншалықты сақталып жатқаны басты мәселе. Әрине, оларды орынды жерде, орынды уақытта қолдана білсек, ұлттың бай қазынасы – мәдениеті мен әдет-ғұрпы аман қалмақ. Ал, шектен тыс насихаттау ұлтшылдыққа әкеп соғуы да мүмкін. Жоғарыда айтылған «жеті атасын білу», «қызға қырық үйден тыю» секілді салттарын ұмытпаған ұрпақтың болашағы жарқын болмақ.

Қорыта келе, заман өзгеріп, құндылықтар ауысып жатқан уақытта ұлттың қауіпсіздігіне қауіп төне бермек. Қазіргі жастардың, әсіресе қазақы жастардың еліктегіш екендігі белгілі, олардың өзге ұлттың салтына, дәстүріне еліктеуі мүмкін, мысалы, үнді киноларында көрсететін ұзын орамал мен маңдайларына қызыл нүктені жабыстырып би билеу не болмаса қазақы аспаптарды емес, өзге жанрдағы мәдениетке еліктеу, ана тілімізде сөйлемей басқа тілде көп сөйлеу осы секілді жағдайлар, бізге қауіп төндіреді. Неге? Себебі, осының барлығының орын алып жатқаны, көбінесе, жастардың кез-келген нәрсеге еліктеуінде екені белгілі. Егер, жастар - елдің ертеңі болса, онда отбасын құрған осынау жастар басқа елдің салтын, тілі мен мәдениетін дәріптер болса, онда сәйкесінше келесі ұрпақта сәл де болса өзгерістерге ұшырайтыны анық. Міне, бұл да қауіпті. Ия, әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа, біз айта алмаймыз, өзге ұлттың құндылықтары төмен, яки мәдениеті жаман деп, әр елдің өз ерекшеліктері бар, әйткенмен, әр азамат өз ұлтының құндылықтарын өзге ұлттан жоғары қоя білуі қажет, оны қолдану мен сақтау жолында өз үлесін қоса отырып, өзге ұлттың құндылықтарын білім көкжиегін кеңейту мақсатында қолданса дұрысырақ болады демекшіміз. Сондықтан, ұлттық құндылықтардың аман сақталуы үшін тіл мен тарих қаншалықты қажет болса, ұлттық тәрбиенің, аталы сөздердің, салт пен ғұрыптың маңызы да арта бермек. Бүгінгі ұрпақ ата-бабадан сақталған ұлттық құндылықтарды (тіл, дін, салт-дәстүр, мәдениет, әдет-ғұрып т.б.) ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру 2017 жылғы 12 сәуір 08:20 <https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru>
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 448 б.
3. Қашқари М. Диуани лұғат ат-түрік. /Түркі тілдерінің жинағы - Алматы: Ана тілі, 1993. – 395 б.
4. Р.Н. Нұрғалиев. Абайэнциклопедиясы. –Алматы: Атамұра, 1995, 312-318 б.
5. Майғаранова Ш. Мектеп оқушыларына рухани-ізгілік тәрбие беру. Ақтөбе, 2000, 66 б.
6. Қожахметова Қ. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. –Алматы, 1997. – 242 б.

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ТҮСІНІГІНДЕГІ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі қоғам дамуының қарқындылығы, ақпараттық байланыстың кеңейе түсуі, экономика, саясат, білім және мәдениет салаларын дағы өзгерістер жастардың өмірсүру жағдайына да үздіксіз әсеретуде. Әлеуметтік ұтқырлық жағдайында жастар және олардың құндылықтық көзқарастары түрлі өзгеріс кешіріп, кедергілерге жолығады. Бұл өзгеріске еңалдымен құндылық жүйесінің құрылымы ұшырайды. Құндылықтардың бірі жастардың санасында жоғары дәрежеге ие болса, кейбірі екінші орынға ысырылып тасталады. Әсіресе, жастардың дүние танымдық және рухани құндылықтарына әсер ететін жағдайлар ерекше маңызға ие. Ол – халықтың ұлттық сана-сезімі мен мәдени бірегейлік аясын кеңейтетін бағыт. Бұл үрдісте «мәдени дәстүр», «тәрбие» және «әлеуметтік орта» үшеуінің маңызы жоғары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл- ауқатының артуы атты Қазақстан халқына арналған өз Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз», - деп атап көрсетті [1].

Қазіргі таңда Қазақстанның дербестікке жетуі халықтардың ұлттық дүниетанымының өсуіне бірқатар жағдайлар жасалуда. Елімізде соңғы жылы жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көзқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды. Өмірлік құндылықтар - тұлғалық дамудың, реформалардың ерекшеліктеріне байланысты қазіргі психология ғылымының өзекті мәселелерінің бірі.

Заманауи студенттік қоғамның маңызды міндеті - бұл әлеуметтік құндылықтар жүйесін ескеру және дамыту, әр адамның өмірлік құндылықтары арқылы олар студенттердің жеке басын кәсіби қалыптастыру проблемасына алып келеді.

Көптеген зерттеушілер жеке тұлғаны қалыптастырудың университеттік кезеңінің маңыздылығын, жас тұлғаның даму кезеңінің сезімталдығын, оның құндылықтық бағдарларын, көзқарастарын, тұлғалық ерекшеліктерін, мотивацияларын, тұлғаның бағыт-бағдарын, ақыл-парасатын қарастырды (Б.Г. Ананьев, В.Г. Калашников, Н.В. Кузьмина, Н.А. Низовский).

К.А. Абульханованың пікірі бойынша, университеттің гуманистік ортасы - рухани кеңістік, рухани құндылықтардың өзара алмасуы бар және осыған байланысты болашақ маман ретінде студенттің жеке басының рухани дамуының маңызды шарты. Бұл ортада рухани даму шынайы рухани фактілердің жеке тұлғаның мінез-құлқына әсерін күшейтуде және жеке тұлғаның өзін-өзі жақсарту үшін өзін-өзі танудың өсуінде көрінеді [2].

Н.Коваль: «Студенттік жас жеке тұлғаның рухани дамуына сезімтал, өйткені алдыңғы сатыларда жинақталған рухани өмірлік тәжірибе, екінші жағынан, өмірді өзін-өзі анықтауды шешудің қажеттілігі, екінші жағынан, бұл үшін рефлексиялық қабілеттің жеткіліксіздігіне байланысты университетке дейінгі тәжірибе жеткіліксіз, бұл кезеңге қайшы келеді, алдыңғы тәжірибенің толық жеткіліксіздігі, әрдайым жетілмеген әлеуметтік белсенділік, өмірдің мәні мен әлеуеті туралы толық қалыптасқан түсінік жоқ рухани өсу мүмкіндігі қаланды». Ол университеттің гуманистік ортасы рухани құндылықтардың өзара алмасуы болатын рухани кеңістік болып табылады және «осыған байланысты болашақ маман ретінде студенттің жеке басының рухани дамуының маңызды шарты». Бұл ортада рухани даму шынайы рухани факторлардың жеке тұлғаның мінез-құлқына әсерін күшейтуде және адамның өзін-өзі тануының өсуіне ықпал етеді [3].

Е.П. Авдуюевская қазіргі белгісіз әлеуметтік-мәдени жағдайда қоғам жасөспірім мен жастарға ұсынатын құндылықтардың мазмұны ғана емес, сонымен қатар олардың даму механизмі де өзгеруі мүмкін. Қазіргі уақытта көптеген құндылықтар қабаттарының бір уақытта өмір сүруі, олардың біреуі де нақты құрылымдалған нормативті модель емес, жастарға әлеуметтік таңдау жасауды және нормаларды қабылдауды қиындатады[4].

И.Ю.Малисова, құбылмалы әлеуметтік жағдайда адам өзіне әртүрлі өзара әрекеттесу жүйелерінен өз орнын табуға және өзін-өзі анықтауға мүмкіндік беретін осындай құндылықтарды, өмірлік нұсқаулықтарды әзірлеуге және қабылдауға тырысады. Өзін-өзі анықтау процестері адамның өмір сүру кеңістігінде бағдарлануын қамтамасыз етеді - мақсаттар, құралдар, құндылықтар[5].

Мәселен,Б.Г.Ананьев:«Адамның жеке дамуы және оның өмірлік құндылықтарының қалыптасуы адамның сыртқы әлеммен - табиғатпен және қоғаммен тұрақты және белсенді өзара әрекеттесуінде жүреді. Адамның санасы сонымен бірге объективті шындықты да, ішкі дүниені де субъективті түрде көрсетеді. Салыстырмалы окшауланған ішкі әлемде құндылықтар кешені қалыптасады (өмірлік жоспарлар мен болашақтар, терең жеке тәжірибелер)» [6].

Студенттерді түсінігіндегі өмірлік құндылықтар қазіргі уақытта олардың санасында «Жеке өмір», «Махаббат, достық, достар», «Этикалық құндылықтар» құндылықтарымен бейнеленеді. Алайда, жеке тұлғаның құндылық өрісінде көрсетуге болатын мәндердің барлық спектрі айтарлықтай көрінбейді. Студенттер үшін «Тұлғаның ішкі әлемі» және «Тұлға жетістіктері» құндылықтары маңызды емес, бұл адамның белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін шектеуге әкеледі.

Студенттердің жеке басының ішкі құндылық әлемінің болу ерекшеліктерін құндылықтар өрісі түрінде интегралды жүйе ретінде ұсынуға болады, олардың мазмұны адам өмірінің өмір және қатынастар салалары, материалдық және рухани салалар, түсіну, мақсаттар мен жетістіктер сферасы, сыртқы жағына назар аудара отырады.

Сонымен, өмірлік құндылықтар шартты түрде «материалдық» және «рухани» деп аталатын жеке тұлғаның екі түрін ажыратуға негіз болатын материалдық немесе рухани құндылықтарға назар аударумен айқындалатын күрделі құрылымға ие. Жалпы, қазақстандық жастардың дүние танымдық және рухани байлығы жөнінен айтар ой аз емес. Әрине, бес саусақ бірдей емес, жастардың да ой-қабілеті әрқалай. Бір анығы, дүние танымдық қасиет рухани байлықпен теңелмейді. Рухани бай адамның жаны таза, кіршіксіз деп жатамыз, ал, дүниеге танымы зор жастардың кемел келешекке ұмтылысы биік болуы да мүмкін. Демек, біз үлкен мемлекеттік ұлы мақсаттарды бағындыру барысында жастардың бойындағы асыл қасиеттерді әлі де бағалай береміз.

Жас ұрпақ отбасында, ұжымда, қоғамда бірлесе өмір сүру жайында үлкендер әлемінен лайықты өнеге алады. Ең алдымен, адамның өз-өзімен және қоршаған ортамен, атап айтсақ, әлеммен, өзге тіршілік иелерімен, өз пейілдерімен, сезімдерімен және іс-әрекеттерімен жарастықта өмір сүруі, өзінің өмірдегі орнын таба білуі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл- ауқатының артуы»Ел Президентінің Қазақстан халқына арналған Жолдауыadilet.zan.kz
2. Абульханова К. А. Социальное мышление личности: проблемы и стратегии исследования // Психол. журнал, 1994, № 4. 55 с.
3. Коваль Н. А. Психология духовности личности. Тамбов: Изд-во ТГУ им. Г.Р. Державина, 1996, 153 с.
4. Авдуюевская Е.П. Особенности ценностно-нормативной социализации в юношеском возрасте и ситуации социальной нестабильности. В сб. Ценностно-нормативные ориентации современных старшеклассников. М., 1993. Т. 1. Вып. II.83с.

5. Малисова И.Ю. Психологические знания как фактор формирования ценностных ориентаций личности. // Психол. журнал, 1994. 102 с.
6. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. М.: Наука, 1980. 381с.

ӘОЖ 323 (574)

Жангалиева П.
Қазақстан, Орал қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі – бұл – қазақстандықтардың біртектілігі мен бірлігінің ауқымды да бірегей генетикалық бағдарламасы. Біздің рухани құндылықтарымыз бен ұмтылыстарымыздың негізгі форматын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуі тиіс[1]. Онда экономика мен саясаттың, мораль мен діннің мәселелері, Қазақстанның жаһандық әлемдегі орны жөніндегі көзқарастарымыз бір арнаға тоғыстырылған. Патриоттық акті біріншіден, халқымыз қалыптастырған және өз жан-жүйесінен өткерген басты жалпыұлттық құндылықтар, екіншіден, мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың қазақстанның тағдыры мен оны дамыту, өркендету жолындағы өзара жауапкершілігінің өзегі. Біз жаңа белестерге қарай ілгері басқан қадамымыздың дұрыстығын компаспен тексергендей, Патриоттық акт арқылы анықтайтын боламыз» - деді. Құжатта Қазақстан халқының тарихи тағдыры мен жалпы мүдделері, біздің елімізді дамытудың базалық құндылықтары көрінетін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жеті мызғымас тұғыры, жеті принциптері ұсынылған[2]. Тәуелсіздік және Астана, Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, Зайырлы мемлекет және жоғары руханият, Инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы және басты құндылықтар толық нұсқада 2014 жылғы 14 қаңтардағы «Қазақстандық жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Елбасының халқына Жолдауында және 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында айтылған болатын[3].

Қазақ елінің болашағын айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір құндылық, ол – жас ұрпақты отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеу. Ендеше, қазақстандық жаңа білім үлгісі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді және сол білімді ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де, білікті етіп өсірумен қатар, оның адамгершілік болмысын, ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын, халықтық қасиеттерін дұрыс және орнықты түрде қалыптастыру болмақ. Білімнің басты ұстанымы адамға білім беру ғана емес, сол білімді және біліммен қарулануды «руханияттандыру», «адамгершіліктендіру» болғаны аса маңызды. Қазір еліміздегі ұрпақ тәрбиесі мәселесіне тікелей қатысты прагматикалық құндылықтарға негізделген батыстық өркениетке, батыстық мәдениет үлгілеріне (үлгіге келмейтіні қанша) талғамсыз еліктеу; идеологиялық, ақпараттық дамудың зардаптарын алдын ала ескермеу және оларға қарсы тұрудағы құлықсыздық пен шарасыздық; ұлттық идеяға негізделген сындарлы идеологиямыздың болмауы, жастар арасында саяси-идеологиялық тәрбие жұмыстарының әлсіздігі; мектептің тәрбие жүйесінде стратегиялық көзқарастың болмауы, оған тиісті көңіл бөлінбей, қосымша міндет деп қарау; тәрбие жүйесінің ғылыми-әдіснамалық, педагогикалық-психологиялық және рухани-әлеуметтік негіздерінің осалдығы; тәрбие мәселесіндегі отбасының, социумның, қоғамның рөлінің төмендеуі; өзімізде барды бағаламай өзгенің жасығына еліктеп-солықтау, т.б. басты-басты ойлануға тұрарлық мәселелер орын алып отырғаны белгілі.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың ұлттық идеясында ана тіліне, өзіндік мәдениеті және өзіндік мәдени құндылықтарына, ата-бабаларына тағзым көрсету және Отан тарихына деген сыйластық баяндалған нұсқаулықтар бар. Осыған байланысты, бұл білім саласы рухани-адамгершілік құндылықтарды, ұлттық және мәдени дәстүрлерді нығайтуға және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз Отаны үшін жауапкершілікті сезіне алатын жеке тұлға қалыптастыруға бағыттауы керек. өзінің рухани мәдениетін мақтан тұтатын, өз халқының дәстүрлерін құрметтейтін Қазақстанның білімді және үйлесімді жаңа азаматын қалыптастыру мен тәрбиелеу- ерекше маңыздылық пен өзектілікке ие. Мемлекетіміздің дамуының негізгі құндылықтарын көрсететін «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының негіздері «Мәңгілік ел» Патриоттық актісінде көрсетілген. Жеке адамды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін шешу зайырлы мемлекет және жоғары руханилық, жалпы тарих, мәдениет, тіл, жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім және т.б. құндылықтарға негізделуі керек[5].

Адамгершілікті қалыптастыру бойынша мектептегі тәрбие жұмысының мазмұны келесідей міндеттерді қамтиды:

- Отанға деген сүйіспеншілікті, заңдарға деген құрметті және өмір сүру стандарттарын қалыптастыруға тәрбиелеу;

- білімге деген құштарлықты тәрбиелеу;
- еңбекқорлыққа оң көзқарасты тәрбиелеу;
- үлкендерді құрметтеу;
- студенттерді мәдени құндылықтар жүйесімен таныстыру;
- эстетикалық талғамын және өнерге деген сүйіспеншілігін дамыту;
- жоғары адамгершілік ұстанымдарды қалыптастыру және т.б.

Адамгершілік тәрбие - жауапкершілік, отансүйгіштік, ғылыми дүниетанымның тұрақтылығы, жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтау және т.б. адамның жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған жүйелі, әлеуметтік, тәрбиелік әсер.

Адамгершілік тәрбиесінің мақсаттары:

1. Рухани-адамгершілік құндылықтардың жандануы.
2. Тәрбиелік және өмірлік-практикалық міндеттердің біртұтастығын қалыптастыру, өмірге өзіндік көзқарасын қалыптастыру, жеке тұлғаның адамгершілік негізін қалыптастыру.
3. Мәдени дүниетанымын кеңейту, адамгершілік-пайымдау қабілетін қалыптастыру, тәуелсіз шешім қабылдауға үйрету.
4. Әлемге деген гуманистік көзқарасты қалыптастыру.
5. Өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру.

Балалардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруда ата-аналардың рөлін асыра бағалау мүмкін емес. Әдетте, отбасы ғана кішкентай баланың бүкіл ішкі әлемін қалыптастыруда шешуші роль атқарады. Мектептегі адамгершілік тәрбие, басым көпшілігінде, мектеп оқушыларының өз Отанына деген сүйіспеншілікті, еңбекке шығармашылық көзқарасты және айналасындағы әлемге ұқыпты қарауды қамтамасыз етуі керек. Нәтижесінде индивидуализм, патриотизм, қоғамдық және жеке мүдделер үйлесімі қалыптасады [6].

Баланың жұмысын жоғары адамгершілік қарым-қатынаста болатындай етіп ұйымдастыру - мұғалімнің басты міндеті. Әр бала өзін қоғамның ажырамас бөлігі ретінде, яғни тұлға ретінде сезінуі керек. Тек осы жағдайда ғана ол өзін бағалауды үйреніп, өз-өзіне деген құрметті қалыптастырады. Бұл-баланы қоғамда қабылданған моральдық идеяларды өз еркімен ұстануға алып келеді. Бастауыш мектепте адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік қатынастармен және рухани құндылықтармен анықталатын өзіндік нақты мақсаттары бар. Ұстаз үшін ең маңыздысы-адамгершілік тұрғыдан тұрақты тұлға қалыптастыру.

Жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру- мектептің арнайы ұйымдастырылған білім беру жүйесінде сәтті қалыптасады. Адамгершілік ағарту ісі мектеп оқушыларының практикалық іс-әрекетімен ұштасқан жағдайда адамгершілік қатынастар бір-бірімен, қоғаммен үйлеседі, мектеп оқушылары мінез-құлықтың дұрыс формаларын үйренеді және адамгершілік мінез-құлықтың жеке тәжірибесі мінез-құлық мотивіне, сеніміне айналады. Білім берудің барлық тәрбиелік әсері сенім мен құрмет негізінде берілуі қажет.

Бүгінгі таңда мұғалімдердің алдында халықтық педагогиканы адамгершілік тәрбиесінде қолдануға, халықтық педагогиканың көмегімен адамның басты қасиеттері - адамгершілік, рухани дүниетаным және гуманистік көзқарасты қалыптастыруға бағыттау міндеті туындайды.

Оқушылардың адамгершілік тәрбиесін жетілдірудің бір әдісі - оқу процесінде сөйлеудің рефлексивті мәдениетін дамыту. Рефлексиямен қаныққан ауызекі сөйлеуді қалыптастыру адамның мінез-құлқы және қызметінің негіздері мен әдістерін білуге, қайта ойлауға және қайта құруға ықпал етеді. Сондықтан студенттердің сөйлеу рефлексиялық мәдениетін дамыту, әсіресе қазіргі заманның өтпекі кезең жағдайында, олардың адамгершілік тәрбиесінің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Өсіп келе жатқан адамның сөйлеу және адамгершілік мәдениетінің қатарлас дамуы мектептегі білім беру процесінде тек білім беріп қана қоймай, оқушыларды бастауыш, содан кейін орта білім алған кезде де мұғалімдердің жетекшілігімен тәрбиелейтін жүйелі сипат алады.

Рефлексия дегеніміз - субъектінің оның мінез-құлқының және әрекетінің негіздері мен әдістерін білуі, сонымен қатар оның санасының мазмұнын қайта қарастыруы және өзіндік сананың қайта құрылуы, білім беруде рефлексивті сөйлеу мәдениетін дамыту оқушылардың жеке басы мен моральын қалыптастырудың тиімді әдісі болып табылады. Толыққанды адамның табиғи қасиеті - руханилық. Ол классикалық әдебиетте осылай көрінеді. Классикалық әдебиеттің алғашқы қасиеті - философ В.Соловьевтің сөзімен айтқанда «абсолютті (толыққанды) жақсылықты іздеу». Әдебиет сабағында адам мейірімділік, жанашырлық, мейірімділік, кешірімділік, ар-ұят, тәуба, махаббат, құрмет сияқты шынайы мәңгілік құндылықтарды қалыптастырады.

Кез келген мемлекеттің, оның ішінде Қазақстанның дамуы мен өркендеуі өскелең ұрпақтың осы процеске белсенді қатысуы арқылы ғана табысты болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы жастарда жоғары адамгершілік қасиеттерді: ұлттық мақтаныш сезімін, патриотизмді, адамдарға деген ізгілікті қарым-қатынасты, өз мәдениетін құрметтеуді, халықтың өзіндік ерекшелігін, адамгершілік мінез-құлқын белсенді қалыптастыруды талап етеді. [7].

Жаңа қазақстандық мектеп Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын рухани-адамгершілік дамытудың жалпыұлттық кеңістігінің маңызды құрылым құраушы құрамдас бөлігі, баланың зияткерлік, сондай-ақ азаматтық, рухани, мәдени өмірінің тоғысуы болуы тиіс.

Жүргізілген ғылыми-ұғымдық талдау зерттеуге алған тақырыбымыздың басты категориясы – «Мәңгілік ел» түсінігінің анықтамасына тоқталуға мүмкіндік береді. Елбасының тапсырмасымен «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі әзірленді. Бұл құжаттың мемлекеттік маңыздылығы Қазақстан білім ұйымдарының басшыларын, мұғалім-практиктерді патриоттық тәрбиенің жеті қағидаты формасындағы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын түсіндіру жұмыстарын жүргізуге белсенді кірісуге міндеттейді. Тәрбие іс-әрекетінде, сыныптан тыс оқытуда, аталған бағыттар бойынша жұмысты күшейтудің қажеттігі оны жандандырады. (Жандандыру [лат. actualis - әрекетшіл]- тұрмысты өзгертеді ұғымын білдіреді: тұрмыстың мүмкіндік жағдайынан шындығына қарай ауысу. Жалпы түсінік бойынша жандандыруды өмірде жүзеге асыру болып есептеледі. Философиялық сөздік).

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылығын пән салалары бойынша қалай меңгеруге болады? Оның бір нұсқасы жылдық тақырыптық- күнтізбелік жоспарды әзірлеу барысында пән бойынша оқылатын материалдарды сәйкестендіру. Егер, материалдың көлемі мен қайталанып келуін ескерсек, пән бойынша оқушыны жүктеу олардың сапалы меңгеруіне мүмкіндік бермейді, ал кіріктіріп оқыту және пәнаралық байланысты орнату оқу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мысалы, 1-сыныптағы «Математика және Дүниетану». Материалдарды осылайша беру арқылы оқушылардың біліктілігін қалыптастыруда ойын технологиялары қамтамасыз етіледі:

- дидактикалық ойындар;

- ақпараттық-коммуникативтік технологиялар;
- рөлдік ойындар;
- зияткерлік сайыс ойындар;
- дамыту технологиясы (шығармашылық) ойын және т.б.

Аталған технологияларды ғалымдар және педагог-практиктер инновациялық факторлардың қатарына жатқызады. Білім берудегі инновациялық технологиялар – бұл білім беру процесін ұйымдастыру, сапалы қағидаттарға, құралдарға, әдістерге, құрылған технологияларға және білім беру нәтижесіне жетуге мүмкіндік береді. Олар төмендегіше сипатталады:

- ауқымды білім көлемін меңгеру;
- ауқымды шығармашылық белсенділік;
- кең көлемдегі практикалық дағдылар мен біліктердің шоғыры.

Инновациялық ойындар технологияларының бастауыш мектептің әртүрлі жалпы білім беретін оқу пәндерінің үлгілік білім беру бағдарламаларына еркін еніп кетуі, ақпараттық-түсіндіре оқытудан ақпараттық-іс – әрекетке ауысуы, жеке тұлғаның дамуына бағытталған үлкен жетістік болып табылады. Осылайша, оқыту – «қоғамдық-тарихи тәжірибеден берілетін мақсатты процесс; білім, білік және дағдыны қалыптастыруды ұйымдастыру» (Психологиялық сөздік, М.:1990), дидактикалық ойын – білім, білік және дағдыны қалыптастыруға бағытталған жеке тұлғаның қызықты шартты іс- әрекеті. Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологиялары:

- балалар еңбегінің қызықты және өнімді болуы;
- дидактикалық(ой-өрісін кеңейту, еңбек дағдыларын дамыту);
- тәрбиелеуші (ұжымдық, ынтымақтастық);
- дамыту (ес, назар);
- әлеуметтендіру (қоғамдық құндылықтар талаптарымен танысу) болып табылады.

Еліміздің егемендігі нығайып, ертеңіне сеніммен қадам басқан шағында заманына сай адамын тәрбиелеу басты міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Концепция формирования государственной идентичности Республики Казахстан. (Одобрена распоряжением Президента Республики Казахстан 23 мая 1996 г.N2995.) // Казахстанская правда. 1996. 29 мая.
2. Национальная идея «Мәңгілік Ел»// ...nform.kz/rus/article/2627527 копия1.
3. Интервью Президента РК Агентству «Хабар»: «Размышления у подножияУлытау» (24 августа 2014 года) //pravo.zakon.kz/4648972-intervju-... копия
- 4.Куддусов Х.С. Национальная идея и ее специфические особенности в условияхобретения независимости. – Дисс. канд. политич.наук . - Душанбе, 2002. – 146 с.
5. Нысанбаев А.Н. Национальная идея: мировой опыт и Казахстан. - Общенаци-ональная идея Казахстана: опыт философско-политилогического анализа. /Под ред.А.Н. Нысанбаева. - Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006. - 412 с.
5. Лекция Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в ЕвразийскомНациональном Университете имени Л.Н. Гумилева, май 2006 г.
6. Пралиев С.Ж., Нармбаев К.Н., К.К.Жампеисова, С.Т.Иманбаева, Хан Н.Н.,Молдабеков Ж.Ж., М.К. Койгельдиев, Г.В.Кан, Калиева С.И. и др. Концепция реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел» в вузах Казахстана. – Алматы: «Ұлағат»КазНПУ им.Абая, 2015.- 54с.
7. Назарбаев Н.С-GLOBAL - мир XXI века /Н. Назарбаев. - Астана:Деловой мир, 2013. - 196 с.

Иргалиев А.С., Жалмаханова Л.А.
Қазақстан, Орал қаласы

ЖАСӨСПІРІМДІЛЕРДІҢ КОЛЛЕДЖ ЖАҒДАЙЫНДА ЭМОЦИЯЛЫҚ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың он маңызды бағытында: «Жас ұрпаққа ерекше қайырылым келеді. Сіздердің алдарыңызда Қазақстан дамуында шешуші рөл атқару, прогрестің қозғаушы күші болу міндеті тұр. Елбасы 2019жыл Жастар жылы деп жариялады. «Жастар-ел тірегі» арнайы жобасы жұмыс істей бастады. Біз жастардың «Жас кәсіпкер» бизнес-бастамасын дамыту бағдарламасын жүзеге асырудамыз, жастар стартаптарын қолдайтын боламыз. Жастарды жұмысқа орналастыру бағдарламаларын енгіземіз. Менің міндетім-сіздерге өздеріңіздің ең үлкен армандарыңызды жүзеге асырып, жеке «табыстар тарихын» қалыптастыруларыңызға барлық мүмкіндікті туғызу. Мемлекеттік қызметтің барлық деңгейіне жас талантты басқарушыларды іргерілету үшін «Президенттің кадрлық резерві» қалыптастырылатын болады. Біздің жастарымыз мақсаткер, еңбексүйгіш, креативті. Сондықтан Қазақстанның болашағы сенімді қолда» [1].

А.В. Петровский және М.Г. Ярошевскийдің сөздігінде, «өзін-өзі реттеу» термині келесідей сипатталады: (лат. Regulare-дан - бәрін қажетіне қарай ретке келтіру) – әр түрлі дәрежелердегі жанды жүйелердің мақсатқа сәйкес бағытталған қызмет атқаруы. Өзін-өзі реттеу реттелудің тұйықталған шеңберін білдіреді және танымдық процесс болып табылады, шындықты бейнелеудің әртүрлі психикалық формалары екінші иесі боп тасымалдаушы ретінде ерекшеленеді. Өзін-өзі реттеудің негізгі заңдылықтары нақты жағдайларға, сондай-ақ жүйке қызметінің ерекшеліктеріне, субъектінің жеке қасиеттеріне және білім беру процесінде қалыптасатын әрекеттерін ұйымдастырудағы әдеттеріне байланысты жеке түрде көрінеді»[2].

Е.А. Сергиенко, Г.А. Вильенская, Ю.В. Ковалева эмоционалды реттеу арқылы авторлар, ең алдымен, сыртқы әсерлерден туындаған стрессті жеңе білу және эмоционалдық көңіл-күйдің өз деңгейін реттеу мүмкіндігін түсінеді. Авторлар эмоцияларды реттеудің әртүрлі деңгейлерде болуы мүмкін екенін көрсетеді. «Осылайша, жоғары эндогендік стресс бастапқыда жалпыға бірдей мазасыздану сияқты көрінуі мүмкін. Содан кейін ол белгілі бір адамға бағытталған агрессивті мінез-құлықта жүзеге асырылуы мүмкін, бұл эмоционалды реттеудің жоғары деңгейі. Жастық шақта физикалық күш агрессиямен ауыстырылуы мүмкін, онда бақылаудың одан да жоғары деңгейі көрсетіледі. [3].

А. К. Осницкий қызметтің өзін-өзі реттеуді дамыту кезеңдерін сипаттай отырып, қызметтің саналы түрде өсуі, оны басқару сәттерін саналы талдау, қызметті реттеуге өзінің қатысуыда тиімді жасөспірімдік әрекет ету және жасөспірім жасында пайда болатынын атап өтті. Осы уақытқа қарай, ол оқушылардың санасында өзінің мүмкіндіктері туралы түсінік жүйесі қалыптасқан: [4].

1) *мақсатқа жету және мақсатты ұстауда* (ұсынылған мақсаттарды түсініп қана қоймай, оларды өзін қалыптастыра білу керек, сонымен қатар оларды іске асырғанға дейін мақсаттарды ұстап тұру керек);

2) *модельдеуде* (мақсаттың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін маңызды жағдайларды анықтай білу керек, өз тәжірибесінде қажеттілік мәні туралы түсінік табу керек, ал қоршаған жағдайда осы пәнге сәйкес келетін объектіні табу керек);

3) *бағдарламалауда* (қызметтің тиісті мақсаттары мен оның шарттарына сәйкес берілген шарттарды өзгерту тәсілін таңдай білу керек, осы түрлендіруді жүзеге асырудың тиісті құралдарын таңдау, жекелеген әрекеттердің бірізділігін анықтау керек);

4) *бағалауда* (өз іс-әрекетінің соңғы және аралық нәтижелерін бағалай білу керек);
5) *түзетуде* (егер қандай да бір бөлшектер қойылатын талаптарға сәйкес келмесе, нәтижеге қандай өзгерістер енгізуге болатынын көрсету керек) [4].

Жасөспірімділердегі сипатталған теориялық зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, келесі психодиагностикалық әдістер іріктелді:

1. «Эмоционалдық күйлерін өзін-өзі бағалау» (А.Уэссман, Д.Рикс)

2. «Мінез-құлық ерекшеліктерін өзін-өзі реттеу стилі»-ССП-98» сауалнамасы (В.И.Моросанова)

3. «Эмоционалдық интеллектіні зерттеу» әдістемесі (Н.Холл)

4. «Эмоционалды тұрақтылық деңгейін анықтау» тесті

Жасөспірімділердің колледж жағдайында эмоциялық өзін-өзі реттеу қабілетін қалыптастыруда эмоциялық өзін-өзі реттеуді дамытуға арналған төмендегі техникаларды тиімді деп есептейміз:

1. ЭМОЦИЯЛАР ҚОРАБЫ

Қиялда бақыт қорабын жасау пайдалы. «Бүктеңіз», онда сіз бақытты көзбен, есту, дәм, иіс сезу және сезу сияқты барлық нәрсе бар. Содан кейін оқушымен бірге осындай қорапты жасап, оның эмоцияларын егжей-тегжейлі талқылаңыз. Мысал:

Көру: баланың бақытты күлкісі.

Есту: теңіз толқынының шуылы.

Дәмі: тәтті құлпынай.

Иіс сезімі: жаңбырдан кейін орманның хош иісі.

Сезу: сүйікті адамды құшақтау.

2. ЭМОЦИЯЛАР ТІЛІ

Ол өз сезімдерін түсінуге ғана емес, қоршаған адамдарға да жақсы түсінуге мүмкіндік береді., группаластарымен әсіресе құрбыларымен осындай қарым-қатынас отбасында және сабақта өзара түсіністіктің негізі болады. Ол үшін өз сөзіме мына формуланы енгізіңіз: «мен сезінемін..., өйткені... менде ... еді».

Оқушымен қарым-қатынас мысалында бұл формула мынадай болуы мүмкін: «мен бояулармен суды төгіп тастағанына көңіл бөлдім. Мен сенің мұқият болғаныңды қалаймын. Ал қазір бірге тұрайық».

3. МЕН БҮГІН НЕ СЕЗІНЕМІН

Ойынның мәні-әр кеш сайын оқушы бүгінгі күннің эмоциясын талдайды. «Бүгін мен қуаныш сездім (қайғы, құмарлық, ашулану...)». Ол үшін оқушының сүйікті кейіпкерінің барлық эмоцияларын басып шығарыңыз. Бұл ойын өз сезімдерін сезінуге және қабылдауға үйретеді.

4. ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ФОТОАЛЬБОМ-САЯХАТ

Эмоционалдық суреттер жасауға тырысыңыз:«Бұл пальма үлкен кактус сияқты-оны көріңіз», «мұнара құлайды ма?!», «Қоңыз!». Мұндай суреттерді бүкіл отбасымен қарау өте жақсы. Саяхат туралы әңгіме жасай аласыз. Бірнеше фотосуреттерді басып шығарыңыз, араластырыңыз және сапарыңыздың жаңа тарихын жасаңыз.

5. ЭМОЦИЯЛАР БОЯУЫ

Әр сурет – бұл оқушы таңдайтын бояулармен және композициямен көрсетілген эмоция. Бір уақытта сурет салу өте жақсы және сізде қуаныш, қайғы, ашулану пайда болғанын салыстыру.

6. ЭМОЦИЯЛАР КОМПАСЫ

Оқушының эмоциясымен, адамның қандай сезімдерін қандай жағдайда сезінетінін көрсетеді. Ойынның мәні: әркім 8 карточкадан алады: қуаныш, қорқыныш, қызығушылық, шабыт, күмән, таң қалу, сенім, ашу-ыза. Тізімді толықтыруға болады. Әр карточкадағы жазылған эмоциялық күйлерді сезініп, қайта жаңғыртуы керек.

Біз колледж оқушыларының эмоциялық өзін-өзі реттеу қабілетінің ерекшеліктеріне:

-оқушылардың эмоциялық өзін-өзі реттеу туралы түсінік қалыптасып, эмоциялық сферасын тани білуімен;

-эмоциялық қиындықтарда өз мінез-құлықын басқару қабілетін жақсарту, мінез –құлық мәдінетіне көңіл бөлуі, таным үрдісі, тұлғааралық қарым-қатынастың жақсаруымен:

-оқушылар арасында әр түрлі сезімдер мен эмоцияларды үйлесімділік жасалуы, өзін-өзі бағалауда, түсіну біліктерін дамуы, оларды тудыратын эмоциялық өз жағдайлары мен себептерін ескеріліп, шамадан тыс эмоциялық шиеленісті және жоғары үрейлену көрінісін алдын-алуымен;

-білім беруде іс-әрекетті өзін-өзі реттеудің құрамдас бөліктері (мотивациялық-ұйымдастырушылық, интеллектуалды-ерікті, эмоционалды-ерікті, коммуникативті) тиімді ұйымдастырылуымен;

-жағымды эмоционалдық жағдайларды өзектендірілуімен (зияткерлік, шығармашылық немесе басқа да қызметтерден, танымдық қажеттіліктен қанағаттандыру сезімі; мотивациялық қанағаттандыру жетістіктер, шығармашылық, табыс қуанышы, қызықты жұмыс, тапсырмалар, қарым-қатынас, жаттығулар, ойындар, көңілді көңіл-күй және т. б.).

-жағымсыз жағдайларды бейтараптандырылуымен(оқушылардың өз күштерінде сенімсіздігі, агрессия, стесс, жоғары алаңдаушылық, реніш, қызғаныш, қорқыныш және т. б.)олармен жұмыс жасалуы;

-оқушылар арасында ортаға тез бейімделе алуымен, жауапкершілікті тез сезіне алуымен яғни адамгершілік, әдептілік, еркін ұстауымен, өзін-өзі бағалаумен ерекшеленеді.

Пайдалынылған әдебиеттер:

- 1.«ҚазАқпарат» https://www.inform.kz/kz/prezident-tokaevtyn-10-manyzdy-bagyty_t10866
2. Психологический словарь /под ред. А. В. Петровского, М. Г. Ярошевского. - М: Политиздат. 2004-494с.
- 3.Сергиенко, Е.А. Контроль поведения как субъектная регуляция / Е.А. Сергиенко, Г.А. Виленская, Ю.В. Ковалева. – М. : Институт психологии РАН, 2010. – 352 с. – ISBN 978-5-9270-0201-6
- 4.Осницкий А.К. Психология самостоятельности. Методы исследования и диагностики. М.; Нальчик: Эль-Фа, 1996. 124

УДК 796:373

Испулова Р.Н., Халиуллин Ә.С.
Казахстан, г Уральск,

РОЛЬ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ВОСПИТАНИИ ЛИЧНОСТИ В УСЛОВИЯХ ШКОЛЫ

В государственной программе «Рухани жаңғыру» говорится о необходимости развития здорового образа жизни, массового спорта, спорта высших достижений. «...развитие массовой физической культуры должно стать пирамидой, на вершине которой будут новые чемпионы, а у её основания мы получим здоровую, активную молодёжь и, в конечном счете, сильную нацию» [1].

Статья Президента Республики Казахстан «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» — глубокий по содержанию и масштабный по своему охвату программный документ. В нем углубленно рассматриваются вопросы дальнейшего успешного развития нашей страны.

Одним из стратегических направлений развития республики является образование, от развития которого в решающей степени зависит темпы экономического, технико-технологического прогресса, политического развития, состояния культуры в обществе.

Изменение в системе современного образования связаны с созданием научно - методического базиса функционирования системы образования, которая предусматривает инициативу творчества, использование и внедрение в систему образования новых технологий, программ, учебников.

В системе образования необходимо шире использовать инновации, то есть те технологии, которые позволяют сделать учебу наиболее привлекательной и значимой, а также раскрыть и использовать талант и творческие силы учителя.

Инновационная деятельность общеобразовательных учебных заведений характеризуется системным экспериментированием, апробацией и применением современных технологий в общеобразовательном процессе. В настоящее время значительно возросла активность в поиске и применении разнообразных новшеств, среди которых имеются различные разработки от педагогических и технологических находок до концептуальных предложений.

Современные концепции развития физкультурного образования подрастающего поколения направлены на оптимизацию использования средств и методов физического воспитания в различных типах учебных заведений.

В настоящее время становится все более очевидной настоятельная потребность оздоровления людей, и в первую очередь, учащейся молодежи. Главным источником развития и укрепления здоровья человека, обеспечения его профессиональной работоспособности и творческого долголетия являются занятия физической культурой и спортом. Несмотря на значительные усилия педагогов и ученых в данном направлении, названная проблема в практическом русле решается недостаточно эффективно, без глубокого понимания запросов общества на современном этапе. Более того, среди молодежи все еще распространены такие негативные явления, как употребление алкогольных напитков, курение, наркомания, пренебрежение моралью и другие. Чтобы исправить сложившееся положение, необходимо изыскать принципиально новые подходы, средства и методы формирования здорового образа жизни подрастающего поколения.

Определенную роль в таких усилиях может сыграть использование национальных видов спорта.

В многообразии средств физического воспитания детей школьного возраста особое место, ввиду своей универсальности, доступности и эмоциональности, занимают казахские национальные игры. Сегодня в практике физического воспитания школьников сложился интерес к национальным видам спорта, опирающихся на национальное самосознание. Совершенно очевидно, что использование в процессе обучения и воспитания школьников традиционных народных игр, являющихся частью нашей общенациональной культуры, будет содействовать укреплению физического и нравственного здоровья учащихся.

По мнению профессора М.Таникеева здоровый образ является одной из главных общечеловеческих ценностей жизни [2]. Не секрет, что в его формировании существенная роль принадлежит физической культуре, в том числе народным физическим упражнениям.

Попытки решение этой проблемы путем количественного увеличения времени, отводимого на расширение двигательного режима с использованием традиционных средств и методов физического воспитания, не оказывает существенного влияния на уровень физической подготовленности подрастающего поколения, которые имеют свои национальные и региональные особенности. Использование народных видов спорта в учебно-тренировочном процессе существенно повышает содержательную и результативную сторону развития физических качеств и способности учеников, оказывает влияние на значительную интенсификацию учебно-тренировочных занятий и привитие интереса к ним.

При этом применение казахских национальных видов спорта должно носить избирательно-направленный характер, с тем, чтобы они способствовали развитию не только основных двигательных навыков и качеств, но и прежде всего пластичности, гибкости, координации движений и их эстетичности. Только такой разносторонний подход обеспечить правильное воспитание личности, тем более, когда речь идет о подрастающем поколении. Целенаправленное развитие и совершенствование двигательных качеств и способностей учащихся более успешно осуществляются при введении в занятия народных подвижных игр и видов борьбы.

Народные подвижные игры отличаются рядом особенностей. Наиболее характерные из них универсальность и возможность применения в самых различных ситуациях, условиях и возрастных группах. Хотя многие игры классифицируются соответственно возрастным группам игроков, разные игры можно варьировать для разных групп. Для этого необходимо изменить требования и темпы выполнения упражнения. Усложнив условия проведения игры и повысив их темпы, можно добиться определенных целей по развитию соответствующих физических качеств. Исключительно полезны такие подвижные игры как - байга, карлыгаш, аш - каскыр, кыз куу, аударыспак и другие, связанные с быстрым бегом и прыжками.

Борьба қазақша күрес широко известна с тех далеких времен. История борьбы казахша күрес неразрывно связана с историей жизни нашего народа. Одержавшие блестящие победы на международных, мировых, олимпийских соревнованиях и ставшие гордостью нашей нации и страны, замечательные мастера борьбы А. Айханов, Ж. Ушкempiров, Ш. Сериков, Д. Турлыханов, К. Байдосов, А. Казымбетов, А. Бугыбаев, А. Габсаттаров, А. Иманкулов, А. Мусабеков, К. Байшолоков, Т. Байшолоков, А. Шайхиев, С. Рамазанов, С. Шакимов, Е. Ихсангалиев, Р. Сейлханов, С. Жартыбаев, З. Шаймерденов и другие пришли в свое время в большой спорт именно через борьбу Қазақша-күрес[3].

В техническом арсенале қазақша күрес имеется множество приемов. Многие из них используются в борьбе дзюдо, самбо, греко-римской, вольной и других видах единоборств. В қазақша күрес броски могут производиться произвольным захватом за одежду, за пояс одной или двумя руками, захватом рук и туловища. В қазақша күрес броски подножками, подсечками, зацепами, подбивами, обвивами, броски через спину, через бедро, броски через грудь пользуются большой популярностью.

Для успешного вовлечения детей в занятия қазақша күрес следует использовать наиболее эффективные средства и методы. Занятия по казахской национальной борьбе қазақша күрес проводятся в форме теоретических и практических занятий. В процессе теоретических занятий учащимся даются сведения о содержании и методах обучения и тренировки в борьбе қазақша күрес. Особое место отводится обоснованию использования средств направленного развития равновесия в подготовке борцов, воздействие средств вестибулярной тренировки на совершенствование функциональной и технической подготовленности занимающихся.

Исследования динамики физической подготовленности учащихся в течение учебного года, предполагает, что развития их двигательных способностей и физических качеств зависит не только от соответствующего метода и интенсивности тренировочной нагрузки, но и от направленности занятий, их избирательности и интереса к тем или иным формам и средствам физического воспитания. И, наконец, от конкретно поставленной цели.

Перечисленные обстоятельства убеждают в необходимости широкого использования народных подвижных игр и физических упражнений, не только в целях развития физических качеств и способностей занимающихся, улучшения их практической двигательной подготовки, но и формирование доброго, заинтересованного, активного отношения ко всем фактам и обстоятельствам, влияющим на становление здорового образа жизни.

Преобразования, происходящие в Казахстане, обусловили поиск и формирование новых подходов к преподаванию физической культуры, концептуальными направлениями которого являются интересы государства, нужды и запросы общества в физическом совершенствовании граждан. Одной из основополагающих задач, стоящих перед органами

государственной власти и местного самоуправления, является создание условий для развития физической культуры и спорта, привлечения, прежде всего, детей, подростков к активному образу жизни, к занятиям спортом. В современных социально-экономических условиях жизни ни один школьный предмет не имеет столь разнообразных условий осуществления учебного процесса, как предмет «Физическая культура». Это единственный предмет, который формирует у учащихся грамотное отношение к себе, своему телу, содействует воспитанию волевых и моральных качеств, укреплению здоровья и самосовершенствованию, участвует в формировании здорового образа жизни.

Особую актуальность в современных изменяющихся условиях имеет внедрение новых технологий в физкультурное образование, в частности, при введении третьего урока физической культуры в школьную программу с применением казакша күрес.

Двигательная активность, достигаемая при помощи таких занятий, достаточно надежное и доступное средство для нормального функционирования организма, укрепления здоровья и хорошего самочувствия. Занятия способствуют развитию силы, выносливости, координации – качествам, без обладания которыми трудно овладеть предусмотренными учебной программой двигательными умениями, справляться с нормативами. Такие уроки создают возможность для реализации на практике принципа оздоровительной направленности и способствуют гармоничному развитию учащихся и также учитывают и воспитательный аспект. Введение в школьный урок физической культуры технологий с использованием средств национальной борьбы казакша күрес является целесообразным, ввиду их направленности на оздоровление, доступности и популярности. Такие уроки и внеклассные мероприятия становятся одним перспективных направлений в реализации процесса физического воспитания учащихся в общеобразовательном учреждении. А программа формирования культуры здорового образа жизни обучающихся поможет обеспечить сохранение и укрепление физического и психического здоровья.

Использование средств казакша күрес не только положительно влияние на здоровый образ жизни учащихся, но неопределимо его значение в отношении позитивного влияния на формирование мотивационно-ценностной сферы личности учащихся, на формирование у них казахстанского патриотизма, нравственных качеств, уважение к родному и государственному языкам.

Список литературы

1. Новая программная статья главы государства Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», Назарбаев Н.А., 12. 04. 2017 г.
2. Таникеев, М. Мир народного спорта [Текст]: научное издание / М. Таникеев. - Алматы : Санат, 1998. - 288 с.
3. <https://ru.kyzylorda-news.kz> › news › rukhanizhangyru › 23763-qazaq-ku... Qazaq kuresi — казахская национальная борьба Рухани жаңғыру/Новости 14 нояб. 2018 г. - Казахша күрес (дословно – казахская борьба)

ӘОЖ: 373.3

Казетова А.Х., Хамидуллина А.М.
Қазақстан, Орал қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі Қазақстан мектебіндегі білім беруге қоятын міндеттердің маңыздыларының бірі – жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға бағыттау, азаматтық пен патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында: «Жеке адамның шығармашылық, рухани дене мүмкіндіктерін дамыту адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектілігін байыту – қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі», - деп орынды айтылғын [1].

Жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тұрғыда азамат болып қалыптасуы, ұзақ мерзімді оқу-тәрбиенің негізінде білім мен тәрбие негіздерін игерту ордасы – мектепте өтеді. Мектеп қабырғасында игерілетін білім мазмұны, оқушылардың ғылым негіздерімен қоса тәрбие заңдылықтарын қамтиды. Тәрбие қоғам мәдениетін жасаушы, әрі сақтаушы, әрі оны келер ұрпаққа жеткізуші басты құралдардың бірі. Сонымен бірге, тәрбие беру арқылы тұлғаның іштей түлеуіне мүмкіндік бере отырып, оны рухани құндылықтарды жасауға, насихаттауға жетелейді.

Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі – тәрбие. Тәрбие – мәңгілік және адамзаттық. Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа қалып отырады.

Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, мұғалімнің балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – оқушының белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Әр баланың жеке басы – оның моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау – бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған мұғалімнің күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, мұғалім істелген жұмыстардың нәтижелерін, баланың жетістіктерін зер салып талдау керек.

Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде адамгершілік руханилықтан бөлек қарастырылып, қағидаларды, ережелер мен талаптарды орындаумен байланысты сананың, дағдылардың, әдеттердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Адамгершілік – жеке тұлғаның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне қатысты қоғам моралімен белгіленген нақты бір қатынастардың көрініс табуы. Зерттеушілер руханилықты жеке тұлғаның дамуының ең жоғары деңгейі деп есептегендіктен, біз, осы орайда, адамгершілікті руханилықтың компоненті, құрамдас бөлігі деп қарастырамыз.

Адамгершілік – өзінің тәжірибесі арқылы адамгершілік құндылығына, нормасына жететін тұлғаның ішкі жағдайы [2].

Ғалымдардың адамгершілікке деген көзқарасын ескере отырып, педагогика адамгершілік тәрбиені ұйымдастырылған сан қилы оқу, оқудан тыс іс-әрекет жүйесіндегі және осының нәтижесінде жеке тұлғаның қасиеттерінің пайда болуындағы оң моральдық қатынастарының қалыптасуының мақсатты үрдісі ретінде қарастырады. Мұнда адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттер қамтылған.

Адамды бақытқа жеткізетін даналық жол қайырымдылық, имандылық, адамгершілік екендігін әр жақты дәлелдеді. Ал оған жетудің кілті тәлім-тәрбие, адамның өзін-өзі тежей білуі екендігін айтып: «..... адамгершілікке» негізделген татулық, жарасымдылық келісе білушілік бақытқа жеткізеді, - деп құнды ой-пікірлер айтып кеткен [2].

Адамгершілік тәрбиесі жан-жақты тәрбиенің аса маңызды бөлігі болуымен қатар, ол адамгершілік – қоғамдық дамудың жемісі, әр қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып жетіліп отыратын маңызды құбылыс.

Адамгершілік сезімдерді адамдардың бірлесе жасаған әрекеттері үдерісінде туып, дамиды да осы қоғамда қалыптасқан адамгершілік ережелеріне бағынады. Олар басқа адамдардың және адамның өзінің мінез-құлық әсерлерінен туады. Мінез-құлықтарды жақсы бағалау адамда қанағаттану сезімін туғызады да, жаман бағалау іштей наразылық тудырады.

Адамгершілік сезімдерге ұнату мен ұнатпау, құрметтеу мен жек көру, сыйлау мен рақымсыздық, сүйіспеншілік пен өшпенділік жатады.

Психологиялық зерттеулерде сезім дегеніміз – әлеуметтік және табиғи өмірдің сан алуан жақтарына эмоциялық қатынас. «Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттеріне сәйкес келу – келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психикалық үдерістің түрі түсіндіріледі. Алуан түрлі сезім, қуаныш пен қайғы, ашу мен қорқу, ұят, сүйіспеншілік, жек көрушілік, шошыну, абыржу, наздану» т.б. осындай сезімнің түрлері қоршаған ортасына байланысты болады [3].

Психолог ғалымдар баланың даму үдерісін қарастыруда бірнеше ғылыми теориялық ұстанымдарды ұсынады. Солардың бірі Л.С.Выготский төменгі сынып оқушыларының даму үдерісіне сензитивтік кезең тән екенін және солардың үлкен сезімталдығы мен әсерленгіштігін анықтаған. Мектепке бар ынтасымен келген 6-7 жасар бала тәрбиелік ықпалға оңай беріледі. Оның жақсы оқушы, жақсы мінез-құлықты бала атанғысы келеді. Балалар бұл жаста барынша мұғаліммен тез тіл тапқыш, өзін жаңа ұжымда балалар арасында еркін сезінгіш, мұғалімнің талаптарын, мектеп ережелерін орындауға қызығады [4].

Баланың адамгершілік сезімдері, эмоциялары, өзара қарым-қатынастары туралы түсініктері кеңейеді. Балалар үлкендермен және құрбылыстарымен қарым-қатынас жасау мәдениетіне қол жеткізеді, бірқатар адамгершілік құндылықтар мен адами қасиеттердің мәнін түсінеді, оның Отанға, отбасына, жақын адамдарына, қоршаған табиғатқа деген сүйіспеншіліктері артады. Ол алғаш рет алдында тұрған міндеттерді өзінің шешуі керектігін, оқушының әлеуметтік рөлін ұғынуын, сондай-ақ сыныптастарымен және ұстаздарымен жағымды қарым-қатынастар орнату қажеттігін түсінеді. Жақсыға құмар, тілалғыш, сезімтал және батыл болғысы келеді. Сонымен бірге бастауыш сынып оқушыларының кейбір теріс қылықтарын да байқауға болады. Мысалы, өзімшілдік, біреудің жақсы әдеттері мен істерін көре алмаушылық т.б.

Бастауыш мектеп жасы құндылық бағдар қалыптастыру жұмысын тиімді іске асыру үшін біршама мүмкіндіктердің бар екендігімен ерекшеленеді. Балалардың осындай қасиеттері ретінде эмоциялық көңіл-күй көтеріңкілігі, сыртқы әсерлерге берілгіштік қасиеттері, жағымды құндылықтар әлеміне бағытталғандығы сияқты ерекшеліктерін қарастыруға болады.

Жоғарыдағы бастауыш сынып оқушыларының психикалық ерекшелігін ескере және В.А.Штофтің «егер–онда» деген белгілі формуласына сүйене отырып [5], тәжірибеге қатысты мынандай тұжырым жасауға болады: егер бастауыш сынып оқушыларының психикалық әрекетінде басымдылық қабылдау болса, онда әлемді сезімдік тану, ол баланы «осында және қазір» жағдаяттарында заттармен, басқа да нысаналармен белсенді бастамашыл әрекетке ұмтылдырады, сөйтіп сезімдік тәжірибені, өзінің әрекетін логикалық ойлы сөзбен жеткізуге себеп болады. Бастауыш сынып жасында қайсарлы мінезді дамытатын адамгершілік қасиеттері қарқынды дамиды, жақын адамдары мен туған жеріне эмоционалдық жағымды көзқарастан байқалатын алғашқы отаншылдық сезімдері оянады.

Мектеп жасындағы баланың рухани-адамгершілік дамуы мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте – еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар т.б. қалыптасады. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас, тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кеңпейілдік, қарапайымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайлылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Баланың алғашқы тәрбиешісі – ата-анасы. Олар өз ақыл, білім, мінез-құлық, бар болмыс-бейнесімен баласына үлгі болуға тиіс. «Адам туа жаман емес, жүре жаман» дейтін мақалдан мінез сипаттары туа бітпей, өмірдің нақты жағдайында ортаның ықпалымен бірте-бірте пайда болады деген идея туындайды. Егер адам жақсы жағдайда дұрыс тәрбиелесе, оның жақсы қасиеттерге ие болатыны даусыз. Керісінше, жаман тәрбие жағымсыз қасиетті бойға дарытады. Мәселен, «Баланың тентек болмағаны үйінен» деу осыған меңзейді. Жақсы, жаман болу тәрбиенің, оқу-білімнің нәтижесі. Әрине, адамның нақты іс-әрекетінің, тыныс-тіршілігінің әсері ерекше маңызды.

Адамгершілік тәрбие берудің педагогика тарихында түрлі кезеңдерде зерттеу нысанасы болып, әр қырынан негізделген күрделі тәрбие мазмұнын құрайтын проблема екендігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>.
2. Әліпқан М. Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі. Монография. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2013. -432б.
3. Сейталиев С.Жалпы психология: Оқу құралы. – Алматы: «Білім», 2007.- 360 б.
4. Выготский Л.С. Развитие устной речи. Сбор.в 6-ти томах. –т 3. –М.: Педагогика, 1982.-367б.
5. Штоф В.А. Роль моделей в познании. - Л.: ЛГУ, 1963. -127 б.

ӘОЖ 373. 1. 02: 37.036

Молдағалиев Б.А., Ерболатова Ә.
Қазақстан, Орал қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Қазақстандағы әлеуметтік-саяси және экономикалық даму оқу-тәрбие мәселелеріне аса көп мән беруді, қазіргі білім беру жүйесін жаңартуды талап етіп отыр. Жас ұрпаққа тәрбие берудің сапасын көтеріп, сұлулықты, әсемдікті, әдемілікті сезіну қабілетін, эстетикалық талғамын дамыта отырып, өз ісіне деген шығармашылық талабын арттыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Қазақстан Республикасында бекітілген тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасында [1] (ҚР БЖҒМ, 2000ж, 7-ші шілде)осы заманғы тәрбиенің басымды тоғыз бағыттары (Қазақстандық патриотизм мен азаматтық; зерде-таным мәдениет; саяси-құқықтық мәдениет; рухани-адамгершілік мәдениет; салауатты өмір салты; экономикалық мәдениет және кәсіптік бағдар беру; экологиялық мәдениет, талғам мәдениеті, отбасылық өмір мәдениеті және гендер мәселесі) нақты атап көрсетіледі. Оның ішінде, баланы адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеудің, оның рухани дүниесінің қалыптасуы мен ақыл-ойының дамуының тиімді құралы болып табылатын эстетикалық тәрбиенің маңыздылығы, эстетикалық қарым-қатынасқа баулу, эстетикалық көзқарасты қалыптастыру бағытында оқушылардың рухани дүниетанымын тереңдету міндеттері көзделген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңындағы: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» – деп көрсетілуі де осы мәселенің өзекті екендігін білдіреді [2].

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандартында оқушының жеке тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін оқу-әрекетін ұйымдастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа үйрету керектігі, ал мемлекеттік білім беру тұжырымдамасында бастауыш мектепті бітірген баланың адамдармен қарым-қатынас жасауды, алған білімін өмірде қолдана білуі талап етіледі [3]. Сондықтан да бастауыш сыныпта гуманитарлық-эстетикалық бағыттағы пәндерді кеңінен енгізу қажеттігіне ерекше мән берілді.

Осыған орай, соңғы жылдары білім беру жүйесінде оқушыларға көркемдік-эстетикалық білім мен тәрбие беруді жетілдіру, рухани-адамгершілік байлықты меңгерту, ұлттар мәдениетін, әдет-ғұрпын, дәстүрін сыйлауға тәрбиелеу бойынша маңызды жұмыстар орындалды. Білім беруді гуманитарландыруға байланысты гуманитарлық цикл пәндері пайдасына оқу жүктемесін қайтадан бөлу, пәндер мазмұнына ұлттық мәдениет компоненттерін ендіру, тәрбиеде халықтық педагогиканы, әдет-ғұрыпты, дәстүрді және ырымдарды, этика мен ұлттық психологияны, өнер пәндерін пайдалану іске асырылып, көркем-эстетикалық пәндер – бейнелеу өнерін, өнердің декоративті-қолданбалы түрлерін, музыканы, биді, т.б. оқытуға мүмкіндік берді.

Қазіргі мектептегі көркемдік-эстетикалық білім беру мазмұны маңызды міндеттерді, атап айтқанда, өнерге құштарлық арқылы өмірге қызығушылығын қалыптастыру; оқушыларда өнерді қабылдау қабілеттілігін, онымен айналысуға қажеттілігін дамыту; оқушыларға көркемдік, бейнелі ойлау, қиялдау, өмірге шығармашылық қатынас жасау; сезіммен байланысты қабілеттіліктерге мүмкіндік беретін құнды көркемдік шығармашылық тәжірибе беру, өнерге кәсіби жолдарының бастамасы болады.

Жеке тұлғаны әлеуметтендіру, нәтижеге бағытталған түйінді құзіреттіліктерді игерту мақсатын көздейтін 12 жылдық білім беру жүйесі еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуын қамтамасыз етуде мәдениетті жаңа ұрпақ тәрбиелеуге, тұлға мен қоғамның адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық жағдайын үнемі жетілдіріп отыруға бағдарланады. Бұл оқушылардың интеллектуалды, эстетикалық дамуына және табиғат құбылыстарының бірлігі әр алуан таным салалары арасындағы өзара байланыстар туралы түсініктерінің қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

Жоғарыда келтірілген үкімет тарапынан жарық көрген құжаттарда ұлттық және әлемдік өнерге, халықтың рухани байлығы мен қоршаған ортаны қабылдауға бағытталған бастауыш сынып оқушыларына берілетін эстетикалық тәрбиеге көп көңіл бөлініп отырғандығын көреміз. Эстетикалық тәрбие беру ерте кезеңнен едәуір дамып, біздің заманымызға кемелденген деңгейде жетіп отыр.

Жоғарыда көрсетілгендей оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мәселесінің әртүрлі бағыттары қарастырылуда. Біздің пікірімізше, оқушылардың қоршаған ортаны бейнелі қабылдауы негізінде эстетикалық қарым-қатынасы, эстетикалық білімдері мен көркемдік талғамдарын қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі білім кеңістігіндегі кіріктіру үрдістері болып табылады. Бастауыш мектепте оқытылатын пәндер жүйесі оқушыға білім берумен бірге оның эстетикалық талғамын дамытуды көздейді. Сондықтан да «Бейнелеу өнері» бойынша берілетін білімді жеке меңгертумен шектелмей, оны басқа да пәндермен кіріктіре, байланыстыра игерту қажеттілігі туындайды. Бастауыш мектептегі білім мен тәрбие ісіндегі кіріктіре оқыту мәселесі теориялық және практика тұрғыдан маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Ғылым мен техника саласындағы өзгерістер білім беру ісінде де үлкен өзгерістер тудырып отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қабылдауы мен дамуының және өмірге деген адамгершілік-эстетикалық қарым-қатынастарының қалыптасуының шешуші кезеңі. Оны дамытудың көзі оқушыны қоршаған табиғаттың өзінде екені даусыз. Табиғаттың көркем көрінісі бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық көңіл-күйін сергітіп, жағымды сезімін тербеп, ой-түсінігінің дамуына негіз болады. Оқушылардың қоршаған табиғаттан көріп, байқағандарын қайта елестетіп, оны бейнелеу арқылы көркемдік талғамы, бейнелеу шеберлігі, нысан туралы алатын білімі кеңейіп, оның эстетикалық болмысы қалыптасады.

Кіріктірудің өзектілігі жалпы дүниенің біртұтастығын қоршаған орта құбылыстарының бір-бірімен байланыстығын түсіндіріп, оқушыда ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға негіз болатындығында. Сондықтан да қазіргі таңда оқу пәндерінің мазмұнын кіріктіруге үлкен мән беріліп отыр. Бастауыш сыныпта оқытылатын пәндердің бағдарламасында оқушының жеке бас сапаларын қалыптастыруды көздей отырып, олардың эстетикалық тұрғыдан жақсы жетілген тұлға ретінде қалыптасуына баса назар аударылады. Мәселен «Дүниетану» пәнінде қоршаған орта заттары мен құбылыстарын, заңдылықтарын оқып үйрену мақсатын қоя отырып, оның көркемдік, әсемдік жақтарын да бала бойына дарыту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіруді қарастырады. Бұл мақсат бейнелеу өнерімен тығыз байланысты жүзеге асады.

Мемлекеттік орта білім стандартында ғылыми мен техника жаңалықтарына негіздей отырып, қоршаған дүниеден, оның жеке көріністерінен білім беруде пәнаралық байланысты күшейтіп, кіріктіре оқытуға үлкен мән берілуде.

Бастауыш мектептегі білім мазмұны дүниені аналитикалық және синтездік тұрғыдан қарастырудың бірлігіне негізделгенде ғана үлкен нәтиже бермек. Соған орай берілетін білім мазмұны синтез, кіріктіру, жеке бөлшектерді тұтас біріктіру негізінде оқыту арқылы жүзеге асады.

Осы кезге дейінгі пәнаралық байланыс, кіріктіру туралы жүргізілген зерттеулерде бастауыш сыныптардағы эстетикалық тәрбие мәселесі әлі де шешімін таппай отырғандығы белгілі болды. Әсіресе, мектептің оқу-тәрбие үрдісіндегі кіріктірудің ғылыми теориялық жақтарын негіздеу, бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық тәрбиелеуде «Бейнелеу өнері» мен «Дүниетану» пәндерін кіріктірудің мазмұндық негіздерін ашу мәселелері арнайы зерттеуді қажет ететіндігі айқындалды.

«Бейнелеу өнері» мен «Дүниетану» – оқушыларға нақты объективті шындықты ғылыми тұрғыдан оқыта отырып эстетикалық талғамды дамытуға тікелей әсер ететін пәндер. Солай бола тұра, пәндердің мазмұндық, әдістемелік тұрғыдан кіріктіре оқытуға ыңғайлылығына қарамастан, осы уақытқа дейін мектеп тәжірибесінде бұл мәселеге көңіл аударылмай келді. Сонымен қатар, бастауыш сыныптар тұжырымдамасы мен бағдарламаларындағы басты талаптардың бірі – оқушыларға дүниенің біртұтастығын ұғындыру үшін білім жүйесін кіріктіре оқыту және оның тәрбиелік мәнін ашу керектігі айтылғанымен, бұл мәселе де өз деңгейінде шешілмей отыр.

Бастауыш сынып оқушыларына «Бейнелеу өнері» мен «Дүниетану» пәндерін кіріктіру арқылы эстетикалық тәрбие берудің қажеттігі мен оның ғылыми тұрғыдан зерттелмегендігі және арнайы әдістемесінің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылықтар туындап отыр. Осы қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру, зерттеу мәселесінің көкейкестілігін айқындады.

Болашақ ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру мәселесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы «Мәдени мұра» бағдарламасында, Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде тәрбиенің кешенді бағдарламаларында, Қазақ мектептері мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде имандалық-эстетикалық тәрбие берудің кешенді бағдарламаларында т.б. құжаттарда жан-жақты қарастырылған.

Бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие берудің теориялық негіздерін айқындау «эстетика», «эстетикалық тәрбие», «эстетикалық сана», «эстетикалық сезім», «эстетикалық талғам», «эстетикалық ләззат», «эстетикалық мұрат (идеал)», «сұлулық», «әсемдік, әдемілік», «көркемдік», т.б. ұғымдарын қарастырумен тығыз байланысты. Бұл ұғымдардың мәні мен мазмұнын логикалық тұрғыдан талдау арқылы ашуда алдымен ғылыми әдебиеттерде, сөздіктерде берілген анықтамаларға назар аударылды.

Педагогикадан қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздікте «эстетика (aisthetikos – сезгіштік, сезімдік) - өнердің және көркем шығарманың даму заңдарын, идеялық мазмұны мен көркемдік пішіндерін, әлеуметтік рөлін зерттейтін ілім; сондай-ақ өнерге көзқарас жүйесі; адам мен әлемнің арасындағы құндылық қарым-қатынастың ерекше көрінуі ретінде эстетикалық, салалық зерттейтін фәлсафалық ғылым және адамдардың көркем іс-әрекеті» деп түсіндіріледі [4].

Жоғарыда атап өтілген ғалымдардың зерттеулеріндегі оқушыларды эстетикалық тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық негіздемелеріне сүйене отырып, «эстетикалық тәрбие беру бастауыш мектептегі пәндерінің мазмұн жиынтығы арқылы бастауыш сынып оқушыларының қоршаған орта мен бейнелеу өнер шығармаларының әсемдігіне қызығушылығын тудыру, білімін кеңейту, эстетикалық қарым-қатынасын, іс-әрекетін қалыптастыру» деген анықтама берілді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының орта білімнің тәлім-тәрбие тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан. – Алматы, 26 желтоқсан, 2003. –Б. 2-3.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы //Егемен Қазақстан. – Алматы, 27 шілде, 2007. – Б. 5-6.
3. Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың Білім Академиясының Республикалық баспа кабинеті. – Алматы, 1998. – 245 б.
4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі Педагогика және психология. - Алматы: «Мектеп» 2002. - 250 б.

ӘОЖ 316.614

Қабди Ж.С., Муханбетчина А.Г.
Қазақстан, Орал қаласы

ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

Қазіргі кезде отбасы тәрбиесіне әлемдік деңгейде назар аударылуда. Осыған орай көптеген заңнамалар ата-анаға бала тәрбиесінде, соның ішінде үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы балабақшадан бастап, мектепті тәмамдағанға дейін балаларды оқыту, тәрбиелеу мәселесін жоспарлы түрде шешіп, отбасына педагогикалық көмек беруді мақсат етеді. Бұған дәлел, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49-бабында ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер «баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға, білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға, өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері жөнінде психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек алуға құқығы бар және олар балаларға өмірі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті», - деп аталып көрсетілген [1].

Осы тұрғыдан алғанда жас ұрпаққа тәрбие, білім беру үрдісінде қатысушы субъект ретінде ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктелген. Бұл оқушылардың білім, тәрбие жалпы әлеуметтенуінде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының қажеттілігін ашып көрсетеді.

Отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі мен әлеуметтену мәселесі психологиялық-педагогикалық ғылымда ғалымдар А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, Л.В. Мардахаев, Т.А. Савченко, О.А. Щекина және т.б. еңбектерінде кеңінен зерттелінген.

«Әлеуметтену» ұғымы әлдеқайда кең болып табылады. Мәселен Л.В. Мардахаев «әлеуметтену - бұл тұлғаның қалыптасу процесі. Мұндай қалыптасу процесінде индивидтің тілді, әлеуметтік құндылықтар мен тәжірибені (ұстанымдарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін), осы қоғамға тән мәдениетті, әлеуметтік ортақтықты, топтарды меңгеруі және олардың әлеуметтік байланыстары мен әлеуметтік тәжірибесін жаңғыртуы жүреді», - деп анықтама береді [2].

Жалпы қолданылатын «әлеуметтену» сөзінің авторы американдық әлеуметтанушы Ф.Г. Гиддингске тиесілі, ол алғаш рет 1887 жылы өзінің «Әлеуметтену теориясы» еңбегінде қазіргі уақытқа жақын мағынада («әлеуметтену - табиғаттың немесе индивидтің сипатының дамуы, адам материалын әлеуметтік өмірге дайындау») қолданған болатын [3].

А.В. Петровский бойынша тұлғаның дамуы үздіксіздік бірлігі ретінде ұсынылуы мүмкін. «Тұлғаның дамуындағы үздіксіздік оның бір фазадан екіншісіне ауысу заңдылығында салыстырмалы тұрақтылықты білдіреді. Ол үшін әлеуметтену - үздік сапалық өзгерістерді сипаттайды, ол тұлғаның басқалармен өзара әрекеттесуіне жататын факторлардың әсерімен байланысты жаңа нақты тарихи жағдайларға қосылу ерекшеліктерімен туындауы. Бұл жағдай қоғамда қабылданған білім беру жүйесімен тығыз байланысты».

Демек, әлеуметтендіруді белсенді өндіріс ретінде және индивидтің қызметі пен қарым-қатынаста жүзеге асырылатын әлеуметтік тәжірибені меңгеру процесі ретінде түсіндіруге болады. Өмірдің әр түрлі бағыттағы мән - жайларына стихиялық әсер ету жағдайында да, тәрбие мен білім беру жағдайында да педагогикалық ұйымдастырылған, мақсатты, жоспарлы процесс пен адамның даму нәтижесі жағдайында да әлеуметтену болуы мүмкін.

А.В. Петровский әлеуметтік дамудың барлық жағдайы адамның жеке дамуын анықтайды, ол бейімделу, интеграция және даралық жағдайында макро және микрофазалар ретінде өтеді. Баланың даму процесін сипаттайтын негізгі ережелерді талдау барлық қарастырылатын сызықтардың іс жүзінде өзара байланысты екенін көрсетеді.

С.Л. Рубинштейн «бала тәрбиеленіп, үйрене отырып дамиды деп атап көрсетті. Бұл дегеніміз, оқыту мен тәрбиелеу арқылы баланың даму процесінде жеке психикалық үдерістері, тұлғалық қасиеттері, соның ішінде мінез-құлқы, қабілеті, т.б. сипатталады.

Отбасы - бұл әлеуметтік институт және шағын әлеуметтік топтардың сипаттарына ие күрделі әлеуметтік жүйе. Баланың отбасында не алып жатқанын көбінесе адамның келесі өмірі қалай қалыптасатынын анықтайды, өйткені онда балалар мен жасөспірімдердің жеке басының, мінезінің, әдет дағдыларының, әлеуметтенуінің негізі қаланады. Кез келген отбасында «Баланы тәрбиелеу баланың туған-туыстарымен қарым-қатынас жүйесі, қарым-қатынас ерекшеліктері, бірлескен іс-әрекет тәсілдері мен формалары, отбасылық құндылықтар арқылы жүргізіледі». Сондықтан балалар мен жасөспірімдерді табысты әлеуметтендіру үшін ата-аналарға бірқатар психологиялық-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету маңызды.

Баланың жақын-туыстарымен қарым-қатынас барысында өмірінің алғашқы күнінен бастап жеке тұлғаның құрылымы қалыптасатынын атап өткен жөн. Ата-аналардың беделі басты рөл атқарады, өйткені барлық тәрбиелік ықпалдар балалар мен жасөспірімдердің бойында өзін әлеуметтік қолайлы түрде ұстау әдеттерін қалыптастыруға және адамгершілік мінез-құлық тұрғысынан өз әрекеттері мен жағдайларын бағалауға бағытталған. «Тәрбие стилі және отбасылық дәстүрлер балалардың ата-аналармен қарым-қатынас сипатын анықтайды» [4].

Бірақ әр түрлі себептермен баланың отбасында ата-аналарымен қарым-қатынасы кей жағдайларда қалыптаспайды, соның ішінде педагогикалық құзыреттіліктің болмауынан туындауы мүмкін. Ата-аналарда туындайтын қандай да бір проблемалар (жұмыссыздық, кедейшілік және т.б.) салдарынан балаларды да қиын жағдайды сезінуге итермелейді. Мұндай жағдайларда бала әлеуметтенудің қиындықтарын бастан кешіреді. Бұл жағдайда педагогтар мен психологтардың кәсіби көмегі өте қажет болуы мүмкін. Әрине, қарым-қатынас стилін анықтау құқығы, тәрбие әдістері ата-ананың қолында болады, алайда педагог «нақты бала мен ата-ана қарым-қатынасының ерекшеліктерін жете біле отырып, балалар мен ата-аналар арасында қолайлы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ете алады» [5].

Қазіргі отбасының өзекті мәселелері бұл ажырасу, тұрақсыздық, даулы отбасылар болып табылады. Егер отбасы ыдыраса, онда кез келген бала бұл жағдайды ауыр қабылдайды. Ол балада жүйке бұзылуы немесе психологиялық бұзылу болуы мүмкін. Мұнда көп нәрселер ата-аналарға, олардың сезімталдығына, тәрбиелеу тәсіліне, әдеп түсінігіне байланысты. Бала үшін әкесімен немесе анасымен қарым-қатынасты шектеуге болмайды. Бұл баланың жеке тұлғасына қатты әсер етеді.

Балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру әртүрлі топтармен, ұйымдармен өзара әрекеттестікте, әсіресе мектеп кезеңі ерекше орын алатын болады. Мектеп кезеңі үш жас кезеңін қамтиды: кіші оқушы жас (6-10 жас), кіші жасөспірім (11-14 жас), жоғары жасөспірім (15-17 жас). Бұл мектепке үлкен жауапкершілік жүктейді, өйткені бірнеше жылдар бойы балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру үдерісінде ол осы жауапкершілікті отбасымен бөлісе отырып, маңызды білім беру-тәрбие институты ретінде әрекет етеді. Сондықтан отбасы мен мектептің өзара іс-қимыл үдересінде осы өзара әрекеттесудің мақсаты мен педагогикалық шарттарын анықтау қажет, оларды сақтау оның тиімділігін арттыруға көмектеседі. Өзара әрекеттестіктің мақсаты отбасын әлеуметтік-маңызды іс-әрекетпен бірге жұмыс істеуге тарту, балалар мен жасөспірімдерді дамытуда мектеп пен отбасының өзара түсіністігін қамтамасыз ету, олардың құндылық бағдарын, шығармашылық әлеуетін және жеке тұлғаның басқа да маңызды құрылымдарын құрайтын ұмтылыстарын қамтамасыз ету болып табылады. Бала отбасынан алған тәрбие тетіктерін бойына сіңіреді. «Тәрбие отбасынан басталады», деп халық даналығы бекер айтылмаған. Саналы да, білімді ұрпақ болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, әрі парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз де негізгі міндет болып табылады. Баланы әлеуметтендіруде ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмыстары жан-жақты болса ғана жемісті, нәтижелі болады. Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте өз жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін ертеңгі азамат болып қалыптасу үшін отбасы мен мектеп жауапты зор міндетті атқарады. Ең бастысы бала - ата-анасының оның оқуына, күнделікті білім алуына деген қызығушылығы мен қолдауын, қадағалауын сезінуі керек. Кез келген бала үлгілі немесе үлгермейтін болсын, шапшаң немесе сылбыр болсын, оның табиғаты өзін жақсы көру мен сыйлауды қалайды. Ата-ана мен бала үйлесімділігі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу және оған ұмтылу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру. Демек, ата-аналардың негізгі міндеттері келесідей сипатта тізбектеледі:

1. Бала тәрбиесі негізі ата-анада жатқанын естен шығармауға;
2. Мектеппен байланыста болып, баланың сабақтан қалмауын, кешікпей келуін қадағалауға;
3. Балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың рухани дамуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға;
4. Салауатты өмірді насихаттауда баласына үлгі көрсетуге;
5. Баланың жеке басын қорлайтындай жаза қолданбауға;
6. Мұғалімдердің құқын, беделін, абыройын сыйлауға;
7. Көше ережелерін сақтауды еске салып тұруға;
8. Үнемі сынып жетекшісімен тығыз байланыста болып, ата-аналар жиналысына қатысып отыруға.

Балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіруге көмектесе отырып, мектеп пен отбасының әрекеттістігінің нығаюына ықпал етуі тиіс. Осылайша, балалар мен жасөспірімдер отбасы мен мектепте алған дұрыс мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін бекіту қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеуде отбасы мен мектептің рөлі әлеуметтендірудің қажетті бөлігі бола отырып, барлық уақытта тығыз байланыста болғаны маңыздылық танытады.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Мардахев Л.В. «Социальная педагогик» Полный курс, учебник – 5-е изд., 2011.-797 с.
3. Гиддингс Ф.Н. «Основания социологии» изд. 3-е. – М.: Красанд, 2012 - 427 с.

4. Ким А.И., Черная Е.В. «Особенности психолого-педагогического исследования стилей детско-родительских отношений» // Студенческая наука XXI века: материалы V Междунар. Студенч. Науч.-практ. конф. (Чебоксары, 18.05. 2015г.) URL: <https://interactive-plus.ru/e-articles/150/Action150-8371>.

5. Черная Е.В., Кабанина А.В. Роль педагога дополнительного образования в профилактике агрессивного поведения подростков // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по материалам L-LI междунар. науч.-практ. конф. (Новосибирск, 13.04. 2015г.). URL: <http://sibac.info/18469>

ӘОЖ 347.167

Нургалиев К.А., Рахметова А.Қ
Қазақстан, Орал қаласы

АДАМНЫҢ ДІН ӘЛЕМ БЕЙНЕСІ МЕН ДІННІҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басынан бері жастардың дін әлем бейнесін экстремизмге және терроризмге күрес контекстінде зерттеу жұмыстары жанданды. Мұның себебі, осы құбылыстың қазіргі заманғы адамның өміріне деген ықпалының артуы деп санауға болады.

Лаңкестік, экстремизм мен қазіргі әлемдегі оның құбылыстарына қарсы тұру мәселелері Қазақстан және басқа да мемлекеттер үшін, сондай-ақ жалпы дүниежүзілік қоғам үшін де – ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Оны соңғы уақытта лаңкестік акциялардың өзінің жеке адами және жеке ұлттық мәнін өзгерте отырып, жалпы дүниежүзілік құбылысқа айналған ауқымымен және сипатымен түсіндіруге болады. Сонымен қатар әлемдегі болып жатырған ірі алпауыт елдердің саясатының әсерінен де экстремизм мен терроризмді дінмен, соның ішінде ислам дінімен байланыстыру қалыпты нәрсеге айналды.

Терроризм мәселесі психология аясында да дамыды. Кейбір теориялық база қалыптасқан, бұл құбылысты сипаттайтын ұғымдар мен терминдер жүйесі бұл мәселені шешетін мамандар тобын қалыптастырды. Мысалы, П.Дженкинс, Б.Хоффман, В. Лакер, П.Зимбардо, Ю.П. Зинченко, А.Ш. Тхостов, Л.А. Шейгерова, Р.С. Шилко, М.С.Садырова және т.б.

Қазіргі уақытта әлемде дін маңызды рөл атқарып, адамдардың рухани құндылықтарын, қоғамдық санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Адамгершілік мінез-құлық, толерантты сананы қалыптастыру саласында дәстүрлі діни таным-түсінікті қалыптастыру және қандай да болмасын қоғамның күрделі әлеуметтік-саяси жағдайларын пайдалана отырып экстремистердің «дұрыс діни наным» қалыптастырамыз деп қоғамды агрессивті тазалауға бағытталған әрекеттеріне қарсы тұра білетін жастарды тәрбиелеу, олармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу бүгінгі күннің басты міндеті, әрі өзекті мәселесіне айналып отыр.

Әлемнің түкпір-түкпірінде үздіксіз болып жатқан халықаралық өзгерістер кез-келген елдің назары мен қатысуын талап етеді. Өйткені, барлық мемлекеттер өркениеттің ажырамас бір бөлігі болып есептеледі. Сонымен қатар, мемлекеттердің өзгеруіне көптеген септігін тигізген факторлардың бірі ол дінге бөлінуі. Соңғы жылдары психология, әлеуметтік психология, философия және басқа да теориялық ғылымдарда жастардың діни әлем бейнесі мәселесі көкейтесті болып отыр. Қоғамдағы экономикалық, саяси және моральдық дағдарыс жағдайында ұлттық, этномәдени және діни өзіндік сананың өсуімен қатар, ескі мәселелер шиеленісіп, ұлтшылдық, этникалық сепаратизм және діни экстремизммен қатар жүретін ұлттық қарым-қатынаста жаңа мәселелер де пайда болып отыр. Осыған байланысты діни шиеленістер, түрлі бағыттағы түсініктер мен пікірлер де көбеюде.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан-2050 «Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Әлем ауыр дүниетанымдық және құндылық дағдарысты бастан кешіріп отыр. Өркениеттер қақтығысы, тарихтың ақыры, мултимәдениеттің күйреуін жариялайтын үндер жиі естіледі. Жылдар бойы сыннан өткен құндылықтарымызды қорғай отырып, біз үшін осынау кертартпа көзқарастан тартынуымыздың қағидатты маңызы бар. Өз тәжірибемізден білетініміз, біздің «осал тұсымыз» деп атаған көпэтностылығымыз бен көп конфессиялығымызды өз артықшылығымызға айналдыра алдық деп есептеймін. Біз мәдениеттер мен діндердің қатар өмір сүруі жағдайында өмір сүріп үйренуіміз керек. Біз мәдениеттер мен өркениеттер диалогына бейілді болуға тиіспіз. Тек басқа ұлттармен дұрыс жарастықта ғана біздің еліміз болашақта табыс пен ықпалға қол жеткізе алады. ХХІ ғасырда Қазақстан өзінің өңірлік көшбасшылық ұстанымын нығайтып, Шығыс пен Батыстың үнқатысуы мен өзара іс-қимылы үшін көпір болуға тиіс» деп атап айтып кеткен болатын [1].

М.С.Садырованың пайымдауынша, жеке тұлғаның ішкі әлемін алатын болсақ, онда ішкі дүниетанымы, үлгілер мен құндылықтар жиынтығы, сәйкесінше дүниеге көзқарасы, талғамы және де өзге де сезімдер кіреді. Зерттеушінің атап өткен діни сәйкестіліктің қалыптасуының маңызды сфераларының бірі діни ұстанымды қабылдау мен қайта бағалауға келетін болсақ, бұдан діни сәйкестіліктің тағы бір күрделі түрі діни әлемін және сәйкестілікті кеңінен ашып қарастыруды талап етеді [2].

Адамның діни әлемін зерттеуші ғалымдар түрлі пікірлер мен тұжырымдар айтуда. Бұл әрине адамның діни әлемі де күрделі құбылыстар қатарына жатқызылуынан шығады. Ғылыми әдебиеттерде соңғы уақытта діни ішкі әлемітүсінігі кең әрі әрқалай қолданылуда. Карло Кардия діни ішкі әлемді дәстүрлерді сақтау мен діни символиканы қолдану деп түсінумен шектеледі[3].

Алайда Карло Кардияның бұл пікірімен толыққанды келісуге болмайды. Кардияның пікірінше діни ішкі әлем тек қана индивидтің жеке өзі немесе белгілі бір қауыммен біріге отырып, діни қағидалар мен нормаларды ұстануы, орындауымен ғана жүзеге асады. Ішкі діни әлемнің бұл анықтамасымен келісетін болсақ, жеке тұлғаның ішкі рухани сезімдері мен қабылдауы, дін арқылы өзінің ішкі рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы, рухани тазаруға деген талпыныс, құдіретті күшке деген сенім, келешекке деген сенім, парасаттылық, ізгілік пен жақсылыққа деген ұмтылыс және т.с.с. діни сезім арқылы келетін сезінулер назардан тыс қалып, жоққа шығарылады деуге болады.

Қазіргі таңдағы әлемдегі жаһандану үрдісінде түрлі өркениеттік, мәдени, халықтар арасында діни қатынастар орын алып жатыр. Түрлі діндердің, мәдениеттер, тілдер мен алуан түрлі этностар осы қатынастарға негіз болып табылады.

«Қырғи-қабақ» соғыстан кейін дүниежүзінде болып жатқан түрлі деңгейлердегі үдерістер жаңа сипатқа ие болуда. Бұрынғы Кеңес Одағының ыдырауынан кейін бір идеологияға бағынған халықтар өздерінің шығу тегі, өз этно-мәдени құндылықтарына, діні мен тіліне мән бере бастады. Қазіргі кезеңде мәдени сәйкестілік алдыңғы қатардағы мәселелерге айналып отыр.

Сонымен бірге, қазіргі елдердің, қоғамдардың басым көпшілігінде өзекті мәселелердің біріне айналып отырған дін мәселесі болып табылады. Өркениеттік діндермен қатар соңғы жылдары кең таралған және саны мен сипаты жағынан алуан түрлі болып келетін жаңа діни ағымдар, діни ұйымдар, діни бірлестіктер, секталар мен діни культтер қоғамдық үдерістерге белсене қатысып, қоғам дамуына ықпалын тигізуде. Дін - қоғамның құрама бөлігі ретінде қоғамның өзге де мәдениет, әлеуметтік сала сияқты салалармен өзара тығыз байланысты деуге болады. Діни сәйкестілік үдерісінде жеке адам өзін белгілі бір дінмен теңестіре отырып, діни салт-дәстүрді, діни ритуалдар мен әдеттерді ұстануымен қатар, мәдени сипаттағы әрекеттерге баратыны сөзсіз.

Ғалымдардың «жастардың дін әлем бейнесіне» деген қызығушылығы ел, қоғам өмірінде орын алған өзгерістер: діни саладағы мемлекеттік саясатта, түрлі деңгейдегі және прогрессивтіліктегі дін мен оккультизмге деген жастармен қоғамның басым бөлігінің

қызығушылығының артуымен тікелей байланысты болып отыр. Мұндай құбылыстардың орыналуы әрине өркениеттіліктің дамуының заңдылығымен байланысты. Қазіргі таңда түрлі этникалық топтар ментүрлі діни конфессиялардың кең таралуы сәйкестіліктің дағдарысына әкеліп отыр деуге болады. Қазіргі қоғамдардың басым бөлігінде дін плюрализмімен ренессанс сипатын да көруге болады. Сонымен қатар, басым елдердегі ар-ождан бостандығы мен зайырлы ұстанымдардың себебімен, адамзат алдында діни ұстанымы саласында әр – алуан таңдау бар. Сәйкесінше, адамдардың діни және басқада бірегейлігінде әр алуандығы байқалады. Мұндай жаһандық сипаттағы күрделі үдерістер өркениет жүйесінде: қоғам, мәдениет, саясат, экономика, адамзат психологиясында өз орнын белгілеп отыр [4].

Дін адамдарға біздің әлемімізде өмір сүретін басқа адамдар арасынан оның құрамына енетін топтың мәнін көрсете отырып, өздерінің кім екенін түсінуге жәрдемдеседі. Діннің осы біріктіруші және адамның өзін-өзі анықтауға мүмкіндік беретін қызметі индустриалдыққа дейінгі қоғамдарда ерекше күшті ықпал етті. Мәселен, американдық дінтанушы, әлеуметтанушылар плюралистік американдық қоғамда бірде-бір дәстүрлі діндер бұл мақсатты орындай алмай отырғанын айтады. Әлеуметтің сипатымен бірге өзгеруінен дін де өзінің қызметімен өзгеруде. Сондықтан, *діннің біріктіруші қызметі* қазіргі қоғамда ең бір маңызды болып сақталуда, бірақ ол өзінің іске асыру амалдары мен формаларын өзгертуде.

Дін қоғамның нормалары мен құндылықтарын насихаттай отырып, онымен бірге оның тұрақтылығына мүмкіндік береді. Дін сол әлеуметтік құрылымға пайдалы нормаларды орнықтыра отырып, *тұрақтандырушы функция* атқарады және адамның моральдық міндеттерді орындау үшін алғы шарттар жасайды. Адамдардың осы тиым салынғандарды бұзу оқиғалары орын алғандықтан көпшілік діндер қайта орнына келу және міндеттемелерді орындау үшін талпыныстарды қолдайтын амалдарға ие - тазалану және кінәсін жуу ырымдары, олар күнә сезімін бәсеңдетуі немесе оны арттыруы мүмкін.

Дінді әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырғанда, басты мәселе діни сана объектілерінің ақиқаттылығында немесе жалғандығында емес, олардың адамның ой-сана, жүріс-тұрысына, ұстанымдары мен құндылықты бағдарларына қалай әсер ететіндігінде. Қоғамдағы адамдардың бәрі бірдей Құдайға сене бермейді. Алайда дінге келіп, иманға бет бұрған адам Аллах заңдарды орындауды өз өмірінің ең мәнді құрамдас сипаты ретінде қарастырады. Сондықтан діни әрекеттің ең маңызды бағыты – ғибадат. Ағылшын антропологы Р.Мареттің пікірінше, дінге ерекше сипат беріп, оны басқа да қоғамдық сана мен әлеуметтік институттардан өзгешелендіретін нәрсе – ғибадаттық жүйесі. Осы тұрғыда діннің ерекшелігі діни сенімнің немесе діни сенім нысанының айырықша сипатында емес, діни түсініктер мен ұғымдардың, бейнелердің ғибадат жүйесінде рәміздік сипатқа ие болып, осы сапада әлеуметтік қарым-қатынастарда көрініс табуында. Сондықтан, діни сана мен діни іс-әрекет өзара тығыз байланыста болады.

Дін қоғамдағы орны аса маңыздылыққа ие және қоғам өмірінің бар салаларымен тығыз байланысты және үздіксіз қарым-қатынаста болады. Дін және қоғам ара қатынас үдерісінің нәтижесінде пайда болған діни ілім, діни қағидаттар мен шарттар адамның жүріс-тұрысын реттеуші қызметін атқарады. Мұндай пікірмен келісе отырып, келесі бір осы мәселеде айта кететін жайт, дін адам өмірін, құндылықтары мен дүниеге деген пікір, көзқарасын, сонымен бірге жүріс-тұрысын өзгертетін болса, онда қоғамның үнемі дамуы заңдылығына сәйкес қоғам да дінді өзгертуі мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан-2050 «Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана қаласы, 2012 жылғы 14 желтоқсан. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.
2. Садырова М.С. Толерантное поведение как категория социологии к идеалам мира - через преемственность поколений //Материалы республиканского научно-практической конференции. – Алматы, 2006. – 232 б.

3. Кардиа Карло. Европейская религиозная и культурная идентичность. Вопрос о распятии. – М.: Центр книги Рудомино, 2011. -245 б.

4. Иститут социологии Российской академии наук // <http://www.isras.ru/files/File/congress2012/part16.pdf>.

УДК 796.814

Нурушев М.

Казахстан, г. Уральск,

САМБО КАК ОДНО ИЗ НАПРАВЛЕНИЙ ВОВЛЕЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ В ЗАНЯТИЯ СПОРТОМ

Достижения студенческого спорта, успехи в деятельности студенческих спортивных организаций вносят значительный вклад в формирование отношений студенческой молодёжи к здоровому образу жизни и положительно влияют на развитие физической культуры и спорта.

Для решения задач в области студенческого спорта на современном этапе в Казахстане необходимо учитывать интересы и мотивацию занимающихся.

Современный этап развития студенческого спортивного движения в Казахстане характеризуется появлением новых задач физического воспитания в высшей школе. Возможность получения высшего профессионального образования является гарантом не только закрепления высококвалифицированных спортсменов, но и сохранения системы спортивной подготовки.

На современном этапе актуальным является поиск различных путей в подготовке борцов – самбистов. В подготовке борцов, как и в любом другом виде спорта, ведущая роль отводится системе спортивной тренировки, которая должна рассматриваться с позиций современного уровня спортивной науки. Эффективность подготовки борцов - самбистов определяется техникой борьбы, индивидуализацией и оптимизацией подготовки, тренировочными и соревновательными нагрузками, развитием двигательных качеств, технико-тактической и волевой подготовленностью.

Самбо расшифровывается как «самозащита без оружия». Название этого вида борьбы официально утвердилось как «самбо» в 1947 году и борьба самбо характеризовалась как чрезвычайно ценный по своему многообразию техники и оборонному значению вид спорта [1].

У истоков самбо стояли В. А. Спиридонов, В. С. Ощепков, А. А. Харлампиев, Е. М. Чумаков, Н.М. Галковский.

Этому виду спорта уделяется должное внимание во многих странах мира. Так, например, впервые в 2008 году в городе Москве на Красной площади состоялось празднование Всероссийского дня самбо, когда самбо как виду спорта исполнилось 70 лет.

В 2013 году в городе Казани самбо впервые вошло в программу Универсиады в качестве дополнительного вида спорта. Соревнования по самбо в г. Казани прошли с большим успехом. Спортивный турнир по самбо собирал от пяти до семи тысяч зрителей ежедневно. Медали Универсиады увезли с собой представители 21 государства. Тогда же в Казани состоялась встреча представителей Международной федерации самбо с президентом FISU, в ходе которой состоялось обсуждение возможности включения самбо в календарный план спортивных соревнований FISU.

Проведение чемпионата мира по самбо среди студентов – один из этапов по включению самбо в постоянную программу Универсиады. Самбо включено в официальную программу Всемирных игр боевых искусств «СпортАккорд».

В 2014 году самбо официально включено в программу первых Европейских игр.

В этом же, 2014, году самбо получило признание Олимпийского комитета Азии и включено в программу Азиатских игр.

30 ноября 2018 года в ходе заседания исполкома Международного олимпийского комитета, прошедшего в Токио (Япония), состоялось историческое событие – самбо получило официальное признание МОК и стало олимпийским видом спорта.

Самбо один из самых развитых и популярных видов спорта в мире. В нашей стране он тоже хорошо развит. У нас много чемпионов мира. В г. Уральске стало традицией проведение международных турниров, посвященных памяти советского самбиста, чемпиона и призёра чемпионатов СССР, чемпиона мира, обладателя Кубка мира, мастера спорта СССР международного класса, Заслуженного мастера спорта Республики Казахстан.

Заслуженный тренер РК, государственный тренер по борьбе самбо Асылбек Какенов, говоря о развитии борьбы самбо в Казахстане, выделил среди перспективных спортсменов, входящих в национальную сборную Есета Куанова, выигравшего Кубок мира по самбо на призы первого Президента Казахстана, в 2017 году завоевавшего золото на Чемпионате мира. Высшая награда также на Кубке мира по самбо на призы Первого Президента Казахстана была за казахстанским спортсменом Абдухамитом Абдуразаковым (весовая категория до 62 кг). Асылбек Какенов отметил и Дильдаш Курышбаеву, которая выиграла первое место в турнире в Астане в весовой категории 68 килограммов, она является и неоднократной Чемпионкой Азии, призёром чемпионата мира. На Кубке мира участвовало более 200 спортсменов из 13 стран. Среди мужчин сборная Казахстана завоевала 2 золота, 5 серебряных наград и 8 бронзовых. В Казахстане развитию самбо уделяется должное внимание. Так, в 2018 году в Астане открыт новый Дворец единоборств, на базе которого будет создана Академия самбо. В Академии будут тренироваться выдающиеся спортсмены, обучать их будут лучшие тренеры [2].

С 31 августа и 1 сентября в Джакарте (Индонезия) прошел турнир по самбо в рамках Азиатских игр 2018 - это был дебют вида спорта на Азиаде. Представители 18 стран боролись за медали в 4 весовых категориях (2 у женщин и 2 у мужчин). Всего соревнования объединили 75 самбистов. Среди призеров по категориям были и казахстанские спортсмены – самбисты, это:

- Беимбет Канжанов (Мужчины до 52 кг), который поделил 3 место со спортсменом из Узбекистана Ахмаом Рахматиллоевым;

- Алибек Зекенов (Мужчины до 90 кг, который поделил 3 место со спортсменом из Таджикистана Комроншох Устопирйон;

- Айжан Жилкабаева (Женщины до 48 кг), которая поделила 3 место со спортсменкой из Узбекистана Нодирой Гуловой;

- Дилдаш Куришбаева (Женщины до 68 кг) завоевала золото, серебро в этой категории завоевала Нилуфар Давлетова (Узбекистан), а бронзу Баттсетсег Тсог-Очир (Монголия) и Натсуки Том (Япония) [3].

Развитие физической культуры и спорта в студенческой среде связано с сохранением и укреплением здоровья студентов. Поэтому в развитии физической культуры и спорта очень важно уделять особое внимание их физическому воспитанию. При привитии студентам интереса к физической культуре происходит формирование целенаправленных ориентаций у них на здоровый образ жизни. От личного понимания студентом важности спорта в дальнейшем будет зависеть и отношение его подчиненных к физической культуре. Физическое воспитание студентов осуществляется на соответствующих кафедрах путем реализации учебных программ, системы зачетов, выполнения нормативов и требований, обязательных для всех высших учебных заведений Республики Казахстан. Перед студентами, занимающимися в группах спортивного учебного отделения, ставятся задачи повышения спортивной квалификации, регулярного участия в спортивных соревнованиях за команду факультета, вуза. Связь студенческого спорта и спорта высших достижений тоже является серьезной проблемой на этапе обучения. В студенческие годы большинство

обучающихся сталкиваются с проблемами спортсменов, готовых к дальнейшей самореализации, необходимости приобретать профессию, зарабатывать на жизнь, устраивать семейную сферу и др. Массовый спорт выполняет оздоровительные функции и необходим при подготовке к жизни и профессии. Повседневная учебная работа, экзаменационные сессии, учебные и производственные практики требуют от студентов не только усердия, но и хорошего здоровья, хорошей психофизической подготовленности. Общая нагрузка студента определяется конкретными условиями, трудоёмкостью и сложностью изучаемых дисциплин, уровнем предварительной подготовленности и, конечно, отношением самого студента к учёбе. Студенты, регулярно занимающиеся спортом и не прерывающие занятий даже в период экзаменов, более благополучно, без проблем для своего здоровья сдают зимние и летние экзаменационные сессии.

Одним из распространенных видов спорта среди студенческой молодежи является борьба. И среди разных видов борьбы борьбе самбо уделяется особое внимание. Самбо принято делить на три раздела: соревновательные разделы:

- спортивный: - это броски, болевые приемы и удержания;
- спортивно-боевой, к борьбе добавляется ударная техника (удары руками, ногами, коленями и головой), не предназначенный для соревнований;
- боевой раздел, который включает в себя использование запрещенных приемов, противодействия вооруженному противнику, и использование подручных предметов, в том числе ножа в качестве оружия, а также психологические приемы.

С точки зрения борца, наиболее интересным представляется спортивный раздел самбо. Самбисты - мастера проведения болевых приемов из всех положений. Отличительными чертами самбистов являются высокая устойчивость от бросков во всех направлениях и хороший баланс. Схватка в самбо проходит очень динамично, с постоянными переходами от стойки к партеру. Во время соревнований судья на ковре обязан следить за тем, чтобы соперники проявляли активность в стойке. В самбо важны взрывная сила, статическая и максимальная сила, силовая выносливость. В самбо очень разнообразный арсенал приемов. В борьбу самбо вошли приемы практически из всех видов борьбы. В этом виде борьбы в равной степени важны и техника, и силовые способности. Технический арсенал спортивной борьбы самбо насчитывает более пяти тысяч приемов. В спортивном разделе самбо нет удушающих приемов, но в боевом самбо удушающие приемы используются.

